ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ АРҚАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



«МӘҢГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫ – АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ТҰҒЫРЫ»

тақырыбындағы жоғары оқу орныішілік студенттік конференциясының

М А Т Е Р И А Л Д А Р Ы

30 қараша 2016 жыл

М А Т Е Р И А Л Ы

внутривузовской студенческой конференции на тему:

«МӘҢГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫ – АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ТҰҒЫРЫ»

30 ноября 2016 года



Арқалық, 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ АРҚАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

«МӘҢГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫ – АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ТҰҒЫРЫ»

тақырыбындағы жоғары оқу орнышілік студенттік конференциясының

МАТЕРИАЛДАРЫ

30 қараша 2016 ж.

МАТЕРИАЛЫ

внутривузовской студенческой конференции на тему:

«МӘҢГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫ – АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ТҰҒЫРЫ»

30 ноября 2016 года

Арқалық, 2016

УДК 94 (574) (063)
М 36

Бас редактор:
Мусабекова Г.А. - Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты

Редакция алқасы:
Бижанова Г.К. – педагогика ғылымдарының магистрі, АрқМПИ доценті
Тауекелова А.Е. – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы
Акылбекова Э.А – педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы
Какина Д.Ш. – педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы

Басылымға жауапты:
Есиргепова В.Ж. – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының магистрі
Амирбеков О.А. – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, редакциялық баспа бөлімінің бастығы
Атыгаев Ж.М. – Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ, ақпараттық технология және бағдарламамен қамтамасыз ету орталығының бастығы

М36 «Мәңгілік ел идеясы – Алаш зиялыларының тұлғалық тұғыры» тақырыбындағы жоғары оқу орныішілік студ. конф. материалдары (30 қараша 2016 ж) = «Мәңгілік ел идеясы -Алаш зиялыларының тұлғалық тұғыры» (30 ноября 2016 года): сб. мат-лов внутривуз. студ. конф. – Арқалық: АрқМПИ, 2016. – 278 б. – қазақша, орысша.

Жинаққа «Мәңгілік ел идеясы – Алаш зиялыларының тұлғалық тұғыры» тақырыбындағы жоғары оқу орныішілік студенттік конференцияның материалдары енгізілген.

В сборник внесены материалы внутривузовской студенческой конференции на тему: «Мәңгілік ел идеясы – алаш зиялыларының тұлғалық тұғыры».

УДК 94 (574) (063)

ISBN 978-601-7892-27-2

©Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, 2016

Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты Г.А.Мусабекованың
ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ

Қадірменді студенттер!
Құрметті конференцияға қатысушылары!

«Мәңгілік ел идеясы - Алаш зиялыларының тұлғалық тұғыры» атты алғашқы ұйымдастырылып отырған институтішілік студенттер арасындағы конференцияға қош келдіңіздер!

Халықтың азаматтық және рухани, этникалық және ұлттық бірлігін нығайту, әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-психологиялық белсенділігін жеделдету қазақстандық қоғамның дамуының басым бөлігін құрайды.

Көпұлтты және көпконфессиялы мемлекетте тұтас бастама мен тұтас рух принципі, олардың іс-әрекетіндегі тұтас бағыттың көптүрлілігі принципі XXI ғасырда адамның және Қазақстан халқының өмірлік келешегінің қозғаушы күші болып табылады.

XXI ғасырда Қазақстанды қазақи өмір салтынан тыс, қазақтардың ұлттық болмысынан тыс елестетуге болмайды.

Мәңгілік Ел идеясын мәдени-тарихи аспектіде қабылдау: «Президент Қазақстанның болашағы туралы «Мәңгілік ел» ретінде айтқан кезде, ол күн тәртібіндегі алғашқы орындардың біріне ұлттың тарихи санасы мәселелерін қояды... алайда Қазақстан қазіргі кезде ұлттық бірлік пен мәдени тұтастылықты қалыптастырып, толықтай нағыз еріктілікке қол жеткізсе де, оның жаһандану заманындағы қатаң бәсекелестік жағдайында «Мәңгілік ел» идеясын қалыптастыруға деген ұмтылысы саяси, әлеуметтік-экономикалық егеменділікпен қатар рухани тәуелсіздікке жетуді талап етеді.

Бұл үшін ұлт секілді күрделі жүйенің өмірлік функцияларын қамтамасыз ету мақсатында осы қоғамға тән өзіндік тарихы мен мәдени болмысын құрайтын ұлттық көзқарастың пайда болуы, рухани көздер арқылы тарихи сананы қалыптастыру қажет болып табылады.

Біздің қатысушыларымыздың баяндамалары ұлттық «Мәңгілік ел»идеясы аясындағы заманауи қазақстандық қоғамның құндылық негізін қамтиды.

Біз берілген конференцияны өткізу студенттік кезде қалыптасқан дағдыларды қамтитын ғылыми өмірдің елеулі формасы болып табылатындығына сенеміз.

Жастар – мемлекеттің болашақ тағдырына тікелей әсер ететін ұрпақ. Барлық әлемдік қауымдастықта жастар әлеуметтік өзгерістердің маңызды субъектісі, қоғамның моральдық барометрі, үлкен инновациялық күш және стратегиялық қайнар көз ретінде қарастырылады. Сол себепті бізге қазіргі жастардың, әсіресе студенттердің ұлттық өзіндік санасының және патриоттылығы мен азаматтылығының қалыптасу деңгейі маңызды болып табылады.

Конференция қатысушыларына сындарлы диалог пен өнімді өзара іс-әрекет тілеуге рұсат етіңіздер.

ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО
проректора по научной работе и международным связям, кандидата педагогических наук Мусабековой Г.А.

Дорогие студенты!
Уважаемые участники конференции!

Я сердечно рада приветствовать всех участников I внутривузовской студенческой конференции «Мәңгілік ел идеясы - Алаш зиялыларының тұлғалық тұғыры».

Укрепление гражданской и духовной, этнической и национальной идентичности, ускорение социокультурной и социопсихологической активности населения составляют приоритеты развития казахстанского общества.

Принцип единого начала и единого духа в многоэтническом и разноконфессиональном государстве, принцип многообразия в едином направлении их деятельности - вот что стимулирует жизненные перспективы человека и народа Казахстана в XXI веке.

Казахстан в XXI веке нельзя представить вне казахского образа жизни, вне национального бытия казахов.

Восприятие идеи Мәңгілік Ел в культурно-историческом аспекте: «Когда Президент говорит о будущем Казахстана как о «Мәңгілік ел», он на одно из первых мест в повестке дня ставит вопросы исторического сознания нации... хотя Казахстан на нынешнем этапе, сформировав национальную идентичность и культурную целостность, достиг полной, настоящей самостоятельности, его стремление к созданию «Мәңгілік ел» в условиях жесткой конкуренции в эпоху глобализации требует наряду с политическим, социально-экономическим суверенитетом, достижения духовной независимости.

Для этого в целях обеспечения жизнедеятельности такой сложной системы как нация необходимо сформировать через возрождение национального мировоззрения, духовных истоков, составляющих сущность самобытной истории и культуры, присущее данному обществу историческое сознание.

Доклады наших участников охватывают ценностную основу современного казахстанского общества в рамках национальной идеи «Мәңгілік ел».

Мы верим, что проведение данной конференции является значимой формой научной жизни, навык участия в которых должен вырабатываться уже в студенчестве.

Молодежь - это то поколение, от которого зависит будущая судьба нашего государства. Во всем мировом сообществе молодежь рассматривают как важнейший субъект социальных перемен, как нравственный барометр общества, как огромную инновационную силу и стратегический ресурс. И потому нам не безразлично, каким будет уровень сформированности национального самосознания и, соответственно, патриотизма и гражданственности у нынешней молодежи, особенно студенческой.

Позвольте пожелать участникам конференции конструктивного диалога и продуктивного взаимодействия!

12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МҰҒАЛІМНІҢ МАҚСАТЫ

Сарбозов А.Ж.
«Информатика» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Шоңғалова Қ.С.

«Қазақтың қаны бір, жаны бір жол басшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі», - деген қазақтың кемеңгер ақыны Мағжан Жұмабаев.

Еліміздің ертеңгі болашағы - бүгінгі мектеп қабырғасынан алған білім нәрімен сусындаған оқушы. Ал білім негізі бастауыш сыныптан бастап қаланатыны бәрімізге белгілі. Сондықтан қазіргі таңда оқушыларға сапалы білім берудің тиімді жолдарын іздестіру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Оқушылардың өз - өзіне сенімін арттыру, олардың шығармашылығын дамыту, өтілетін сабақтың оқу - материалдарын терең ұғына білуге баулыу, ой - өрісін дамытатындай логикалық ой тастау - мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Жас ұрпаққа білім беруде, оларды болашақ еліміздің тұтқасы етіп тәрбиелеу-әр ұстаздың, әрбір мектептің ең қасиетті міндеті.Осы міндеттерді орындау мақсатында білім беру саласында да елеулі әрі ауқымды өзгерістер өрістеуде.Осы мақсатта мемлекетіміздің білім сапасын арттыратын түрлі құжаттар қабылданып, бағдарламалар енгізілуде.

Ертеңгі күннің бүгінгі күннен асып түсуіне ықпал етіп, адамзат қоғамын алға қарай жетелеуші құдіретті күш тек білімге ғана тіреледі. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі–Жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Білім берудің сапасын жаңарту мен әлемдік білім стандартына сәйкес ұлттық білім беру жүйесін құру екендігі қажет» - деп атап көрсетті. XXI ғасырда Қазақстанның білім беру жүйесіндегі жалпы және орта 12 жылдық білім беру жүйесінің енгізілуі уақыт талабы болып отыр. Қоғамымыздың әлеуметтік–экономикалық және саяси құрылымының түпкілікті жаңаруына байланысты бірінші міндет халықтық білім жүйесін жаңаша тұжырымдама жасап, жаңаша талап қоюды қажет етеді. Бүгінгі таңда алдыңғы қатарлы елдердің барлығы жалпы білім берудегі жаңа жүйені ұсына отырып, соның ішінде көпжылдық білім беру бүгінгі күннің айқын талабы екені көрінуде. Демек, 12 жылдық жалпы білім беру жеке тұлғаны қалыптастырудағы жаңа жүйесімен білім мен тәрбиенің ең тиімді мүмкіндіктерін, жолдарын зерттеп, оны ұтымды түрде білім беруге енгізу көкейкесті мәселеге айналып отыр.

Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамыған кезінде оқу-білімнің, соның ішінде болашағымыз-бүгінгі мектеп оқушысының білімі мен тәрбиесі маңызды мәселе. Еліміздің әлеуметтік экономикасының дамуына өзіндік үлес қоса алатын, өзіндік ой-пікірі бар, жан-жақты дамыған, білімді де білікті тұлғаны дайындап, тәрбиелеу-аса құрметті қоғамдық міндет.Себебі, ел тұтқасын жан-жақты білімді ұрпақ ұстанған шақта ғана өркениет алға дамымақ.

12 жылдық мектептің басты ерекшелігі – баланың жан-жақты дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне, әр адамға табиғатынан берілген шығармашылық әлеуетін толық іске асыруына ықпал ететін, өзін-өзі танып, келешегін айқындауға саналы түрде дайын болуға, қоғамның экономикалық, мәдени, саяси, өміріне белсенді араласуға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық институт ретінде қалыптасуында болып отыр.

12 жылдық мектепке көшудің педагогикалық-психологиялық негіздері Әлемдік білім кеңістігінің даму тарихы, оның әр кезеңіндегі айқындалған тенденциялары әр халықтың гүлденіп өркендеуінің, қоғамдағы прогрессивтік өзгерістердің білімге байланыстылығын, жалпы білім саласының маңыздылығын дәлелдейді. Әрбір мемлекеттің интеллектуалдық, экономикалық, парасаттылық және мәдени қарымы білім саласының күйіне және оның прогрессивтік даму мүмкіндіктеріне тікелей байланысты екендігін педагогика ғылымы мен білімінің даму тарихы айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда егемен Қазақстанның ғылымы мен білімінің стратегиясы білім беру жүйесінің ұлттық білім мен тәлім-тәрбие идеяларын сақтай отырып, әлемдік білім кеңістігіне кірігумен анықталады [1].

Халқымыздың ардақты ұлдарының бірі Міржақып Дулатов «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт - оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз - оқу. Надан жұрттың күні - қараң, келешегі - тұман,»- деп ғылым, білім, оқудың маңызын қара халыққа көрсеткен.

Ал, А. Байтұрсыновтың пікірі бойынша, бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалімнің басты қызметі - оқушы ұзақ жолды қысқарту үшін және сол жолдан қиналмай өтуі үшін керек білімді кешіктірмей, кезінде беріп отыру үшін балаларға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бет алысын діттеген мақсатына қарай түзеп отыру. Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интелектуалды деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны айрықша. Мектеп қазіргі қоғамның дамуымен, әлеуметтік практикамен тығыз байланысты. Мектеп өмірі балаға жаңа әлемнің есігін ашып беріп, рухани дүниесінің қалыптасуына негіз салады.

Тәрбиенің сан-салалы, күрделі мәселелеріне терең бойлауға бастайтын, күнделікті тұрмыста кездесетін дағдылар арқылы баланың жан дүниесіне әсер ететін білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы –бастауыш мектеп [2].

Бастауыш саты- білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Келешекте жалпы білім алумен кез-келген арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы осы бастауышта қаланбақ. Сондықтан оның сипаты мен мазмұны, оқытудың әдістері мен формалары қазіргі жағдайда жан-жақты талданып отыр. Өйткені баланың жеке бас қасиеттері, оның адамгершілігінің, белсенділігінің қалыптасуы мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш сыныптарда жүзеге аспақ. Оқушының рухани күш-қуаты мен ерік-жігерінің, шығармашылық қабілетінің, жалпы мүмкіндіктерінің ашылар кезі. Бастауыш мектептің негізгі міндеті- жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын

қамтамасыз ету, білімге деген сенімін нығайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру болып табылады. Ендеше, осы міндеттерді жүзеге асыратын басты тұлға- Ұстаз. Тек мықты ұстаз ғана осындай ауыр жүкті алып жүре алады [3].

Сондықтан жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Жеке тұлға, яғни дарынды, шығармашылық тұлға қалыптастыру білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы. Мақсатты білім беру - тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Адамзат баласының өз ұрпағын оқыту, тәрбиелеудегі ең тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу, педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту жалғаса бермек.

Қасиетті қара шаңырақтың білім нәрімен сусындап, мұғалім деген атақты алып шығу, оқушыларға жақсы тәрбие мен білім беру үлкен ерлік. Себебі біз тәрбиелеген ұрпақ ертеңгі күні еліміздің тірегі болмақ. Тәуелсіздіктің тұғырын, еліміздің тыныштығын сақтап қалатын да солар. Сондықтан ұстаз болу - жүректің батырлығы!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «12 жылдық білім беру» журналы 2-2016ж.
2. С.Әбенбаев, Ж.Әбиев «Педагогика» Астана-2009ж.
3. «12 жылдық білім беру» журналы 4-2016ж.

АСТРОНОМИЯНЫ ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Сағынбекқызы Н.
«Физика» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекші аға оқытушы, магистр Жумабаева С. Б.

Қазіргі заманғы мектеп және жоғары білім дамуының негізгі бағыттарының бірі білім беруге компьютерлік нысандарын, ақпараттық технологияларды оқу үдерісіне енгізу болып табылады. Осыған байланысты, мектеп және университет бағдарламаларының әр түрлі пәндер бойынша оқу бағдарламаларының санының тез артуы, шетел тілдерінде білім беру мекемелерінен бастап, күрделі кванттық-механикалық құбылыстарды модельдеумен аяқталады.

Астрономия бойынша білім беру бағдарламарының ерекшеліктері бар, астрономия пәні туындаған, сондай-ақ мектеп оқыту жүйесінде осы тақырыпқа бірегей идеологиялық рөлі, оның зерттеу барысында тарту және түрлі пәндер білімдерді жүйелеу болған. Сондықтан оқытушылар мен әдіскерлер астрономия бойынша компьютерлік оқыту бағдарламаларына арнайы талаптар қояды: қазіргі заманғы компьютерлер мультимедиялық мүмкіндіктерін барынша пайдалану, теорияны қарқынды қолдану және жоғары көріну үйлесімі болып

табылады. Сонымен қатар, оқытудың негізгі дидактикалық принциптерін ескермеу мүмкін емес, мұнда қарапайымнан күрделіге төмендейді, жабық және пәнаралық байланыстарды оқу материалында ұсынуда кеңінен пайдалану және т.б. Осы талаптар гипермәтіннің технологиясы бойынша қанағаттандырылады, осы кезде мәтіндік материал, суреттер, дыбыстар және бейнелер нысаны ыңғайлы және интуитивті түсінікті интерфейспен (гиперсілтемелер арқылы) өзара байланысты жүйені қалыптастырады [1].

Астрономия, оның ішінде жүйенің кез келген пәні бойынша оқыту үшін маңызды критерийі, оқушы немесе студент тобының жеке қажеттіліктерін ескере отырып, әрбір мұғалімнің қайталанбас стилі өнімді бейімделу қабілеті болып табылады, яғни оқытушыларды өзін-өзі дайындайтын бағдарламалық өнім құралдарымен қамтамасыз ету.

Электрондық оқу-әдістемелік құралдар арасында бағдарламалардың бірнеше түрлерін ажыратуға болады, яғни электрондық компьютерлік оқулықтар, мультимедиялық энциклопедиялар, планетарий-бағдарламалар, қашықтықтан білім беру жүйесі (білім беретін веб-сайттар). Барлық осы бағдарламалар дамыту және құру күрделілігі дәрежесін жаңғыртумен, бейімдеу мүмкіндігімен және көрсету мүмкіндіктерімен ерекшеленеді.

Электрондық оқулық құрылымы кем дегенде үш компоненттерді ажырата алады: теориялық блоктар, модельдерді, білімді бақылау блоктарын.

Жалпы оқу үрдісінде компьютерлік электрондық кітап электрондық презентациялар немесе мамандандырылған бағдарламалау ортасында құрылған (мысалы, Delphi) және компьютерлік бағдарламада жүзеге асырылуы мүмкін.

Презентациялар - жеңілдіктер жасау тұрғысында ең қарапайым, монитор экранында немесе арнайы проекторлар арқылы жұмысқа орналасу барысында оқу материалын суреттеуге арналған. Әдетте, презентация динамикалық құбылыстарды визуализациялауда қолданылады, мысалы, аспан денелері қозғалысында (айлар, планеталар, жұлдыздар), Күн мен Айдың тұтылуында және т.б. Презентациялар құру үшін тұрақты бағдарламалық қамтамасыз ету бар, мысалы, Microsoft PowerPoint, белгіленген технология ретінде. Презентациялардың даусыз артықшылықтарына оларды тікелей оқытушылар жасау мүмкіндігі қамтиды, сондай-ақ ол осындай бағдарламалық қамтамасыз ету оқу материалының контексіне сай болатыны анық. жалпы физика және астрономияны оқытуда презентация түрінде жасалған электрондық оқулықты RedShift электронды оқыту жүйесін қолдануға баолады. (1-сурет). Оқулық көптеген дыбыс түсініктемелерімен, анимациялық суреттермен, бейне клиптермен бірге беріледі. Оқулықтың бөлімдері шарлау гиперсілтемелер арқылы жүзеге асырылады [2].



1-сурет. Электрондық оқулықты

Электрондық оқыту құралдарының маңызды құрамдас сілтемесі компьютерлік мультимедиялық энциклопедия болып табылады, оның ішіне басым массивті көмек және пән бойынша иллюстрациялық ақпарат кең алапта қосылады. Астрономиялық электрондық энциклопедиялардың ерекшелігі кіріктірілген планетарий болып табылады, астрономиялық үдерістер мен құбылыстар, жұлдызды аспан көрісінің түрлі параметрлері негізінде модельдеуге мүмкіндік береді. Мұндай бағдарламалық қамтамасыз етуге мысал белгілі RedShift болып табылады (заңды иеленуші - Maris Multimedia компаниясы).



2-сурет. RedShift планетариі

Бұл жағдайда басты мәселе білім беру үдерісінің мультимедиялық энциклопедиялар пайдалану бойынша тиімді нұсқаулардың болмауы (2-сурет).

Оқу процесінде жұлдызды аспанның кескін карталардағы орнын онлайн көруге болады [3].

Оқытудың бірінші сатысы. Жұлдызды аспанның астында өмір сүріп жатқан жұлдыздар туралы оқытушының мәліметі, аспан жұлдыздары объектілері, телескоп арқылы осы объектілерді көрсету - студент қызығушылығын тудырады.

Оқытудың екінші сатысы. Астрономия бойынша студенттің базалық білім алуы. Планетарийда күмбез астында жұмыс, компьютерлік бағдарламалар мен тренажерлармен жұмыс, практикалық бақылаулар - оқытудың динамикалық нысандары болып табылады. Аспанның кескін картасымен жұмыс істеу - бүгінгі оқыту нысанында айтарлықтай қолданылады.

Оқытудың үшінші сатысы. Зерттелген материалды бекіту үшін байқаушыларға конкурс, олимпиада, рөлдік ойындарын, білім беру жұмысының экспедицияларға кетуі және т.б.

Оқыту төртінші сатысы. Әр түрлі деңгейдегі ғылыми-зерттеу конференциялар мен конкурстарда жинақталған білім мен алынған тәжірибені пайдалану (жергілікті, аймақтық, республикалық, халықаралық).

Контурлы карталарда аспан объектілерінің шоғыры мен жұлдызын зерттеу - ол астрономияда тәжірибелік оқытудың ажырамас бөлігі екені анық. Бұрын бұл процесс студент үшін жоспарлы және кейде ұйықтатын болды. Жұлдыздар конфигурациясын есте сақтау үшін, жарқын жұлдыздардың атауы, объектілердің орналасқан жері, ақылы, қырағылық көзі ғана емес, сондай-ақ қолының «ептілігі» қажет. Карталарды көшірмелеу үшін орама қадағалау қағазы, бір қорап қарындаштар, асыл уақыты кетеді [4].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Абросимов А. Г. Информационно-образовательная среда учебного процесса в вузе. - М.: Образование и информатика, 2004. — 256 с.
2. Актуальные проблемы преподавания физики в школе и вузе: Материалы межвузовской научно-практической конференции / Под ред. С.Е. Зюзина. - Борисоглебск: Изд-во БГПИ, 2007. 142 с.
3. Анцупов И.А. Компьютерное моделирование // Физика в школе. 2008. — №2. - С.29.
4. Астрономия: век XXI / Под ред. В.Г. Сурдина. Фрязино: Век-2, 2008. - 605 с.

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БІЛІМ БЕРУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Балтабаева И.Қ.
«Биология » мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: оқытушы Хамитова К.К.

Мемлекет басшысы қазақстан халқына арнаған «Нұрлы жол – болашақ-қа бастар жол» Жолдауында «Біздің білім беруді, денсаулық сақтауды, ауыл

шаруашылығын дамыту жалғаса береді. Біз жалпы ұлттық идеямыз – мәңгілік елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы жолда бірлігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек» деген болатын.

Болашақтың бүгінненде нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімде ғана. Қай ел болсын, өсіп- өркен-деуі, әлемде өзіндік орын алуы сол мемлекеттің біліміне, білім сапасының жайына байланысты екенін ел Президенті Н.Ә. Назарбаев жыл сайынғы халыққа Жолдауында ерекше атап өткен болатын.Қазақстан Республикасы жалпы білім берудің жүйесін жетілдірудің жаңа кезеңіне қадам басты. Білім берудегі басты мақсат жан- жақты дамыған, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой – толғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу.XXI ғасыр – білім ғасыры. «XXI ғасырда білімді дамыта алмаған мемлекет тоқырауға ұшырайтыны сөзсіз, барлық нәрсе мектептен басталады» деген Елбасы сөзінде үлкен мән бар.Егемен еліміздің 2011-2020 жылдарға дейінгі білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сай

Қазақстандық білім беру жүйесінің маңызы міндеті- білім беру мазмұны мен құрылымын жаңғырту, яғни жаңа мазмұнда білім беру моделін қарастыру[1,28-б].

Білім беру моделі деңгейі - экономикалық және ғылыми техникалық процестің ең негізгі көрсеткіші, ал сапалы білім беру дегеніміз- ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық, практикалық іске қабілетті етіп, еңбекке баулу, дүниетанымын кеңейту және баланың бойындағы бір қабілетін кемеліне келтіріп, жан-жақты тұлға тәрбиелеу деген сөз.Оқу мен тәрбиелеудің үздіксіз үрдісі білім беру болып табылады.

Қазіргі кездегі білім берудегі басты мақсат – жан- жақты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой талғамы бар, адамгершілігі жоғары,бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу.Әлемдік қауымдастық қатарында өзіне лайықты орын белгіленген бізің мемлекетіміз үшін жоғары білікті жас ұрпақ тәрбиелеу қажеттілігінен 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу талап етіліп отыр [2,12б].

Білім саласын арттыру бағдарламасының міндеттері мынандай болуы тиіс:

- Басқару құжаттарын әзірлеу жүйесін дамыту;
- Білім сапасын диагностикалау;
- Оқытудың әдістемелік жүйесін жақсарту;
- Білім сапасын бағалаудың жаңа рейтингтік формасын енгізу;
- Білім сапасына мектептің күллі қызметкерлерін жұмылдыру;

Білім сапасын арттыру мақсатында жаңа технологияларды қолдану;

Ұлттық білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға сәйкестендіру;

Мектептің білім сапасын арттыруда педагогтің жауапкершілігі аса зор.

Сондықтан қазіргі заман талабы мұғалімнен кәсібей білімді, білікпен дағдыны, мақсат қоюшылықты игеруге деген қызығуды және білім беру қызметінде ынталылық, педагогикалық және әлеуметтік педагогикамен психологияның негіздерін қолдана білу қабілетін талап етеді [3, 3-4б.].

Осыған орай, қазір педагогикалық ұжым білім сапасын арттыру, болашақ білімді азамат қалыптастыру үшін мұғалімнің кәсіптік шеберлігін, құзыр-

лылығын көтере түсу мақсатында мектеп оқу- тәрбие ісінегі шаралардың, әдістемелік жұмыстың ұжымдық, топтық, жеке, белсенді түрлері мен әдістерін кеңінен қолданып жүр. Сонымен қатар озық нәтижелер бойынша іс- тәжірибе тарату жұмыстары, шығармашылық есептер беру, әдістемелік апта0лықтар, оқушылардың ғылыми жұмыстары, әдістемелік сипаттағы семинарлар, конференциялар ұйымдастырылып өткізу жүйесі жалғасын тауып келеді.Білім сапасын арттыру бағытындағы бағдарламада мына мәселелер қамтылған:

Жеке тұлғаны, яғни шығармашылықпен жұмыс істейтін дарынды тұлға

қалыптастыру үшін ауылдағы 2-5 жас аралығындағы барлық сәбилерді тегін бала- бақшамен қамтамасыз ету;

ШО пен МАД топтарын оқу әдістемелік және ақпараттық-техникалық құралдармен жабдықтау;

Бастауыш сынып кабинеттерін жаңа үлгімен жасақтап, әр пән бойынша көрнекіліктермен толықтыру:

Мектептің барлық пән кабинеттерін күнделікті сабаққа қажетті техника-

лық құралдармен қамтамасыз ету;

Дарынды оқушылардың жұмысын жолға қою, әрбір оқушыны дарынды

лыққа жетелеу;

ШО, МАД және орта буын мен негізгі саты арасындағы сабақтастық жүргізілу формаларын әрбір мұғалімдерге міндеттеу;

Барлық оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету;

Педагог мамандардың сабақ беру шеберлігін арттыру мақсатында біліктілігін көтеру үшін қайта даярлау курстарында оқыту;

Оқушыларды ойлай білуге және әр түрлі проблемаларды өздігінен шеше білуге тәрбиелеу;

Ізгілікті таным білімге негізделген сөздік қорларын көбейту;

Сабақ үрдісінде жаңа технологияларды қолдану;

Пәндері тереңдетіп оқытатын сыныптар ашу;

Математика пәні бойынша сағат санын молайту; т.б

Білім беру қызметінің негізгі бөлігі білім сапасын арттыру бағытына негізделген. Бұл қызметтін жоспарында жұмыс бағыты мынадай ұстан-ымдар бойынша атқарылады:

Тұлғаны дамыту;

Педагог мәртебесін көтеру;

Оқытып-үйрету әдістері;
Іздестіру жұмыстарына бағыттайтын ынтымақтастық;
Оқушы позициясы;
Жаңа ақпараттық технология;
Бәсекеге қабілеттілік;

Білім сапасы, негізінен оқу материялын игертіп қана қоймай, сонымен бірге оқушылардың интеллектуалдық және адамгершілік тұрғыдан дамуына, педагогтардың қарым-қатынасын ізгілендіруге он ықпал етеді [4,3-4б].

Мектептегі оқу үрдісі оқушылардың ізденпаздығын, танымық белсенділігін шығармашылық әлеуметін дамытуына жол ашу болып табылады. Оқу үрдісі екі жақты үрдіс болғандықтан оқушының өзіндік жұмысы, дербес іс – әрекеті мұғалімнін басшылығымен қатар, олардың іздемпаздығын, белсенділігін, өз ықпалымен жасайтын ерікті де керек етеді. Осыған байланысты кейбір педагогтар мен психологтар пікірі де әсер етеді.

Еліміздің білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасында:

«Жылдам өзгеріп отыратын заманда алынған білімнін, кәсібей дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білетін, өзін-өзі іске асыруға, өз- өзін дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» деп нақты көрсетілді [5,10-11б].

Тәуелсіз Қазақстан әрдайым дамудың жаңа жолын іздеп, ұзақ мерзімді жоспарды басшылыққа алып келеді.Бұл нағыз қажеттілік деп білемін.

Болашақ жас ұрпақтардың қамын ойлаған кезде ғана артта қалып қоймаймыз.«Білім басы-бейнет, соңы- зейнет» дегендей, еліміз білім беру саласы өркениетті әлемнен өзіне лайықты орын алу үшін адамзат тәжірибесіндегі озық үлгі,тиімді үрдістерді қолдана отырып ел басымыз айтқандай бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеп шығудың даңғыл жолы ашылуда.

Болашақ ұстаз ретінде тәуелсіз елімізді өзге елдермен терезесі тең, керегесі кең, алдағы күндерге сеніммен қарап, нық қадам баса алатын, көшбасшылыққа дайын, рухани жағынан бай ұрпақ тәрбиелеп, оларға «Ұлы Өмір» атты үлкен жолға бағыт бағдар бере алатындай білімді де, білікті ұстаз болып, өз үлесімді қосар едім.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Мектеп» Жарқынбек Төлтебай №12 (153) 3б
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б
3. Қазақстан Республикасында 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Астана. 2004. 3-4б.
4. «Қазақстан мектебі» Бектенғалиева Сәния 2012 жылы 10-11 б
5. «Биология және салауаттылық» 2013жылы 12б

ЦЕННОСТНЫЕ ОРИЕНТАЦИИ СОВРЕМЕННЫХ ПОДРОСТКОВ

Кикенова А.
Студентка 4 курса специальности «Педагогика и психология»
Научный руководитель: ст.преподаватель Алькуатова А.Л.

В современном Казахстане наблюдается некоторое изменение нравственных идеалов молодежи, что означает смену ценностных ориентаций людей под влиянием различных обстоятельств. Можно сказать, что на сегодняшний день в стране складывается новая морально-нравственная атмосфера, происходит переоценка ценностей, их творческое переосмысление, развернулись споры о преобразованиях во многих сферах человеческой жизни, в том числе и духовно-нравственной, моральной.

Социальное самочувствие молодежи оказывает существенное влияние на ее ценностные ориентации. Казахстанская молодежь является реальным субъектом общественно-политических процессов.

Ценностные ориентации – ядро структуры личности, определяющие направленность, высший уровень регуляции социальным поведением личности.

Система ценностных ориентаций имеет многоуровневую структуру, вершиной которой являются ценности, связанные с идеалами и жизненными целями личности. Помимо этого, система ценностных ориентаций противоречива и динамична, отражает как главные, существенные, стержневые изменения взаимозависимости личности с миром, так и смену текущих мимолетных, в известной мере случайных жизненных ситуаций.

Ценностные ориентация варьируются у разных людей по степени выраженности и по конкретному набору.

Таким образом, ценностные ориентации ощутимо сказываются на различных сторонах жизнедеятельности личности, группы: от личной адаптации входящих в нее членов до ее продуктивности.

Исследования проблемы ценностей, проводившиеся в нашей стране и за рубежом, показали, что ценностные ориентации являются важнейшими компонентами структуры личности. Наряду с другими социально-психологическими образованиями они выполняют функции регуляторов поведения и проявляются во всех областях человеческой деятельности. Система ценностей отдельной личности или социальной группы зависит от возрастных, половых и психологических особенностей, социального, этнического статуса.

Исходя из вышесказанного, можно сделать вывод о том, что ценности это социальный феномен, существующий в диалектическом отношении субъект - объект, который является важным связующим звеном между личностью, ее внутренним миром и окружающей действительностью.

Ценности носят двойственный характер, они социальны, поскольку исторически обусловлены и индивидуальны, поскольку в них сосредоточен опыт конкретного субъекта. Социальные ценности определяются как некое данное, имеющее эмпирическое содержание, доступное членам какой-то

социальной группы или общества в целом, значение, соотносимое с чем-то, являющимся объектом деятельности.

Ценности конкретной личности формируются под влиянием социальной среды, особенностей тех социальных групп, в которые она входит. Индивидуальные ценности являются важнейшим компонентом структуры личности, они выполняют функции регуляторов поведения и проявляются во всех областях человеческой деятельности.

Анализ литературы по проблеме ценностей и ценностных ориентаций позволяет сделать вывод, что ценность – это понятие, указывающее на культурное, общественное или личностное значение явлений и фактов действительности. В ценностях резюмируется весь жизненный опыт личности. Этот компонент структуры личности, представляет собой некоторую ось сознания, вокруг которой вращаются помыслы и чувства человека и с точки зрения которой решаются многие жизненные вопросы.

Ценностные ориентации являются важнейшим решающим фактором развития личности.

Проблема формирования и ценностей в подростковом возрасте является объектом внимания многих ученых-исследователей, так как подростковый возраст отличается высоким развитием и протеканием процессов социализации - индивидуализации, обусловленных самосознанием, с формированием ценностных ориентации как фундаментального личностного новообразования, детерминирующего образование и развитие наиболее значимых психологических структур подростков. Особое положение подросткового периода отражено в таких его названиях, как «переходный» и «критический»: качественные изменения в самосознании личности подростков, физиологический сдвиг, противоречивость эмоционально-волевой сферы нередко обуславливают у подростков импульсивность, тревожность, неустойчивые представления о себе и окружающих, трудности самоопределения.

Жизненные ценности в настоящее время складываются в основном стихийно, под влиянием самых различных факторов. Роль ценностного влияния на их формирование минимальна. Существуют разные точки зрения на соответствие целей воспитания жизненным ориентациям (установкам). Например, есть мнение, что желательным является соответствия целей воспитания реально функционирующей в обществе системе ценностей. Воспитание человека в их духе и есть правильное решение проблемы. Возможно, такая ситуация и устроила бы, если бы формирующиеся стихийно жизненные ценности благотворно влияли на гармоничное развитие подростков, и на общественный прогресс в целом. Но, к сожалению, такой картины пока не наблюдается.

Сказанное ранее дает основание полагать, что ценностные ориентации, усваиваемые в процессе развития зависят от того, в какую деятельности включена личность. В данном случае мы исходим из возрастной периодизации Д.Б. Эльконина, который понимает психологическое развитие как смену этапов овладения предметной деятельностью и деятельностью общения.

В подростковом возрасте в процессе общения с окружающими, человек постоянно попадает в ситуации, требующие от него принятия того или иного решения. Принятие решения означает выбор из возможных вариантов. Возникает необходимость рассмотреть и оценить возможные альтернативы – главным образом в сфере определения своих ценностных ориентаций, своих жизненных позиций. Однако ценности еще не устоялись и испытываются практикой собственного поведения и поступков окружающих.

Наиболее интересные, с точки зрения формирования системы ценностных ориентаций личности, старший подростковый и переходный к юношескому, возраст. Особое значение его для формирования ценностной структуры определяется характерной для этого периода специфической ситуацией развития.

Подростковый возраст - это граница между детством и взрослой жизнью, связанная с возрастом обязательного участия человека в общественной жизни. Во многих древних обществах переход к взрослому состоянию оформлялся особыми ритуалами, благодаря которым ребенок не просто приобретал новый социальный статус, но как бы рождался заново, получал новое имя и т. п.

Рассмотрим более подробно некоторые основные характеристики подросткового возраста для того, чтобы понять механизм формирования ценностных ориентаций в этом возрастном периоде.

Первая общая закономерность и острая проблема подросткового возраста, как мы уже отметили, - это перестройка отношений с родителями, переход от детской зависимости к отношениям, основанным на взаимном уважении и равенстве. Подростковый возраст называют переходным. Психологическое состояния подросткового возраста связано с двумя «переломными» моментами этого возраста: психофизиологическим - половым созреванием, и всё, что с ним связано, и социальным - конец детства, вступление в мир взрослых .

Первый из этих моментов связан с внутренними гормональными и физиологическими изменениями, влекущие за собой телесные изменения, неосознанное половое влечение, а также эмоционально-чувствительные изменения.

Второй момент - окончание детства и переход в мир взрослых связан с развитием в сознание подростка критического рефлектирующего мышления в рассудочной форме. Это и есть определяющее состояние подростка в психике. Оно и создает основное ведущее противоречие в жизни подростка.

Главным противоречием подросткового возраста можно считать противоречие между рассудочной формой возникновения в сознание подростка рефлексии, ставшей для него ведущей формой сознательного отношения к миру, и неличным миром взрослых, не укладывающейся в рамки рассудочности, и в то же время провозглашающим рассудочность (сознательность») своего бытия .

Важность этого вопроса в том, что почти каждый подросток, во время переходного возраста сталкивается с особыми трудностями, пытается найти себя. Переходный возраст - самый короткий период жизни, но очень важный. И важно без особых травм пережить его.

Вторая особенность и ценнейшее психологическое приобретение подростка - открытие своего внутреннего мира, в этот период возникают проблемы самосознания и самоопределения. В тесной связи с поисками смысла жизни находиться и стремление узнать самого себя, свои способности, возможности, поиск себя в отношениях с окружающими. Для ребенка единственной осознаваемой реальностью является внешний мир, куда он проецирует и свою фантазию. Для подростка внешний, физический мир - только одна из возможностей субъективного опыта, сосредоточением которого является он сам. Обретая способность погружаться в себя и наслаждаться своими переживаниями, подросток и юноша открывают целый мир новых чувств, они начинают воспринимать и осмысливать свои эмоции уже не как производные от каких-то внешних событий, а как состояние своего собственного «я». Даже объективная, безличная информация нередко стимулирует юношу к интроспекции, размышлению о себе и своих проблемах.

Подростковое «я» еще неопределенно, диффузно, оно нередко переживается как смутное беспокойство или ощущение внутренней пустоты, которую необходимо чем-то заполнить. Отсюда - растет потребность в общении и одновременно повышается избирательность общения, потребность в уединении. Сознание своей особенности, непохожести на других вызывает весьма характерное для ранней юности чувство одиночества или страх одиночества» [1].

Представление подростка о себе всегда соотносятся с групповым образом «мы» - типичного сверстника своего пола, но никогда не совпадает с этим образом полностью.

«Свойственное многим подросткам преувеличение собственной уникальности с возрастом обычно проходит, но отнюдь не ценой ослабления индивидуального начала. Напротив, чем старше и более развит человек, тем больше он находит различий между собой и «усредненным» сверстником. Отсюда - напряженная потребность в психологической интимности, которая была бы одновременно самораскрытием и проникновением во внутренний мир другого. Осознание своей непохожести на других исторически и логически предшествует пониманию своей глубокой внутренней связи и единства с окружающими людьми» [2].

В юности открытие своего внутреннего мира, осознание своей уникальности, неповторимости и непохожести на других. Это открытие непосредственно связано с обособлением личности и переживается старшеклассниками как ценность [3].

В этой связи становится понятным особое значение ценностных ориентаций подростков. Поэтому возникает задача целостной организации образовательного пространства, которая создавала бы условия для наполнения внутреннего мира подростка ценностным содержанием. Ценностная ориентация включает в себя три компонента:

1. когнитивный, или смысловой, в котором сосредоточен социальный опыт личности. На его основе осуществляется научное познание действительности, способствующее становлению ценностного отношения;

2. эмоциональный, который предполагает переживание индивидом своего отношения к данным ценностям и определяет личностный смысл этого отношения;

3. поведенческий, базирующийся на результатах взаимодействия первых двух компонентов. Благодаря познанию действительности и ее ценностному переживанию субъектом формируется готовность действовать, осуществлять задуманное в соответствии с продуманным планом [4].

Ценностные ориентации являются результатом внутреннего и внешнего взаимодействия в процессе развития личности, субъективным отражением объективного мира в сознании конкретного индивида. Будучи осознанными, ценности играют огромную роль для определения направленности индивида, его ориентации в социальной среде.

Ценностные ориентации определяют цели, идеалы, интересы и убеждения человека, в структуре личности им принадлежит ведущая роль.

Ценностные ориентации современных подростков– это отношения, субъективно переживаемые как значимые, действующие на индивидном, социальном и личностном уровнях, задающие иерархию индивидуальных предпочтений, определяющие общую направленность индивидуальным интересам, устремлениям, достижению материальных благ, а также меру готовности и решимости к реализации собственного жизненного пути.

Моя модель ценностной сферы подростка, состоящит из 4 базовых компонентов, таких как:мотивационный, содержательный, деятельностный и оценочный, которые определяют выделенные компоненты, критерии и уровни сформированности. Формирования значимых ценностных ориентаций подростков, зависит от благоприятной для него среды и социума.

Список используемой литературы:

1 Ценностный мир современного студенчества (социальный портрет явления) / А.А. Козлов, В.Т. Лисовский, З.В. Сикевич И.В. - М., 1992. - 40 с. (Система воспитания в высшей школе: Обзор. информ. /НИИВО; Вып.4).

2 Гудачек Я. Ценностная ориентация личности // Психология личности в социалистическом обществе: Активность и развитие личности. - М., 1989. - С. 102-109.

3 Анурин В. Ф. Ценностные ориентации и их влияние на формирование потребностей // Социология высшей школы. Подготовка специалистов для народного хозяйства. - Сборник науч. трудов. - Горький, 1982. - С. 116-129.

4 Алексеева В.Г. Ценностные ориентации как фактор жизнедеятельности и развития личности // Психол. журн. - 1984. - т.5. - № 5. - С. 63-70.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН БОЛАШАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ КӨЗІМЕН

Шарипова Д.
«Математика» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі:Абдрахманова М.Т.

Қай мемлекеттің де негізгі тірегі асқақтаған күмбездер де, ғимараттар да,экономикалық жағдай да емес, білімді де білікті, іскер де, белсенді адамдар. Қоғам талабына сай сол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техниканың деңгейі де, оны басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Осыған орай маман қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіншіліктерді қажет етеді. Ондай мүмкіншілік тек білім арқылы келеді.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім беру саласы өркениетті әлемнен өзіне лайық орын алу үшін адамзат тәжірибесіндегі озық үлгі, тиімді үрдістерді өз білім беру жүйесіне енгізе отырып, дамудың жаңа сатыларына көтеріліп келеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты халыққа Жолдауында: «Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс-шаралардың маңызы зор. Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу. Кәсіптік- техникалық білім берудің озық мекемелерінің желісі дамып келеді. Олардың тәжірибесін бүкіл қазақстандық білім беру жүйесіне таратып,барлық білім беру мекемелерін солардың деңгейіне тарту қажет. Екіншіден, «Педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор»,- деп атап көрсетіп, Қазақстанды әлемдік деңгейдегі білім орталығына айналдыру туралы биік мақсат қойып отыр.

Білім - қоғамды әлеуметтік, мәдени-ғылыми прогреспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Оның ең негізгі қызметі - адамның менталитетін, адамгершілігін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, дамыту. Осыған орай егеменді еліміз өзінің дамуының ең басты алғы шарты - білім беру жүйесінің білім ғасырындағы міндеті мен мазмұнын айқындап берді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздіктің 20 жылында еліміздің экономикалық және әлеуметтік дамуымен қатар білім беру жүйесін жаңғырту мақсатында кезең-кезеңімен реформалар жүргізіп келеді. Сол білім беру жүйесіндегі реформаларды жүргізу Егемен Қазақстанның алғашқы құқықтық құжаттарының бірі Тәуелсіздік Декларациясында бекітілген болатын.

Білім жүйесін дамыту стратегиясының басты мақсаты – ұлттық білім моделін жасау.Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты — адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен

белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасауына, мүмкіндік беру. Яғни, XXI ғасырдың маманы жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, жан-дүниесі бай, ұлттық менталитеті жоғары, кәсіби білікті маман, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, кез келген ситуациядан шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс.

Білім беру аса күрделі әлеуметтік-экономикалық механизм. Оны реформалаудың мәселелері де сан қырлы. Қазіргі кездегі Республикамызда қолға алынған білім беру жүйесін реформалау ісі осы саланың экономикалық-ұйымдық, құқықтық, құрылымдық жақтарын түбегейлі өзгертуге бағытталған біртұтас кешенді шаралармен тығыз байланысты. Білім беру ісіндегі жаңа үрдістің мән-мағынасы, сипаты мен бағыт-бағдарын айқындаушы дәйекті факторлар:

-Қазақстан Республикасының тәуелсіз егеменді мемлекет болып қалыптасуы;

-экономиканың нарықтық моделін ұстанып, меншіктің түрлі пішімдерін дамыту;

-ұлттық білім беру ісінің әлемдік білім жүйесіне кіруі болып отыр.

Кез келген диалектикалық даму үрдісі секілді нарықтық экономика жағдайына байланысты білім беру жүйесін реформалау ісі де қарама-қайшылықтарсыз емес. Мұның өзі мамандардан кәсіби икемділік пен ұтқырлықты, сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайындағы біліктілікті талап етеді

Елбасымыз білім беру жүйесін жаңғырту бағытында алдымызға ұлан-ғайыр міндеттер қойды. Оқыту үрдісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу уақыт талабы екенін ұғынатын мезгіл жетті. Сонда ғана қазақстандық білім беру жүйесі одан әрі өркендеп, халықаралық стандарттарға теңесетін болады. Елбасы Қазақстан халқына арналған Жолдауында оқу үдерісіне осы заманғы әдістеме мен ақпаратты технологияны енгізу қажеттігін атап көрсетті. Бүгінде оқу-әдістемелік базаны кредиттік технологиясыз көзге елестетудің өзі қиын. Оқу үрдісіне оқытудың интерактивті технологиясын енгізу, оның ішінде, қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану, инженерлік-техникалық мамандықтар бойынша материалдық-техникалық базаны нығайту, электронды оқу залдарының санын көбейту, ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыру кеңінен жалғасып келеді [1].

Алға қойылған мақсат 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу бүкіл білім беру жүйесін жаңалауды, оны оқушылардың жас, жеке дара психологиялық және шығармашылық қабілеттеріне лайықтауды қажет етеді. Баланың бойында оның өміріне қажетті іс әрекет тәсілдері мен технологияларын қалыптастыруға негізделген оқытуды ұйымдастырудың амал тәсілдерін, формалары мен әдістерін айқындау қазіргі таңда кезек күттірмейтін көкейкесті мәселелердің бірі.

12 жылдық білім берудің мақсаты:

• Өз ойын еркін айта алатын;
• Өзін көрсете білетін;
• Өзін - өзі дамыта алатын;
• Жоғары білімді;
• Ұлттық тілді;
• Тарихты жетік меңгерген;
• Бәсекеге қабілетті;
•Отандық, әлемдік мәдениеті бойында қалыптасқан – тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Бұл мақсат - міндеттерді іске асыру үшін білім беру жүйесі оқытудың жаңа технологияларын дұрыс ұйымдастыруы қажет.Білім беру жүйесі қызығы мен қиындығы мол күрделі сала. Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру тәрбиелеу әр бір ұстаздың оқу тәрбие үрдісіндегі басты міндеті. Кейбір мұғалімдер сабақтың жаңа түрін пайдаланса, кейбіреулері жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесін қолданады. Қандай әдісті пайдаланса да мақсат-бағдарламадағы материалдың мазмұнын шәкірт бойына сіңіру. Осы орайда оқушылардың білімін жетілдіріп, дамыту жолында болашағы бар, шығармашылықпен жумыс істейтін тәжірибелі мұғалімдер, жаңа технологияның тиімді әдіс тәсілдерін жас ұрпаққа бойына сіңіре отырып, жұмыс істеуде [2].

Мемлекетіміздің ата заңының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретірде орнықтырады. Оның басты қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деген қастерлі сөзді кіргізген. Бүгінгі құқықтық мемлекет құрамыз деген заманда әрбір адам өз құқықтарын жете біліп,жалпы заң білімі саласынан мағлұмат алғаны дұрыс. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді.

Қазіргі таңдағы адамзаттың тіршілігінің негізгі тұжырымдамасы білім болып табылады. Тәуелсіздік алғалы бері жыл сайын жүргізіліп, білім жүйесіне енгізіліп отырған реформалар біздің болашағымызға салынып жатқан даңғыл жол деп айтуымызға болады.Себебі, қай мемлекеттің болсын даму жолы, яғни экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей апарар жол сол елдің білімінің дамуы болып табылады. Яғни, болашақта бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына ену міндеті бәсекеге қабілетті жас маман мойнына жүктелетін абыройлы да, жауапты міндет болып отыр. Бүгінгі жас ұрпақ ертеңгі мемлекет тұтқасын ұстаушы білікті маман, ел тағдырын шешуші азамат. Олай болса еліміздің болашағы болып табылатын жас мамандарға білім беретін ЖОО-дың білім жүйесін дамыту заман талабы, деп айтуымызға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Е.Сағындықұлы «Педагогика». Алматы -1999.
2. ҚР- ның білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана 2010ж.

АСТРОНОМИЯНЫ ОҚЫТУДА ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Түзелбек И.
«Физика» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекші аға оқытушы, магистр Жумабаева С. Б.

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар негізінде білім беруді жаңғырту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы оқу қызметінің жаңа модельдерін қалыптастыруды болжайды.

Соңғы жылдары, Қазақстан Республикасында білім беру жүйесінде қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде интеграцияланған телекоммуникациялық оқыту, ғылыми және білім беру бағдарламасын қамтамасыз ету, интерактивті оқыту және курстар оқыту арқылы оқу процесін жүзеге асырады. Қазіргі заманғы астрономиялық білімді қалыптастыру үшін кешенді бағдарламалық қамтамасыз ету және оқу-әдістемелік және телекоммуникациялық құралдардарды жасау ұсынылады. Бұл құралдар студенттер мен оқытушылар үшін оқу үрдісін талапқа сай әзірленеді және іске асырылады [1].

Астрономиядан білім берудегі байланыс құралдарын және кешенді бағдарламалық қамтамасыз етуді төмендегідей айтіға болады:

а) астрономия бойынша қазіргі заманғы мультимедиялық оқытудың компьютерлік курстарын құру және пайдалану;

б) астрономияны арнайы білім беру сайттарының қашықтықтан оқыту жүйесін құру;

в) астрономия бойынша виртуалды әдістемелік кабинет құру;

д) Астрономия бойынша қашықтан олимпиадаға қатысу.

Астрономия бойынша кешенді бағдарламалық білім беру ресурстарын қамтамасыз етуде, ең алдымен, астрономия «Ашық Астрономия 2.0», («Физикон» компаниясы) бойынша мультимедиялық интерактивті курсын жатқызуға болады, оның құрамында электрондық оқулық, 57 интерактивті оқыту модельдері, 750 фотосуреттер, сұлбалар, сызбалар және карталар бар. Сондай-ақ, интерактивті планетарийде бар. Ол астрономияны оқытудың нақты проблемасын шешуге мүмкіндік берді. Оқыту шешімдер тексеру үшін сынақтар, бағдарлар мен мақсаттарын қамтитын сынақ блогы бар. Сондай-ақ, оқушылар жетістіктерінің күнделігі, оған курстың жұмыстары, сынақтар мен тесттер шешімдері жазылады, әрине жұмыстың бағасы да қойылады. Пайдаланушы тұрғысынан курс үш негізгі блоктан тұрады: теориялық, анықтамалық және тестілеу. Бұл мультимедиялық компьютерлік курсы Интернет арқылы жүйелік интеграциялық диск даярлау және жеке оқу жүйесі ретінде ойластырылған [2].

Сонымен қатар, астрономия бойынша телекоммуникациялық білім беру ресурстарының жиынтығымен интернет желісніде жұмыс жасауға болады. Бұл

үшін интернет ресурстарының сілтемелері жинақталған астрономиядан интернет жолкөрсетушісін пайдалануға болады.

Студенттер:

1. Интерактивті модельдерді қоспағанда, астрономия бойынша интерактивті оқу құралы, яғни «Ашық Астрономия 2.0.» толық курсын орнатулары керек.

2. Астрофизика бойынша ақпараттық іздеу жүйесін меңгеруі керк.

3. Астрономия курсы бойынша ең маңызды кәсіби және әуесқой сайттарға шолу жасау.

4. «Ашық Астрономия 2.0» компьютерлік курсының интерактивті модельдеріндегі мысалдарды саралап қараулары тиіс.

5. Қашықтықтан тестілеу мен форумды оқыту жүйесіне кіру [3].

Осылайша, ол интерактивті мүмкіндікте қолданылған http://www.college.ru сервері студенттермен кері байланыста пайдаланылды. Үлкен мөлшердегі теориялық материалдардан басқа, студенттерге тапсырмаларды шешуге мүмкіндік беріледі: бақылау тесттерін орындау, виртуалды оқытушымен қарым-қатынас жасау, электрондық консультациялар және басқа да ақпарат алуға болады. Онда өзін-өзі тестілеу және білімін тексеру үшін үлкен мүмкіндік берілген. Бұл жерде тапсырмалар сараланған, оқыту жүйесінде студентің жасына және білім деңгейіне байланысты жеке-жеке тапсырмалар құрылады.

Арнайы жобаларды басқару жүйесі жетістіктер журналының функциялары мен биллингтер жүйесін біріктіру үшін әзірленген. Оқушылар оқуда үзіліс алып, содан кейін оны жалғастыра алады, олардың оқу жетістіктерінің жеке ақпараты серверде сақталады [4].

Виртуалды әдістемелік кабинет құрамында:

1. Әдістемелік әдебиеттерге шолу.

2. 11 сыныптың астрономиясын жоспарлау үлгісінде, «Ашық астрономия» компьютерлік курсын пайдалану.

3. 5 сыныпта жаратылыстану ғылымдарын оқытуда, «Ашық астрономия» компьютерлік курсын қолдану туралы нұсқаулар.

4. Білім беру стандарттары.

5. Мектеп оқу жоспарының мысалдары, соның ішінде көп деңгейлі және профильдік кластар үшін.

6. Жеке оқу жоспарын әзірлеу үшін әдістемелік нұсқаулар.

7. Көпсалалы мектептің негізгі оқу жоспары.

8. Интернетті пайдалану арқылы студенттердің астрономия бойынша ғылыми-зерттеу мен оқытушылық-зерттеу сабақтарының тақырыптары.

9. Астрономия бойынша қашықтан сабақтар мысалдары.

10. Астрономиядан студенттердің PowerPoint көрсетілім түріндегі қорытынды аттестациясы.

11. Студенттерді қорытынды аттестациялауды сұхбат түрінде алу мүмкіндігі.

12. Оқытушылар және студенттер форумы [5].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:
1. Володин А.А. Компьютерное имитационное моделирование при изучении основ цифровой техники будущими учителями технологии:— Воронеж, 2005. 23 с.
2. Гомулина Н.Н., Крылов А.И. Интерактивная модель Солнечной системы. CD-ROM. М.: Дрофа, 2009.
3. Гомулина Н.Н. Открытая астрономия. CD-ROM / Под ред. В.Г. Сурдина. М.: Физикон, 2006.
4. Емец Н.П. Интерактивные и анимационные модели в обучении астрономии: Тезисы докладов Девятого съезда Астрономического общества и Между народной конференции. Москва, 1-5 июля 2008 г. — М.: Изд-во МГУ, 2008. -С. 19-20.
5. Кавтрев А.Ф. Методические аспекты преподавания астрономии с использованием компьютерного курса «Открытая астрономия 2.0». М.: Физикон, 2000.-50 с.

АСТРОНОМИЯНЫ ОҚЫТУДА ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ ДАМЫТУ ЖОЛЫ

Алтынбек Ж.
«Физика» мамандығының студенті
Ғылыми жетекші: аға оқытушы, магистр Жумабаева С. Б.

Қазіргі таңда оқу процесіне жаңа білім беру технологияларын, оның ішінде компьютерлік технологияларды енгізбесе, қазіргі уақыттағы білім беру сапасын жақсарту мүмкін емес деп танылды. Жоғарыда айтылғандар толықтай астрономия курсына да қатысты, онда әр түрлі астрономиялық құбылыстарды модельдеуге, практикалық жұмыстарды ұйымдастыруға, имитациялық процессті бақылаудағы деректерді өңдеуге компьютерлендіру мүмкіндік береді. Мұндай жұмыстар ғылыми астрономиялық білімді алу механизмін анықтау үшін арналған. «Галактикалардың спектрін қызыл ығысу. Хаббл заңы» атты ұсынылып отырған практикалық жұмыстың басты мақсаты осы болып табылады [1].

Анықтамалық және Хаббл заңының ашулу тарихын түсіндіретін екі бөліктен («Хаббл тұрақтысын анықтау» және «олардың спектріндегі қызыл ығысу кезіндегі алыс галактикалық қашықтықтығын анықтау») тұратын жұмыс компьютерлік бағдарламамен қамтамасыз етілген. Ашылу тарихында, студенттер бізге жақын жарқын галактикалардың 20-25 тізімін алып, оның радиалды жылдамдығын Vr және оның қашықтығын P көрсетеді. Бағдарламаның бірінші бөлігінде дисплей экранында бағдарламалар мен координаттар жүйесі үшін кесте толтыру пайда болады, онда Мпс бойынша галактикаға дейінгі абсцисса осі арақашықтығы кейінге шегеріледі, ал тік осі олардың км /с-тық радиалдық жылдамдығы болады. Кесте толтыруды

галактикалардың ұстанымының бағдарламасы ретінде таңдалған координаттық жүйеде тудырады.

Студент командасы бойынша, бағдарлама кіші квадраттар әдісімен деректерді статистикалық қайта өңдеуді жүзеге асырады және галактикаға арналған «радиалды жылдамдығы - қашықтық» кестесін құрады. Осыдан кейін, оқушы Хаббл тұрақтысын (H) графикалық анықтауға көшеді. Галактикаға дейінгі қашықтыққа тікелей пропорционалды радиалды жылдамдығы артатындықтан, оқушы құрылған диаграммалардан шамамен ортасындағы нүктесін таңдайды, оның координаталарын жазады (1-сурет.) және Хаббл тұрақтысын есептейді [2].

1-сурет. Жарқын галактикалар үшін «радиалды жылдамдығы - қашықтық» диаграммасы

Бұл жұмыстың бір бөлігі студенттерге мынадай сұрақтарға жауап берумен аяқталады:

- XX ғасырдың басында астрономдар галактикалардың қашықтығын қалай анықтады?
- Галактикалардың радиалды жылдамдығы қалай табылды?
- Неге Хаббл заңы ең алыс галактикалар үшін дәл орындалады?
- Хаббл заңының физикалық мағынасы қандай?
- Неге барлық галактикалар, өте жақындарын қоспағанда, жылдамдықтарымен қоса бізден алыстап, пропорционалды қашықтықта тікелей ұлғаяды?
- Кеңейтілген әлемнің орталығы бар ма?
- Хаббл тұрақтысының жұмыста табылған мәнін пайдаланып, әлемнің кеңейтілген кездегі уақытын табу?
- Әлемнің кеңейтілуі оның тарылуына ауыстырыла ала ма? Қандай күш кеңейтуге кедергі болады?

Жұмыстың екінші бөлігінде галактикадан тыс қашықтықтың шкаласын құру үшін арналған Хаббл заңы пайдаланылған. Бұл әрекетті орындау үшін студентке галактикалардың радиалды жылдамдығын, оның спектрі бойынша анықтау керек [3].

Галактикалардың бірнеше спектрі экранда кезекпен (зертханалық жарық көзінің салыстыру спектрімен), әрбір спектр үшін миллиметрлік шкала және есепті кестелер пайда болады.

Студент есептік кестеге өзінің өлшеген зертханалық спектрлік сызықтарының (L) ережелерін толтырады, онда бағдарламалар оның дисперсиялық қисығын (2-сурет) салады. Галактика спектрінде иондалған кальций желісінің H (L0 = 396,8 нм) орнын өлшеп, студент осы 1-сызықтың дисперсиялық қисығының ығысу мағынасын анықтайды. Бағдарламаның ығысу сызығын (1D = 1-10) есептеп, Доплер эффектісі бойынша галактиканың радиалды жылдамдығын және Хаббл заңы бойынша оған дейінгі қашықтығын тапқан.

2-сурет. Галактиканың Үлкен Аю жұлдыздарында жинақталу спектрі.

Жұмыстың екінші бөлігін қорытындылай келе, студенттердің аспан нысандарының қашықтықтығы туралы білімдерін қалай анықтау керектігінің тәсілдерін жиынтықтау керек. Олар есіне түсіруі қажет:

- Күн жүйесінің нысандарына дейінгі қашықтықты қалай анықтайды?
- Ең жақын жұлдыздарға дейінгі қашықтықты қалай табады?
- Алыс жұлдыздардың қашықтықтарын анықтау кезінде қандай қиындықтар туындайды?
- Галактикаларға дейінгі қашықтықты анықтау үшін негізгі бағалау әдістері қандай?
- Неге Хаббл заңы галактикадан тыс қашықтықтар шкаласын анықтайды деп айтады?

Практикалық жұмыс жүргізу барысында студенттер алыс галактикалық қашықтықты анықтау әдісінің маңыздылығын және оның космологияда Хаббл заңнамасының негізгі рөлі екенін жақсы түсіне бастайды. Олар бақылау деректерінің өңдеу тәсілдерін және астрономиялық білімнің қалай өндірілгенін толыққанды түсінеді.

Осындай жұмыстар оқыту процесінің сипатын өзгертеді. Студенттерге жай дайын білімді бермейді, оларға өздерінің білгендерін пайдаланып, оны қалай түсінуге болатынын үйретеді, осылайша, оның танымдық және шығармашылық белсенділігін дамытады [4].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бакулин П.И., Кононович Э.В., Мороз В.И. Курс общей астрономии: Учебник. М.: Наука, 1983. - 560 с.
2. Бакшаева Н.А., Вербицкий А.А. Психология мотивации студентов. М.: Логос, 2006.-184 с.
3. Беспалько В.П. Образование и обучение с участием компьютера (педагогика третьего тысячелетия). — М.: Изд-во МПСИ, 2002. — 352 с.
4. Бондаренко И.И. Астрономия в педвузе // Современная астрономия и методика её преподавания: Материалы III Всероссийской научно-практической конференции. Санкт-Петербург, 27-29 марта 2002 г. СПб., 2002. - С.66.

БІЛІМ-ӨМІРДЕГІ САРҚЫЛМАЙТЫН АСЫЛ ҚАЗЫНА

Аманжолова А.М.
«Биология» мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекші: оқытушы Хамитова К.К.

Қазіргі таңда білімді интеграциялау, оның ғылыми деңгейін көтеру баланың танымдық қабілетіне орай дағдыларын жан-жақты қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр. Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін жаңа технологиялар қажет. Қазіргі заманғы ғылыми техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесіне мүлде жаңа міндеттер қойып отыр. Жаңа

мектептің мақсаты: әрбір балаға терең білім мен тәрбие беріп қоймай, оның бойындағы табиғи қасиетін ашып, жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Білім – адамдардың тіршілік ету барысында жинақталған тәжірбие екені бәрімізге белгілі. Қазақ халқы өте ерте заманнан бері білімді, сөзге шешен, дана халық болған. Сонау ерте заманнан қазақ балалары молдалардан білім алып, сауаттарын ашқан. Олар сол кезден бастап білім алу инемен құдық қазғандай екенін түсінген. Сол кезде білім берудің басты мақсаты- қазақтардың сауатын ашу, олардың тек қана мал шаруашылығымен шектелмеуін қамтамасыз еткісі келді. Қазіргі таңы білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау болып табылады. Бүгінгі күнігі білім жүйесі жыл сайын жаңа белестерге көтеріліп отырады [1.2-3б].

Н.Назарбаевтың бастамасымен ұсынылған «100 нақты қадам» Ұлттық жоспары Қазақстанның білім беру саласының даму векторы болып табылады және оны жүзеге асыруы тікелей ұстаздарға байланысты екенін атап көрсетті[2.2-6б].

Ұлы Абай атамыздың:

«Ақырын жүріп анық бас,

Еңбегін кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» - деп айтқандай, мұғалім үшін кәсіби шеберлікке жету, өз мамандығының данышпаны болуы бір күнде пайда болатын дүние еместігін біз жақсы түсінуіміз керек. Ұстаз мектеп қызметін жетілдіру және оқытудың жаңа сапасына түбегейлі жетудегі басты тұлға болып табылады. Ұлы ағартушы Ульям Уорд; «Жай мұғалім хабарлайды,жақсы мұғалім түсіндіреді, ұлы мұғалім шабыттандырады», - деген қанатты сөздері қазіргі таңда да маңызын жойған жоқ. Сондықтан бүгінгі таңда оқушыларды шабыттандыратын, шығармашылығымен «шамшырақ» болатын мұғалім, ұжым көшбасшысы қажет. Тек тұлға ғана тұлғаны тәрбиелеп шығара алады [3.2-3б].

Болашақ ұстаз ретінде білім жүйесінде болып жатқан жаңартулар мені де алаңдатады. Соңғы жылдары білім саласын өзгерту туралы мәселелер жаңдануда. Оның себебі «5» балдық жүйе болып табылады. “Бұл баллдық көрсеткіш оқушының құзреттілігін қалыптастыруға жеткіліксіз”-деп ойлайды үкімет басындағы тұлғалар. Шынында,бұл балдық жүйе оқушының, сабаққа деген қызығушылығын арттыруға, бәсекелестікке қабілетті болуына, жеке тұлғалық қасиетін дамытуға жеткіліксіз болып табылады.Оқушының өзін-өзі дұрыс бағалауына кері ықпалында тигізеді.Сол сияқты қойылатын бағада әрқашан әділ бола бермейді, баға бір мезгілде субьективті де обьективті де бола алады. Обьективтілік анықтықты арттырып, білім сапасын жетілдірсе, субьективтік керісінше, төмендететіндігі баршамызға аян. Қазіргі таңы осы мәселені шешу қажет деп ойлаймын. Егерде Қазақстанда баллдық жүйе қалыптасса бұл оқушының қызығушылығын және тұлғалық қасиетін дамытуға өз септігін тигізетін еді. Әлемде білім беру ісінің нәтижесін бағалаудың өзіндік тәжірибесі қалыптасқан. Айталық, шетелде әртүрлі бағалау жүйелері бар.

Мысалы, 7 балдық, 12 балдық, 100 балдық, рейтингтік және т.б. Бельгияда 60 балдық, Данияда 13 балдық бағалау жүйесі қалыптасқан. Бұл өте тиімді бағалау болып табылады.Бұл ретте шетелде көбінесе оқушының қаншалықты білім алғандығы емес, оның алған білімін өмірлік тәжірибеде қаншалықты пайдалана алатындығы ескеріледі. Ал Қазақстанда бала алған білімін теориялық тұрғыдан ғана шектеліп қалады.Оны практика тұрғысынан жүзеге асыра алмайды. Егерде болашақта баллдық жүйе қалыптасса онда оқушы басқа балалармен жарысып, өзінің көшбасшылық қасиетін дамытады деген ойдамын. Оқушыларды критериалды бағалау – заман талабына сай шәкірт білімін дәл айқындауға мүмкіндік беретін бақылау жүйесі. Бұл жүйеде оқушы өзінің білімін өзі бағалауды ғана үйренбейді, сонымен қатар жеткен жетістігіне көңілі толып, әрі қарай оқуға деген құлшынысын арттыруды үйренеді. Менің ойымша болашақта Қазақстанның білім жүйесінде дәл осындай өзгерістер қалыптасады. Осы жүйе арқылы біздің білім жүйеміз жаңа бір санатқа көтерілетін сияқты [4.9-13б].

Қазіргі таңы біздің білім жүйеміз енді дамып келе жатыр . Біліктілікті арттыратын бірнеше жаңа институттар, мектептер ашылуда. Солардың бірі

Астанадағы аймақтық институттар. Сонын ішінде «Өрлеу» институты-білім беру қызметін ұсыну нарығында өз орнын сенімді ұстап тұр сол аймақтардағы педгогтар үшін сұранысқа ие оқу орындарының бірі. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында жоғары оқу орындарының педагогикалық мамандықтары оқытушыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы жұмыс істеуде. Осы оқытушылардың студенттері мектептердің болашақ мұғалімдері болуы себебті, ұзартылған мультипликативтік білім беру тиімділігі қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда мұғалімдерді оқытуда жүргізілетін ғаламдық өзгерістерге даярлау әдістері мен біліктілікті арттырудың көпвекторлы идеясы біліктілікті аттыру, оқыту әдістемесінің негізін құраушы болып табылады. Біліктілікті арттырудың мазмұны келесі бағыттар бойынша жанартылған ; мектепке дейінгі білім беруде – балаларды ерте жастан оқыту әдістемелері, көптілдік, орта білімде- білім берудегі әлемдік инновацияларға синтез жасайтын «Назарбаев Зияткерлік мектептер» ДББҰ тәжірбиелері; жоғары білімде – алдыңғы қатарлы отандық және шет университеттерінің тәжірибесі арқылы еліміздің жоғары оқу орындарының педагог мамадығы оқытушыларының біліктілігін арттыру бойынша бағдарлама және т.б.

Елбасы Н.Назарбаев өз жолдауында « барлық әлем сияқты Қазақстанда да жаңа білім беру әдістеріне көшу керек», «отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді,шешімдері мен құралдарын қарқынды енгізу керек» деп атап көрсетті. Яғни, біздің білім жүйемізде Smart – технологияларын қолдану келешекте мұғалімдердің құзретілігін дамытады. Болашақта мониторинг бағдарламасы барлық өнірлерде дамып, мұғалімдер оқушыға төзімділікпен қарап, сынып ұжыммен, оқушылармен болып жатқан өзгерістерді бағалай алатын еді.

Шетелдік серіктестерден алынған білім мен тәжірбие, оқыту курстарын құру арқылы оқыту үдерісіне енгізілді. Бірақ кезкелген жаңа технологияларды енгізу әлеуметтік жағдайлар, дәстүрлер ерекшеліктерін есепке ала отырып,

бейімделуі қажет. Осы тұрғыда оқытушыда оқытудың сәйкес деңгейін қамтамасыз ету үшін, кәсіби және тұлғалық құзреттіліктердің нақты жиынтығына ие болуы өте маңызды. Алдымызда тұрған белестер, мақсаттар жеткілікті. Жаңа жобалар білім сапасын арттыруға арналған жұмыстарды толық қанды атқаруға негізделген

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:
1. «Учительская плюс» Облыстың апталық газеті. № 40 (232) 14 қазан 2016 жыл.2-3б
2. «Білімдегі жаңалықтар» Республикалық ақпарттық-әдістемелік журнал. №3,2015 (51) 2-6б
3. Қазақстан мұғалімі Республикалық газет. №12-13(3472),29 маусым, 2016 жыл 2-3б
4. «12 жылдық білім беру» Республикалық ғылыми – әдістемелік және ақпарттық-талдамалық журнал. №3,2015 9-13б

К ВОПРОСУ ОБ ОСОБЕННОСТЯХ ТРЕВОЖНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Арзуметова Д.Н.
Студент 4 курса, специальности «Педагогика и психология»
Научный руководитель Бондарева Т.О.

Одной из главных целей школьного образования является создание и поддержание благополучных психологических условий, обеспечивающих полноценное психическое и личностное развитие каждого ребенка. Большое значение для развития личности имеет психическое здоровье, то есть состояние душевного, физического и социального равновесия. Если ребенок находится в ситуации дискомфорта, то в первую очередь нарушается равновесие в его эмоциональной сфере, что способствует возникновению тревожности как ответной реакции на стрессовую ситуацию.

Особое внимание привлекает к этой проблеме дети младшего школьного возраста. То есть младшие школьники бывают более дезадаптированы. Младший школьный возраст - это возраст 6-11-летних детей, обучающихся в 1 - 3 (4) классах начальной школы. Границы возраста и его психологические характеристики определяются принятой на данный временной отрезок системой образования, теорией психического развития, психологической возрастной периодизацией.

Это возраст относительно спокойного и равномерного физического развития. Происходит функциональное совершенствование мозга - развивается аналитико-систематическая функция коры; процесс торможения становится всё более сильным, хотя по-прежнему преобладает процесс возбуждения, и младшие школьники в высокой степени возбудимы и импульсивны [1].

В связи с этим у младших школьников эмоциональное состояние бывает не стабильным. У них могут появиться тревожность, агрессивность, замкнутость и другие, более негативные состояния. Именно поэтому на современном этапе развития психологической науки актуальным вопросом является процессы эмоционального развития школьников.

Тревожность – это одна из индивидуальных психологических особенностей личности, проявляющаяся повышенной склонностью человека к беспокойству, тревоге, страху, который зачастую не имеет под собой достаточных оснований [2].

Проблемой проявления тревожности в психолого-педагогической литературе занимались: Ф. Зимбардо, А.М. Прихожан, Т. Репина, Т. Смолева, Е.М. Гаспарова и др.Анализ литературы исобственные выводы привели к следующим обобщениям. Впервые выделил и акцентировал состояние беспокойства, тревоги З. Фрейд. Он охарактеризовал данное состояние как эмоциональное, включающее в себя переживание ожидания и неопределенности, чувство беспомощности. По определению Р. С. Немова, «школьная тревожность – постоянно или ситуативно проявляемое свойство человека приходить в состояние повышенного беспокойства, испытывать страх и тревогу в специфических социальных ситуациях». По мнению А. М. Прихожан школьная тревожность – это переживание эмоционального дискомфорта, связанное с ожиданием неблагополучия, с предчувствием грозящей опасности. Различают тревожность как эмоциональное состояние и как устойчивое свойство, черту личности или темперамента [3].

Среди причин, вызывающих тревожность младших школьников, можно выделить неправильное воспитание и неблагоприятные отношения ребенка с родителями, особенно с матерью, которая ощущает себя единым целым с ребенком, пытается оградить его от трудностей и неприятностей жизни.

Тревожность ребенка может вызываться и особенностями взаимодействия воспитателя с ребенком, превалированием авторитарного стиля общения или непоследовательности требований и оценок [4].

К ним относятся ограничения спонтанной активности в играх (в частности, в подвижных) в деятельности, на прогулках и т. д.; ограничение детской непосредственности на занятиях.

Следующая ситуация – ситуация соперничества, конкуренции, особенно сильную тревожность она будет вызывать у детей, воспитание которых проходит в условиях гиперсоциализации. В этом случае дети, попадая в ситуацию соперничества, будут стремиться быть первым, любой ценой достигнуть самых высоких результатов.

Еще одна ситуация – ситуация повешенной ответственности. Когда тревожный ребенок попадает в нее, его тревога обусловлена страхом не оправдать надежду, ожиданий взрослого и быть им отвергнутым.

Также к возникновению и развитию тревожности и страха способны интенсивно воздействовать на развивающееся воображения детей сказочного образца. Все эти персонажи могут как раз познакомить детей с отрицательными, негативными сторонами взаимоотношений людей, с

жестокостью и коварством, бездушием и жадностью, как и с опасностью вообще. Вместе с тем жизнеутверждающий настрой сказок, в которых добро одерживает победу над злом, жизнь над смертью, дает возможность показать ребенку, как можно преодолеть возникающие трудности и опасности.

А также тревожность имеет ярко выраженную возрастную специфику, обнаруживающуюся в ее источниках, содержании, формах проявления и запрете. Для каждого возрастного периода существуют определенные области, объекты действительности, которые вызывают повышенную тревогу большинства детей вне зависимости от наличия реальной угрозы или тревожности как устойчивого образования. Эти «возрастные тревожности» являются следствием наиболее значимых социальных потребностей. У детей раннего возраста тревожность порождается разлукой с матерью. В возрасте 6-7 лет главную роль играет адаптация к школе, в младшем подростковом – общении со взрослыми (родителями и учителями), в ранней юности – отношение к будущему и проблемы, связанные с отношениями полов.[3]

Вступая на порог новой жизни, школьной жизни ребенок сталкивается с появлением нового страха. Существует даже термин «школьная фобия», что подразумевает навязчиво преследующих некоторых детей страх перед посещением школы.

Иногда родители сами боятся школы и непроизвольно внушают этот страх детям или драматизируют проблемы начала обучения, выполняют вместо детей задания, а также излишне контролируют их.

Как правило, не испытывают страха перед посещением школы уверенные в себе, любимые, активные и любознательные дети, стремящиеся самостоятельно справится с проблемами обучения и наладить отношения со сверстниками.

Помимо боязни идти в школу, нередко возникает страх опросов. В основе этого страха лежит боязнь сделать ошибку, совершить глупость, оконфузиться, быть осмеянным. Как правило, боятся отвечать на вопросы тревожные, боязливые дети. Больше всего бояться отвечать у доски. Доска для них - это своего рода лобное место. Именно у доски в полной мере проявляется беззащитность некоторых детей, их незащищенность.

Чаще всего силой, смягчающей возникающие вокруг ребенка напряжения, оказывается семья. В семье ребенок, прежде всего, получает признание своего человеческого «я», утверждается как личность, находит круг людей, с которыми может поделиться своими переживаниями и - что не менее важно - может не делиться, если не считает нужным. Семья, не дающая этого эмоционального фундамента, оставляет его незащищенным перед трудностями и противоречиями окружающего его большого мира.

Тогда ему приходится искать такую душевную опору среди других взрослых.Для многих в школьную пору не просто обостряются старые, нажитые в семье проблемы, но и к ним прибавляются новые, еще более тяжкие - и часто на всю жизнь. Было бы несправедливо перекладывать всю ответственность за эмоциональные проблемы учащихся только на плечи школы, забывая о семье. В жизни школьника эти два фактора неразрывно связаны.

К сожалению, режим школьной жизни, структура учебного года сами по себе способствуют переутомлению, особенно физически ослабленных или эмоционально неустойчивых детей. Психогигиенисты не раз подчеркивали, что деятельность учебной четверти не должна превышать шести недель, после которых детям необходим 7-10 -дневный отдых[4].

Из-за переутомления у тревожных младших школьников могут развиваться склонности к вредным привычкам невротического характера (они грызут ногти, сосут пальцы, выдергивают волосы, занимаются онанизмом). Манипуляция с собственным телом снижает у них эмоциональное напряжение, успокаивают.

К причинам школьной тревожности можно отнести:

- школьные неприятности (двойки, замечания, наказания);
- домашние неприятности (переживания родителей, наказания);
- неблагоприятное общение со сверстниками («дразнят», «смеются») [5].

Таким образом, мы видим, что на проявления тревожности влияет окружающая среда. Если для ребенка будут созданы благоприятные условия, тем меньше вероятности проявления разных негативных эмоциональных переживаний таких как тревожность, страх, боязнь и т.д. В работе с младшими школьниками родители и воспитатели должны учитывать его возрастные и психологические особенности ребенка, так как при взаимодействии есть вероятность проявления чувства дискомфорта.

В заключении можно сделать вывод о том, что, при взаимодействии с тревожными младшими школьниками следующие:

Во-первых, надо создавать благоприятные условия, для полноценного развития ребенка в спокойных условиях;

Во-вторых, надо правильно подбирать тему разговора и учитывать возрастные особенности младшего школьника в общении;

В-третьих, надо оказать всестороннюю помощь ребенку для правильной адаптации к школьной жизни. Данная помощь, как нам уже известно, оказывается со стороны родителей в первую очередь, далее со стороны педагогов и воспитателей и от общества в целом;

Список используемой литературы:

1. Прихожан А. М. Тревожность у детей и подростков: психологическая природа и возрастная динамика. М.: Московский психолого-социальный институт; Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2000. - 304 с.
2. Ишманская М.Л. Тревожный ребенок: Кто он и как ему помочь? // Дошкольная педагогика, 2005. – с. 50–54.
3. Кочубей Б.И., Новикова Е.В. Эмоциональная устойчивость школьника. – М.: Изд-во Сфера, 2008. – 196 с.
4. Педагогическая психология [Текст]: практикум: / под ред. Л.А. Регуш, В.И. Долговой, А.В. Орловой. – Челябинск: Изд-во ЧГПУ, 2012. – 304 с.[
5. Долгова В.И., Капитанец Е.Г. Коррекция и развитие внимания младших школьников с интеллектуальной недостаточностью – Челябинск: АТОКСО, 2010 – 117с.

«ӨНДІРУШІ» МЕН «ТҰТЫНУШЫ» ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ ВЕРБАЛЬДЫ ЖӘНЕ ВЕРБАЛЬДЫ ЕМЕС ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ РОЛІ

Асылбаева Г.
«Педагогика және психология» мамандығының 4 курс студенті.
Ғылыми жетекшісі:Мусирова Г.Б.

Вербальды яғни сөйлеу арқылы қарым –қатынас адамзат үшін қандай маңызды болса,вербальды емес қатынас ым-ишара сөйлеудің ажырамас бөлігі. Нарық заманында сөйлеудің де нақтырақ айтсақ вербальды және вербальды емес қарым –қатынастың тұтынушы мен өндіруші арасында алатын орыны зор.Нарықтық экономика заңдарында «тұтынушы үшін қамқорлық жаса , сонда нарық сенің қамынды ойлайды» деген «алтын ережені» ұстанған абзал [1]. Тұтынушыға қамқорлық жасау кәсіпкердің абырой-беделін арттырады , оған жарнама ретінде қызмет етеді. Абырой-атақ үшін бәрі маңызды , атап айтқанда:

- Тапсырыс берушінің психологиялық көніл күйін тани білу;
- Көзқарас;
- Мінез-құлық көрінісі (бет қимылы , қозғалыс, ымдау, т.б.);
- Сөйлеу мәдениеті;
- Киімі;
- Кеңсенің интерьері;
- Қарым-қатынас түрлері, тәсілдері.

Өзіннің іс-әрекетінді, сезімдерің мен қатынастарынды жүйелеу үшін (мысалы, тұтынушыға деген), ең алдымен оны түсініп, таңи білуің керек.

Адамның бет-әлпеті – оның жалпы көніл күйінің айнасы , «тұрмысының барометрі» болып қала береді (әсіресе, кездесудің алғашқы минуттарында).

Әйелдер мен еркектердің бет қимылы әр түрлі болады.Әйелдер сөйлесушіден көзін алмай сөйлесіп тұра алады Көз қимылы этносы мен ұлтына да байланыста да болады. Қадала ұзақ қарау кейбір елдерде әддепсіздік деп есептелінеді (кениялықтарда, қазақтарда т.б.) [2].

Жағымды эмоциялар беттің екі жағынан да көрінеді, жағымсыз эмоциялар сол жағынан көрінеді. Бет-әлпетке жағымсыз эмоциялар мен қуанулар әсер етеді. Сондықтан бет-әлпеті арқылы жеке тұлғаның моральдық-парасаттылық, денсаулық жағдайы да пікір айтуға болады.

Бетте көз, маңдай, ауыз мимикалары басым рөл ойнайды. Мысалы, көздің ішкі бұрыштары, қастың жиектері төмен болса, қайғыны білдіреді , ал жоғары көтерілуі қуанышты көрсетеді. Егер бет еттеріне күш түссе, қасы кеңсірікке (мұрынның екі көз аралығындағы қыры) жылжыса адамның еркі туралы айтуға болады. Көз-адамның ішкі дүниесінің айнасы.Өз көзқарасын меңгеру және оған ие болу , бұл өнер екенің естен шығармау керек.Тілдік қатынасты бақылау үшін көзді қиялдағы үшбұрышқа немесе әңгімелесушіге бағыттап, көзінді төмен түсірмеуің керек, негізі оның көзіне тура қараған дұрыс.

Тура көзқарас – көбіне адамның қызығушылығының, әңгімелесушіге сыпайылықпен қарауының көрінісі.Бұл әңгімелесушілердің тең жағдайда тең құқылы әріптес ретінде бір-бірін танып еш нәрсе жасырмай сөйлеуін білдіреді. Тікелей мүдделі көзқарас жоғары деңгейдегі саяси тұлғалар үшін басты визуалдық құрал болып табылады. Сондай–ақ, мұндай көзқарас өзіне деген сенімділіктің және тура мінездің белгісі. «Арсыз көз» деген ұғым адам өтірік айта тұра, көз алмай қарайтын кезде айтылады. Егер «арсыз көздерге» зейін сала қараса, оның қарауы әңгімелесушінің көзіне емес, одан сәл жоғары кеңсірікке немесе сол жақ қабаққа қадалып тұрғаның байқауға болады [3].

Көзін сығырайтып қарау- сенімсіз бақылау, жасырын жағымсыз ниеттен, қауіп төндіру кезінде көрінеді.Көзін қысып, сығырайып қарау басқаның ниетін білу және өз ниетін жасыруды білдіреді. Бұл көзқарас жағымсыз , суық әсер қалдырады.

Селқос көзқарас барлығына бірдей бір уақытта қызығушылықты немесе оның мүлде болмауын көрсетеді. Көбіне селқос көзқарас қорыққаннан , шектен тыс қарапайымдылық пен ұялудан, іштей бір нәрсеге жазалы болуға үнемі дайын жүруден болатын сенімсіздікті көрсетеді. Танысу кезінде бірінші адам екінші адамның көзіне тура қарай алмайды , екінші адам одан көзін алып қашады [4].

Көзін қатты ашып қарау өзіне сенім шақыру үшін қолданылады. Бұл көзқарасты көбіне сатып алушыға сапасыз тауарды өткізіп жіберуге әрекеттенген сатушының бет-әлпетінен көруге болады.

Қиғаш көзқарас өзін қоршағандарды жасырын бақылауға және ең алдымен ,басқалардың арасында өзіне сенбеуден көрінеді.Көзінің қиығымен қарау көбіне сенімсіздік деп бағаланады. Бұл көзқарас кейбір қабақ еттерінің ауруларынан немесе кереңдіктің әсерінен болуы мүмкін , олардың құлағы сөйлесушіде болғанмен , көзі жанынан көруі ықтимал.

«Көзге көзбен» қарау-мұны салмақты жан дүние сынағы деуге болады.

«Жабулы, шаршаңқы» көз-қабақтар түсіңкі, кірпік төмен ілініп , көздің жоғарғы қабатын жауып , қоршаған нәрсе адамға тек жартылай байқалады. Мұндай көзқарас өте шаршағанда,жүйкеге күш түскенде, іш пысқанда, толық оқшауланғанда, жан дүниесі жұтағанда кездеседі. Көздің толық ашылмауы кейде қабақ ашатын еттердің жансызданuының әсерінен болады [4].

Егер көз тұнғиыққа бағытталса, онда бұл әңгімелесушінің ұстамдылығын тауысады: әріптесінің анық зейін қоймауы , көбінесе бос орынға қарағандай күй кешіп тұруы сыйламаушылықтың белгісі ретінде қабылданады. Бұл жағдайларда әріптесі тарапынан агрессивті қарсылық туындайды.

Кеңістікке бағытталған көзқарас – сіздің алдыңызда өз мүддесіне терең беріліп ойланған адам тұрғаның көрсетеді.

Белгілі итальян антропологі және криминалисі Чезаре Ломброзо мұндай көзқарас тек қылмыскерлер мен дегенерадтарға ғана тән деп қате пікір айтқан. Шындығында,бұл-ертеден келе жатқан жай мимикалық қарсылықтардың бірі. Бұл көптеген адамдарға ұқсас жағдайларда бірдей қолдануға тиімді.

Жоғарыдан төмен қарау – басты артқа тастап , осылайша қарау өркөкіректіліктің , басымдылық сезімінің көрінісі. Бұл әңгімелесушілердің бойлары сәйкес келмегенде де байқалады.

Еденге қарау – қорқыныштың және сөйлесуден қашқақтаудың белгісі.

Қадала, тесіле қарау адамдарда жеке адамның ішкі уайымына араласуға қарсылық сезімін туғызады. Өте ұзақ қарау көп адамдардың қабылдауында жау пиғылдағы көзқарас деп саналады.

Адамның бет-әлпетін оның көз қарасы бойынша оқып білуге болады. Бет-адамның психологиялық жай күйі туралы ақпарат берудің басты қайнар көзі, ол дене қозғалысына қарағанда жай күйді көбірек мәлім етеді. Кейде адам өз сезімін жасырғысы келсе, мұндай жағдайда адамның беті мұны бүркемелеп те тұра алады.

Адамның жүріс тұрысы , дене қимылы көп ақпарат береді. Мысалы, егер адам әңгімелескісі келсе, әңгімелесушіге қарай инкиеді.

Американдық антрополог Э.Холл адамның әңгімелесуші адамына жақындау нормаларын былайша сипаттайды [5].Бұл нормалар арақашықтықтармен анықталады:

- Жақын арақашықтық (0-ден 45см-ге дейін)- ең жақын адамдар арасындағы қатынас;
- Арнаулы жеке (45 см ден 120 см ге дейін)- таныс адамдармен қатынас:
- Әлеуметтік (120см ден 400см ге дейін) –бөтен адамдар мен ресми қатынастарда;
- Көпшілік алдында (400см ден 750ге дейін)- әр түрлі аудиториялар алдында сөз сөйлеу.

Қарым-қатынас арақашықтығын бұзу адамға жағымсыз әсер етеді.

Адамның әңгімелесушісімен тұрақты дене тұрыстарының саны 1000-ға жуық, дене тұрысы сияқты, қарым қатынаста қимыл қозғалыс пен ымдаудың да маңызы үлкен. Әңгімелесу кезінде ауызша сөйлеуді ыммен жалғастырғанда сәйкестік болмаса өтірік болып табылатының естен шығармау керек.

Қозғалыс (жүріс) стилі бойынша адамның эмоционалдық көніл күйін онай тануға болады: жеңіл жүру-қуанышты, сылбыр жүру-қайғыруды , ауыр жүріс ашуіды білдірсе, ал мақтаныш кезінде аяқ адымы өте үлкен болады.Жүріс қимылын ритм,адым динамикасы және дене салмағы құрайды.

Енді біздің жүрісіміз , дене қимылымыз, эмоцияларымызбен, ойларымыздың денелік көрсеткіші екенін білдік.

Қарым-қатынас жасаудың нәтижелі болу факторларынң бірі ауызша сөйлеу мәдениті болып табылады. Бұл сөйлей және тындай білуді көрсетеді.

Мысалы,өндіруші әңгімелесушіні өзінің көзқарасына сендіріп , бірігіп жұмыс істеуге, үйретуге тырысады.Іскерлік қарым қатынаста қарапайым, анық және нақты дәл сөздерді қолданып сауатты түрде өз ойларын құрастыра білуі керек.

В.Зигерт өз ойын жеткізе алмаудағы қарапайым қателіктерді былайша анықтайды:

- Біз өз ойымызды айтар алдында оны дұрыс құра алмаймыз,сөзіміз шашыранқы бола тұра,басқалардың ойын тез «үлгеріп» түсінуін талап етеміз;

•Ұқыпсыздықтан немесе сенімсіздіктен өз ойымызды дәл жеткізе алмаймыз, сондықтан ол мағынасыз болып шығады;

•Ұзақ сөйлегендіктен тындаушы сөздің басында не айтылғаның ұмытып қалады;

•Тындаушыға әсер етеме, жоқ па, оны елеместен өз сөзімізді жалғастыра береміз [5].

•Тындаудағы қарапайым қателіктерден мыналарды бөліп көрсетеміз:

-Сөйлеушінің хабарлама жасау кезінде сөзін бөлу.Көптеген адамдар бұл қатені ойламастан жасайды.Басшы өз қарамағындағылардың, ал ерлер әйелдердің сөзін көп бөледі.Сөзі бөлген жағдайда сөйлеушінің ойын қайтадан есіне түсіруге тырысу керек;

-Асығыс шешімдер жасау сөйлеушінің қорғаныс бағытын ұстануына әкеледі, бұл тиімді қатынасқа кері әсер етеді;

-Қарсы келу көбіне сөйлеушінің сөзімен келіспегеннен туындайды.Көбіне адам басқаның сөзін тындамастан, өзінің қарсы пікірін ойша құрастырып өз кезегін күтіп отырады. Содан сон өз көзқарасының негізін түсіндіре отырып , сөйлеуші де осы пікірді айтқысы келгенің елемейді;

-Орынсыз ақылды, негізінен нақты көмек көрсете алмайтын адамдар ғана айтады. Ең алдымен,сөйлесушіге керегі бірлесіп ойласу ма,болмаса нақты көмек алу ма, осыларды анықтап алу қажет.Тындау дағдыларын қалыптастыру уақыт пен шыдамдылықты қажет етеді.

Сөйлеушінің психологиялық ерекшеліктері мен әңгіменің «қарапайым қателерін» білу тұтынушымен, болмаса кез келген адаммен дұрыс іскерлік қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.

Әңгімелесудің негізгі формалары мыналар:

Кәсіби;

Қарапайымдылық;

Мәселені тез әрі әділ шешуге қабілеттілік;

Сыпайылық;

Әдептілік.

Әңгіменің басында әңгімелесушінің жай-күйін бақылай отырып, жағымды, шын жүректен тілектестік сөз сарының қолдану керек . Мәселені тиімді шешу, сұрақ қоя білу және тұтынушыны тындай білуге байланысты болады. Әңгіменің басында үзілді-кесілді кесіп сөйлеуге (бас тартуға, дәлелдеуге, т.б.) болмайды. Тұтынушыға тапсырыстың орындалмау себебін анықтап түсіндіру, сендіру керек.Егер тұтынушы ұрысуға бейім болса (тіке сөйлеп, әділетсіз ескерту), оған қатты дауыс көтеріп жауап қайтармай, шыдамды болуы керек. Әңгімені басқа жұмыстармен айналысуға тура келіп тұрғанына өкініш білдіре отырып аяқтау қажет.Тұтынушыға ықыласпен қарау және оны мақұлдау – істің табысты болуының басты кепілі.

Тұтынушымен сөйлескенде сіз қолданатын қатынас түрінің бәрін пайдаланыңыз.Сөйлесу,қарым-қатынас жасау тұтынуша әсер етудің негізгі факторы.Қатынастың құрылымына мазмұнына, тәсілдеріне тереңірек бойлауға тырысайық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Алехина И.Имидж и этикет делового человека. 2-ое издание.- М.,Дело,2001.-112с.
2. Андреева А.Д., Варона А.А и.др. Психология :учебное пособие.- М..Гардарика,1998.176с.
3. Афанасьева О.В., Пищенко А.В.. Этика и психология професиональной деятельности юриста..Учебное пасобие .- М..Акадия, 2001.-224с
4. Бим – Бад., Джиров Э.Д, Корыстов Г.Б –М.,Педагогика,1989-309с.
5. Попов Л.А Десять лекции по этике .-М., 2001 .-192с.

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ИНДУКЦИЯ ТӘСІЛІ ТУРАЛЫ

Әбдіғалымова Ғ.
«Математика» мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Джакетова С.Д.

Математиканың көптеген тарауларында натурал сан айналымға тәуелді $A(n)$ сөйлемнің n–нің барлық мәліметтері үшін ақиқаттылығы дәлелденеді. Мысалы, математикалық тұжырым натурал сандар жиынында берілсін: $(\forall n)A(n), n \in N$ Мұндай сөйлем немесе тұжырым көбінесе математикалық индукция әдісімен дәлелденеді. Бұл әдіс индукция принципіне негізделген [1].

*Индукция*деп дербес пікірлерден қандай да бір жалпылама қорытындыға келтіретін пайымдаулар әдісін айтады.

Индукция – латынша «индукцио» - «аңғарту» деген сөз. Яғни байқаумен тәжірбиеге сүйеніп дербес фактілерден жалпы қорытынды жасау деген сөз. Индукция әдісін ертеде Мысыр мен Вавилонның абыздары қолданған. Мысалы, күн әрі күні шығыстан шығатынын байқаймыз. Бұған сүйеніп ертең де күннің шығыстан шығатынына күмән келтірмейміз. Бұл қорытынды күннің қозғалысына сүйеніа айттық/шын мәнінде күн емес жер шары айналады [2]. Индукция қорытынды жасау әдісі жаратылыс тану ғылымында маңызды роль атқарады. Өйткені индукциялық корытындылардан соң бұларға дедукциялық қорытынды жасалды.

Теориялық механика Ньютон заңдарына негізделгенмен де, алайда бұл заңдардың өзі терең ойластырылған тәжірбиелердің, атап айтқанда планеталардың қозғалысы жөніндегі Кеплер заңдарына, даниялық астроном Тих Брагенің көп жылғы бақылап сараптауының қортындысы болып табылды. Индукцияда алдын-ала жасалатын тұжырымды анықтауға бақылау аса қажет.Жарық жылдамдығын өлшеу туралы Майкельсон тәжірбиелерінен соң ғана физикада салыстырмалық теориясының қажеттігі байқалды.

Индукция әдісі – математиканы баяндауға таңдап алынған аксиоманың негізінде жатады. Аксиомалар математикалық тұжырымдардаң дұрыстығын анықтауға көмектеседі. Белгілі бір теореманың дұрыстығы ғасырлар бойы қалыптасқан дәсүр бойынша күнделікті тұрмыста кездесетін тәжірбиемен

көрнекі түсініктердің негізінде дәлелденеді тек осыдан кейін гана оган дедуктивтік қорытынды жасалады. Сондықтан индукция әдісіне қарағанда дедукция қиынырақ. Орта мектептің кластарында индукция, жоғарғы кластарында дедукция көбірек қолданылады. Ғылыми зерттеу жұмыстарындағы күрделі есептермен орта мектептегі есептерді, әртүрлі мәселелерді шешуге индукция мен дедукция қатар қолданып бірін-бірі толықтырады.

Индукция әдәсә толымсыз, толық және математикалық индукция болып үш түрге бөлінеді. Бұлардың әрқайсысына жеке тоқталайық.

Толымсыз және толық индукция.

Қарастыратын жағдайлар өте көп болып, олардың барлығын түгел зерттеу мүмкін болмаған жағдайда, олардың тек кейбіреулерін ғана зерттеп солардан шығатын қорытындыны барлық фактілер үшін жасалатын қорытынды ретінде алады. Мұндай индукцияны толымсыз индукция деп атайды. Мысалы, $1=1^2$, $1+3=2^2, 1+3+5=3^2$,.... теңдіктерін бірден есептеу арқылы олардың дұрыстығына көз жеткіземіз. Осы дербес мағлұматтарға сүйеніп $1+3+5+7+9+...+/2k-1/^2=k^2$ деген жалпы қорытынды жасаймыз.

Ғылым тарихында толымсыз индукцияны қолданып талай қателіктер жіберген жағдайлар өте көп болды. Мысалы, XVII ғасырдағы француз математигі Пьер Ферма $2^{2^1}+1=5, 2^{2^2}+1=17, 2^{2^3}+1=257,$ сандарын қарастырып натурал n санының кез келген мәнінде $2^{2^n}+1$ жай сан болады деген шала қортындыға келегн. Бірақ кейін Л.Эйлер n=5 болғанда $2^{32}+1$ саны жай сын емес, ол 641-ге бөлінетінін тапқан [3].

Математикада қарастырылатын жағдайларының саны шектеулі ол жағдайлардың бәрін түгел қарастырып барып қортыныды жасауға болатын жағдайлар кездеседі, мұндай қорытыны толық индукция бойынша қортыынды жасалған деп аталадығ Мысалы, кез келген дұрыс көп жақ үшін Т-Қ+Ж=2 /1/ қатысы дұрыс болады. Мұндағы Т – көп жақ төбесінің саны, Қ- қабырға саны, Ж- көпжақтың жақ саны. Тетраэдр, октаэдр, куб, додекаэдр, икосаэдр сияқты бес дұрыс көпжақты қарастырумен шектелеміз. Басқа дұрыс көпжақ болмайды. Барлық бес дұрыс көп жақ үшін /1/ теңдігі дұрыс орындалады. Барлық жағдайды толық қарастырып барып жасалатын осындай әдіс толық индукция деп аталады.

Математикалық индукция.

Математиалық зерттеулерд толық индукция сирек қолданылады. Күнделікті өмірден байқайтынымыздай математикалық сөйлемдер көбінесе обьектілердің шексіз көп жиындары туралы айтады. Мысалы, барлық натурал сандар, жай сандар, барлық көпжақтар т.б. жиындары. Бұлардың барлығын түгел санап шығу немесе оларды түгел қолдан мүмкін емес.

Элементтерінің саны шексіз көп жиындары бір элементтің қасиеттері оның келесі элементінде де болады, олай болса, алғашқы элемент туралы жасалған тұжырымның шындығы келесі элемент үшін де дұрыс болады.Мұндай біртіндеп n элемент үшін жасалған тұжырымнан n+1 элемент туралы тұжырымның ақиқаттығын шығары алуды математикалық индукция дейді.

Математикалық индукция туралы мынадай тұжырым айтуға болады. Мысалы, Күннің шығыстан шығатын себебі жердің өз өсінен тәулік бойы айналуынан болады. Егер күн бүгін шығыстан шыққан болса, онда бір тәуліктен соң Жер мен Күн қайтадан бүгінгі қалпына келеді, біз еүннің шығыстан шығатын құбылысын дәл кешегідей жағдайын байқаймыз. Бұл жағдайда әр тәулік сайын қайталанып келеді. Мұнда орбита бойынша жердің қозғалысы және оның жылдамдығы ескерілмейді. Бірақ осылайша ойлау математикада өте пайдалы. Жаңа буын оқулықтарында кездесетін математикалық индукция әдісін қолданып шығарылатын қиынырақ есептерді шешу тәсілдері.

Мұндай есептерді шығару оқушылардан іздемпаздылықты, терең ойлануды, еңбекқорлықты, шыдамдылықты талап етеді және соған тәрбиелейді. Сонымен қатар олардың сандар тізбегі туралы түсініктері және білімдері терең болуы қажет.

Бұл есептерді математика пәнінен деңгейі жоғары оқушылармен олимпиадаға дайындық ретінде де қарастыруға болады.

Математикалық индукция әдісі жиі қолданылатын әдістердің бірі және бұл әдіс арқылы натурал сан немесе натурал санға байланысты ұғымдары бар математикалық негіздеуді қажет ететін сөйлемдер дәлелденеді.

Енді есептердің өзіне көшейік.

1- мысал. Тепе-теңдіктердің дұрыстығын математикалық индукция әдісін қолданып дәлелдеңдер:

$1^3+2^3+3^3+...+n^3=(1+2+3+...+n)^2=\frac{1}{4}n^2(n+1)^2$

Дәлелдеуі: 1) $n=1$болса, онда $1^3=\frac{1}{4}\cdot 1^2\cdot(1+1)^2=\frac{1}{4}\cdot 4=1$ тепе-теңдік орындалады;

2) $n=k$ үшін $1^3+2^3+3^3+...+k^3=\frac{1}{4}k^2(k+1)^2$ тепе-теңдік орындалсын;

3) $n=k+1$ болғанда,

$1^3+2^3+3^3+...+k^3+(k+1)^3=\frac{1}{4}k^2(k+1)^2+(k+1)^3=\frac{1}{4}(k+1)^2\cdot(k^2+4(k+1))=$

$=\frac{1}{4}(k+1)^2\cdot(k^2+4k+4)=\frac{1}{4}(k+1)^2\cdot(k+2)^2$

Тепе-теңдіктің дұрыстығы дәлелденді.

2 мысал 1) $n>1$ болғанда, $\frac{1}{n+1}+\frac{1}{n+2}+...+\frac{1}{n+n}>\frac{13}{24}$ теңсіздігі орындалатынын дәлелдеңдер.

Дәлелдеуі: Математикалық индукция әдісін қолданамыз.

1) $n=2$ болса, онда

$\frac{1}{2+1}+\frac{1}{2+2}=\frac{1}{3}+\frac{1}{4}=\frac{4+3}{12}=\frac{7}{12}=\frac{14}{24}$,

$\frac{14}{24}>\frac{13}{24}$ теңсіздік орындалады;

2) $n=k$ үшін

$\frac{1}{k+1}+\frac{1}{k+2}+...+\frac{1}{k+k}>\frac{13}{24}$ теңсіздігі орындалсын;

3) $n=k+1$ болғанда,

$$\frac{1}{k+1+1}+\frac{1}{k+1+2}+...+\frac{1}{k+1+k-1}+\frac{1}{k+1+k}+\frac{1}{k+1+k+1}=$$

$$=\frac{1}{k+1}+\frac{1}{k+1+1}+\frac{1}{k+1+2}+...+\frac{1}{k+k}+\frac{1}{2k+1}+\frac{1}{2k+2}-\frac{1}{k+1}$$

$\frac{1}{k+1}+\frac{1}{k+1+1}+\frac{1}{k+1+2}+...+\frac{1}{k+k}=S_k$ деп белгілеп,

$$S_k+\frac{1}{2k+1}+\frac{1}{2k+2}-\frac{2\cdot1}{2(k+1)}=S_k+\frac{1}{2(2k+1)(k+1)}>\frac{13}{24}$$

Теңсіздік дәлелденді.

3 мысал

$1\cdot2+2\cdot3+3\cdot4+...+n(n+1)$ қосындысын табу керек.

Шешуі: $n(n+1)=n^2+n$.

$$1\cdot(1+1)+2\cdot(2+1)+3\cdot(3+1)+...+n(n+1)=1^2+1+2^2+2+3^2+3+...+n^2+n=$$

$=1^2+2^2+3^2+...+n^2+1+2+3+...+n$, мұнда

$1^2+2^2+3^2+...+n^2=\frac{n(n+1)(2n+1)}{6}$ тепе-теңдігі математикалық индукция әдісімен дәлелденген (68 бет 2-мысал), ал $1+2+3+...+n=\frac{n(n+1)}{2}$.

Сонда

$$1^2+2^2+3^2+...+n^2+1+2+3+...+n=\frac{n(n+1)(2n+1)}{6}+\frac{n(n+1)}{2}=$$

$$=\frac{n(n+1)(2n+1)+3n(n+1)}{6}=\frac{n(n+1)(2n+1+3)}{6}=\frac{n(n+1)(n+2)}{3}$$

Жауабы: $\frac{1}{3}n(n+1)(n+2)$.

Бұл есеп оқулықтың 69 беттегі №347 есебінде 3-ші тапсырма ретінде берілген, онда математикалық индукция әдісімен дәлелдеу керек еді.

4 мысал

$S_n=\frac{1}{1\cdot3}+\frac{1}{3\cdot5}+...+\frac{1}{(2n-1)(2n+1)}$ қосындысын табыңдар.

Шешуі: $\frac{1}{(2n-1)(2n+1)}=\frac{A}{2n-1}+\frac{B}{2n+1}$

$$\frac{1}{(2n-1)(2n+1)}=\frac{A(2n+1)+B(2n-1)}{(2n-1)(2n+1)}$$

$$1=2An+A+2Bn-B$$

$$(2A+2B)\cdot n+(A-B)=1$$

$$\begin{cases} 2A+2B=0 \\ A-B=1 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} A=\frac{1}{2} \\ B=-\frac{1}{2} \end{cases}$$

$$\frac{1}{(2n-1)(2n+1)}=\frac{1}{2}\cdot\frac{1}{2n-1}-\frac{1}{2}\cdot\frac{1}{2n+1}=\frac{1}{2}(\frac{1}{2n-1}-\frac{1}{2n+1})$$

$$S_n=\frac{1}{2}(\frac{1}{1}-\frac{1}{3}+\frac{1}{3}-\frac{1}{5}+\frac{1}{5}-\frac{1}{7}+\ldots+\frac{1}{2n-1}-\frac{1}{2n+1})=$$

$$=\frac{1}{2}(1-\frac{1}{2n+1})=\frac{1}{2}\cdot\frac{2n}{2n+1}=\frac{n}{2n+1}.$$

Жауабы: $\frac{n}{2n+1}$.

5 мысал

$S_n=\frac{1}{2}+\frac{2}{2^2}+\frac{3}{2^3}+\ldots+\frac{n}{2^n}$ қосындысын табыңдар.

Шешуі:

$$2\cdot S_n=1+\frac{2}{2}+\frac{3}{2^2}+\frac{4}{2^3}+\ldots+\frac{n}{2^{n-1}}$$

$$2\cdot S_n-S_n=1+\frac{2}{2}+\frac{3}{2^2}+\frac{4}{2^3}+\ldots+\frac{n}{2^{n-1}}-(\frac{1}{2}+\frac{2}{2^2}+\frac{3}{2^3}+\ldots+\frac{n}{2^n})=$$

$$=1+\frac{2}{2}-\frac{1}{2}+\frac{3}{2^2}-\frac{2}{2^2}+\frac{4}{2^3}-\frac{3}{2^3}+\ldots+\frac{n}{2^{n-1}}-\frac{n-1}{2^{n-1}}-\frac{n}{2^n}=$$

$$=(1+\frac{1}{2}+\frac{1}{2^2}+\frac{1}{2^3}+\ldots+\frac{1}{2^{n-1}})-\frac{n}{2^n}$$

$$1+\frac{1}{2}+\frac{1}{2^2}+\frac{1}{2^3}+\ldots+\frac{1}{2^{n-1}}=\frac{1\cdot\left(\left(\frac{1}{2}\right)^n-1\right)}{\frac{1}{2}-1}=\left(\left(\frac{1}{2}\right)^n-1\right)\cdot(-2)=$$

$$=2-\frac{1}{2^{n-1}}\ .$$

$$S_n=-\frac{1}{2^{n-1}}+2-\frac{n}{2^n}=\frac{2\cdot 2^n-2-n}{2^n}=\frac{2^{n+1}-n-2}{2^n}$$

Жауабы: $\frac{2^{n+1}-n-2}{2^n}$

6 мысал

$S_n = 7 + 77 + 777 + ... + \underbrace{77...7}_{n}$ қосындысын табыңдар.

Шешуі:

$$S_n = 7 \cdot (1 + 11 + 111 + ... + \underbrace{11...1}_{n}) = 7 \cdot (\frac{9}{9} + \frac{99}{9} + \frac{999}{9} + ... + \frac{\underbrace{99...9}_{n}}{9}) =$$

$$= \frac{7}{9}(10 - 1 + 10^2 - 1 + 10^3 - 1 + ... + 10^n - 1) = \frac{7}{9}(10 + 10^2 + 10^3 + ... + 10^n - n) =$$

$$= \frac{7}{9}(\frac{10 \cdot (10^n - 1)}{10 - 1} - n) = \frac{7}{9} \cdot \frac{10^{n+1} - 10 - 9n}{9} = \frac{7 \cdot (10^{n+1} - 9n - 10)}{81}$$

Жауабы: $\frac{7 \cdot (10^{n+1} - 9n - 10)}{81}$.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Көбесов А. Математика тарихы. Алматы. «Қазақ университеті»,1993.
2. Бидосов Ә. « Математиканы оқыту әдістемесі» А., Мектеп, 1989 ж.
3. Әбілқасымова А. Е., Майкотов Н.Р., Қаңлыбаев Қ.А., Кенеш Ә.С. Алматы «Мектеп» 2005Алгебра 9 сынып.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН БОЛАШАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ КӨЗІМЕН

Әбен М.Н.
«Математика» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Абдрахманова М.Т.

Тәуелсіз Қазақстанның жоғары білім жүйесінің қалыптасуы мен дамуы Қазақстан Республикасы дүниежүзілік қауымдастықпен нарықтық экономикалы ел деп танылып отыр. Білім - әлемдегі өркениетті дамыған елдердің барлығында дерлік дамудың негізгі көрсеткіші мен негізгі басыңқы бағыты болып табылады. Тәуелсіз Қазақстанның жоғары білім жүйесін бетбұрыстандыру бірнеше кезеңнен тұрады:

1 кезең – жоғары білім жүйесінің заңдық және нормативтік құқықтық базасының қалыптасуы (1991-1994 жылдар);

2 кезең – жоғары білім жүйесін модернизациялау, оның мазмұнын жаңарту (1995- 1998 жылдар);

3 кезең – білім беру жүйесін қаржыландаруды орталықсыздандыру, білім беру мекемелерінің академиялық еркіндігін кеңейту (1999-2000 жылдар);

4 кезең – жоғары кәсіптік білім беру жүйесін стратегиялық дамыту (2001 жылдан бастау алған қазіргі кезең)

Қазіргі қазақстандық білім беру жүйесі «Білім туралы» Заң (1999 жыл), «Білім» мемлекеттік бағдарламасы (2000 жыл), «2010 жылға дейінгі білімді дамыту стратегиясы» (2001 жыл), «2005-2010 жылдарға арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» (2004 жыл) сияқты стратегиялық нысандағы құжаттармен бекітілген [1]. Көптеген жоғары білім беру мекемелері Қазақстан Республикасының жоғары білім жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану міндетінен білім берудің Болондық моделін жүзеге асыруда, ол төмендегідей деңгейлерден тұрады:

-жоғары базалық білім жоғары арнайы білім: бакалавриат – «бакалавр» дәрежесін беретін жоғары білім беру бағдарламасы;

-жоғары ғылыми-педагогикалық білім: магистратура – «магистр» академиялық дәрежесін беретін жоғары ғылыми-педагогикалық бағдарлама;

-докторантура PhD – бұрынғы ғылыми-зерттеу кадрларын даярлау жүйесінің орнын басатын бағдарлама.

Жоғары білімнің үш деңгейлік жүйесінің енгізілуі сонымен бірге, білім беру бағдарламаларының диапазонының кеңеюі мен олардың рыноктық экономика талаптарына сәйкес икемділігі мен шоғырлану дәрежесін күшейтуге бағытталған. Қазақстанның жоғары білім жүйесінің қалыптасуының келесі бір жағымды тұсы – институционалдық құрылымдардың, оқыту бағдарламалары мен формаларының әртараптандырылуы, олардың университеттік білім беру жүйесіне бейімделуі. Қарастырылып отырған үдерістің маңызды бір тұсы жеке білім беру секторының дамуы мен кеңеюі болды.

Жоғары білімді қаржыландыру мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отыр. Қазіргі күні АҚШ-та бұл мәселе өте өзекті болып табылады. Мұндай құбылыстың себебі экономикалық даму саласына қатысты және де АҚШ-тағы белгіленген әлеуметтік топтардың әлеуметтік теңсіздік мәселесінен туындаған. Алайда аталған факт АҚШ-қа қарағанда жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі төмен елдерде, әрине оған Қазақстан да енеді, жоғары білім саласын жеткілікті мөлшерде қаржыландыру қажеттілігін ойландырады. Егер Қазақстанның қаржылық күштерін басқа елдермен салыстыратын болсақ, Қазақстандағы білімге жұмсалатын мемлекеттік шығындар үлесінің тым төмен екендігі айқын. Осылайша, Қазақстан ЖІӨ 0,3% жоғары білімге жұмсай отырып, Малайзия, Таиланд, Қытай сияқты елдермен салыстыруға келмейтінін және ОЭСР елдерінің орташа көрсеткішінен (1,3%) біршама төмен екендігін байқаймыз. Мемлекеттік қаржыландырудың төменгі деңгейін өтемақылау үшін үкімет үш элементтен тұратын ресурстарды шоғырландырудың көпжақты стратегиясын қабылдады:

- жеке жоғары білімді жедел дамыту;

- мемлекеттік университеттер мен колледждерінің шығындарына үлестік қатысу;

- кей мемлекеттік университеттерді жекешелендіру.

Алайда ресурстарды жай ғана арттыру әрдайым да қажетті нәтижежелер бермеуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында айтылған: «Қазақстандық ЖОО міндеті - әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру, ал жетекші ЖОО дипломдары әлемде танылуы тиіс. Олар мұны жасауға міндетті. Біз әрбір қазақстандыққа жоғары білім алудың

нақты мүмкіндігін беруіміз керек. Студенттердің оқуын қаржыландырудың бірыңғай жүйесін құру мақсатында үкіметке бюджеттен білім беру несиелерінің есебінен білім беру гранттарының көлемін 50% арттыруды тапсырамын. Сонымен қатар екінші деңгейлі банктер арқылы несиенің қайтарымын мемлекеттік кепілдememен қамсыздандыру жолымен студенттік несиелендірудің заманауи жүйесін құру» [2].

Қазақстандағы ЖОО білім беру бағдарламаларының санына, ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлеміне, ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілік деңгейіне байланысты бірнеше типтерге бөлінеді, атап айтатын болсақ: университеттер, академиялар және институттар.

Ұрпағының болашағын ойлаған ұлт жастарының білімді болуын басты мақсат етері даусыз. Жасы кіші болса да ақылы асқанды аға сыйлайтын қазақы қағиданың қаншалықты өміршең екенін сөзбен тауысып жеткізу мүмкін емес. Тамыры тереңге жайылған тарихында қазақтың білім-ғылым жолын насихат еткен аузы дуалы абыздары, данышпан датқалары, шежірелі шешендері өте көп болған. Сондықтан, баба дәстүрінен ажырамаған бүгінгі ұрпақтың білімсіз болуға хақысы жоқ. Осыны мақсат тұтқан Елбасы кеше тікелей өзінің тапсырмасымен ашылып жатқан «Білім» телеарнасын іске қосты. «Білім» арнасы үш тілде сөйлейтін болады

Астанадағы Назарбаев университетіне арнайы ат басын бұрған Президент Ыбырай атамыз жырлаған «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» ғылымның соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, еліміздегі барлық білім алушы тәлімгерлерге онлайн режимінде дәріс оқыды [3]. Сонымен бірге тұңғыш рет тек қана ғылыми жаңалықтан хабардар ететін отандық «Білім» телеарнасының тұсауын кесті. Телеарна, негізінен, үш тілде жұмыс жасайтын болады. Әлемдік және отандық ғалымдардың жаңа жобалары мен білім беру жүйесіндегі елеулі оқиғалардың барлығы ендігі кезекте осы арнаның еншісіне тиесілі. Әзірге «Отау-ТВ» арнасы арқылы ақпарат әлеміне жол тартқан телеарна алдағы уақытта басқа кабельді жүйелерге қосылатын көрінеді.Жастар еліміздің әлеуметтік, эканомикалық және қоғамдық өмірдің барлық салаларына қатыстылығы жағынан алғанда, болашағы зор қоғамның маңызды бөлшегі. Қазіргі таңда жаңа көзқараспен қарайтын жалынды жастардың еліміздің жаңару үдерістеріне белсене қатысып келеді. Еліміздің бүгінгі жастары жаңа жағдайда заманауи мемлекеттің жасап жатқан сындарлы саясатының арқасында алысқа қол сермеп, әлемдік деңгейдегі ұстанымды игеріп, келешектің кілтін өз қолдарына алуда.

«Жастар-болашаққа апаратын алтын көпір»,- дейді дана халқымыз. Әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік- эканомикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық – саяси өмірдегі ұстанымына олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және ақпараттық- саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз.Әрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып,өн бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек. Еліміздің бейбітшілік аспанында қазақ жастары тәуелсіз

елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға тиіс. Ел сенімін, үмітін ақтау-жастардың қолында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Қазақстан Республикасының «Білім беру» туралы заңы //Егеменді Қазақстан, 1999. 11.06. - 2 б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы //Талдықорған газеті, 2005. 25. 02, - 4 б.
3. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы, 1992. – 140-154 б.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ


Әблах М. Е.
«География» мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Иманқұлов К. Е.

Қазіргі кезде дүние жүзінде инновациялық технологияларды қолдану ерекше даму үстінде. Ал бұл, осы кезеңде ең маңызды өнім- ақпарат, ал алдыңғы қатардағы елдер санатына тұрғылықты халқының сапалы білім мен ақпараттық кеңістікке қолжетімділігі жоғары мемлекеттер жатады деген сөз.

Білім жүйесінде жаңа ақпараттық технология құралдарын пайдалану қазіргі оқу үрдісінің басты бағыттарының бірі болып келеді.

Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білім беруде ақпарттық технологияны география сабағында пайдалану- оқытудың жаңа бір түрі ретінде қарастыруға болады. Ең бірінші кезекте сабақты түрлендіру және оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Сабақ кезінде оқушылар мәселелерді талқылайды, сабақтың барысын қызығушылықпен бақылайды. Бұл кезде оқытушы- оқушы арақашықтығын ұстауға болмайды [1.2].

Көптеген зерттелетін географиялық нысандар, мысалы тау мен жазықтық, мұхиттар мен теңіздер, өнеркәсіптік орындар мен ауылшаруашылық т.б. жерлерді білім алушылар тікелей көрсете алмайды. Сондықтан сабақтарда көрнекі бейнелі құралдарды (суреттер, анимация, бейнежазбалар, слайдтар) пайдалану білім алушыларды бейнелік елестетулердің қалыптасуына ықпал етеді.



1-сызба. Презентациялық жұмыстың ерекшеліктері

Презентациялық жұмыс жасалған уақытта білім алушының оны қалай жасағанына көңіл аудару қажет. Себебі, бұл жұмыс арқылы адамның шығармашылық қабілетін де анықтауға болады. Білім алушы да сабаққа дайындалу барысында тақырып бойынша түрлі дереккөздерді қарастыра отырып, ізденістік қызығушылығы оянады.

Қазіргі таңда білім беру кеңістігінде географияны оқытудың әртүрлі интербелсенді құралдары бар. Мысалы, компакт-дискідегі электронды мультимедиялық оқу материялдары, Интернетке тікелей қосылған компьютерлер немесе ғаламдық жүйеден алдын - ала алынған қажетті деректерге сілтеме берілген оқу материалдары және т.б. [3].

Географиялық білім қылыптастыру барысында АКТ-ның құралдары мен ресурстарын пайдалануға болады:

- Жүйелік және жалпы бағыттағы бағдарламалық құралдар;
- Ақпарат көздері: электронды энциклопедиялар мен анықтамалар, ақпараттық сайттар, Интернеттің іздеу жүйелері, кітапханалардың компьютерлік каталогтары;
- Электронды оқулықтар мен оқу құралдары компьютердің және мультимедиялық проекторлар көмегімен көрсетіледі;
- Интерактивті тақта;
- Тестілеу және жаттығу бағдарламалары;
- Бейне және аудиотехника;
- Виртуалды конструкторлар;
- Интерактивті карталар мен атластар, геоақпараттық бағдарламалар;
- Интерактивті конференциялар, жарыстар, электронды журналдар;
- Білім алушылар жасаған ғылыми- зерттеу жұмыстары мен жобалары.

Алайда, «педагогикалық мода» талаптарын орындау үшін ғана сабақты заманауи құралдармен өткізудің қажеті жоқ. Себебі, оқытушы сабақта ойын-сауық емес, бір нәрсені үйрету үшін жұмыс жасайды. Оқытушы ақпаратты жәй ғана айтып, оның қаншалықты меңгерілгенін бақыламау қажет, нақты айтқанда білім алушыны үйрету керек. Оқытушылардың түрлі категориялары бар, біреулер «оқытады және бақылайды», кейбіреулер «білім алушылар өздері біліп, жасап, есте сақтай алатындай деңгейге жеткізеді».

Ақпараттық технологияларды қолдану түрлі сабақ формаларын өткізуде география пәні оқытушысына шығармашылық еркіндік береді: сырттай саяхаттау, рөлдік ойындар, конференциялар, диспут, жарыстар,семинар, лекция, онлайн сабақтар, интерактивті тақта көмегімен жүргізілетін сабақтар, туристік сапарлар шығармашылық шеберханалар.

Ақпараттық технологияны қолдану білім алушылардың көбісінде үздіксіз қызығушылығын қалыптастырады. Бұл қызығушылық кейінірек белгілі тақырып төңірегінде жобалық-зерттеулік жұмыстарды жүзеге асыруға бағытталған әрекеттерді тудырады. Тәжірибие көрсеткендей, география сабақтарында ақпараттық технологияны, Интернетті пайдалану арқылы танымдық белсенділігі артады. Осыған сәйкес ақпараттық технологияны қолдану арқылы географиялық білім қалыптастырудың үлгісі көрсетілді.



2-сызба Ақпарттық технологияны қолдану арқылы географиялық білім қалыптастыру үлгісі.

Қорытындылай келе, ақпараттық технологияларды географияны оқытудың жоғары дәрежедегі тиімділігі үшін оларды эпизодтық емес,жүйелік негізде пайдаланған дұрыс, соның ішінде материалды талдап, зерттеу барысында да, қорытындылау және білімді бағалау кезеңінде де қолдану керек. Тәжірибиелі оқытушылар үшін компьютерлік бағдарламалар негізінде нақты бір сабақты құру қиындық туғызбайды. Жас мамандар үшін жоспар – конспектілер, педагогикалық бағдарламалық құралдарды түрлі жағдайда қолданудың нұсқаулықтары аса қажет болады. Бұл үшін педагогикалық бағдарламалық құралдар мен оларды қолдану әдістемелерінің кең ассортименті, яғни сабақты ұйымдастырудың нақты нұсқаулықтары қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Коминский В.Ю. «Білім берудегі ақпарттық технология» 2005 жыл
2. Ақышев Ә.С. Дүйсенбаева К.Ж. Географияны оқыту әдістемсі.- Алматы: Қазақ университеті, 2013-173 бет
3. Жолдасбеков А. Мектепте оқу танымдық іс- әрекетті ұйымдастырудың педагогикалық шарттары. Әдістемелік құрал- Түркістан, 2005жыл.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАР

Әбілхайр Ә.
«Педагогика және психология» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекші аға оқытушы, магистр Бижанова Ғ.Қ

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімдік деңгейімен айқындалады» деп айтылған.Егемендік алған тәуелсіз Қазақстанның әлемдік өркениетке жетудегі бірден-бір дара жолы- білім жүйесі [1].

Қазіргі кезеңде Республикасызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Білім - қоғамды әлеуметтік, мәдени-ғылыми прогреспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Оның ең негізгі қызметі - адамның менталитетін, адамгершілігін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, дамыту. Осыған орай егеменді еліміз өзінің дамуының ең басты алғы шарты - білім беру жүйесінің білім ғасырындағы міндеті мен мазмұнын айқындап берді [2].

Білім жүйесін дамыту стратегиясының басты мақсаты – ұлттық білім моделін жасау.Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты — адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани

жан-дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. Яғни, XXI ғасырдың маманы – жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, жан-дүниесі бай, ұлттық менталитеті жоғары, кәсіби білікті маман, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, кез келген ситуациядан шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс. Ал мұндай мүмкіндіктің негізі - жоғары білімде. Өйткені жоғары білім – үздіксіз білім беру жүйесінің шешуші тетігі.

Сондықтан, білімгерді тек маман ретінде ғана қарамай, оны өз қоғамының азаматы, жеке тұлға, келешектің иесі, тірегі ретінде тану, соған мүмкіндік жасау қажет. Ұлттық үлгідегі жаңа парадигманың негізгі бір мәселесі – білімгерге іргелі де терең, тиянақты да жүйелі білім беру. Іргелі білім берудің міндеті – адамды ғылыми ойлауға, болмысты тану, оны қабылдаудың әдіс-тәсілдерін білуге, өзін-өзі дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге іштей қажеттілігін туғызу.

Білім мазмұны жаңа үрдістік біліктермен, ақпаратты қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде.

Атап айтқанда:

Есте сақтауға негізделген оқып білім алудан, бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын

оқуға көшу;

Білімнің статистикалық үлгісінен ақыл-ой әрекетінің динамикалық құрылым жүйесіне көшу;

Оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына көшу.

Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарлығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі.

Экономикалық күшті дамыған елдердің тәжірибесі экономика, ғылым және мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кілті екендігін көрсетіп отыр. Ендеше қазіргі заманның ақпараттық технологиясын игеру міндетіміз.

Еліміздің егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгіліктендіру мектепті осы кезге дейінгі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты.

Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болуда:

•білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде;

•ақпараттық дәстүрлі әдістері – ауызша және жазбаша, телефон және радиобайланыс – қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде;

•баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жандүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;

•мектеп, отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі бірлігіне ұмтылыс жасалуда;

қоғамдық біліммен бара-бар педагогикалық технологияның кеңінен қолданылуына және ғылымның рөліне мән берілуде.

Оқыту технологиясын жетілдірудің психологиялық, педагогикалық бағыттағы негізгі ой-тұжырымдары төмендегіше сипатталады

• есте сақтауға негізделген оқып білім алудан, бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу;

• білімнің статистикалық үлгісінен ақыл-ой әрекетінің динамикалық құрылым жүйесіне көшу;

• оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына өту.

Қазір Республикада оқу орындары, педагогикалық ұжымдары ұсынылып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор [3].

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалылығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі.

Экономикалық күшті дамыған елдердің тәжірибесі білім жүйесін ақпараттандыру экономика, ғылым және мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кілті екендігін көрсетіп отыр.Ендеше қазіргі заманның ақпараттық технологиясын игеру міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Қазақстан Республикасының «Білім беру» туралы заңы //Егеменді Қазақстан, 1999. 11.06. - 2 б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы //Талдықорған газеті, 2005. 25. 02, - 4 б.
3. Жұмабаев М. Педагогика.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА САРАЛАП, ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ӘДІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Әлімбай Ф.М.
«Шетел тілдері: екі шет тілі» мамандығының 4 курс студенті.
Ғылыми жетекшісі:Багитжанова Ш.

XXI ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Болып жатқан әлеуметтік - экономикалық, саяси және мәдени өзгерістердің әсерінен қоғамда ағылшын тілінің рөлі өзгерді. Ағылшын тілі – жаңару тілі

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты - сынып оқушыларын «қабілетті,», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау. Сабақта қандай оқушы болмасын жақсы оқитынына қарамастан жұмысты 1 деңгейден орындайды. 1 деңгей тапсырмаларын орындау мемлекеттік білім стандарты талаптарының орындалуына кепілдік береді. 1 деңгей орындаған оқушы «3» деген бағамен бағаланады. Әрбір оқушыны 1 деңгейді орындауға міндетті және одан жоғары деңгейді орындауға құқылы. Осы тұрғыдан алғанда «үлгерімі төмен, баяу» оқушы жақсы оқитын оқушыға ілесе алмай жатса не істеуге болады? - деген сұрақ туады. 1 деңгейден аса алмай жатқан жағдайда қалған тапсырмаларды үйде орындауға беру керек. Деңгейлік - саралап оқыту технологиясының екінші бір жағы – оқушыларды дүниежүзілік білім жүйесінде қолданылатын рейтинг – ұпай жинау әдісіне баулу. Деңгейлік тапсырмалар рейтинг – ұпай - балл жинау әдісімен бағаланатынын ескерсек, оқушылардың деңгейлік сабақ өткеннен кейін де сол тапсырмаларда жіберген қателіктеріне,тапсырмаларды орындауға қолданатын тәсілдеріне анализ жасап,қателіктері мен кемшіліктерін анықтай білуге мүмкіндік береді. Келесі тапсырмаларда оқушы неғұрлым көбірек ұпай жинау үшін ізденіп оқытушыдан, жолдастарынан, қосымша материалдардан білім жинайды.

Деңгейлік әдістің маңыздылығы - оқушының шығармашылықпен белсенді жұмыс істеуін дамытады, әр оқушыны өздігінен үйренуге баулиды, өткен грамматикалық, лексикалық тақырыптарды жүйелі игеруге дағдыландырады, ой еңбегімен айналысуға жетелейді, яғни оқу - танымдық құзіреттілігі

қалыптасады [1]. Бұл технология бойынша оқушылардың білімді өздігінен саналы түрде меңгеруіне ерекше мән берілген.

Деңгейлеп оқытудың маңыздылығы: тіл үйренушілердің барлығы жұмыс жасайды;- бос отырған үйренуші болмайды;- өздігінше жұмыс жасау дағдысы қалыптасады;

Бұл технологиялардың басты ерекшеліктері:

- алдымен мұғалім емес, оқушының әсерлену жүйесін қалыптастырад;
- білім стандартына сай толық нәтиже береді;
- мақсаты диагностикаға қарай ден қою және оқу нәтижесін шынайы дәл бағалауға қол жеткізеді;
- дидактикалық үрдістің тұтастығы;
- оқушының әр танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу үрдіс жобасының болуы;
- әр тақырыптың – деңгейінің тапсырмаларын міндетті түрде және дұрыс орындағаны үшін «сынақ» алу арқылы, әр оқушы пән бойынша 100 пайыз үлгеруіне кепілдік алады.
- әр оқушыға үй тапсырмасы мүмкіндігіне қарай беріледі.

Әдетте сабақты жақсы оқитын, жалпы әзірлігі жеткілікті, ізденімпаз оқушылар әр сыныптың 30 - 40% құрайды, олар тапсырманы жүйе-жүйесімен дәйекті түрде белгіленген уақыт ішіндеорындап шығады, ал үлгерімі орташа немесе төмен оқушылар қосымша тапсырмаларды ысырып қойып, әуелі негізгі элементтерді орындайды да, оларды әбден меңгерген соң барып,қосымша тапсырмаларға қайта айналып соғады [2].

Оқушылар тапсырманың негізгі бөлігін белгіленген уақытта , яғни 15 - 17 минутта орындап шығуы үшін тапсырманың саны мен күрделілігін мұқият іріктеп алуға болады. Сабақ кезінде интерактивті тақтамен жұмыс істеуді дұрыс ұйымдастыру, оқытудың әр деңгейлі әдісіне қолдануға, сөздік жұмысын жүргізуге жағдай жасайды. Бұл әдіс тапсырманың мазмұны мен күрделілік дәрежесін өзгерту арқылы оқушылардың материалды игеру қарқынының мүмкіндіктерін ескере отырып, оларға әр түрлі көмек көрсетуге жол ашады. Профессор Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін меңгеруді талап етеді [3]. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алудағы белсенділігіне аса назар аударды. Осы мақсатпен Ж.А.Қараевтың деңгейлеп саралап оқыту технологиясын пайдаланамыз. Ол оқушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін 4 түрге бөлеміз.

1.Репродуктивті деңгей. Жалпыға бірдей стандартты білім негізіндегі тапсырмалар беріледі. Мұнда оқушылар алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне және оқулықта бар мәселелерге байланысты құрылады.

2.Алгоритмдік деңгей. Мұнда оқушы мұғалімнің түсіндіруімен қабылдаған жаңа ақпаратты пайдалана отырып, тапсырманы орындайды.

3.Эвристикалық деңгей. Оқушы өзі ізденіп, қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, жауап береді. Бұл тапсырмаларды орындауда оқушының ой белсенділігі негізгі қызмет атқарады.

4.Шығармашылық деңгей. Оқушы таза өзіндік дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Ағылшын тілінен оқушының білім сапасын жетілдірудегі жетістіктер деңгейлеп оқыту технологиясында жүйелі әрі үзіліссіз дамытуды көздеген төмендегідей жұмыстар құрылыммен іске асады.

Жаңа тақырыпты өткен тақырыппен байланыстыра отырып, ұғындыру әрекеті.

Жалпы білімді игерудегі деңгейлік тапсырмалар түрлері (I, II, III деңгей)

- Тест тапсырмалары
- Көп деңгейлік бақылау жұмысы.
- Қатемен жұмыс
- Көп деңгейлік бақылау жұмысы
- Рейтинг,мониторинг арқылы білім деңгейін сараптау.

Деңгейлік тапсырма негізінде оқу обьектілерінің терең де шығармашылық ара қатынасы ескеріледі. Оқушының өзін өзі тануына ,өз күйін өзі сезінуіне, ізденімпаздық тудыратындай әлеуметтік-мәдени кеңістік жасау қажет. Деңгейлік оқыту технологиясын келесідей қылып қолданамыз. Жоғары сынып оқушыларына « Travelling» тақырыбы бойынша деңгейлік тапсырмалар.

I. деңгей бойынша оқушылар өткен тақырып аясында жұмыс жасайды. Мысалы, грамматика бойынша simple Past-ты қайталау, өтілгендерді еске түсіріп сол бойынша жаттығу жасату.

1. Write down verbs in the Past

Мысалға: Read-read, go-went, sleep-slept , speak-spoke

Take, give, think, come, eat, tell, hear

2. Put the words in the correct order

1.Did\yesterday\where\you\go

2.when\do\you\breakfast\have\yesterday\

3.I\when\yesterday\home\come\in\thegarden\mother\my\was\the\flowers\watering.

II деңгейде мұғалімнің түсіндіруімен берілген жаңа тапсырманы орындау.

Choose the right form in the text

Have you ever visited Italy?

Did you ever visit Italy?

2. Choose the right form

1. Mike met\ was meeting Omar at 3 o' clock in the afternoon on Monday

2.Omar's father read\wasreading newspaper at that time.

3. Asel washed\was washing dishes at that time.

III.деңгей бойынша мәтінді оқып аудару.

1.Мәтіннің мазмұнын айту.

2.Мәтін бойынша сұрақтар дайындау.

3.Берілген сөздермен сөйлем құрастыру. Sea, ocean ,London, country.

IY. Деңгей бойынша тақырыпқа талдау жасап, өз ойларын білдіру.

«In my summer holiday»деген тақырыпқа шығарма жазу.

Деңгейлеп оқытудың тиімділігі - 45 минуттің ішінде деңгейі әр түрлі оқушылармен жұмыс істеу жүзеге асады. Бұл әдістің қаншалықты тиімді жүргізілуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Берілген тапсырмамыз арқылы оқушыларға лексиканы,терминдер меңгере отырып, оқушылардың сөздік қорларын байыту нәтижесінде өз ойларын ағылшын тілінде сауатты жеткізе білуге үйретуге болады, яғни:

-мәтіндегі ойды, оқиғаны өз өмір тәжірибесіменұштастыру,

-оқылған мәтінге өз көзқарасын білдіру, мәтінге әлеуметтік, тарихи, адамгершілік маңыздылығы жөнінен баға беру арқылы оларда шығармашылық қабілетті дамыту.

Қорыта айтқанда, Ж.Қараевтың саралап, деңгейлеп оқыту технологиясы оқушының мұғалімнен қабылдаған білімін шығармашылықпен жеткізуге үйретететін әдіс болып табылады; эмоциялық сезімге бойлап, әсерлі сезімде болуға жетелейді; зейінін тәрбиелейді, терең білім береді;оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастырады. Бұл әдіс оқушыны ізденімпаздыққа, өз бетімен білімін жетілдіруге баулып,шығармашылық қабілетін дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Сынып жетекшісі» журналы 2004 №6. Мектеп педагогикалық журнал Сәуір-2010.ж
2. Мектептегі шет тілі №1, 2008.
3. Қараев Ж.А. «Оқытудың үш өлшемді әдістемелік жүйесінің педагогикалық технологиясы» 1994.

ОСОБЕННОСТИ ПРОЯВЛЕНИЯ АГРЕССИВНОГО ПОВЕДЕНИЯ ПОДРОСТКОВ

Базарымбетова С.А
Студент 4 курса, специальности «Педагогика и психология»
Научный руководитель: Бондарева Т.О.

В настоящее время интерес к проблеме человеческой агрессии носит всеобщий характер. К феноменуагрессии человечество проявило интерес уже издревле, и в наше время онаявляется предметом активнейших научно-практических изысканий.

Мир сегодня стал крайне опасным во многих отношениях. На первом месте в рядудестабилизирующих факторов стоит эскалация агрессии в разнообразных формах.

Невозможно представить себе такую газету, журнал или программу новостей, гдене было бы ни одного сообщения о каком-либо акте агрессии или насилия. Агрессию следует рассматривать как модель поведения, а не как эмоцию, мотив или установку. Это важное утверждение породило большую путаницу. Часто агрессия ассоциируется с негативными эмоциями - такими как

злость, с мотивами - такими как стремление оскорбить или навредить, и даже с негативными установками - такими как расовые или этнические предрассудки. Несмотря на то что все эти факторы, несомненно, играют важную роль в поведении, результатом которой становится причинение ущерба, их наличие не является необходимым условием для подобных действий. В центре внимания исследователей оказались такие аспекты проблемы: биологические и социальные детерминанты агрессии, механизмы ее усвоения и закрепления, условия, определяющие проявления агрессии, индивидуальные и половозрастные особенности агрессивного поведения, способы предотвращения агрессии. Большое количество научных публикаций различных специалистов посвящено именно проблеме агрессивности. Психологи, педагоги, социологи, физиологи, врачи и другие специалисты пытаются разобраться в ее причинах, в связи с этим данная тема является актуальной.

Агрессивность в структуре личности человека служит предпосылкой формирования различных форм поведения – конструктивных, социально позитивных, просоциальных, либо напротив – разрушительных, деструктивных, придающих поступкам асоциальный и антисоциальный характер.

Многообразие существующих концепций, пытающихся объяснить феномен агрессии, бесспорно, свидетельствует о многоплановости и многоаспектности этой проблемы.

Проблеме агрессии посвящен ряд исследований как в отечественной Левитов Н.Д., Пикина А., Румянцева Т.Г., Иванова Л.Ю., С.А.Беличева, Семенюк Л.М., Петров В.Г., Павлова Н.Н., и др., так и в зарубежной литературе Доллард, Каган и другие.

По мнению ПикинойА., агрессия присуща каждому человеку, так как является инстинктивной формой поведения, основной целью которого является самозащита и выживание в мире. Но человек, в отличие от животных, с возрастом приучается трансформировать свои природные агрессивные инстинкты в социально-приемлемые способы реагирования, т.е. у нормальных людей происходит социализация агрессии [1].

Агрессия – это форма девиантного поведения, выражающаяся в проявлении агрессивности с определенным постоянством в различных ситуациях и деструктивными действиями, цель которых – нанесение вреда или оскорбления окружающим [2].

При характеристике агрессии чаще всего используют два основных понятия - агрессивное поведение (агрессивные формы поведения) и агрессивности. Кажущаяся близость этих терминов нередко затрудняет правильное понимание природы самой агрессии.

Основные теоретические подходы к исследованию природы агрессии основаны на анализе следующих качественных характеристик:

- учет различий между отдельными видами агрессии;

• разведение таких личностных свойств, как агрессивность и враждебность;

• роль негативной модели поведения, которая является как источником, так и стимулятором агрессивного поведения;

• неоднозначность результатов применения наказания как способа подавления агрессии.

На основании этого в большинстве отечественных и зарубежных исследований выделяют следующие методологические подходы к изучению агрессивного поведения:

а) этологический, основанный на понимании агрессивного поведения человека и животного как биологической (врожденной) реакции организма на окружающую среду;

б) психоаналитический, трактующий агрессию как защитный психологический механизм, выводящий отрицательную энергию из организма и направляющий ее в окружающую среду;

в) фрустрационный, объясняющий природу агрессии ситуативным поведением человека на непреодолимые барьеры, стоящие на пути к достижению цели, результатом чего является состояние растерянности (фрустрации);

г) бихевиористский, рассматривающий агрессивность как черту личности, формирующуюся в результате воздействия социальных факторов.

В жизни бывает так, что, характеризуя того или иного человека, мы говорим: это агрессивная личность. Тем самым мы стараемся подчеркнуть наличие вполне определенного качества, присущего ему - агрессивности. В то же время иногда мы с удивлением вынуждены констатировать факт агрессивного поведения человека, которого было невозможно заподозрить в агрессивности. Таким образом, сама жизнь подсказывает нам наличие двух разных феноменов - агрессивности как качества личности и агрессивного поведения как целенаправленного действия.

Агрессивного поведения - это всегда целостный акт, требующий проявления целостности на уровне всего человека. Следовательно, природа агрессивных форм поведения заключается не в отдельных психологических образованиях, качествах или свойствах, а в рамках единой структурно организованной и цельной системы человека. Уже говорилось, что агрессивное поведение - это, прежде всего, целенаправленное и преднамеренное поведение, т.е. это сознательное поведение человека. И если это так, то ведущая роль в организации такого поведения, принадлежит таким личностным образованиям, которые характеризуют систему установок и ценностей личности, уровень сформированности ее самосознания. Иными словами, человека, демонстрирующего устойчивое агрессивное поведение должны отличать специфический набор установок и ценностных ориентации, специфическая структура его самосознания.

Характер агрессивного поведения во многом определяется возрастными особенностями человека. Каждый возрастной этап имеет специфическую

ситуацию развития и выдвигает определенные требования к личности. Адаптация к возрастным требованиям нередко сопровождается различными проявлениями агрессивного поведения [3]. Проблема отклонения в поведении в подростковом возрасте одна из центральных психолого-педагогических проблем. В этот период не только происходит коренная перестройка ранее сложившихся психологических структур, но возникают новые образования, закладываются основы сознательного поведения, вырисовывается общая направленность в формировании нравственных представлений и социальных установок.

С каждым годом количество детей, подверженных агрессии, только растет, особенно – в подростковом возрасте.Именно в подростковом возрасте чаще всего приходится наблюдать проявления агрессии. При этом о проблеме говорят не только педагоги, психологи и социальные работники, но и работники правоохранительных органов. Подростковый период считают трудным, критическим. Подросток зачастую не поддается воздействиям взрослых, у него появляются разные формы непослушания, сопротивления и протеста, в том числе упрямство, грубость, негативизм, строптивость, скрытность, замкнутость, агрессия.

Для выявления реальной картины проблемы агрессивного поведения подростков, нами было проведено мини диагностическое исследование. Была использована методика диагностики показателей и форм агрессии А. Басса и А. Дарки. В исследовании приняли участие ученики 7 класса, средней школы №4г.Аркалыка. Целью исследование было выявление особенности проявления агрессивного поведения у подростков. По результатам проведенного анкетирования были получены следующие результаты: Из 100% опрошенных индекс агрессивности выявлен у 17,6% учащихся, у 82,3% учащихся индекс агрессивности находится в норме. По определению Басса-Даркиагрессия – это любое поведение, содержащее угрозу или наносящее ущерб другим.Что соответствует, тому что есть учащиеся, у которых преобладает деструктивное поведение с общими чертами проявления агрессии.

Агрессивные подростки, при всем различии их личностных характеристик и особенностей поведения, отличаются некоторыми общими чертами. К таким чертам относится бедность ценностных ориентаций, их примитивность, отсутствие увлечений, духовных запросов, узость и неустойчивость интересов, в том числе и познавательных. У этих детей, как правило, низкий уровень интеллектуального развития, повышенная внушаемость, подражательность, неразвитость нравственных представлений. Им присуща эмоциональная грубость, озлобленность, как против сверстников, так и против окружающих взрослых. У таких подростков наблюдается крайняя самооценка (либо максимально положительная, либо максимально отрицательная), повышенная тревожность, страх перед широкими социальными контактами, эгоцентризм, неумение находить выход из трудных ситуаций, преобладание защитных механизмов над другими механизмами, регулирующими поведение[3]. Вместе с тем среди агрессивных подростков встречаются и дети хорошо интеллектуально и социально развитые. У них агрессивность выступает

средством поднятия престижа, демонстрации своей самостоятельности, взрослости.

Специфической особенностью агрессивного поведения в *подростковом возрасте* является его зависимость от группы сверстников на фоне крушения авторитета взрослых. В данном возрасте быть агрессивным часто означает «казаться или быть сильным». Любая подростковая группа имеет свои ритуалы и мифы, поддерживаемые лидером. Например, широко распространены ритуалы посвящения в члены групп (или испытания новичков). Шокирующая глаз «униформа» группы (как и подростковая мода в целом) так же носит ритуальный характер. Ритуалы усиливаю чувства принадлежности в группе, и дают подросткам ощущение безопасности, а мифы становятся идейной основой ее жизнедеятельности. Мифы широко используются группой для оправдания ее внутригрупповой и внешней агрессии.Так, например, любое проявление насилия по отношению к «не членам группы» оправдывается заверениями типа – «они предатели… мы должны защищать своих … мы должны заставить всех уважать нас». Насилие, «одухотворенное» групповым мифом, переживается подростками как утверждение своей силы, как героизм и преданность группе. В то же время в отдельных случаях инициаторами агрессивного поведения могут быть отдельные подростки – аутсайдеры, дезадаптированные в силу различных причин и предпринимающие попытки самоутвердиться с помощью агрессии [4].

Таким образом, агрессивное поведение достаточно обычное явление для подросткового возраста. Более того, в процессе социализации личности агрессивное поведение выполняет ряд важных функций. В норме оно освобождает от страха, помогает отстаивать свои интересы; защищает от внешней угрозы, способствует адаптации.

Мы пришли к выводу, что для развития личности ребенка и подростка опасны не столько сами агрессивные проявления, сколько их результат и не правильная реакция окружающих. В случае, когда насилие дает внимание, власть, признание, деньги, другие привилегии, у подростков с большой вероятностью формируется поведение, основанное на культе силы, которое может составлять основу социального функционирования и взрослых людей (например, в криминальных группировках). Стремление окружающих подавить агрессию силой нередко приводит к эффекту, противоположному ожидаемому.

Таким образом, при помощи наблюдения за особенностями проявления агрессивного поведения у подростковстоит прибегнуть к некоторым правилам ее подавления:

1. Внимательно прогнозировать действия подростка, а также всячески помогать подростку в преодолении трудной для него ситуации.

2. Доверять, уважать его свободу и собственное мнение.

3.Проводить свободное время с ними, организовать совместную деятельность.

4. Обращать внимание на малейшие изменения в поведении и в настроении подростка.

Список используемой литературы:
1. Пикина А. Коррекция агрессивного поведения у детей
2. Егорычева И.Д. Личностная направленность подростка и метод ее диагностики / И.Д. Егорычева // Мир психологии. – 2006. - №1 (17). – 277 с.
3. Семенюк Л.М. Психологические особенности агрессивного поведения подростков и условия его коррекции - М.: Речь, 2003. – 96 с.
4. Клочинова П. Профилактика асоциального поведения подростков/ Клочинова П. // Социальная педагогика.- 2006.- №1.- С.61-70.

МӘҢГІЛІК ЕЛ МҰРАТЫ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Байденов Ж.
«Педагогика және психология » мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Мүсирова Г.Б.

«Ықылым заманнан бері қазақ атамыз «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген сөзқалдырған. Қазақтың бұл мақаланың өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын күрделі, орасан қажыр қайрат пен ерік — жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл», - деп атап өтті Елбасы. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты тұжырымдамасымен толық таныстық. Осы тұжырымдамадағы 20 қадамда, тәуелсіз Қазақстанның 20 жылда жүріп өткен жолы, қазіргі жағдайда орын алып отырған кемшіліктері толық сараланыпты[1].

Осында көтерілген 20 қадамды іске асыру - қоғамдағы ең маңызды мәселелер. Осында бүкіл Қазақстан халқы өз мүмкіндігіне қарай жүзеге асыруға атсалысса, бүгінгі қол жеткізгеннен-де зор жетістіктерге жетер едік. Ата тарихтың шабысында «Кеше», «Бүгін», және «Ертең" деп аталатын үш ұлы бөлік болады. Олар бір - бірінен ажырағыссыз, бір мезгілде бөлек -бөлек, тағы бір мезетте біртұтас ғұмыр кешіп, тағылым мен танымның, парасат - пен пайымның тұнығынан адамзат баласының шөлін қандырып отырады. Еліміздің Тәуелсіздікке қолжеткізген жылдарына бүгінгі күннің биігіне көз салғанда, осы ұлы қағидат бірден көзге шалынады. Өткенге көз жүгіртсек, осыдан 20 жыл бұрынғы Қазақстанды көз алдымызға елестетсек, ең алдымен аумалы — төкпелі экономика, саяси белгісіздік, сансыратқан тапшылық, жұмыссыздық, т.т. есімізге түседі. Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев алғашқы күннен- ақ Қазақстанда білікті мамандар даярлау мен білім саласын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесіне баса назар аударды. Тәуелсіздікті баянды етуде білімнің маңыздылығын жете түсінген Елбасы экономикалық және қаржылық қиындықтарға қарамастан осы салаға барынша қолдау көрсетті.

Халқымыздың «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген ұлағатты сөзін, білімнің шындығында да баға жетпес үлкен рухани қару екендігін, тек рухани қару ғана емес, сонымен қатар аса зор өндіргіш күш екенін білуіміз тиіс. Білімнің қуатына тең келетін басқа идеялық- рухани күш, қуат көзі жоқ екені белгілі. Өйткені, білім - тек ғылымның іргетасы ғана емес, сонымен бірге тасы өрге домалаған еңсесі биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың күре тамыры, ел дамуының алтын қаруы. Білім бар жерде даму, жетілу, кемелдену үрдісі бір сәтке толастамайды. Н.Ә.Назарбаев ең алдымен елге терең білім керек екенін елден бұрын, аңғарып, ерте түсінген тұғырлы тұлға болды. Қай жерде-де, қашан да тұңғыш болудың жүгі мен жауапкершілігі ауыр екенін білеміз, сол себепті бірінші болып жол салу, бірінші болып жеңіске жету, бірінші болып бәйгеден келу, бірінші болып биікке көтерілу т.т. секілді үлкен тәуекелге бел буды. Алаш идеясы одан әлдеқайда бұрын өмірге келіп, күні бүгінге дейін елім, жерім деп ұлт болашағын ойлаған әрбір қазақ жүрегінің терең түпкірінен орын тепкен. Өйткені Алаш қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, прогресске ұмтылған жалпыхалықтық демократиялық қозғалыс еді. Ұлтты сақтайтын – ұлттық идея болуы керек. Ол ұлттың өмір сүруі, тілегі, ниеті, ойы дегенге саяды. Алаш идеясы ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, ұлттың өмір сүру тұғырнамасы. «Осылайша, ұлттық идеяны кемеңгерлікпен түзу Алаш қозғалысын аспандатты, дұрыс ұлттық идеяға табан тіреген Алаш қозғалысы қазақ қоғамы тарихының жаңа белесін ашты. Ұлттық мақсат-мұратқа, яғни, ұлттық идеяға адалдық, жанкештілік, интеллектуалдық биік өремен ағымдағы, кезек күттірмейтін қазіргі және болашақтағы міндеттерді айқындай білу - бүгінге жеткен Алаш аманатының ең құндылары» - деп ой түйіндейді Ханкелді Әбжанов [2].

Жетпіс жылдан астам уақыт жүріп өткен тарихи жолымыз көрсетіп бергендей қоғам қайраткерлері тәуелсіз дербес мемлекет құру жолын таңдай отырып, қателескен жоқ еді. Ұлттық қанау мен ұлттық теңсіздік болған жерде езілген елдердің табиғи талаптары мен мүддесін қорғайтын саяси институттарға сұраныс та қалыптаспақ.

Бүкіл Қазақстан азаматы осы мемлекеттік тілдің төңірегіне топтаса алады. Қазақстандық патриотизмнің негізін қалаушы да – мемлекеттік тіл. Өз еліңнің патриотизмін көрші елдің мемлекеттік тілімен жасау мүмкін емес. Міржақып Дулатов тіл өткен дәуір мен қазіргі заманды, болашақты байланыстырып отыратын кілт екенін көрсете білген [3].

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың биылғы Жолдауында оқыту үдерістеріне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу мәселелері кеңінен баяндалған. Осы бағытта мемлекет тарапынан ауқымды жұмыстар атқарылуда. Арнайы министрліктер мен оқу орындары әдістемелер мен технологияларды жіті меңгеріп, халықаралық тәжірибені толық зерделеуде. Аталған бағыттағы ауқымды жұмысты еліміздің білім беру жүйесінің көшбасшылары - Назарбаев Университеті мен Назарбаев Зияткерлік мектептері атқарып келеді. Мұнда өте білікті оқытушы және ғылыми құрам шоғырланған. Аталған мекемелер

тарапынан оқыту, зерттеу және инновация мен оны іс жүзінде меңгеру салаларында ең алдыңғы қатарлы жетістіктер мен тәжірибелерге үнемі іздеу жүргізілуде. Қазақстанның жинақталған тәжірибесіне ыңғайлы, әлемдік ең жоғары үлгіге сәйкес келетін ұжымдық басқару жүйесі құрылуда. Бүгінгі таңда Елбасымыздың ерекше назар аударғанын ескере отырып, Білім және ғылым министрлігі Назарбаев Университеті мен Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесін бүкіл Қазақстанның білім беру жүйесіне тарату үшін олардың жетістіктерін жалпыға білім беру үдерісіне енгізуде. Елбасымыз өзінің Қазақстан халқына арнаған. Жолдауында назар аударған тағы бір маңызды мәселе - ол педагогтардың сапасы мен біліктілігін арттыру. «Қазақстан - 2030» Стратегиясында Елбасы: «Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты», - деп айрықша атап айтса, биылғы жылғы Қазақстан халқына Жолдауында: «Елді жаңғырту стратегиясын іске асырудың табыстылығы, ең алдымен, қазақстандықтардың біліміне, әлеуметтік және дене болмысы, көңіл-күйлеріне байланысты», — деп білім беру саласын дамытудың қаншалықты маңызды екендігіне жұртшылықтың назарын аударды. Бұл орайда Н.Ә.Назарбаев мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу, 12 жылдық оқыту моделі, кәсіптік және техникалық білім беру, жоғарғы білім берудің сапасы, интеллектуалды мектептер, жаңа халықаралық университет сынды орындар алға қойылды. Білім саласының қызметкерлерінің бүгінгі таңда жауапкершілігі мен маңызы күшейіп отыр. Өйткені, сапалы білім беру елімізді индустрияландырудың және инновациялық даму жолына түсірудің басты алғышарты болып табылады. Білімсіз қоғамда прогресс, жаңа өрлеу мүмкін емес. Н.Назарбаевтың сөзімен айтқанда, қазіргі уақыт адамзат биігін білекпен емес, біліммен бағындырудың заманы. Бүгінгі жас ұрпақ мұны анық сезініп, білім бұлағынан молынан сусындауға зейін қоюда. Жастар өз күш-жігерлерін, білімдерін тәуелсіз елінің гүлденуіне жұмсамақ.

Елбасы қайсыбіреулердің қатаң сынына ұшыраған «Тілдердің үштұғырлығы» бағдарламасын ұсынды. Мұндағы негізгі мақсат - үшінші мыңжылдықта қарқыны жеделдей түскен жаһандану, шекара талғамайтын экономика-қаржы және, ақпарат, ағымдары заманында еңбек ресурстарының бәсекелестігін арттыру мәселесі көзделген болатын. Басқаша айтқанда, мұнда мемлекеттік тіл - қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі— орыс тілін және халықаралық тіл - ағылшын тілін халықтың неғұрлым көп бөлігінің меңгеруіне бағытталады. Осы жерде ерекше назар аударатын нәрсе, мемлекет басшысының «тілдердің үштұғырлығы» идеясын бүкіл ұлттық идея-деңгейіне көтеру қажет. Неге десеңіз, біріншіден, бұл идея халқымыздың болмысында ежелден-ақ бар «жеті жұрттың тілін біл» деген бағалау өлшеміне сай келеді; екіншіден, қазіргі бәсекеге негізделген өмірлік қағидалардың өзі, яғни жас ұрпақ буыннан осыны талап етіп отыр.

Білімнің негізінде болашаққа деген шынайы сенім мен үкілі үміт, өз халқына деген ізет-құрмет пен қадір-қасиет жатқанын Елбасы жақсы түсінді. Ол тәрбие мен оқу-білімді егіз дүние ретінде қарастырып, тәрбие арқылы берілетін білімнің болашағы әрқашан баянды болатынын назарынан ешқашан

тыс қалдырмады. Өркениет көшіне бет бұрған қыруар істің алатын арқауы болып есептелетін ғылыми-техникалық және экономикалық прогрестің негізгі қозғаушы күші білім десек, қателеспейміз. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің негізгі мақсаты— жастардың бойында азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін әрекеттерге төзбеушілікке тәрбиелеу. Тәрбие қазіргі өзгермелі, сан салалы, көпмәдениетті, көпэтникалық үлкен өмірге енуге дайын қабілетті, тұлғаның дамуына бағытталған және рухани құндылықтарының негізінде құрылады [4].

Тәрбие жұмысы —ол арнайы ұйымдастырылған қалыптастырушы үрдіс және ізгіліктілікті қабылдайтын, әлеуметтік құндылықтар мен азаматтық мінез-құлық үлгілері бола отырып, тек ғылыми негізделген тәрбие жүйесінің аясында ғана өзін іс жүзінде көрсетіп, өзін-өзі қалыптастырған тұлға үлгісіне жағдай жасайды. Қазіргі уақыт талабы жаңаша дүниелік көзқарас тұрғысынан жаңаша ойлап, шешім қабылдай алатын, креативті ойлау қабілеті дамыған тұлғаны, өз елі мен жерінің, туған тілінің жанашырын дайындауды міндеттеп отыр. Бұл міндет жаңа уақыт талаптарына төтеп бере алатын, кәсіби білікті, бәсекеге барынша қабілетті, ұлтжанды азамат тәрбиелеу ісінің өзектілігін алға тартады. Қазақ елінің әлемдік кеңістікте өз жолын таңдауы - әрбір қазақтың емін-еркін өмір сүруінің кепілі. Ол, сөзсіз, «ұрпақ қамы» деген ұғыммен үндеседі. Ел болу, мемлекет құру - сонау түркі заманынан бермен қарай желісі үзілмей келе жатқан ұлттық арман-аңсар. Ел болу - болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Ұлттық тәрбие - ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Мақсаты— ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу [5].

Міндеті - мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі - ана тілі болып қалатынын негіздеу; қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеу рухында жастардың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлқын қалыптастыру; бүгінгі қазақ елінің индустриалдық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін жоғары парасатты ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу;білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету; қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру болып табылады. Тәрбиенің басты нысаны елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болып табылады. Қазақстанды Отаным деп таныған әр азаматтың осыған өз әлінше үлес қосуы - бұның басты шарттарының бірі. Жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2030 " атты еңбегінің «Қазақстан мұраты» деп

аталатын бөлімінде: «…біздің балаларымыз бен немерелеріміз… бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абат, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» - деп, үлкен үміт артты [1].

Болашақ жастардың қолында деген ұрандарды жиі айтып, елімізде осы мақсаттарда қолға алынып жатқан жобалар аз емес. Тек оны өз керегіне қарай пайдалану әрбір жастың құзырындағы жұмыс. Мемлекет тарапынан жасылынып жатқан бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға әрбір жастың өз ұмтылысы болуы тиіс. Өйткені, өмір, ағыны тоқтамақ емес, жастық шақтың да жарқ етіп өте шығары баршаға мәлім. Қашан да, болашағын алыстан бағамдайтын қазақ «қыстың қамын жаз ойла» демеуші ме еді… Ендеше, Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тыңдыруға міндетті екенімізді естен шығармайық! Ел ертеңі - білімді жастар. «Бұлақ көрсең көзін аш» дегендей, қазақ жастарын білімге бағыттайық. Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстанның болашағы бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол-деңгейде болады» деп атап көрсеткен. Еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты[5].

Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті. Ендеше жастар еңбек жолына түскенде ғана қоғамын өрге бастыра алады. Отаншыл халық жастары болмаған елдің болашағы қараңғы. Жаңа заман тәуелсіз ел мұраты - жастардың білімі мен біліктілікке талпынып әрекеттенуін, еңбектеніп өсуін талап етіп отыр. «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың мемлекетін нығайтып, көркеюі жолында теріңді төгіп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екеніңді ұмытпа», — дейді Елбасы бір сөзінде. Сондықтан, жастарға білім беретін ұстаздар да ұлы мұрат жолында жалынды еңбек етуге даярмыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан -2030» Жолдау.
2. Қазақстан Республикасының Білім заңы.
3. Ж.З.Әділбекова «Білім беру үрдісіне жаңа технологияларды енгізу».
4. Білім технологиялары.2012 ж. .
5. Егемен Қазақстан 2012 ж.

ФОРМИРОВАНИЕ ИНТЕРЕСА К ОБРАЗОВАНИЮ У МОЛОДЕЖИ

Бакытбеккызы А.
Студентка 3 курса, специальности «Биология»
Научный руководитель: Арыстанова С. А.

Патриотическое воспитание подрастающего поколения – одно из основных направление воспитательной системы организаций образования. От того, какие духовно-нравственные ценности заложены в маленьком гражданине еще с детства, что он вкладывает в понятия «родина», «страна», «долг», «ответственность», «честь», «отвага» и как выражает свое личностное отношение к этим понятиям, будет зависеть степень сформированности или несформированности патриотических качеств гражданина Казахстана [1].

В условиях серьезной мировой конкуренции определяющим фактором экономического развития становится инновационный процесс, его скорость, глубина, объем. Сегодня у казахстанской молодежи существенно расширились возможности выбора: чему посвящать и как устраивать свою жизнь. Молодежь должна учиться умело и эффективно использовать знания и технологии в повседневной жизни. На сегодняшний день организаторы научной работы часто сталкиваются с такими проблемами, как отсутствие преемственности в научных школах, низкая инициативность молодежи, отсутствие мотиваций к ведению научных изысканий. Современное поколение, пришедшее на смену советским ученым, имеет также ряд особенностей. Значительное количество молодых людей обладают инертностью, и они не склонны к проявлению инициативы. При организации различных научных мероприятий часто приходится сталкиваться с нежеланием современной молодежи в них участвовать [2].

В настоящее время молодые люди склонны видеть свое профессиональное будущее не в бюджетных организациях, а в коммерческих фирмах, иностранных компаниях, занимающихся оптовой торговлей, финансами, консалтингом, аудитом. Научная карьера часто ассоциируется с низким уровнем жизни, слабым социальным обеспечением, в общем, «неуспехом», в противовес, к примеру, работе в крупной иностранной компании.

Молодежь к числу наиболее острых проблем, которые тормозят развитие науки, отнесла, во-первых, насущные условия жизни: невозможность приобретения жилья и низкий уровень зарплаты. Во-вторых, молодых ученых волнует снижение престижа науки в стране, отсутствие стратегии ее развития. В-третьих, не продумана организация и обеспечение условий труда научной молодежи, прежде всего финансирование не обеспечивает должной оснащенности рабочих мест, а также научных стажировок в крупных научных центрах.

Современное состояние науки в Казахстане характеризуется различными формами деятельности.

Чтобы формировать интерес к образованию у современных молодежи, необходимо использовать современные технологии обучения. Одним из таких новейших технологии является цифровые образовательные ресурсы, использование которых расширит кругозор у учащихся и проявится интерес к различным сферам образования.

Цифровые образовательные ресурсы стали неотъемлемой частью современного образования.

Использование цифровых образовательных ресурсов (ЦОР) как готовых электронных продуктов позволяет интенсифицировать деятельность учителя и ученика, позволяет повысить качество обучения предмету, отразить существенные стороны биологических объектов, зримо воплотив в жизнь принцип наглядности.

Мультимедийные презентации

Использование мультимедийных презентаций позволяет представить учебный материал как систему ярких опорных образов, наполненных исчерпывающей структурированной информацией в алгоритмическом порядке. В этом случае задействуются различные каналы восприятия, что позволяет заложить информацию не только в фактографическом, но и в ассоциативном виде в долговременную память учащихся.

Ресурсы сети Интернет

Сеть Интернет несет громадный потенциал образовательных услуг (электронная почта, поисковые системы, электронные конференции) и становится составной частью современного образования. Получая из сети учебно-значимую информацию, учащиеся приобретают навыки:

- целенаправленно находить информацию и систематизировать ее по заданным признакам;
- видеть информацию в целом, а не фрагментарно, выделять главное в информационном сообщении.

Использование ресурсов Интернета на уроке при изучении нового материала делает урок интереснее, повышается мотивация ученика к получению знаний. В Интернете можно найти тематические сайты по всем предметам школьного курса, задачники с подробными решениями, тесты, рефераты, модели различных опытов [3].

Электронные энциклопедии – являются аналогами обычных справочно-информационных изданий – энциклопедий, словарей, справочников и т.д. Для создания таких энциклопедий используются гипертекстовые системы и языки гипертекстовой разметки.

Дидактические материалы – сборники задач, диктантов, упражнений, а также примеров рефератов и сочинений, представленных в электронном виде, обычно в виде простого набора текстовых файлов в форматах .doc, .rtf и .txt. Неудобство этого, почти традиционного, контроля знаний состоит в том, что все равно приходится самостоятельно проверять рукописные работы учащихся и выставлять за них балл и оценку.

Системы виртуального эксперимента – это программные комплексы, позволяющие обучаемому проводить эксперименты в «виртуальной лаборатории». Главное их преимущество – они позволяют обучаемому проводить такие эксперименты, которые в реальности были бы невозможны по соображениям безопасности, временным характеристикам и т.п.

Электронные учебники и учебные курсы объединяют в единый комплекс все или несколько вышеописанных типов. Например, учащимся сначала предлагается просмотреть обучающий курс (презентацию), затем проставить виртуальный эксперимент на основе знаний, полученных при просмотре обучающего курса (система виртуального эксперимента) [4].

Подведя итоги, можно сказать что использование именно таких современных технологии позволит проявить интерес у молодежи к сфере образования, так как нынешняя молодежь более приспособлена к инновационным технологиям. Ведь согласно идеи «Мәңгілік ел» новое подрастающее поколение должны быть с высоким уровнем образования и развития национального самосознания, национального духа, духа патриотизма, формировать у них конкурентоспособность и устойчивость.

Список используемой литературы:

1. Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана. – Алматы: ЮРИСТ, 2013. – С. 9.
2. Иваненков С.П., Кострикин А.В. Проблемы исследования социальной активности молодежи
3. Орлова В.В. Социализация молодежи: потенциал регионального социума // Журнал «Знание. Понимание. Умение», 2009 (№3) // www.zpu-journal.ru
4. Авдеева С. Цифровые ресурсы в учебном процессе: Народное образование. 2008. № 1

ЕЛ МӘДЕНИЕТІ ТІЛДЕН БАСТАЛАДЫ

Ғалымжанова А.
«Педагогика және психология» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Акылбекова Э.А.

Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген екі қазақтың бірі оны ұлттың рухына, халықтың қазына-байлығына балайтыны бар. Талас жоқ, бәрі дұрыс. Халықтың қасиетті тілімізге беріп жүрген бағасы бұл ғана емес. Кейбіреулерін атап өтейік: «Тіл – халықтың жаны, ділі, рухы, елдік қасиеті, ұлттық болмысы», «Тіл – атадан қалған асыл мұра», «Тіл – асыл ойдың бұлағы», «Тіл – ел басқарудың құралы», «Тіл – тәуелсіздіктің тұғыры», «Тіл – елдігіміздің іргетасы», «Тіл – білім, тәрбие тұғыры», «Тіл – татулық тірегі», «Тіл – тәуелсіздік тұғыры», «Тіл – достықтың мерейі», «Әдеп басы – тіл», «Тілді

қорлау – халықты қорлау», «Тілі өлген ел – тірі өлген ел», «Тіл - өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем», «Ұлттың қуаты – тілінде» [1].

Бұл тәрізді халықтың жүрегінен шыққан, ана тіліне деген мейірім, махаббат сезімін білдіретін қанатты сөздер көп-ақ. «Халықтікі» деп отырғанымыздың себебі – көбісінің авторы белгісіз, ұмыт болған. Бірақ олар – ел қамын жеген, тіл тағдырына бейтарап қала алмаған халық перзенттері. Және бұлар ойланып-толғанып барып, ақиқатқа көзін жеткізіп барып айтылған ой-тұжырымдар. Бұл тәрізді ой-тұжырымдардың баршасы – ел аузынан түспей, ғасырлар өтсе де ұрпақ жадында сақталған қанатты сөздер.

Сөзіміз дәйекті болу үшін бірер дерек келтіре кетейік: мәселен, «Тәрбие басы – тіл» деген осы күнге дейін мән-мағынасын жоғалтпаған қанатты сөзді XI ғасырдың ұлы филологі – Махмут Қашғари айтса, «Әдеп басы – тіл» деген тағылым-өсиет XII ғасырдың ұлы ойшылдарының бірі – Ахмет Йүгнәкийдің есіміне қатысты.

Бұлардың баршасы - өз кезінде айтыла салған әсіре қызыл сөз емес, ойшыл да ақылман бабаларымыздың өмірден алынған, жүрегінен қайнап шыққан, құдіреті күшті ана тіліміздің қадір-қасиетін терең түсінуден туындаған қанатты сөздер.

Үзілмей келе жатқан даналық дәстүрінің жалғасын біз бүгінгі ұрпақтан да көріп отырмыз. Ана тіліміздің айтып жеткізуге болмайтын асыл да абзал қасиеттерін тап басып танып, қанатты сөзге айналдырып жіберген зиялыларымыз да баршылық. Олардың бір айырмашылығы: тіл туралы айтқан ой-тұжырымын нақтылы деректермен дәлелдеп, сипаттап айтады. Мысалы, заманымыздың әйгілі жазушысы Шыңғыс Айтматовтың: «Әрбір халық жер бетінде мәңгі-бақи жасау үшін келеді» деген пікірі бар. Осы пікірге унисон айтылған Ғабеңнің де тілге байланысты «Тіл – мәңгіліктің мәңгілігі» деген пікірі бар [2]. Және бұл пікір мынандай жағдаятта дүниеге келгенін көреміз:

«Ана тілі дегеніміз – сол тілде жасаған, жасап келе жатқан (және жасай да бермекші - Ә.Ә.) халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді» (Ғ.Мүсірепов).

Тағы бір мысал. «Тіл – халықтың жаны» деген қанатты сөздің жәй айтыла салған әсіре қызыл сөз емес, өмірлік мәні зор философиялық кредо екендігін дәлелдейтін ой-тұжырымды біз жазушы Дүкенбай Досжаннан естідік. Ол: «Менің жаным - қазақ тілінде» деп алып, соны дәлелдейді. Ана тіліміздің жаршысы, ар-намысы, ұйытқысы саналатын қаламгерлер қауымының жаны өз тілінде болса, онда халқының жаны да сол тілде болғаны ғой. Сол Д.Досжан әңгімесін мынандай салыстыру арқылы өрбітеді: «Ертеде былай дейтін: «Пәлен жерде Өтеген» деген сұрапыл күш иесі дәу тұрады. Оны жеңу өте қиын. Өйткені, оның жаны кеудесінде емес, басқа жерде. Оны өлтіремін десең, биік дарақ басына іліп қойған сандық бар, сандық ішінде балапан кептер бар, әлгі сандықты атып түсірсең, кептер ұшып шығады, кептерді атып түсірсең, сонда ғана әлгі дәудің жаны шығады» - дейтін. Мына өмір де айна қатесіз. Біздердің,

қазақ тілінде жазатын жазушылардың жаны ана сүтімен сіңген ұлттық тілімізде. Қазақ тілі, әсіресе, бұл – қаламгерлердің жаны, ана тілі өлген күні олардың да күні бітеді» - деп, жазушы өзін алып күш иесі дәуге, кеудесіндегі жанын – ақ кептерге балайды.

Бұл ой-тұжырым негізінде символика жатса да, ана тіліміздің табиғаты мен тағдыр-тауқыметін дұрыс көрсетіп тұрған шындық.

Бұл тәрізді қанатты сөздерді хан да айтқан, қара да айтқан және қарақан басының қамы үшін емес, халқының қасиетті тілінің тағдыры үшін қабырғасы қайыса отырып айтқан ғой.

Бүгінгі қазақ тілінің тағдыры мен болашағы, қадір-қасиеті елбасын да аз ойландырып, аз толғандырып жүрген жоқ. Сондықтан да болар, елбасының уәли ауыздан шыққан: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы», ал кейінгі (2005) Қазақстан халықтарына арналған жолдауында айтылған: «Біз барша Қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін, одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек» (Н.Назарбаев) деген уәжінде қазақ тілін

Қазақстан халықтарының басын біріктіруіне ұйытқы болуын уағыздап отыр.Міне, елбасының осы сияқты ұлағатты ой-тұжырымдары Мемлекеттік мәртебеге ие болса да, діттеген биігінен көріне алмай келе жатқан қазақ тілін жай мадақтау үшін ғана емес, оның зор болашағына деген сенімін, тарихтың талғауымен (тәлкегімен) көп ұлттың өкілдері қауышып, қауымдаса өмір сүріп келе жатқан Қазақ жерінде соларды дүрліктірмей, дүрдараз қылмай, тас-түйін болып бірігіп, бейбіт өмір сүруіне ұйытқы болатын аса биік миссиясының барлығын да аңғартып отыр. «Ана тілі - бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы» деген қанатты сөздің мән-мағынасы бәрінен де терең.

Өйткені ұлт болу – этникалық дамудың ең жоғары сатысы, шарықтау шегі. Оны ұйыстырушы, ұйымдастырушы факторларға ортақ табиғи мекен, ортақ өмір-тіршілік көздері, ортақ мәдениет, ортақ дәстүр, ортақ психология және тіл жататыны белгілі. Тілдің «ұлт анасы» болуын оны сүйіп өскен ұл-қыздарымен қатар, әр алуан себептермен осы ұядан тәркіленіп, алыстап кеткендерді, не өз қағынан жеріген киіктей, «ана тілі» деген құдіретті күшті мойындамай жүрген нигилистерді, не қоғам дамуының әсерінен бұл ұлттық құндылықты бағалай алмай жүрген «жаңа қазақтардың т.т. өз құзырына алуы деп түсінген жөн.

Елбасының ана тіліміз табиғи болмысы мен болашағы туралы бұдан басқа да айтқан пікір-тұжырымдары баршылық. Біле білсе, олар елімізде жүргізіліп отырған мемлекеттік тіл саясатының негізгі де өзекті мәселелерін баяндайтын, ана тіліміздің бүгіні мен алдағы болашағын болжалдайтын бағдарламаның қысқа жобасы іспетті: «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде!».

Ана тіліміздің табиғи болмысы қадір-қасиеті, алайда бұл келтірілген қанатты сөздер сипаттамасымен ғана шектелмесе керек. Ана тіліміздің атқаратын барша қоғамдық-әлеуметтік қызметтерінің ішінде шоқтығы биік тұрған, аса елеулі тағы бір қызметі – оның ұлттық мәдениетіміздің негізі, ұйытқысы болу қызметі. Осыған орай, әңгімеміздің негізгі мақсаты «Ел

мәдениеті тілден басталады» деген қанатты сөздің тіл құдіретіне қатысты мән-жайын айқындай түсуге байланысты.

Әрбір халықтың өз ана тілі бар. Ол – жеке адамның ойлап тапқан туындысы емес, барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сондықтан да болар, ана тілінің барша болмысы, тіпті оның әрбір дыбысы мен жалғау-жұрнағы сол ұлттың әрбір шынайы азаматына танымал, мәдени-әлеуметтік өмірде өзіндік мәні бар киелі ұғым.

Ана тілін әркім-ақ қолданады, бірақ ол жеке адамның қарақан басы үшін жасалған дүние емес. Әдетте, бұл сауалға лингвистика ғылымының: «ана тілі – этникалық қауымдастық мүшелерінің өзара түсінісіп, байланыс жасауға қажетті қатынас құралы» - деген жауабы дайын тұратыны белгілі.

Бұл да – шындық. Бірақ ана тілінің атқаратын қызметі тек сол ғана ма? Тілдің коммуникативтік қызметтерінен басқа ерекше атауға тұрарлық эстетикалық және коммулятивтік қызметтері тағы бар емес пе? Тілдің эстетикалық қызметі белгілі этникалық қауымдастықта қалыптасқан көркемөнердің (сурет, сәулет, бейне, музыка т.б.) небір ғажайып үлгілерін тіл арқылы бейнелеп жеткізуде, табиғат пен қоғамдық өмірдегі небір ғажайып құбылыстарды сөздің құдіретті күшімен әсірелеп танытып, адамның жан дүниесіне эстетикалық ләззәт сыйлаудан айқын байқалса, бұрынғы өткен ата-бабаларымыздан ұрпағына рухани мұра болып қалған мол қазына – ақыл-парасат, аталы сөз, даналық пен өсиет-тағылымдардың баршасы тіліміздің коммулятивтік қызметі арқылы үзілмей жалғасып отырады.

Тіліміздің бұл екі саладағы, өзара астарлас әрі тығыз байланысты қызметтері ұлттық мәдениетіміздің ғасырлар бойы дамуындағы үзілмес өзегі, қайнар бұлағы болып саналады. Тілдің осы бір абзал қызметі тәркіленген қауымда ұлт мәдениетінің сақталуы да мүмкін емес, ол да жоғалады. Ал, мәдениетсіз қауым – ол есте жоқ ескі замандардағы жабайылардың бір тобыры ғана.

Осы орайда елдігіміздің негізі – ұлттық мәдениетімізге, ал ұлттық мәдениетіміздің негізі – ана тілімізге тікелей байланысты екендігіне ерекше көңіл аударған жөн.

Біз әдетте: «тіл – мәдени мұраның үзілмес өзегі», «тіл – мәдени қазынаның қайнар бұлағы» деген ұғымдарды жиі қайталаймыз. Сондағы мақсат: Мемлекеттік тілдің абыройын арттырып, мәртебесін көтере түсу үшін ғана емес, сонымен қатар «ана тілі» атты сирек кездесетін, тіпті бір жойылса, қайтып тіріле қоймайтын феноменнің ең алдымен ұлттық мәдениетімізге тікелей қатыстығын, оның бұл салада атқарып келе жатқан абзал қызметі бар екенін бүгінде егемен ел, тәуелсіз мемлекет болып, айы оңынан, жұлдызы солынан туып отырған қазақ қауымының есіне салып, оның осы бір ерекше қасиетін, жауапты міндетін дұрыс бағалай білуге шақыру.

Ана тіліміздің ұлттық мәдениет саласында атқарып келген қызметтерін ғылымда «оның коммулятивтік міндеттеріне жатқызады» дедік. Олардың ең бастысы – этникалық қауымдастықтың басып өткен барша өмірі мен бүгінгі

болмысының арасын үзбей жалғастырып, рухани көпір болуы. Демек, тілдің бұл қызметі - халықтың тарихи санасы мен жадын білдіреді деген сөз.

Ұлттық мәдениетті, әдетте, «материалдық (заттық) және рухани мәдениет» деп екіге бөліп қарау дәстүрі бар. Тіл бұлардың екеуіне де қатысы бар және өзі де ұлттық мәдениеттің үлкен бір саласы болып саналады. Ұлттық мәдениетке әсіресе тіл негізінде дамитын рухани мәдениетімізге халқымыздың ғасырлар бойы қалыптастырған бай ауыз әдебиетінің сан алуан үлгілері, небір дүлдүл ақын-жырауларымыз бен шешен де ділмар дана бабаларымыздың кейінгі ұрпаққа қалдырған бай мұрасы, ертегі, қисса, әңгімелері мен мақал-мәтел, тағылым-тәрбиелі, аталы сөздері жататыны белгілі.

Міне, осыншама мол рухани дүниеміз ана тіліміздің жоғарыда көрсетілген коммулятивтік қызметі арқасында түгелдей қағазға хатталмаса да, халқымыздың жадында сақталып, бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр.

Осыншама мол дүниенің болашақ ұрпаққа қалай және қай қалпында сақталып, қандай жолдармен жетіп отырғаны бүгінге дейін көп сөз бола бермейтін. Өйткені кешегі партакратиялық идеологияның ұстанған принципі бойынша өткендегінің бәрі, әсіресе оның өзекті саласы саналатын рухани дүниесі бүгінгі күннің талабына сай келе бермейтін қажетсіз мұра ретінде көбісі беті ашылмай, ашылса да, оқырман қолына жетпей, архивтердің сөрелерінде жылдар бойы шаң басып жатқаны баршаға белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. М.Балақаев «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» Алматы - 1965 жыл
2. Б. Абалкова, А. К. Игібаева «Интерактивті әдіс арқылы тіл мәдениет

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК: ОНЫҢ ОРЫНДАЛУ ЖОЛДАРЫ

Ерболат Ә.
«Педагогика және психология» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі Тауекелова А.Е.

Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда
ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанмен
оның мұғалімдігі де жойылады.
К.Д.Ушинский.

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны. Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары

философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен [1]. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін , барлық шәкіртін , мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті.

Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі-рефлекцияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық , зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы,коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.

Сондықтан, олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру-оның философиялық , психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Сондықтан, бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды [2]. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субьективтік позицияны қалыптастыру. Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек « кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін « үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби - тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат екендігін атай келе, 12 жылдық білім беруде педагог төмендегідей құзыреттіліктерді игеруі міндетті деп көрсетілген.

Арнайы құзыреттілік- өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілеті. Әлеуметтік құзыреттілік- кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті.Білім беру құзыреттілігі - педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті [3].

Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін -өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Студенттер оқытушы қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйретін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы:ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты бағыт- бағдар беруші болып шығуы - бұл қазіргі заманның

талабы.Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім - қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың , интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Бұның өзі өз кезегінде қазіргі ұстаздардан шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзіреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

- бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);
- мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);
- оқу-танымдық құзіреттілік(өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу)
- коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);
- ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық обьектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);
- әлеуметтік- еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);
- тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті).

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан- жақты болуы талап етіледі. Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана студент құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан-жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады.

Психологтер де, педагогтер де адамның рухани интеллектуалдық, кәсіби шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы өмірінің әр кезеңінде әр қалай деп көрсетеді. Мысалы, ұлы педагогтер. А.Дистерверг, К.Ушинский, А.Макаренко, В.Сухомлинский,т.б мұғалімдік еңбекті адамтану ғылымы , адамның жан дүниесі, рухани әлеміне бойлай алу өнері дей отырып, педагогикалық

шеберліктің дамуына зор үлес қосқан. Осы тұрғыдан алып қарағанда педагогикалық шеберлік- кәсіби әрекетті жоғары деңгейге көтеретін мұғалімнің жеке қасиеттерінің, оның білімі мен білігінің жүйесі.

Осы мәселені терең зерттеген А.Маркова мұғалімнің кәсіби деңгейге көтерілуінің төмендегідей психологиялық критерийлерін анықтаған [4].

Обьективті критерийлер. Мұғалімнің өз мамандығына қаншалықты сәйкес әлеуметтік тәжірибеге қосар үлесі қандай екендігі.Жоғары еңбек көрсеткіші,әртүрлі мәселелерді шығармашылықпен шеше алу біліктері, т.б жататындығын атап өтеді. Субьективті критерийлер. Адамның мамандығы қаншалықты оның табиғатына, қабілеттері мен қызығушыларына сәйкес қаншалықты ол өз ісінен қанағат табатындығымен байланысты. Мұғалім еңбегіндегі субьективті критерийлерге кәсіби – педагогикалық бағыттылық, кәсіптің маңыздылығын , оның құндылығын түсіну, маман иесі ретінде өзіне позитивті көзқарастың болуын жатқызады.Нәтижелі критерийлер. Мұғалім өз ісіне қоғам талап етіп отырған нәтижелерге қол жеткізіп отыр ма деген мәселе тұрғысынан қарастырады.Біреулер нәтиже ретінде оқушылардың білімдерінің стандартқа сай болуын алса, енді біреулер олардың қарым- қабілетін дамытуды алады, ал кейбіреулері оқушылардың өмірге дайындығын басты назарда ұстайды, ал оқыту нәтижесі біз үшін баланың психологиялық функцияларын жетіліп, өзінің педагогикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуге қолдана алуы.

Шығармашылық критерийлер. Мұғалім өз кәсібінің шекарасынан шыға алуы, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгерте алуы жатқызылады. Шығармашыл мұғалім үшін біреудің тәжірибесін қайталағаннан гөрі өз жаңалықтарын, білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алуының, шығармашылық бағыттылықтың болуының мәні зор. Кәсібиліктің бірден келе салмайтындығы белгілі, оны әр мұғалім ерте ме, кеш пе меңгеруі тиіс. А.Маркова оның кезеңдерін төмендегідей етіп бөледі: мұғалімнің өз мамандығына бейімделу кезеңі: мамандықта өзін-өзі өзектендіру кезеңі:мамандықты еркін меңгерген кезең: мамандықта шығармашылық деңгейге жеткен кезең. Осылайша ғалым кәсіби құзыреттіліктің сипаттамасын шебер- мұғалімнің , жаңашыл- мұғалімнің, зерттеуші- мұғалімнің, кәсіби дәрежесіне көтерілген мұғалімдердің жиынтық бейнесі ретінде қарастырады[5].

Ең бірінші кезекте мұғалімнің « өзіндік жаңалығы» болуы қажет. Ғылым жаңалығын түрлендіруде өз үлесін қосу арқылы жасаған нәтижелі жұмысы өзгелердің тәжірибесін толық көшірмей, жаңа ортаға икемдеп, өзіндік іс- әрекет жиынтығы арқылы айтарлықтай нәтижеге қол жеткізу керек.Қазіргі кәсіптік-педагогикалық қызмет қандай мұғалімді талап етеді. Мұғалім – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға басымдық беретін, күрделі әлеуметтік-мәдени жағдайларда еркін бағдарлай алатын, шығармашылық процестерді басқара алатын, адам туралы ғылымның жетістіктерін, оның даму заңдылықтарын, компьютерлік оқыту өнерін терең меңгерген жан- жақты дамыған шығармашыл тұлғаны талап етеді. Ал, білім беруде кәсіби құзырлы маман иесіне жеткен деп мамандығы бойынша өз пәнін жетік білетін, оқушының шығармашылығы мен

дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық- ізгілілік бағыттылығы жоғары, педагогикалық шеберлік пен өзінің іс- қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби маман педагогті айтамыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. А.С. Макаренко. Педагогические сочинения. М., «Педагогика»,1988.
2. А.С. Макаренко. Психология труда учителя.М., «Просвещение», 1993.
3. В.И. Андреева. Педагогика творческого саморазвития. Казань. 1996.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-б
5. Қазақстан Республикасында 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Астана. 2004. 3-4б

ЕЛІМІЗДІҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ

Есентурова А.Х.
«Математика» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Абдрахманова М.Т.

Жалпы білімнің жүйесі - қоғам дамуымен бірге дамып, әрдайым үнемі өзгеріп отырады. Ол әр елдің экономикалық ерекшеліктеріне қарай қалыптасып, үнемі үздіксіз жетіле отырып, барынша күрделене түседі.

Бүгінгі жаңа қоғамда мұғалімнің ішкі жан дүниесі де жаңаша, демек болашақ ұрпақтан үлкен үміт күтілуде.

Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Елбасы мемлекетімізді әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енгізу туралы міндет қойған болатын. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады [1].

Сондай-ақ, Қазақстандағы білім беру саласын жетілдіру бойынша Мемлекет Басшысы Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында түбегейлі жаңа мақсаттар қойылып, білім саласы жеке жетілдіру бағыты ретінде көрсетілген. Өйткені, білім – ұлттың бәсекеге қабілеттігін арттырудың басты құралы болып табылады [2].

Білім ордасы - жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру, бірнеше ғасырлар бойы жиналып сақталған мұраларын келешек ұрпақ игілігіне жеткізе алатын мәдени ошақтар, ұлттық тәлім - тәрбие орталығына айналмақ. Ұлттық мектеп тағдыры қай қилы заман да да, қай ұлттың болсын көзі ашық, көкірегі

ояу, ұлтжанды азаматтарын толғандырып келген ең өзекті мәселелердің біріне саналды.

Қазіргі таңда Қазақстан бүкіл әлемдік білім кеңестігіне ену табалдырығында. Өмір ағымына қарай білім беру жүйесінің моделі күрделі өзгерістерге ұшырап отыр. Сондықтан заман талабына сай жаңа мазмұнда білі беруді ұйымдастыру 12 жылдық оқытуға көшумен тікелей байланысты.

Ондағы өзекті мәселе әлемдік білім кеңестігіне шығудағы Қазақстанның жаңа ұлттық білім моделін қалыптастырудың тиімді жолын анықтауында.

«Біздің стратегиялық міндетіміз - бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан лайықты орын алу» деп елбасшымыз әңгіменің басын ашып айтқаны бар 12 жылдық білім берудің негізігі мақсаты еліміздегі білім беру жүйесінің құрылымы мен мазмұнын толықтай өзгерте отырып, заманына сай мектеп құру. Олардың білімді де, білікті, парасат пайымы мол, саналы да сарабдал азамат боп жетілуі тәлім мен тәрбие беретін мұғалімге тікелей байланысты.

Сонымен қатар, халықаралық тәжірибе «өмір бойы білім алу» қағидасы негізінде ерте балалық шақтан ересек жасқа дейін адами капиталға, атап айтқанда, білім беруге бөлінетін инвестицияның экономика мен қоғамға елеулі қайтарымы болатынын дәлелдеп отыр.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру - он екі жылдыққа көшу және кәсіби міндеттерді өздігінен, шығармашылықпен шеше алатын, қызметтің жеке және қоғамдық мәнін түсінетін және оның нәтижесіне жауапты қарайтын құзырлы, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім берудің тиімді жүйесін құруды көздейді.

12 жылдық мектепке көшуге байланысты жұртшылық арасында «Бір жыл қосқанда не өзгереді? Бұл мемлекеттік бюджетке артық жүктеме түсіреді. Жеткеншек текке мектепте бір жыл артық отырып қалады» деген секілді көптеген сұрақтар туындап, екі түрлі пікір пайда болған еді. Ресми көзқарас 12 жылдық оқуды қолдады, ал бейтарап жұртшылық пікірі оған қарсы болады. Осындай болашақты бағамдайтын маңызды үлкен шара мерзімді басылымдар мен теледидар беттерінде, жиылыстар мен конференцияларда жан-жақты талқыланды. Нәтижесінде Үкіметтің шешімімен «12 жылдық білім беру тұжырымдамасы» қабылданды, оған сәйкес оқу бағдарламалары мен байқау оқулықтары жазылып, эксперименттік тексеруден өткізілуде.

Жалпы білім беретін орта мектептегі оқу мерзімін неліктен бір жылға ұзартуымыз керек? Дүние жүзі елдері, атап айтсақ, барлық елдердің 80 пайызы 12 жылдық оқу жүйесімен жүреді. Аса дамыған елдерде, Мысалы, АҚШ-та, Англияда, Швейцарияда, Канадада, Германияда орта жалпы білім беру ұзақтығы 12 не 13 жыл, ал Жапонияда, Италияда-12 жыл. Шет елдерде біздің орта білім туралы құжатымыз-аттестатымыз танылмай отыр. Екіншіден, шет ел мектептерінде 12-13 жылда оқитын білімді біз 11 жылға сиғызып береміз. Сондықтан қазір 11 жыл оқитын балаларға оқу жүктемесі көп түседі. Жоғары сыныптарда, өз қалауымен пәндерді таңдап оқу уақытын қоса есептегенде,

оқушыға түсетін оқу жүктемесі 36 сағат емес, 41-42 сағатқа жетті. Егер 12 жылдық мектепке көшетін болсақ, оқу жүктемесі біршама жеңілдейді.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу 12 жылдық жалпы білім беретін мектептер жағдайында мүмкін болады, ол білім туралы құжаттардың айырбасталуын, бейіндік оқытуды, көп тілдікті қамтамасыз етеді.

Қазақстанда 12 жылдық білім беруге көшуді 6 жастан бастау көзделеді, бұл жас мектепте білім алуға неғұрлым қолайлы, адам дамуының физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес деп есептелінеді. Бастауыш мектепте оқу жүктемесін ұлғайтпай-ақ, шетел тілі мен информатика негіздері енгізіледі. Негізгі мектепте базалық білім беру 10-сыныпта аяқталады, біріктірілген курстар, алдын ала бейіндік даярлау енгізіледі.

Сондай-ақ, қазіргі таңда білім берудің жаңа үлгісін ендіру тұлғаны дамыту үдерісі ретінде тәрбиеге баса назар аударылуда. Соған байланысты мұғалім мен оқушының тұлғалық-бағдарлы өзара қарым-қатынасы маңызды орын алып отыр. Мұнда тұлғаны рухани тәрбиелеуге, адамның адамгершілік жағынан келбетінің қалыптасуына ерекше мән беріледі. Сондай-ақ, білім беру факторларының: мектеп, отбасы, әлеуметтік ортаның кірігуі көзделеді.

Еліміздегі білім беру жүйесін жетілдірудің басты мақсаты - еліміздегі білімнің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Елбасының тапсырмасы бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың ұлттық жоспары әзірленіп, бекітілді. Қазіргі заман талабы – көптілді оқыту және көптілді меңгерген маман дайындау. Бұл бағыт бойынша жұмыстар басталып, жүргізілуде. Қазақ тілі - ұлтымыздың рухы, рухани байлығы.Тіліміздің дамуы, қоғамдағы орнын нығайту және қалпына келтіру жолында білім саласының жауапкершілігі ерекше. Қазақ тілі барлық мектептерде оқытылады. Оқушылардың 60%-дан астамы қазақ тілінде білім алады. Мұндағы басты мақсат - барлық бітірушілердің қазақ тілін жақсы меңгеріп шығуы. 2013 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 1-сыныптан ағылшын тілін оқыту енгізіледі [3].

2012 жылы жоғары оқу орындарында тиісті пән педагогтері мен мамандарын даярлау басталды. Президент тапсырмаларын орындау мақсатында бүгінгі білім берудің барлық деңгейлерінде көптілді оқытуды дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы әзірленуде.

Қазіргі таңда білім беру саласын жетілдіру мақсатында «E-learning» электронды оқытуды дамыту жобасына 600-ге жуық мектеп қосылды. 2020 жылы мектептердің 90%-ын қамтитын болады. Алайда, мұндай оқудың тез дамитынын ескеру керек.

Осы жағдайларды ескеріп, әлемдік трендтерді үнемі қадағалап, уақытылы түзетулер енгізіп, заманға сай жаңа білім беру жүйесіне келуіміз қажет.

Қорытындылай келе, Елбасы қойған міндеттерді шешу үшін 2011-2020 жылға дейінгі білім беру бағдарламасын ойдағыдай орындап, білімнің барлық саласы– нәтижеге және елдің, оның экономикасы мен әлеуметтік саласын дамытуға жұмыс істеуі қажет. Білім беру саласының жетілдіру арқылы

еліміздің жастары мен жас ұрпағы, шет мемелекеттерінің білім беру жүйесі талаптарына сай, жоғары бәсекеге қабілетті мамандары болмақ [4].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:
1. 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауынан. (www.akorda.kz);
2. Қазақстан Республикасының Үкімет Басшысы С.Ахметовтің қатысуымен өткен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің алқа отырысындағы материалдар, 2013 жыл, қаңтар. (www.edu.gov.kz).
3. Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасы Президентінің
4. 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.

БІЛІМ БЕРУДЕ ИНТЕРАКТИВТІ КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕР

Жабағы Е.
«Физика» мамандығының студенті
Ғылыми жетекші аға оқытушы, магистр Жумабаева С. Б.

Қазіргі заманғы білім беру қарқынды компьютерлендіру жағдайында орта мектептерде жаратылыстану пәндерін оқыту мақсатында жаңа ақпараттық технологияларды әзірледі. Атап айтсақ электрондық оқулықтар, мультимедиалық, анимацияны, модельдерді, т.б.

Алайда, мәселен астрономияны зерттеу үшін отандық бағдарламалық қамтамасыз етілудің жетіспеушілігі әлі шешілген жоқ. Айтарлықтай білім беру ортасын жақсарту және байыту үшін интерактивті модельдер, яғни интернет - ғылыми білімнің жаңа көздеріне жол ашады. Осыған байланысты, бұл шетелдік интерактивті компьютерлік модельдерін қолдану және жаңа оқу жабдықтарымен астрономия курсын жарақтандыру мақсаттары үшін оларды пайдалану әдістерін теориялық және практикалық негіздерін әзірлеуде өзекті мәселе болып отыр.

Интерактивті компьютерлік модельдер - статикалық көрнекі ақпаратты бізге түрлі ақпараттық салаларда қарқынды дамып келе жатқан суреттерді жасауға мүмкіндік береді (мәтін, графика, түрлі-түсті) және динамикалық (анимация) процестерді оқу үрдісі барысында қолдануға мүмкіндік беретін жаңа ақпараттық технологияның бір элементі. Интерактивтілік студентке компьютер моделімен жұмыс істеу кезінде белсенді айқындамасын береді, белгілі бір дәрежеде ақпарат тұсаукесерін бақылауға мүмкіндік береді, жеке траекторияларын және қарқынды оқу материалын таңдау ұсынады [1].

Анимация, графика, түстері мен интерактивтілігі үйлесімді комбинациясының оқу материалын барынша көрнекі-бейнелі қабылдауды

қамтамасыз етеді, студенттің көзқарасын дамытып және моделін көру, ойлау, психикалық белсенділігі мен материалды меңгеруі артады, пәнді зерттеуге танымдық қызығушылығы мен тиімділігін ынталандырады. Осылайша, компьютерлік модельдер түрі жоғары дидактикалық әлеуетке ие және аудиторияда әр түрлі және тиімді пайдалануға болады.

Ақпараттандыру білімі мұғалімнің алдына жаңа кәсіби бірқатар міндеттерді ұсынады. Ең маңыздылардың бірі оқу үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланып оқыту болып табылады [2]. Болашақ физика пән мұғалімі жаңа ақпараттық технологиялардан хабардар болуы ғана емес, сонымен қатар пәндік облыстың ақпараттық ағынының ерекшеліктерін жақсы түсіну керек, сонымен қатар астрономиялық модельдерді танып білуі керек. Студенттер оқыту процесінде олардың барлық мүмкіндіктерін физика және астрономияны оқытуда пайдалана алу тиіс.

Осылайша, қазіргі сәтте пән арасындағы қарым қатынасқа тоқталса:

- астрономия оқытуда кәсіби физика пәнінің мұғалімдерін дайындаудағы нақты рөлі;

- Мектеп мұғаліміне үлкен талаптар қойылады, ақпараттық технологиялар еркін меңгерген және болашақ кәсіби қызметінде пән бойынша ақпараттық технологияларды пайдалана алу және педагогикалық жоғары мектеп бітірушілердің оларды қалай пайдалану керектігінің дайындығын жоғарлату;

- қазіргі заманғы жаратылыстануды оқыту процесінің қажеттілігі үшін қолданыстағы ақпараттық технологияларды пайдалану, бағытталған компьютерлік модельдеу және оларды қолдану әдістерін жеткіліксіз дамыту;

- Психологиялық-педагогикалық және бағдарламалық мүмкіндіктері интерактивті компьютерлік модельдердің ерекшеліктері және отандық электрондық білім беру басылымдары мен астрономияны зерттеу үшін ресурстардың жеткіліксіз дамуы;

- бағытталған заманауи білім беру жүйесінде оқыту мен білім беруді жандандыру және студенттердің кәсіби қызметін оқыту әдістерін дамыту мен интерактивті компьютерлік модельдерін пайдалану арқылы жақсарту;

Физика, астрономия курсынан білім беруде дайындық деңгейі өте жоғары болуы керек:

- Оқу-тәрбие процесінде студенттердің астрономия бойынша әдістемелік кешені пайдаланылса, оқу қызметінің барлық түрлері бойынша интерактивті компьютерлік модельдер пайдалануға негізделсе;

- астрономия курсының әдістемелік мазмұны әзірленіп, интерактивті компьютерлік модельдерін оқу үдерісіне енгізу қамтамасыз ету;

- Педагогикалық жоғары мектепте астрономия курсын зерттеуде елеулі орын алатын, ол интернет-ресурстарды және интерактивті компьютерлік модельдерді пайдалануға негізделген практикалық зертхана берілуі тиіс болады;

Астрономияны оқытуда мынадай міндеттер қойылады:

1) астрономия педагогикалық жоғары мектебінің студенттерінің ақпараттандыру жағдайындағы қазіргі заманғы білім берудегі оқу үдерісін

талдау және интерактивті компьютерлік модельдерін қолдану арқылы оны жетілдіру мүмкіндіктерін анықтау;

2) интерактивті компьютерлік модельдерін талдау, олардың астрономия педагогикалық жоғары мектеп студенттерін оқытуда тиімді пайдалану үшін интерактивті мүмкіндіктерін анықтау;

3) интерактивті компьютерлік модельдерін пайдалану әдістемесінің теориялық және практикалық негіздерін дамыту, астрономияны терең меңгеруге бағытталған, студенттердің танымдық және кәсіби мүдделерін белсендіру, одан әрі физика және астрономия ілімін мектепте оқытуға және оқытушы мен мұғалім үшін ұсынымдар ұсынуға олардың мотивациясын күшейту;

4) физика болашақ мұғалімінің кәсіби дайындығының деңгейін жақсарту үшін интерактивті компьютерлік модельдерге негізделген астрономияның оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу;

5) астрономия курсын оқытудың тиімділігін тексеру үшін интерактивті компьютерлік модельдерді пайдалануға негізделген педагогикалық эксперимент жүргізу. Мақсаты, міндеттері және зерттеу болжамдары шешімдерін тестілеу үшін мынадай теориялық және эксперименттік зерттеу әдістерін қолданылды: психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, зерттеген тақырыбы бойынша интернет көздері; оқу бағдарламалары, бағдарламалар, астрономия бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік оқулықтарын талдау; жоғары мектеп оқытушылары және студенттерімен сұхбат, сауалнама, бақылау; зерттеу гипотезасын тексеру үшін педагогикалық эксперимент; педагогикалық эксперимент нәтижелерін статистикалық өңдеу және талдау.

Оқытушы оқу үрдісіне қажет әзірлейді:

- интерактивті компьютерлік модельдерді пайдалана отырып, астрономияның (студенттер үшін) курсы ;

- Интерактивті компьютерлік модельдерді пайдалана отырып, студенттер үшін жаңа астрономиялық зертханалық семинар;

- Интерактивті компьютерлік модельдер бойынша астрономиялық интернет семинар;

- Интерактивті компьютерлік модельдерін пайдалану үшін әдістемелік және практикалық ұсыныстар жасау, оның ішінде, үш өлшемді графикада, әр түрлі тренингтерде.

Астрономияны оқытуда интерактивті компьютерлік модельдерін пайдалану тиімділігін өте жоғары себебі онлайн аспанды бақылау мүмкіндігі зор. Аталған әдістер астрономияны жақсы меңгеруге ықпал етеді, студенттердің танымдық және кәсіби мүдделерін іске қосады, мектепте физика және астрономия ілімін үйренуге және одан әрі олардың мотивациясын арттырады деп айтуға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауынан. (www.akorda.kz);
2. Қазақстан Республикасының Үкімет Басшысы С.Ахметовтің қатысуымен өткен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің алқа отырысындағы материалдар, 2013 жыл, қаңтар. (www.edu.gov.kz).

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Жанбыршы Г.
«Педагогика және психология» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Какина Д.Ш.

Білім берудегі психологиялық қызмет –тұлғаның заман талабына сай өмір сүріп, толымды түрде психологиялық дамуын қамтамасыз ететін құрылым .Білім беру орындарындағы психологиялық қызмет оқу-тәрбие процесіне қатысты психологиялық қолдауды, демеуді және серіктестікті ұйымдастырып, жүзеге асырады және тұлғаның психологиялық дамуындағы,психологиялық денсаулығындағы ауытқуларды анықтап,сәйкесінше психологиялық көмек береді [1].

Сонымен қатар, тұлғаның психикалық дамуын үйлесімді ету,оның дамуы мен мінез-құлқындағы , жүріс –тұрысындағы ауытқулардың алдын алу арқылы нақты бір мекемедегі іс-әрекеттің тиімділігін арттыру психологиялық қызметтің басты мақсаты болып табылады.Психологиялық қызметтің басты мақсаты ең алдымен білім беру жүйесіндегі педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесіне қатысты маңызды болып табылады.

Білім беру жүйесінде психологиялық қызмет көрсету Кеңестер Одағындағы барлық республикаларда біркезеңде басталды.Қазіргі Ресейдің Білім Беру Академиясының жанындағы Психологиялық институтта шетелдерде психологиялық қызметті ұйымдастыру тәжірибесі талданып, білім беру жүйесінде психологиялық қызметті ұйымдастырудың алғашқы тұжырымдамасы жасалған еді.Қазіргі ТМД елдерінің барлығындағы дерлік білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет көрсету осы кезге дейін жалпы-ғылыми тұрғыдан дәйекті теориялық-әдіснамалық негізде жүзеге асырылуда. Осы орайда И.В.Дубровина, Э.М.Верник, М.Р.Битянова, С.А.Беличева, Х.И.Лийметс, И.А.Коробейников, Г.Ф.Кумарина, Е.И.Казакова, Т.И.Чиркова, Ю.Л.Сыэрд сияқты шетелдік, Ж.Н.Намазбаева, Х.Т.Шерьязданова, И.Ә.Әбеуова, Г.А.Дусманбетов, М.Н.Махаманова, З.Ш.Қарақұлова, А.З.Теңкебаева, сияқты қазақстандық зерттеушілердің еңбектері білім беру салаларындағы психологиялық қызметтің мақсат-міндеттерін, құрылымын, бағыттары мен мазмұнын айқындайды [2].

Білім беруді психологиялық қолдаудың қазіргі кезге жуық жүйесі КСРО кезінде, яғни, XX ғасырдың 70ылдарында қалыптаса бастайды.Алғаш рет психологиялық қызмет көрсету «қиын» балаларға арналған арнайы мектепте 1975 жылы, орта мектептерде 1980 жылы Эстонияда басталады. Ал, 1982 жылдан бастап КСРО-ғы көптеген мектептерде психологиялық қызмет көрмсету эксперимент түрінде ұйымдастырыла бастады.

1984 жылы КСРО-ғы психологиялық қызмет мәселелеріне мәселелеріне арналған бүкілодақтық 1-ші конференция;1987 жылы «Мектептегі психологиялық қызметтік ғылыми-практикалық мәселелері» атты бүкілодақтық конференция болды.

Біздің республика өз тәуелсіздігін алған соң, жастардың үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін бірқатар қадамдар жасалып, маңызды құжаттар бекітілді.Егемендіктің алғашқы жылдарында білім беру саласында психологиялық қызметтің өткір мәселелерін көтеріп, теориялық және әдістемелік негіздерін тұжырымдаған Құбығұл Бозайұлы Жарықбаев,Жамилә Ыдырысқызы Намазбаева, Хорлан Тоқтамысқызы Шерьязданова, Сатыбалды Мұқатайұлы Жақыпов,Раиса Башыбайқызы Қарамұратова сияқты ғалым-психологтар елеулі үлес қосты.Соның арқасында XX ғасырдың соңына таман қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық университеті сияқты бірқатар жоғары оқу орындарында психолог мамандарды мемлекеттік тілде дайындайтын бөлімдер ашылып, кәсіби дайындауды бастаған еді.

Қазіргі жаһандану заманындағы өзгерістерге байланысты республикадағы психология ғылымы мен тәжірибесі жастардың психологиялық денсаулығын сақтауды ең басты құндылық ретінде қарастырады.Осыған байланысты біздің елдегі психолгиялық қызметтің басты мақсаты білім алушылардың психологиялық денсаулығыни сақтау ,оқуға, дамуға қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау,оларға психологиялық қолдау көрсету және білім беру мекемесінде психологиялық жайлылықты қамтамасыз ету болып табылады.

Қазіргі кезде Қазақстандағы орта мектептердің барлығында психологиялық қызмет көрсетіледі. Олардың жұмысын мемлекеттік деңгейде реттемелейтін құжаттардың ең соңғысы – Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрінің бұйрығымен шығып, бекітілген «Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасы».Осылайша біздің елдегі психологиялық қызмет Қазақстан Республикасының Конституциясының, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңының, Бала құқықтары туралы Конвенцияның, сондай-ақ, Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидасының шеңберінде жүзеге асырылады.Ал,нақты бір білім беру мекемесіндегі психологиялық қызметтің жұмысын білім беру ұйымындағы атқарушы орган, ал өңірлік деңгейде аудандық, қалалық, облыстық білім басқармалары үйлестіреді.

Ал, ЖОО-ның психологиялық қызмет жүйесі білім берудің барысындағы маңызды жақтардың бірі болып табылады. Қызмет әлеуметтік жағдай ме даму үрдісі бойынша өзгеріп отырады. ЖОО-да психологиялық қызметтің дамуы, бір жағынан, осы ортада ғылыми психологиялық концепциялармен, екінші жағынан басқа немесе осы елдердің саясатымен, экономикасымен және басқа да ерекшеліктеріне тәуелді болып келетін халықтың білім берудің қажеттіліктері мен міндеттері тұлғаны тәрбиелеу мен қалыптастыруымен анықталады.ЖОО-да психологиялық қызметті қалай жүргізуге болатындығы студенттердің жек басын қалыптастыруда психологиялық кеңес берудің маңыздылығы туралы зерттеулерді О.М.Анисимова, Н.М.Владимирова, Б.Б.Коссов, Н.Н.Обозовтардың еңбектерінде кездестіреміз.

Біздің елдегі білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметте кезінде АҚШ-да жасалып, қазіргі дүниежүзілік маңызға ие болған «Психологтардың этикалық қағидаларын» басшылыққа алады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында психологиялық қызмет білім беру жүйесі, жетім балалар үйі , медецина саласы , әскери бөлімдер, пенитенциарлық мекемелер сияқты бірқатар тұлғаның психологиялық қауіпсіздігін сақтау мәселесі өзекті болатын орындарда ұйымдастырылады. Біздің елдегі білім беру жүйесінде психологиялық қызмет АҚШ-тағы,Еуропадағы сияқты ресми түрде білім беру жүйесінің тек орта мектеп шеңберің қамтиды.

Менің ойымша, психологиялық қызметтің пайда болуының өзі қиын екендігін көрсетеді және өзінің тарихына қарамастан, соңғы уақытта әлі де жас және қарқынды дамып келе жатқан психология ғылымының практикалық бұтағы болып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зимняя И.А. Педагогическая психология / И.А. Зимняя. – М.: «Феникс», 1997. - 384 с.
2. Ерментаева А.Р. (жоғары мектеп психологиясы) 2012жыл.

ОСОБЕННОСТИ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ СЕМЬИ ВОСПИТЫВАЮЩЕГО РЕБЁНКА С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ С ПСИХОЛОГО-МЕДИКО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ КОНСУЛЬТАЦИЕЙ

Кадирбекова К., Акимадин М.
Студенты 4 курса специальности «Педагогика и психология»
Ғылыми жетекшісі: Мусирова Г.Б.

В семье происходит ни с чем несравнимый по своей воспитательной значимости процесс социализации ребенка, что предполагает разностороннее познание им окружающей социальной действительности, овладение навыками индивидуальной и коллективной работы, приобщение к человеческой культуре.

Ведущими в формировании личности ребенка являются нравственная атмосфера жизни семьи, ее уклад, стиль. Под этим подразумеваются социальные установки, система ценностей семьи, взаимоотношения в семье друг с другом и окружающими людьми, нравственные идеалы, потребности семьи, семейные традиции

Но не всегда семья оказывает положительное влияние на детей. Отрицательно сказывается конфликтная атмосфера семьи, постоянные ссоры, скандалы между членами семьи. Ни материальные условия, ни педагогические знания родителей не способны компенсировать воспитательную неполноценность стрессовой напряженной атмосферы семьи [1].

Большинство семей, где воспитывается ребенок с отклонениями в развитии, имеют более низкий уровень образования и профессиональной квалификации, следовательно, не могут способствовать полноценному интеллектуальному и социальному развитию ребенка. К тому же, проблемы семьи ребенка с особенностями развития рассматриваются, как правило, через призму проблем самого ребенка. Для многих родителей детей с ОВЗ характерна особая ранимость и ощущение себя изгоями в обществе. Окружающие, к сожалению, не всегда толерантно относятся не только к самим детям с особыми образовательными потребностями (ООП), но и их родственникам. Большинство семей, воспитывающих детей с ограниченными возможностями здоровья, являются неблагополучными, неполными. Имеются случаи, когда родители на протяжении многих лет скрывают состояние своего ребёнка, не реагируют на обращения врачей и других специалистов. Семьи имеющие ребёнка инвалида , довольно часто распадаются , либо мама воспитывает ребёнка одна(узнав что родился такой ребёнок папы очень часто уходят из семьи)семейный стресс может усугубиться и другими причинами. Это и уменьшение бюджета семьи , поскольку один из родителей должен оставить работу и отсутствие психологической помощи. Семьи, имеющие детей с отклонениями в развитии, нуждаются в постоянной психологической помощи, так как чувства вины не исчезают а проявляются многократно. Усилия специалистов ПМПК в этот период направлены не только на диагностику , но и на психологическую помощь родителям с целью смягчить первый удар по поводу проблем ребёнка, помочь принять ситуацию такой , какая она есть , ориентировать и воодушевить их на активную помощь малышу. Родители даже благополучных семей не готовы развивать потенциал своих детей, так как просто не знают с чего начать. Есть случаи, когда родители соглашаются оформить инвалидность но отказываются от обучения ребёнка, заранее определив его судьбу. Но сегодня такое встречается крайне редко. Отклонение в развитии ребенка чаще всего выявляется при поступлении в школу. Дети в семьях «группы риска» предоставлены сами себе и лишены заботы и внимания взрослых. К этой категории относятся социально и педагогически запущенные дети [2].

Для семьи, воспитывающей ребенка с ограниченными возможностями, важным являются и такие функции, как коррекционно-развивающая, компенсирующая и реабилитационная, целью которой является восстановление

психофизического и социального статуса ребенка, достижение им материальной независимости и социальной адаптации.

От того, насколько своевременно будет обследован ребёнок, выявлены особенности его развития, зависит эффективность оказываемой ему помощи, точность и правильность (в соответствии с его особыми образовательными потребностями) построения индивидуального образовательного маршрута.

Одной из диагностических служб, успешно апробированной и внедрённой в нашем городе является «Психолого-медико-педагогическая консультация». Аркалыкская ПМПК обслуживает Джангльдинский, Амангельдинский, Карасуский районы. ПМПК занимает важное место в системе обучения и воспитания детей с проблемами в развитии в городе и районов.

Основной целью ПМПК является

– определение специальных образовательных потребностей и условий, обеспечивающих развитие, получение образования, адаптацию и интеграцию в социуме детей и подростков с отклонениями в развитии;

-консультирование, обучение и включение родителей в коррекционно-педагогический процесс;

-оказание консультативно-методической помощи в обучении и воспитании детей с ОВ педагогам, воспитателям и другим специалистам

Специалисты ПМПК (невролог , психиатр, соц. педагог, дефектолог , психолог, логопед коллегиально обследуют ребёнка, выясняется статус семьи. Результаты обследования ребенка обсуждаются в форме краткого совещания всех специалистов ПМПК. Каждый специалист докладывает свое заключение на ребенка, предлагает рекомендации, высказывает мнение о прогнозе развития ребенка.

По окончанию коллегиального совещания председатель ПМПК знакомит родителей (законных представителей) с заключением. Обязательным является информирование родителей о прогнозе развития ребенка. Таким образом, ПМПК работает как единая команда специалистов, коллегиально планирующих обследование ребенка и формирующих коллегиальное заключение с содержанием рекомендаций.

Ребёнок без родителей или законных представителей на комиссию не принимается.

Активизировалась работа по раннему скринингу детей.Родители детей от 1 года до 5лет гораздо ответственно относятся к проявлениям каких либо нарушений у ребенка , проявляют самостоятельную инициативу , не ожидают направления врача, спешат проконсультироваться. Такая заинтересованность родителей происходит ещё и от того, что явные нарушения которые может заметить взрослый это задержка речи (ребёнок не разговаривает, но уже как бы должен) Крайне приятно от того , что в таких случаях приходят и мама и папа и даже бабушки и дедушки. Но когда ребёнок подрастает, начинает говорить , идёт в школу и трудности которые испытывает в обучении, поведении, так остро не воспринимаются родителями.

На сегодняшний день основной контингент обследованных составляют дети с ЗПР , другую категорию детей составляют дети с нарушением речи. Основными причинами обращения в ПМПК являются трудности в обучении, дефекты речи, нарушения поведения. Инициатива обследования на ПМПК ребёнка исходит в основном от учителя, а не от родителя.

Далеко не каждый родитель расценивает обследование своего ребёнка на ПМПК как помощь, оказание моральной поддержки, участие в жизни ребёнка обеспечивая образовательный маршрут, а некую формальность в которой нуждается чаще всего учитель . Опыт практической работы показывает, что не все родители детей с проблемами в обучении готовы к взаимодействию со школой в этих вопросах.

Как правило, первыми обращают внимание на неполадки в детском развитии педагоги, работающие с ребёнком. Именно они пытаются оказать какую-то помощь (если могут), направить семью к специалистам, если сами справиться с трудностями всё же не в силах. И вот тут-то как раз появляется тот самый камень преткновения: родители «проблемного» ребёнка отказываются обращаться к кому бы то ни было, утверждая, что с их ребёнком всё в порядке. Это в лучшем случае, а в худшем – обвиняя всех и вся в предвзятом отношении, в нелюбви, в профессиональной непригодности, в личной неприязни и т.д., и т.п. И, как ни прискорбно это звучит, либо стремление помочь ребёнку пропадает на корню (учителя просто, «махнув на всё рукой», оставляют семью в покое и пускают ситуацию на самотёк), либо начинается перепалка между школой и родителями с целью доказать друг другу свою правоту.

Большинство родителей прекрасно видят проблемы своего ребёнка. Другое дело, что далеко не все хотят их замечать, говорить о них и что-то делать для их преодоления.

Причин этому может быть огромное множество. Кто-то догадывается о трудностях, но не имеет достаточно собственных знаний и информации извне (от тех же педагогов), для того, чтобы обратить на них пристальное внимание.

Кто-то, отлично понимая, что не всё в порядке, предпочитает закрывать на это глаза из-за простого нежелания признаться себе в том, что проблема всё же есть, и ею надо заниматься (кстати, не всегда это происходит осознанно, чаще – бессознательно, просто такая защитная реакция. Опять же сказывается пресловутое «а что скажут родственники?» , «а как я объясню подругам что моего ребёнка приглашают на комиссию и т. д)

Бывает, что родители, видя проблемы ребёнка, не хотят верить в их существование и ищут любые, даже мизерные, доказательства их незначительности. Оно и понятно – ведь для каждого из нас своё дитя кажется самым лучшим.

А кто-то вообще элементарно не хочет ничего делать, прикладывать усилия, надеясь, что «само рассосётся» (потому что это требует довольно существенных как временных, так и физических, умственных, моральных и иногда материальных затрат).

Поэтому первейшая и главнейшая задача педагогов – это показать родителям, что определённые проблемы в обучении, развитии ребёнка существуют на самом деле, и мотивировать как можно скорее начать их решать всеми возможными методами. Этот шаг – самый важный, и без него движение дальше по пути помощи ребёнку просто невозможно.

Сегодня идёт тенденция к уменьшению количества обследуемых детей не потому что детей с ограниченными детьми становится меньше, а потому что родители отказываются от обследования детей в условиях ПМПК

Сама процедура обследования для семьи является некой стрессовой ситуацией, при которой родитель не знает, что ему ожидать. Специалистами ПМПК проводился опрос родителей в виде анкетирования в ходе которого им предлагалось ответить на вопрос «Почему вы не хотите представить ребёнка на консультацию?» И чаще всего родители отвечали:«ребёнка отправят в коррекционную школу» , либо: «мой ребёнок нормальный»

Обобщение наблюдений показывает, что только на основании беседы на школьном консилиуме родители готовы обследовать ребёнка в условиях ПМПК. Другие родители соглашаются на обследование после дополнительных бесед с администрацией школы, (в частности с директором) и третья часть родителей которые совершенно игнорируют всяческие разъяснения) не приводят ребёнка даже на предварительные беседы. В городе есть общеобразовательные школы , которые владеют конкретной ситуацией о семьях риска, проводят разъяснительную беседу, посвящают этой тематике родительские собрания, рассказывают о преимуществах коррекционных классов, говорят открыто о трудностях ребёнка, подготавливают пакет документов для специалистов ПМПК .Такие родители морально готовы к встречи со специалистами. При первичном обследовании в ПМПК ведут себя спокойны, они готовы к диалогу, к конструктивной беседе, предлагают собственные варианты в решении проблем, выслушивают специалистов и в итоге принимается решение которое будет наиболее приемлемо для ребёнка.

Специалисты всегда учитывают желания родителей, либо стараются их учитывать . Но имеются и такие школы, где их педагоги не спешат рассказывать мамам и папам учеников, как на самом деле у тех обстоят дела с учёбой, так как не хотят их расстраивать или думают, что родители и сами всё прекрасно понимают. В лучшем случаи могут отправить их на обследовании без предварительной беседы, якобы специалисты сами обрисуют всю ситуацию с ребёнком. И уже на обследовании специалисты ПМПК выступят в роли «плохих тёть» сообщат родителям о трудностях и недостатках в развитии которые выявили у ребёнка и естественно неподготовленный родитель будет находится в некой стрессовой ситуации, и проявления бывают непредсказуемые. Необходимо *знакомить родителей с требованиями*, предъявляемыми к уровню освоения образовательной программой (т.е. они должны иметь чёткое представление, что нужно освоить ученикам в том или ином классе), и *с системой оценивания* (за что конкретно ставится та или иная отметка по каждому предмету), необходимо *объективно оценивать успехи*

ребёнка. Нередко учителя (особенно в начальных классах) завышают отметки, стремясь таким образом стимулировать ученика к дальнейшему обучению («не отбить у него желание») или просто «жалея» его.

В результате происходит примерно следующее. Ребёнок, вопреки ожиданиям, далеко не всегда стремится преодолевать появляющиеся перед ним новые учебные трудности, т.к. полученная им «тройка» вместо заслуженной «двойки» отнюдь не заставляет прикладывать дополнительные усилия. А родители, видя в дневнике и тетрадках положительные отметки, тем более не испытывают беспокойства, считая, что пусть худо-бедно, но всё же их чадо учится. Как вы думаете, согласятся ли они в этом случае с мыслью, что их ребёнку требуется помощь в виде обследования на ПМПК и смены образовательной программы?

Нередко с педагогами общеобразовательных школ происходят такие ситуации, когда ребёнок имеет удовлетворительные отметки , но его представляют на ПМПК. Возникает вопрос к учителю, Зачем вы направляете этого ребёнка в ПМПК если он усваивает программу ? И нередко мы слышим ответ:«нет он не усваивает, но мы же не можем ставить ему двойки регулярно»[2].

На протяжении многих лет в школах открываются коррекционные классы для детей с задержкой психическими развития, специальные школы для детей с ограниченными возможностями здоровья, в которые набирают детей только по рекомендации ПМПК.

Некоторые родители ошибочно полагают, что перевод ребёнка в другое образовательное учреждение не оправдан в силу территориальной удалённости, сложности адаптационного периода, при этом упускают время, которое могло бы быть использовано для успешной коррекции нарушений в развитии ребенка. Наши школы имеют хороший опыт и результаты по коррекционно-развивающему обучению, успешно выравнивают детей , представляют детей на повторное обследование и выводят детей в обычные классы . На сегодня имеются такие дети, у которых при обследовании выявлены нарушения зрения, слуха остаются обучаться в общеобразовательной школе без специальной помощи, хотя в области и в республике есть специальные школы - интернаты.

Специалистами ПМПК проводятся беседы с родителями о специальном образовании, его преимуществе, о дальнейшем будущем ребёнка. Не всегда наши примеры являются убедительными. Не каждый родитель может отдалить от себя ребёнка территориально даже в пользу его обучения и развития. Сейчас очень много говорят об инклюзивном образовании , но некоторая категория детей нуждается в специальных условиях образования, специальное образование должно оставаться специальным.

Хочу подчеркнуть, что обследование ребенка на ПМПК проводится только с согласия родителей, заключение специалистов носят рекомендательный характер и право родителей решать – выполнять эти рекомендации или нет, в какой школе будет обучаться ребёнок- решает только родитель

Педагоги, врачи и просто окружающие люди могут лишь подсказать им куда обратиться или, по крайней мере «намекнуть» о возможных проблемах их ребёнка. И, разумеется, не правы те родители, которые, несмотря на явные признаки проблем развития ребёнка, активно игнорируют адекватные советы окружающих, упуская драгоценное время. Очевидно и то, что родители не могут настаивать на направлении своего ребёнка, например, в коррекционный класс только потому, что там меньшее количество детей без предварительного обследования специалистами. То есть желание специалистов помочь конкретному ребёнку должно совпасть с желанием родителей следовать их советам. Нельзя не сказать о том что специалисты ПМПК оказывают помощь семьям воспитывающего «особого» ребёнка в оформлении статуса –«ребёнок - инвалид»Часто родители и те, кто пытается донести информацию об инвалидности, ребенка говорят на разных языках. До сих пор у нас есть такие случаи, что родители не оформляют статус « ребёнок – инвалид», хотя для этого есть все показания и рекомендации (это дети с умственной отсталостью, дети с ДЦП, дети с врожденными расщелинами верхней губы, твёрдого и мягкого нёба) [3].

В данных случаях недостаточная работа педиатров прежде всего и психолога поликлиники. Хотя мы говорим, что ранний скрининг организован на достаточном уровне, но единичные случаи имеют место быть.Многие родители чувствуют себя неуверенно в присутствии медиков или педагогов из-за их профессионального опыта, и иногда из-за их манеры себя вести. Необходимо убеждать родителей не пугаться профессионализма тех людей, которые взаимодействуют с их ребенком, они имеют право узнавать обо всем, что происходит.

Не нужно родителям беспокоиться, что надоели специалисту своими вопросами: это ваш ребенок, данная ситуация больше всего влияет на его и вашу жизнь, и поэтому для вас очень важно узнать как можно больше..До сих пор остаётся низкий уровень информированности об инфраструктуре помощи, правовой защите, отсутствие родительских сообществ как в других больших городах, наши родители чаще инфальтильны в средствах информации и их социальная активность чаще ограничена и проявляется на уровне получения государственного пособия. Многие родители впервые узнают о возможных социальных, государственных, реабилитационных мероприятиях на ПМПК. Специалисты предоставляют семье информацию по вопросам приобретения технических средств реабилитации.

Если еще несколько десятков лет назад число детей с ОВ не имеющих инвалидности было относительно невелико, то сейчас пограничный слой неимоверно увеличился: число таких детей в разы превышает количество детей-инвалидов. Все эти дети особенно нуждаются в интенсивной комплексной поддержке. Если вовремя не оказать им квалифицированную помощь, очень велика вероятность их социальной дезадаптации, а в ряде случаев - инвалидизации [4].

Для нормального развития особого ребенка необходима прежде всего организация полноценного функционирования и взаимодействия основных сторон его бытия: жизни в семье, медицинского обслуживания, образования, реабилитации .

Список используемой литературы:
1. Федосеева О. А. Проблемы родителей, имеющих ребенка с ограниченными возможностями // Молодой ученый. — 2013. — №9. — С. 344-346.
2. Психолого-педагогическая диагностика / Под ред. И.Ю. Левченко, С.Д. Забрамной. -М., 2003, гл. 6.
3. Психолого-медико-педагогическая консультация. Методические рекомендации. / Под ред. Л.М. Шипициной. – СПб: Институт специальной педагогики и психологии им. Р. Валленберга, 1999
4. «Актуальные проблемы диагнотико- консультативной и коррекционной работы с детьми сОВ в развитии» сборник Республиканской научно-практической конференции Алматы 2008. Ерсарина А.К.

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚТАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Кәрім Т. С
«Биология» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Абдрахманова М.Т

Қазақстан әлемдік білім кеңістігіне енуге бағыт алды. Қазіргі заман ақпараттар тасқыны заманы, сондықтан әлемдегі өмір бойы білім беру саясатының ең бірінші міндеті – жоғары сапалы білім беруге қол жеткізіп, оны әр тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өзекті де,өміршең қажеттілігіне сәйкестендіру.

Әлемдік білім беру жүйесі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Бұл ұстаным Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында толыққанды сипатталған: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникацияларға шығу» Осы мәселелерді айқындап, жетілдіру мақсатында білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда [1].

Білім беруді ақпараттандырудың негізгі міндеттеріне білім беру жүйелерін ақпараттық және телекоммуникациялық техникалық құралдармен қамтамасыз ету, білім беруді ақпараттандыру бойынша тәжірибелік шараларды анықтап, жүзеге асыру және ғылыми ізденумен

жаңа оқу-әдістемелік жұмыстарды жүргізе білу, педагог мамандарды жаңа ақпараттық технологияларды өз қызметтеріне еркін пайдалана білуге даярлау, жүйелі түрде өз біліктіліктерін үнемі көтеріп отыру және т.б. жатады.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару кезінде физикалық құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге асырау;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап, сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестері мен әртүрлі тәжірибие нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту мүмкіндігі;

Соңғы жылдары ақпараттық коммуникациялық заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақтаны пайдалану айтарлықтай нәтиже беруде. Электрондық оқулық дегеніміз – мультимедиялық оқулық. Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың таным белсенділіктерін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау қабілетін арттырады. Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты: оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейінде бақылау. Сонымен қатар ақпараттық ізденіс қаблетін дамыту. Электрондық оқулық оқушының уақытын үнемдеуіне, бұрын алған білімдерін кеңейтуіне мүмкіндік береді. Әрбір оқушы қалаған тақырып-

тары бойынша тапсырмалар орындап, тестке жауап беріп, зертханалық жұмыстарды орындауға дағдыланады.

Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Электрондық оқулық оқушының уақытын үнемдейді, оқу материалдарын іздеп отырмай, өтілген және оқушының ұмытып қалған материалдарын еске түсіруге зор ықпал етеді. Электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану барысында оқушылар әртүрлі карталар мен сызбалармен жұмыс жасауға дағдыланады. Мазмұны қиындау бір үлкен тақырыптың бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар және клиптер – қажетті элементтер болып табылады. Бейнеклиптер уақыт масштабын өзгертуге және көріністерді тез және жай түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Электрондық оқулық таңдап алынған хабарды көшіруге мүмкіншілік туғызады. Электрондық оқулықтың ең қажетті мүмкіндігі аудиохабарлар. Мысалы биология сабағында адамның жүрек қағысының жиілігін байқау. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі.

Меңгерілуі қиын сабақтарды электрондық оқулықтың көмегімен бөлімдерге бөліп түсіндірсе, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады. Электрондық оқулық – бұл дидактикалық әдіс-тәсілдер мен ақпараттық технологияны қолдануға негізделген түбегейлі жүйе.Электрондық оқулық оқушының білім сапасын бақылау жүйесін өзгертуге мүмкіндік жасайды [2].

Дәстүрлі оқытуда әр оқушыға оқытушы тарапынан бақылау өте жиі болмай қалуы мүмкін, ал электрондық оқулықтың көмегімен оқыту үрдісінің әр кезеңін бақылай алады. Тіпті кейде тапсырманың дұрыс орындалуын ғана қадағалап қоймай, қате орындаған жағдайда оқулықтың тарауына, керекті тақырыбына немесе қажет ақпаратқа сілтеме жасап отырады. Бұл оқушы үшін, біріншіден үлкен көмек, жеңілдіктер туғызады, екіншіден, сол материалды автоматты түрде бақылап, әділ бағасын беруге, сол жайында барынша мәлімет алуға мүмкіндік жасайды.

Биологиядан оқушы үшін электрондық оқулықты пайдаланудың тиімділігі:

- Өтілетін материалдарды дұрыс және жеңіл түрде түсінуге;
- Оқушының өздігінен дайындалып, жұмыстың барлық кезеңдерінде өзін-өзі тексеруге;
- Жұмысты тиянақты түрде орыдап, мұғалімге файл түрінде тапсыруға;
- Түсінбеген тақырыпты қайта қайталауға;
- Оқулықты сабақтарда қолданып, оқушының өз деңгейінде тапсырмаларды таңдауға;
- Қажетті материалдарды жылдам іздеп табуға мүмкіндік туғызады.

Электрондық оқулықтарды биология сабақтарында пайдаланудың артықшылықтары:

- Өтіліп отырған тақырыпты жан-жақты меңгеруі;
- Оқыту үрдісінің әртүрлілігі мен оқушының қызығушылығының артуы және жеке тұлға ретінде шығармашылығының артуы;
- Оқушының шығармашылық қаблетінің артуына көмектеседі;
- Мұғалімнің тиімді оқыту әдістерін таңдап алу мүмкіншілігін кеңейтеді;

Электрондық оқулықтар ұстаздар мен оқушылар үшін білім беру жүйесін ақпараттандыруда зор тиімділіктер мен мүмкіндіктер беретін құрал .

Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – «оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады [3].

Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және видеоқұралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер).

Оқытудың ақпараттық технологиясы–білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау.

Қорыта айтқанда, еліміздің болашағы жастар десек, оларды саналы тәрбиемен, сапалы біліммен қаруландырып, білімі озық елдердің әлемдік озық үлгі-өнегесін меңгерген, заман ағымына қатар ілескен жан-жақты дамыған

коммуникативті тұлға етіп тәрбиелеу қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты болып отыр.

Жан – жақты дамыған барлық жағдайларға тез арада шешім қабылдай алатын құзыретті мұғалім!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. «Биология және салауаттылық негізі» №1(73),2015. 3бет.
2. «Биология және салауаттылық негізі» №1(67),2014. 51бет.
3. «Компьютерлік технологияны пайдаланудың оңтайлы өлшемдері» Қазақстан мектебі 2009ж 24бет.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БҮГІНІ МЕН КЕЛЕШЕГІ

Кеңес А.Т.
«Математика» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Абдрахманова М.Т.

XXI ғасыр-жаһандық жаналықтар ғасыры ғана емес, білімнің дәуірлеу ғасыры да, өйткені, ол қазіргі кезде мемлекеттің тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, сондай-ақ әлемдік нарықтағы, әлемдік қоғамдастықтағы орнын айқындап, халықтың өмір сүру сапасымен деңгейін көтеруде айрықша маңызды рөл атқарады

Қазіргі таңда Егеменді еліміз оқу-ағарту ісіне, білім беру мен білім сапасын көтеру жұмыстарына, мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсартуға ерекше мән беруде. Білім берудің жаңа моделі жасалынды,білім жүйесңнде жаңа бағыттар қаплыптаса бастады Мемлекеттік стандарттар жаңартылып,оқу бағдарламалары жетілдіріліп,жаңа типтегі оқу орындары ашыла бастады. Сонымен қатар,білім сапасына қатаң талаптар қойылып, оқу үрдісін ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістері, оқытудың жаңа технологиялары кең көлемде практикалық қолданысқа ие болуда [7].

Мемлекет басшысы отандық білім беру жүйесін бәсекеге бейімдеп құру жөніндегі нақты тапсырма беріп, ұлттың өресі білім нәрімен сусындағанда ғана өсетінін, білім сапасын халықаралақ дәрежеге көтеру мен әлемдік білім тайталасында дамыған мемлекеттермен деңгейлес болу мәселесін батырып айтты.

Қазақстан жоғары білімнің стратегиялық міндеттері ұлттық білім беру жүйесіндегі жетістіктерді сақтай отырып, оны әлемдік білім беру үрдісінің ең озық үлгілеріне сәйкестендіруге негізделеді. Тәуелсіз мемлекетіміздің білім беру жүйесі мынадай екі түрлі маңызды процесті жүзеге асыруға бағытталған:

- ұлттық білім беруді жаңа арнаға салу;
- әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасу.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі әлемде болып жатқан өзгерістермен онша үндеспей отыр. Қазір білім берудің жаңа моделін құрудың, сынақтан өткізу мен енгізудің ауқымды міндеттері тұр, оның жүйесінің негізгі

принциптері «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында көрсетілген.

Қазақстан 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы білім беру жүйесінің алдына білім беру кеңістігіне интеграциялау мақсатын қойды [2].

Бұл мақсатқа қол жеткізу Қазақстан Республикасының мемлекет басшысы мен үкіметі бекіткен орта білім беру жүйесін ақпараттандыру, жаңа буындағы оқулықтарды әзірлеу мен енгізу және басқа да бірқатар бағдарламаларды іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі.

Алдағы кезеңінде іске асырылатын « Білім» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды, оның мақсаты сапалы білім беруге кеңінен қол жеткізуді қамтамасыз ететін білім беру жүйесінің ұлттық моделін тиімді дамыту үшін жағдай жасау болып белгіленді. Білім беру сапасы бұл ретте әлемнің дамыған елдеріндегі біліммен салыстырарлық болуға тиіс.

Бүгінгі күні білім беру жағдайы, күйі, болашағы жаңа кезеңге жол ашпақ. Білім беру жүйесінің тарихына оралсақ, онда сауатсыздықты жою жолымен алғашқы ағартушылық жолын көреміз. Ең бастысы ата-бабамыз кітапты оқып білуді, әріпті жаза алуды көздесе, қазіргі кезде жастарымыздың оқу сауалы жоғарлады. Көптеген оқу-орындарының оның ішінде мектептер, колледждер, университеттер, оқу негіздері ашылды. Қазіргі уақытта білім берудің мазмұнына талдау жасау өте қиын. Білімділік деңгейін көтеру халық өмірінің сапасын арттырудың неғұрлым маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады[3].

Білім беру - тәрбие және оқыту, оның мақсаты қоғамдағы тұлғалардың кәсіби негізі барысында интеллектуалды, мәдениетті және тәрбиелі дамуының жоғарғы деңгейіне жету болып табылатын үздіксіз процесс.

Халықаралық стандарт білім беру классификациясына сәйкес «білім беру» терминін білім алу барысында мақсатты және жүйелі қызмет деп түсінуге болады.

Білім беру қызметі – бекітілген ережелерге сәйкес категориялар мен критерийлер арқылы профессионалды деңгейге жету.

Білім беру мазмұны - жеке адамның біліктілігі мен жан-жакты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі. Білім беру мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін білім беретін оқу бағдарламаларымен әзірленеді [1].

Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтарға мемлекеттік білім мекемелеріне тегін орта білім алуға кепіл береді. Орта білім алу міндетті болып табылады. Тегін жоғарғы білім алу конкурстық негізде орындалады.

Білім тарихына тоқталатын болсақ, Ұлы ұстаз, мәдениет қайраткері Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептер Қазақстан жеріндегі алғашқы білім және мәдениет ошақтары болды. Сонау XIX ғасыр соңында балаларды ғана емес, бүкіл қазақты көшпенділіктен отаршылыққа бейімдеп, сауатын ашып, білім мен мәдениет жолына сүрлеу салған Алтынсариннің инновациялық қызметі төл мәдениетіміздің өркендеу тарихынан үлкен орын алады.

Қазақстан Республикасын әлемдік қоғамдастық нарықтық экономикалы мемлекет ретінде таныды. Тәуелсіздігінің қысқа тарихи кезеңінде еліміз әлемдік қоғамдастыққа ықпалдаса отырып, экономикада айтарлықтай өсуге қол жеткізді.

Осы орайда, қоғамдық даму деңгейінің, елдің экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігінің өлшемдері ретінде білім беру жүйесінің, адам ресурстарының рөлі мен маңызы арта түседі. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білім беруге, одан ұтқырлықты, жаңа тарихи кезеңнің болмысына барабар әрекет етуді және экономиканың даму қажеттіктеріне сай болуды талап ете отырып әсерін тигізеді.

Мемлекет басшысы биылғы Қазақстан халқына жолдауында отандық білім жүйесін бәсекеге бейімдеп құру жөніндегі нақты тапсырма беріп, ұлттың өресі білім нәрімен сусындағанда ғана өсетінін, білім сапасын халықаралық дәрежеге көтеру мен әлемдік білім тайталасында дамыған мемлекеттермен деңгейлес болу мәселесін қадап айтты.

Қазіргі жалпы білім беретін мектептегі оқытудың мазмұны фактология күйінде қалып отыр, пәндік тәсілге негізделген мемлекеттік стандарттар моральдық тұрғыдан ескірген. Оқушының даралығына бағдарланған білікті көз қарас жоқ.Мектепте оқу оқушының өмірлік жолын, мүдделері мен перспективаларын таңдауына нақты дәлелдемелер бермейді. Жоғары сынып оқушыларының тек 30%-ы ғана өздерінің қабілеттеріне сәйкес келетін кәсіби қызметті таңдайды, демек, бұл жоғары сынып оқушыларының 70%-ының өмірден өз орындарын табуға мүмкіндігі аз деген сөз.

Білім беру саласында қалыптасқан ахуал республиканы дамытудың қазіргі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларына және жоғары дамыған елдердің прогресшіл тәжірибесіне сәйкес келеңсіз құбылыстарды болдырмау, түбегейлі ұйымдық, құрылымдық қайта құрулар, білім берудің мазмұнын жаңарту және мамандар даярлаудың сапасын жетілдіру қажет екенін көрсетеді[4].

Білім беру жүйесіндегі басты міндет халықтың барлық деңгейлер мен сатыларда сапалы білім алуына қол жетімдігін кеңейтумен айқындалды. Осыған байланысты білім саласындағы күш жігер оның сапасын қамтамасыз ету жүйесін құруға бағытталуы тиіс.

Білім беру жүйесіндегі басты міндет пен іліспе мақсат үздіксіз білім беру принципін еңгізу болып табылады. Сапа мынадай аспектіде қарастырылады:қазіргі кезде білім беру деңгейлерінің әрбірі өздері үшін тіршілік етіп жатқандай. Келесі онжылдықтың мақсаты, бір жағынан, адамның ілгершіл дамуын қамтамасыз ететін біріңғай ұлттық білім беру жүйесін құру, екінші жағынан, білім берудің ұлттық жүйесінің жалпы әлемдік жүйемен интеграциялануын қамтамасыз ету болып табылады. Алдағы 10 жыл ішінде білім беру жүйесін адамды біліммен ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен бірге осы білімді білікті пайдалана білу және үздіксіз оқу дағдыларына баулу жүйесі етіп қайта құру күтіп тұр.

Білім беру жүйесі экономикалық және әлеуметтік салалардан оқшау

тіршілік етуін тоқтатуға тиіс. Оны үлкен әлеуметтік-экономикалық жүйенің бір бөлігі болу және ел экономикасын адам ресурстарымен қамтамасыз ету міндеттерін шешу күтіп тұр.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде [6].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 18 қаңтар 1992 ж.
2. Қазақстан Республикасының білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы // Мысль. -2004, № 11
3. Әбдіманапов С.К. Білімді ел – бәсекеге қабілетті ел // Егемен Қазақстан 2005 жыл, 5 қараша
4. Әбдіманапов С.К. Кредиттік оқыту жүйесі // Егемен қазақстан – 2004 1 қазан
5. Түймебаев Ж. «Білім туралы жаңа заң - сапалы білімге кепілдік береді»// Егемен Қазақстан 2007, 16 тамыз
6. «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Білім және ғылым хабаршысы, 2004, № 1, 3-18 б.
7. Қоңыратбай Т., Әуелбаева С. «Ы.Алтынсарин – Білім мәдениетінің негізін салушы» // Білім, 2002, №3 36-39 б.

МОЛОДЕЖЬ-ЭТО СТРАТЕГИЧЕСКИЙ РЕСУРС ГОСУДАРСТВА.

Кундерхан Д.
студент 3 курса, специальности «Биология»
Научный руководитель Арыстанова С. А.

После обретения независимости Республика Казахстан стала полноправным членом мирового сообщества. В свете нового видения развития мира, которое начинает зарождаться, в конечном счете, единственными значительными ресурсами являются лишь знания, без которых невозможен какой-либо устойчивый прогресс. Интерес к образованию и его влиянию на становление человеческого общества был всегда огромен, в особенности в последние годы, на рубеже веков. Не случайно в Стратегии развития Республики Казахстан до 2030 года образование входит в число долгосрочных приоритетов, от которого зависят дальнейшее процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев [1].

Современный Казахстан – это молодое независимое государство с богатой историей и, несомненно, блестящим будущим. Наша государственность берет свои истоки из глубокой древности, однако она требует сплочения во имя стратегических целей развития. Сила нашего государства и его гражданского общества, фундамент национальной безопасности и общественно-политической стабильности всегда зиждились на молодых высокообразованных людях. Именно многовековая мудрость нашего народа и прогрессивные знания молодежи помогали нам преодолевать всяческие смуты и потрясения, сопровождавшие нелегкие периоды становления государственности.

Молодежь особенно должна осознавать всю полноту ответственности за наш народ и будущее страны. От качества знаний и самоотверженного труда молодых граждан будет зависеть – Казахстан станет известной и уважаемой державой или, образно выражаясь, наш локомотив «сойдет с рельсов» на периферию мирового развития, что будет равнозначно потере Независимости.

Это большое благо, что Казахстан может по праву гордиться своими молодыми гражданами, которые демонстрируют политическую зрелость и «подкованность», свободно ориентируются в финансово-экономическом положении страны, большинство из них владеет как минимум тремя языками, а главное – всегда смогут защитить свои права и знают цену высокому интеллекту.

Если взглянуть в историческую перспективу – Казахстанская молодежь всегда была в авангарде самых передовых преобразований, боролась за Независимость. Казахстан доказал всему миру, что может цивилизованно решать свои внутренние вопросы и принимать полноценное участие в формировании международной повестки. Результаты единения и упорного труда Казахского народа превзошли все ожидания. В значительной мере определяющим фактором такого успеха стало проведение взвешенной и сбалансированной государственной политики, построенной на принципах взаимного учета интересов, поиска компромиссных путей и выработке оптимального консенсуса. Благо, что опыт совместного сосуществования заложен в генетической памяти и историческом сознании Казахского народа. Первоочередная задача молодежи сохранить и приумножить все, то самое ценное, что было «нажито» старшими поколениями.

Большинство государств мира направляют огромные ресурсы на развитие и реализацию молодежных инициатив. Приходит понимание того, что поддержка молодежи – это забота о будущем. Сегодня главная движущая сила социального прогресса и экономического развития – молодежь – сама нуждается в системных мерах по поддержке своих инициатив и проектов в вышеуказанных сферах.

Государственная молодежная политика Республики Казахстан должна будет отвечать самым современным требованиям времени, чтобы эффективно решать актуальные проблемы молодежи и соответствовать ее ожиданиям. Однозначно нужно сделать все возможное для того, чтобы активных молодых людей, небезразличных к судьбе своей страны, становилось еще больше, чтобы

каждый гражданин хотел внести личный вклад в развитие нового Казахстана. Молодежь во все времена была и остается наиболее прогрессивной частью населения. Она всегда находилась на переднем краю всех положительных сдвигов и изменений в обществе. По сути, молодежь – это стратегический ресурс государства, который способен сгенерировать созидательную энергию развития и национальную мощь. В разные исторические периоды молодежь становилась как объектом, так и полноценным субъектом политики. Поэтому для государства и гражданского общества чрезвычайно важно чтобы подрастающее поколение здраво смотрело на вещи и умело различать «что такое хорошо» и «что такое плохо» [2].

Молодежная политика – одно из ключевых и комплексных направлений внутренней политики. Это объясняется тем, что реализация полноценной всеобъемлющей молодежной политики зачастую требует привлечение сил и средств, задействованных, главным образом, в сопутствующих сферах государственной политики – прежде всего, в сфере образования и культуры, информации и идеологии, языка и религии, социальной защиты и трудоустройства. Государство обеспечивает базовые потребности молодежи, поэтапно увеличивая стандарты качества их жизни в таком объеме, который не будет развивать иждивенческие настроения и пагубно влиять на предприимчивость, самостоятельность и ответственность. Нужно понимание того, что современный молодой человек – это личность и гражданин, которому от рождения гарантированы равные возможности. Его жизненный успех будет зависеть от личной инициативы и самостоятельности. От его способности к новаторству и творческому труду. Сейчас это для нас важнее, чем когда бы то ни было, потому что мы строим обновленный, еще более сильный Казахстан.

Современная казахстанская молодежь – это совершенно разные по жизненным взглядам, опыту и возможностям граждане в возрасте от 14 до 29 лет. Очень важно, чтобы в период формирования у них личностных установок, идеалов и ценностей, то есть, всего того, что можно назвать мировоззрением, государство во взаимодействии с гражданским обществом сумели положительно воздействовать на этот процесс. Очевидно, что необходимо и дальше прививать молодежи основные ценности казахстанского общества – прочное национальное единство, динамичное экономическое процветание, неуклонное стремление получать новые знания и ответственность за будущее нашей Родины.

Казахстан как молодая суверенная республика объективно нуждается в гражданах, безгранично преданных делу служения нации, укрепления Независимости – самого драгоценного достижения развития нашей государственности. Новое поколение – это поколение зрелой Независимости и процветающего Казахстана. Именно поэтому молодежная политика должна проводиться с новой силой, дабы не упустить время «открывающихся дверей возможностей»[3]. Делая ставку на молодежь, мы выбираем модель опережающего инновационного развития. Выбор молодежи очевиден – это

сильный и процветающий Казахстан, мощный интеллектуальный потенциал экономики, конкурентоспособная нация XXI века.

Благодаря дальновидной политике государства сегодня каждый молодой человек имеет доступ к высшему образованию, в том числе возможность получения элитного зарубежного образования на основе равного конкурсного отбора. Имеются основания для того, чтобы наступило время, когда граждане Казахстана будут гордиться тем, что современные знания, инновации и новые технологии генерируют люди, которые получили образование у нас. Необходимо осознание того, что беззаботно получать знания и, тем самым, строить свое будущее становиться возможным только благодаря миру и согласию в государстве. В условиях усиления меж цивилизационных противоречий нарастает потребность во взращивании нового поколения казахов на основополагающих ценностях взаимного уважения, открытости и доверия. Выполнению этой непростой, но жизненно важной миссии будет способствовать и государственная молодежная политика, призванная содействовать общенациональному сплочению и формированию национального патриотизма, защищать и отстаивать интересы развития Казахского народа. Конечно, молодежная политика Казахстана должна двигаться вперед еще дальше, еще креативнее и на новых скоростях. Представляется, что наша молодежь выберет путь первых и возглавит процесс становления новой высокотехнологичной Нации.

Таким образом, главное – сделать все возможное, чтобы помочь молодым казахам поверить в себя, обрести уверенность в своих силах, проявить себя, раскрыть свой скрытый потенциал. Следует незамедлительно открыть дорогу наиболее достойным, подготовленным и ответственным молодым людям. Они ровесники обновленного демократического Казахстана. В них его сила, его свободолюбивый дух, стремление к новым открытиям и свершениям. И им предстоит доказывать право нашей страны на высокие позиции в мире.

Список используемой литературы:

1. Государственная программа развития образования в Республике Казахстан на 2005-2010 годы. — Астана, 2004. — 39 с.
2. Национальный доклад о состоянии и развитии образования в Республике Казахстан. Краткая версия. — Алматы, 2008. — 170 с.
3. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация - главный вектор развития Казахстана». Индустриальная Караганда, 28 января 2012 года.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ТӘРБИЕШІНІҢ МАҢЫЗЫ

Қансейіт М.Ә.
«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Темирханова Қ.Ш.

Бүгінгі таңда XXI ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие мен адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеуде білім берудің айқын жолдарын жетілдірудегі басым бағыттарын айқындауда, ұлттық санамен адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отырғаны анық. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн»,- деген талапты білдіреді. Олай болса, басты мақсат- жас ұрпаққа тәрбие беруде бірінші осы балабақшада қалануы керек. Сол себепті мектепке дейінгі тәрбиешінің тәрбие беруде маңызы зор болып келеді [1].

Тәрбие адамның және адамзат қоғамының дүниеге келгенінен бастап пайда болды. Бала тәрбиесі адамзат қоғамының дамуымен байланысты жалпы мәңгілік ұғым болып табылады. Қоғам бар жерде тәрбие де болады. Тәрбие ұрпақтар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді. Адамзат қоғамы дамуының алғашқы сатысында тәрбиенің мақсаты еңбекке араласқан балаларға үлкендер қарапайым еңбек құралдарын қалай дайындау және қалай пайдалану керектігін үйретті және түсіндірді. Алғашқы қауымдық құрылыста отбасы болмаған кезде, балалар руға ортақ болды. Балаларды тәрбиелеу мәселесімен ру мүшелерінің ерекше тәжірибелі, құрметті адамдары, ақсақалдар айналысты.

Кейіннен моногамиялық отбасы пайда болғанда, балаларды тәрбиелеу мәселесімен отбасы айналысты. Дегенмен отбасы тәрбиесінің нәтижелерін ру, тайпаның ақсақалдары бақылап отырды. Тапсыз қоғамда барлық балаларды бірдей тәрбиеледі, өздеріне лайықты іс-әрекетке ерте қатыстырды. Жас кезінен бастап олар азық өндіруге қатысты-жеуге болатын жемістерді, өсімдіктерді жинады. Жекеменшіктің, құл иеленушіліктің және моногамиялық отбасының пайда болуымен алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы басталды. Отбасы ең негізгі қоғамдық құрылыстардың бірі болды, өз бетімен шаруашылықты жүргізді, сонымен қатар бала тәрбиесімен айналыса бастады. Бұл кезеңде бала тәрбиесінде тәрбиелеуге маңызды фактор отбасы ғана болған еді. Дегенмен қазіргі қоғам дамуына байланысты балабақша мен мектепте маңызды роль ойнайды. Мұндағы баланы мектепке дайындау немесе балабақша – педагогиканың, заманауи білім берудің аса бір маңызды және өзекті мәселелерінің бірі [2].

Баланың адамгершілік-еріктік тұрғыда тәрбиеленгендігінен оның мектепте жақсы оқуы ғана емес, өмірлік ұстанымның қалыптасуы да байланысты. Дегенмен мектепке дайын болу ұғымы баланың тек қана адамгершілік-еріктік қасиеттерінің қалыптасқандығын қамтып қана қоймайды, басқа элементтерді де

қатыстыратын білім, білік, дағдылардың белгілі бір жиынының болуын да қарастырады. Басты нәрсе көптеген ата-аналар үй жағдайында баланы балабақша тәрбиешілеріндей мектепке дайындай алмайды. Көбінесе ата-аналар баланы мектепке дайындаймын деп тәртіптің «қате сценарийін» таңдайды, соның салдарынан балаларда мектепке деген дұрыс көзқарас қалыптаспайды, қорқыныш пен күйзеліс пайда болады. Үйде тәрбиеленген балалар бірінші сыныпқа оқушының ішкі ұстанымының оқуға құлықсыз және оқу іс-әрекеті жөніндегі дұрыс емес түсініктермен келеді.

Сонымен, баланың мектепке дайын болуының ең оңтайлы нұсқасы отбасы мен мектепке дейінгі мекеменің өзара тығыз әрекеті, баланы мектепке дайындаудың барлық аспектілері бойынша серіктестігі болып саналады. Тәрбиеші өз жұмысында отбасы көмегіне, ал ата-аналар- өз жұмысын жалпы нәтижеге-баланы мектепке дұрыс және толық дайындауға жету үшін балабақша жұмысымен келісіп жүргізуі тиіс, өйткені бұл тек ата-ана мен балабақша жұмысының бірлігі мен серіктестігі жағдайында ғана мүмкін болады [3]. Және де балабақшаға бала берген жағдайда, ондағы тәрбиешілердің де маңызы зор. Себебі, бала тал шыбық тәрізді әлсіз болғандықтан, қоғамда көптеген еліктеулерге әуес болады десек те болады. Баланы бала бақшаға берердің алдында ондағы тәрбиешіге көңіл бөлу қажет. Бұлай деуіміз әр тәрбиешінің өз үлгісі мен қайталанбас тұлғалық маңызды қасиеттерімен талаптары болады. Тәрбиешінің жеке басының үлгісі дегеніміз -жас ұрпақ тәрбиесінде ең әсерлі әдістердің бірі, өйткені балалар тәрбиешіге барлық жағынан еліктейді. Сол себептен де ол үнемі жинақы, таза, ұқыпты жүріп, сөйлеген сөзі мәнді, ойлы, әдемі, салмақты келіп, асықпай, байыппен сөйлеуі керек. Бала еліктегіш болғандықтан, жақсыны да, жаманды да тез қабылдайды. Айтып өткеніміздей тәрбиешіге қойылатын бірнеше талаптарымызды қарастырып кетсек. Оларға:

1. Тәрбиеші болатын адам өзінің мінезін, жүріс-тұрысын жөнге салып, балалар іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыра білуі керек;
2. Арнаулы білім, білік пеніскерлік-дағдыны меңгеруі керек;
3. Баламен еркін, жақын тарта сөйлесе білуі керек;
4. Ол өзінің көзқарасымен, ым-ишарасымен де өз ойын балаға жеткізіп, түсіндіре алуы керек.

Жұмысты ұйымдастыра білетін, тиісті жерінде қатал талап қоя алатын болуы, кейде әзілдесіп, тиісті жерде көңіл аудара алатын болуы шарт [4].

Тәрбиешінің әрбір қимылы, жүріс тұрысының өзі балаларға өнеге, тәлім-тәрбие берерліктей болуы тиіс. Оның ішінде қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдай жасау керек. Сонда ғана бала жан-жақты болып өседі. Бұл туралы XX ғасырдың 30-жылдары Л.С. Выготский: «Тек қана ғылыми көзқарастарды түсіндірумен біреудің екінші біреуді тәрбиелеуі мүмкін емес»- деп жазған болатын. Бұдан келіп тәрбиешінің қызметі жайлы бірнеше тұжырымдама шығады.

- Тәрбиеші баланың негізгі табиғи даму заңдылықтарын білуі керек.
- Ол тәрбиеленуші үшін сыйлы, мейрімді адам болуы қажет.
- Тәрбие технологиясын меңгеріп, баланың өзін-өзі тәрбиелеуіне педагогикалық жағдай жасай алатын болуы тиіс [4].

Қорыта айтсақ, жаңашыл педагог Ш.А. Амонашвили тәрбиешіге төмендегідей талап қояды: педагог-тәрбиеші әріптестеріне мейрімді, жылы шырайлы, ықыласты, болуы керек, әріптестермен қарым-қатынас жасаудың әдебін білуі керек. Бала қоғамда тәрбиеленеді, бірақ ол өздігінен рухани өмірін байытып, дене күшін арттырып, жан-жақты білім ала алмайды, сондықтан баланы тәрбиелейтін тәрбиеші міндетті түрде керек. Тәрбиеші көмекші, қорғаушы, кеңесші, қалыптастырушы мүсінші емес. Оның міндеті-баланың саналы, тәрбиелі болып қалыптасуына жағдай жасау. Бала да өсіп келе жатқан гүл сияқты, оған күтім керек [5].

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ұлтжанды, патриоттық, ізгілік, мейрімділік, қайрымдылық, яғни адамгершілік, құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне, сенімділікті тәрбиелеуде балабақшаның, мектептің рөлі зор. М.Шаханов айтқандай: «Бала жүрегі-кішкентай күй сандық. Ол сандықтың кілтін тапсаң ғана аша аласың.Тәрбиешінің қолында әр кезде сол кілт жүруі керек» деп бекер айтпаса керек [6].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Халқына Жолдауынан. 17 қаңтар. 2014 жыл // Егемен Қазақстан. 18.01.2014 ж. 2-3 бб.
2. Дүйсенбаев А.Қ. Тәрбие теориясы мен әдістемесі: Оқулық. –Алматы ЖҚ «Отан», 2014.5-6 бет.
3. Аралбаева Р.К. Мектепке дейінгі педагогика: -Алматы: Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2012 ж. 175-бет.
4. Жұмабекова Ф. Мектепке дейінгі педагогика: Оқу құралы. –Астана: Фолиант, 2008. 146 бет.
5. Губашева С.Г. Отарбай А.Ж. Тәрбие жұмысының әдістемесі: Оқу-әдістемелік құрал. –Астана: Фолиант, 2007. 9-10 бет.
6. Мұсаева С.А. Бегалиев Т.Б. Жас ерекшелік педагогикасы: Оқулық. –Астана: Фолиант, 2006. 9 бет.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕН САБАҚ БЕРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қуандық А. Н.
«Биология» мамандығының 3-курс студенті

«Надан жұрттың күні –қараң, келешегі тұман»
М.Дулатов

Егеменді еліміздің тірегі-білімді ұрпақ.Сусыз, құрғақ таса көлеңке жерге дән ексең өнбейтіні сияқты, жас ұрпақтарымызды тәрбиелемесек өспейді,

өнбейді. Қазіргі мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған басты мақсат-оқушылардың шығармашылық білім дағдыларын қалыптастыру.
Міне, өз ұрпағының өнегелі, өнерлі, еңбексүйгіш,абзал азамат болып өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын шығармашылықпен оқу-тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады. Оқытушының міндеті білімді көбейту емес, осы білімдерін өз бетімен алуға мүмкіндік беретіндей құралмен қамтамасыз ету және оқушының жекелей дамуы, жеке тұлғаның қалыптасуы, өзін өзі жетілдіру және қоршаған әлемді жетілдірудің инновациялық қажеттіліктерін қалып-
тастыру. Білім беру үрдісінде жаңа технологияларды дамыта оқыту, оқу-тәрбие үрдісінің сапасын жоғарлатуды көздейді.Осы тұрғыдан бүгінгі күні жаңа технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып тәрбие беру мұғалімнің басты міндеті. Сондықтан әрбір педагог сапалы білім беру үшін сабақты үнемі қалыптасқан формада өткізуден көрі оқытудың жаңа технологиясын, жаңа әдіс-тәсілдерін және дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізген дұрыс. Бұл бағытта білім берудің әртүрлілігі, нұсқадағы мазмұны, құрылымы ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар арқылы жеткізіледі [1]

Сондықтан қазіргі таңда жаңа технологиялардың бірі ретінде Кейс технологиясын сабаққа пайдалану тиімді. Кейс технологиясы оқытушылардың дәстүрлі және қашықтықтан кеңес беруін ұйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуалды, мультимедиалық оқу-әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеруі үшін жіберуге негізделген.ХХ ғасырдың басында АҚШ-тың Гарвард университетінің бизнес мектебінде пайда болған.Кейс-стади амал-тәсілі термині алғаш рет американдық ғалым Коплендтің еңбектерінде пайдаланылған.Копленд 1921жылы оқытудың нақты жағдаяттар жинағын шығарып, кейс- стади амал-тәсілін қолдану жолдарын көрсеткен.Кейс-стади амал-тәсілін қолдану –қазіргі білім беру талабына, оқушының сабаққа деген қызығушылығын туғызатын жеке педагогикалық жаңа инновациялық жүйе.

Кейс технологиясының негізгі мақсаты:
-Оқушылардың бойында жаңа қасиеттер мен іскерліктерді қалыптастыру;
-Әртүрлі мәселелерді талдау және оларды шеше білуге қабілетін дамыту;
-Ақпаратпен жұмыс жасауды үйрету.

Оқу үрдісіндегі кейстермен жұмыс жасау технологиясы келесі сатылардан тұрады:
1)Кейс материалдарын зерттеушілердің жеке өзіндік жұмысы
(мәселені сәйкестендіру, негізгі баламаларды тұжырымдау,ұсынылған әрекетті немесе шешімді ұсыну)
2)Негізгі мәселені енгізуге және оны шешуге байланысты шағын топтармен жұмыс;
3)Жалпы дискуссиядағы шағын топтардың тұсаукесерлері және тәжірибе нәтижелері;

Кейс технологиясы оқытуда жасалынған әдістемелік материалдармен іске асырылады. [2]

Биология – XXI ғасыр ғылымы. Сондықтан да ол жаңа ақпараттық технологиялармен тығыз байланысты. Қазіргі кездегі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, оның дамуына көп көңіл бөлу. Бұл пәнді оқыту мұғалімнен зор міндеттерді талап етеді, өйткені ол бүкіл сыныптың қажеттіліктеріне жауап беруі тиіс. Қазіргі уақытта Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептерінің барлығы дерлік интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген.

Интерактивті әдіс диалогтік әдіс нәтижесінде сабаққа қатысушылар бір – бірімен байланыса отырып, мәселелерді шешеді. Интерактивті тақта мектеп сыныптарында әр пән бойынша, соның ішінде биологиядан зертханалық сабақтарды өткізуде оның тиімділігі жоғары.Қарапайым тақта және компьютер проекторына қарағанда, инерактивті тақта сабақ мазмұнын кеңінен ашуына мүмкіншілігі зор. Интерактивті тақтаны пайдалану кезінде үлкен жетістікке қол жеткізу үшін, сабақ кең көлемде жоспарланып, керекті материалдарды дұрыс дайындау қажет. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің оқу – тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Сонымен қатар мұғалімнің интеллек - туалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа көптеген адами қабілеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Мектептегі пәндерді оқыту процесінде компьютермен сабақ өткізу мұғалім мен оқушы қарым – қатынасы жүйесін, олардың іс - әрекетінің мазмұнын, құрылымын, өзгерте отырып, олардың мотивациялық эмоционалдық ортасына, сезімінің өсуіне әсер етеді. Сабақта мұғалім интерактивті тақтаны бір емес бірнеше рет пайдалана алады, қарапайым тақтаға қарағанда интерактивті тақта пайдалануға ынғайлы, әрі уақытты үнемдейді. Интерактивті тақтаны оқытудың басқа тәсілдеріне қарағанда көптеген жетістіктері бар. Мұғалім әріптестерімен бірге отырып сабақ беру мен уақытты үнемдеу ғана емес, сонымен қатар берілген материалдардың сапасын да арттырады. Мұғалімдердің пайымдауынша интерактивті бағдарлама олардың жартылай жұмысын атқарады. Мысалы, белгілі бір материалды интерактивті тақтада орындау арқылы файлдағы белгілермен өзгерістерді сақтап қалуға, оны сабақта болмай қалған оқушыларға қайта түсіндіруге немесе келесі жолы тағы да қолдануға болады.Мұғалім оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын меңгеріп, оны пайдалану арқылы өзінің материалдық базасын толықтырып, әрі уақытты үнемдейді.Сондықтан «қазіргі заманда жастарға жаңа технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет», жас ұрпаққа білім беру жолында жаңа технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор деп білемін [3].

Қорыта келгенде, педагогтің өз еңбегіне, сапалы көрсеткішіне зерттеу және талдау жасау біліктілігіне қарай шығармашылық мынандай деңгейлерге бөлінеді:

1. Ақпараттық – өндірушілік: педагог басқаның тәжірибесін ескере отырып нәтижеге жету жолындағы педагогикалық міндеттерді шешеді, нақты ситуацияларды шешудің тиімділігін талдауды біледі
2.Зерттеушілік: педагог өзінің ізденісінің тұжырымдамалық негізін анықтай біледі, оларды еркін қисындырады.
3.Креативтік. (шығармашылықты елестете білу) – болжаушылық: педагог жоғары міндеттерді ұсыну және оларды шешудің әдістерін негіздеу қабілеттерін көрсетеді. Мұндай қызмет нәтижесінде өмірлік шығармашыл инновациялық тұлға қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1.«Биология анықтамалығы» журналы №3 16-бет 2015ж
2.«Биология және салауаттылық негізі» №2 13-бет 2016ж
3.«Биология және салауаттылық негізі»№6 22-23бет 2015ж.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАША БАҒЫТТАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қаспақбай Ә.
«Педагогика және психология» мамандығының 3курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Тауекелова А.Е.

Қай мемлекеттіңде негізгі тірегі - асқақтаған күмбездер де, ғимараттар да, экономикалық жағдай да емес, білімді де білікті, іскер де, белсенді адамдар. "Біздің балаларымыз білімі жоғары жұмысшылар мен фермерлер, инженерлер, банкирлер және өнер қайраткерлері, мұғалімдер мен дәрігерлер, зауыттар мен биржалардың иелері болады (Қазақстан-2030 бағдарламасы). Әрине, "келешектің иесі - жастар". "Жастар өзінің ата-анасынан гөрі заманына көбірек ұксас келеді. (И.С.Кони). Сондықтан қоғам талабына сай, сол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техниканың деңгейі де, оны басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Осыған орай маман қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіншіліктерді қажет етеді. Ондай мүмкіншілік тек білім арқылы келеді.

Білім - қоғамды әлеуметтік, мәдени-ғылыми прогреспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Оның ең негізгі қызметі - адамның менталитетін, адамгершілігін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, дамыту. Осыған орай егеменді еліміз өзінің дамуының ең басты алғы шарты - білім беру жүйесінің білім ғасырындағы міндеті мен мазмұнын айқындап берді [1].

Білім беру сатыларының сабақтастығын камтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі, оқу мен тәрбиенің бірлігі, білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциялануы,

ақпараттануы, оқушыларды кәсіптік бағдарлау, білім беруді саралау, ізгілендіру, гуманитарландыру және т.т. – білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының ғылым және ғылыми-техникалық саясат тұжырымдамасында да ғылымды демократияландыру, интеграциялау, инновациялық процестің білім, ғылым саласында кең өріс алуы да атап көрсетілген [2].

Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты - адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. Яғни, XXI ғасырдың маманы – жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, жан-дүниесі бай, ұлттық менталитеті жоғары, кәсіби білікті маман, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, кез келген ситуациядан шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс. Ал мұндай мүмкіндіктің негізі - жоғары білімде. Өйткені жоғары білім – үздіксіз білім беру жүйесінің шешуші тетігі. Сондықтан білімгерді тек маман ретінде ғана қарамай, оны өз қоғамының азаматы, жеке тұлға, келешектің иесі, тірегі ретінде тану, соған мүмкіндік жасау қажет. Ұлттық үлгідегі жаңа парадигманың негізгі бір мәселесі – білімгерге іргелі де терең, тиянақты да жүйелі білім беру. Іргелі білім берудің міндеті – адамды ғылыми ойлауға, болмысты тану, оны қабылдаудың әдіс-тәсілдерін білуге, өзін-өзі дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге іштей қажеттілігін туғызу.

Еліміздің егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгілендіру мектепті осы кезге дейінгі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты.Білім мазмұны жаңа үрдістік біліктермен, ақпаратты қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде. Атап айтқанда:

•Есте сақтауға негізделген оқып білім алудан, бұрынғы меңгергендерді пайдалана отырып, ақыл-ойды дамытатын оқуға көшу;

• Білімнің статистикалық үлгісінен ақыл-ой әрекетінің динамикалық құрылым жүйесіне көшу;

• Оқушыға орташа деңгейде білім беретін бағдарламадан жекелеп, саралап оқыту бағдарламасына көшу.

Кез-келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарлығы, дүние жүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен жаңа технологияны енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Экономикалық күшті дамыған елдердің тәжірибесі экономика, ғылым және

мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кілті екендігін көрсетіп отыр. Ендеше қазіргі заманның ақпараттық технологиясын игеру міндетіміз [3].

Білім беру - аса күрделі әлеуметтік-экономикалық механизм. Оны реформалаудың мәселелері де сан қырлы. Қазіргі кездегі Республикамызда қолға алынған білім беру жүйесін реформалау ісі осы саланың экономикалық-ұйымдық, құқықтық, құрылымдық жақтарын түбегейлі өзгертуге бағытталған біртұтас кешенді шаралармен тығыз байланысты. Білім беру ісіндегі жаңа үрдістің мән-мағынасы, сипаты мен бағыт-бағдарын айқындаушы дәйекті факторлар:

•Қазақстан Республикасының тәуелсіз егеменді мемлекет болып қалыптасуы;

•экономиканың нарықтық моделін ұстанып, меншіктің түрлі пішімдерін дамыту;

•ұлттық білім беру ісінің әлемдік білім жүйесіне кіруі болып отыр.1999жылы қабылданған "Білім туралы" Заңда құрылымы мен мазмұныжағынан да жаңартылған ұлттық білім беру жүйесінің жаңа моделі жасалды. Осы жаңа модельге сай білім беру жүйесі 4 деңгейге: мектеп жасына дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білімге, жоғары кәсіби білімге, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім беруге бөлініп, 1997 жылы ЮНЕСКО ұсынған халықаралық білім беру жіктемесіне мейлінше сәйкестендірілді.Мектеп жасына дейінгі тәрбиелеу мен оқыту шеңберінде 5 (6) жасар балаларды міндетті түрде мектепалды даярлықтан өткізу көзделген. Бұл - мектепке оқуға қабылдау барысында балаларға бірегей бастау мүмкіндігін тудыратын маңызды шара болмақ.Жаңа модельге сәйкес орта білім беру жүйесі жалпы орта, бастауыш кәсіби және орта білім беруді қамтиды.

Базалық білім мектеп қабырғасында беріледі. Тоғызыншы сыныпты бітіргеннен кейін оқушылар тек кәсіптік мектептерде ғана емес, сонымен қатар кәсіби орта білім беретін оқу орындарында да оқуын жалғастыра алады.

Жоғары кәсіби білім беру құрылымы үш сатыдантұрады: жоғары базалық білім (бакалавриат), жоғары арнаулыбілім, жоғары ғылыми-педагогикалық немесе мамандандырылған білім (магистратура).

Еліміздің егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгіліктендіру мектепті осы кезге дейінгі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты.Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда [4].

Қазір Республика оқу орындары, педагогикалық ұжымдары ұсынылып отырған көпнұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор.Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман

болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі тізімі:
1. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения. Актобе. РИПК СО, 1999.
2. Қазақстан Республикасы “Білім мемлекеттік бағдарламасы” / Қазақстан мұғалімі. – 2000. - №33-34
3. Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан,1994ж
4. Қазақстан Республикасында орта білімнің дамыту тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан,-1997, 34б.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ МӘСЕЛЕСІ КЕШЕСІ, БҮГІНІ, БОЛАШАҒЫ

Макашова М.
«Педагогика және психология» мамандығының 3 курс студенті.
Ғылыми жетекшісі: Акылбекова Э.А.

Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері. Оның бүгінгі өресі биік өскелең мәдениетінің түп төркіні сонау VI – VIII ғасырлардағы Орхон – Енисей ежелгі түрік жазбаларынан бастау алады. Бүкіләлемдік өркениет тарихынан ерекше орын алатын әмбебап ғұлама әл- Фараби бабамыздан бастап , түркі тілдес халықтарға ортақ өшпес асыл мұра қалдырған орта ғасыр ойшылдары: Баласағұни, Қашқари, Йассауи трактаттары, сондай- ақ Алтын Орда дәуірінің даналары: Хорезми, Сараи, дулати, Жалайри, Әбілғазы,т.б. еңбектері - қазіргі ұрпақ тәрбиесі үшін теңдесі жоқ асыл қазыналар. Ал Асан қайғы, Жиембет, Ақтамберді, Шалкиіз, Бұқар, Дулат, Мұрат, Махамбет, Майлықожа т.б. сол сияқты күміс көмей, жез таңдай ақын- жыраулардың әр түрлі өмір құбылыстары, адам мен қоғам, жан мен тән, тіршілік тынысы туралы терең толғаныстарының, дана өсиеттерінің қазіргі жастардың білімі мен тәрбиесіне берер пайдасы , қосар үлесі қаншама.

XIX ғасырдың аяқ шені қазақ жерінде саяси- әлеуметтік, мәдени – ағартушылық идеялардың өркен жайып , қоғамдық санаға жаңа ғасырға тән өзгерістер ендіре бастаған екпінді де елеулі жылдар болды. Осыдан жүз жыл бұрынғы ғасырлар тоғысындағы қазақ қоғамында орыстың социал-демократтары ықпалымен және атақты Шоқан , Ыбырай , салған ізбен халықтың мәдени – экономикалық, әлеуметтік жағдайын көтеру мәселелері өз жалғасын таба берді. Осы тұстағы қоғамдық санада көрініс берген ағартушылық қозғалыс туралы «Қазақстандағы педагогикалық ой- пікірлер антологиясы» былай дейді: «Дала өлкесіне әлеуметтік - демократиялық идеялардың жаңа толықыны кіріп, аймақтарда педагогикалық ой- пікірдің

жеңіл дами бастаған кезі еді». (Антология пед. Мысли Казахст. А. Рауан, 1995ж, 12 б.) [1].

Бұл қазақ даласындағы араб, татар тілдеріндегі оқулардың, діни білімнің көңіл көншітпей, қазақ жастарының қазақ және орыс тілдеріндегі мектептерге ұмтыла бастаған, жаппай ояну үрдісі белең алған тұс болатын. Осынау мәдениет майданында оқу – ағарту ісінің алатын орны айрықша. Қазақ қоғамының бұдан жүз жыл бұрынғы ұлттық мектепке деген сұранысы ұлттық мектептің жаңа үлгісін жасауда ізденістер жасап жүрген бүгінгі сұранысымыз бен қажеттілігіміз арасындағы ортақ сарынды, ұқсастықты, сабақтастықты байқатады.

Ежелден тағдырлас, көршілес болып келе жатқан Ресей жеріндегі 1905 жылғы саяси оқиғалардан ел ішінде түрлі толқулардың болып тұрғаны тарихтан белгілі жай.Оның ықпалы қазақ еліндегі мәдени қозғалыстарға да тиіп отырған. Патша өкметінің ағарту саласындағы саясаты қарапайым халықты қанағаттандырарлық емес еді. Тарихи деректерге дер салсақ, 1911 жылы Ресей халқының 19-20% сауатты болса, қазақ жеріндегі сауаттылар саны одан да төмен болды. Рессейде жан басына шаққанда білім алуға 56 тиын жұмсалса, қазақ елінде одан 4 есе төмен, яғни жан басына 14 тиын ғана бөлінді.

Орта есеппен алғанда 1913 жылы Қазақстанда 157 орыс- қазақ мектебі болса, олардың әрқайсысындағы оқушылар саны 50-ден аспайтын. Әйткенмен , бұл цифрлар қазақ жерінде білім беру ісінің болғандығын дәлелдеп, оның қыры мен сырын тереңірек аша түсуге мүмкіндік береді. Қазақ топырағындағы алғашқы мектептердің негізін салушы, дала қоңырауы, қазақ шамшырағы атанған Ы. Алтынсарин десек, оның пионерлік ісі Қазақстанның сол кездегі барлық болыс, уездерінде өз жалғасын тауып отырған. Ағартушылық істі ақындық, жазушылық өнермен өрнектеп, журналистік, қайраткерлік, ғалымдық қабілетімен шебер ұштастыра білген.

Адамзат тудырған алыптардың қатарындағы ұлы Абай мұрасының, оның педагогикалық көзқарастарының алар орны өз алдына бір төбе. Озық мәдениеттің жарық жұлдыздары XX ғасырдың басында тәлімдік ой-пікірлерімен барша қазақ даласын дүр сілкіндірген Шәкәрім, Ахмет, Халел, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Мыржақыптардың ұлттық дәстүрді өз туындыларының негізгі арқауы еткен педагогикалық тұжырымдары қазіргі заман талабымен үйлесе үндесіп жатқандығы белгілі.

Қазіргі мектеп қандай болу керек? Бұл өте ауқымды мәселе. Бізге, Адамды – тәрбиелеп, өсіретін қоғамды жөндей алатын, өркениетті демократиялық қоғамның үлкен азаматын қалыптастырып шығаратын мектеп қажет. Ең алдымен, біздің мектептер бойына сіңгенқаыгездік пен бұйрықшыл ниеттерінен айырылып , оқушының жеке қара басына, яғни оқу- тәрбие ісін жекешелеу (диференциялау) ісін жоғары көтеру керек қой деймін. Балаға, оның тағдырына жауапкершілікпен қарау, өзін сыйлау, денсаулығын биологиялық – генетикалық жағдайы, психологиясын білу мұғалім үшін парыз. Бір сөзбен айтқанда, баланың адамгершілік құқығын сыйлау, онымен санасу керек [2].

Бүгінгі әлемдегі елдер мен халықтардың өзара тарихи байланысының дамуы, экономика, мәдениет пен ғылымның әлемдік деңгейге бет бұруы, өзекті мәселелерден туған қайшылықтар, ұлттық деңгейде қалуды көтермеуі, ғылыми-білімнің түрлі салаларында әлемдік іс- тәжірибені оқып- үйренудің қажетті шарт екенін дәлелдеуде.Сондықтан әр түрлі елдер мен халықтардың экономикалық көрсеткіштерін, әлеуметтік – саяси жүйесін, мәдениет моделін салыстырмалы түрде оқып үйрену қызығушылық тудырады. Түрлі ғылым саласындағы мамандар бүгінгі өркениетті нарыққа өту кезеңінде, республикадағы білім беру саласының әлемдік білім беру кеңістігіне енуге қадам басу шағында, әлемдік мәдениет пен ұлттық мәдениетті біріктіре оқыту мен тәрбиелеу мақсатын көздеуде. Сол себептен білікті мамандар өздерінің шетелдік әріптестерінің кәсіби іс- тәжірибесін зерттеуге, олардың жетістіктері мен кемшіліктерін талдауға , озық ойлы идеяларын өз ұлтының менталитетіне сәйкестендіруге, өз іс- тәжірибелерімен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындауға ұмтылыс білдіріп, алғашқы қадамдар жасалуда.

Сондай салалардың бірі – білім беру саласы болып табылады. XXI ғасыр табалдырығын аттаған сәтте білім беру саласы күрделі өзгерістерге ұшырауда. Білім беру саласы әлеуметтік инфрақұрылымның бірден- бір мәнді, динамикалық элементі болып келеді. Дегенмен де, барлық әлемде де білімберу саласы қандай да бір жағынан, қандай да бір түрде дағдарысқа ұшырауда. Қаншалықты дамыған ел дегенімізбен де әр елдің білім беру саласы қандай да бір мөлшерде қазіргі цивилизацияның талаптарына сай жауап бере алмауда. Сол себептен де білім беру ісін реформалау шартты.

Өркениетті елдердің бәрінде де білім беру ісін реформалау әлеуметтік саясаттың маңызы құрамды бөлігі болып табылады. Оған үкімет, парламент, қоғамдық және халықаралық ұйымдар белсене кірісуде. Реформалау көп аспектілі (салалы). Олар білім беру ісін басқаруды қайта құру және оның функцияларын жергілікті, аудандық, орталық өкіметке қайта қарап бөлумен, оқу орындарының жаңа типтерін құру, оқу – тәрбие үрдісінің мазмұны мен әдістерін модернизациялаумен сипатталады. Жаңарту не қайта құру бала-бақшадан жоғары оқу орындарына дейінгі білім жүйесінің барлық саласын қамтуда.Қазір республикамызда білім саласында демократияландыру мен ізгілендіру жүріп жатқандықтан, соңғы кездерге дейінгі дағдарыстан шығудың альтернативті жолдары көрсетілуде.

Сондай жаңа талпыныс, жаңа ашылған жолдың бірі – білім берудің жаңа жүйесінің жасалуы. Бұл педагогикадағы, тұтас педагогикалық үрдістегі өзгерістермен тығыз байланысты. Білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым- қатынас,(білім мазмұнын жетілдіру, жаңа базистік оқу жоспарына көшу, жаңа буын оқулықтары мен оқу- әдістемелік кешендерге көшу, т.б.) жаңаша ойлау қалыптасуда. Бұрынғы кезде тұлға бойында кездесетін жағымсыз қасиеттер қатарына жататын (үнемшілдік, өзіндік «мен», т.б.) қасиеттер нарық жағдайына байланысты қажет болуда және көпшілік, қоршаған орта оларды дұрыс қабылдауға дағдыланған,т.с.с. [3].

Дегенмен де, жаңарту үрдісі үлкен қиындықтарға ұшырауда, экономика, мәдениет, ғылым және әлеуметтік қатынастардағы динамикалық өзгерістерге көп жағдайда ілесе алмайды. Барлық жердегі не барлық кезде де реформалау терең теориялық базаға негізделе бермейді. Олар эмпирикалық үрдісте білім берудің жаңа жолдарын іздестіруде өзіндік «қысқағұмырлы» сынақпен не қайта жөндеу қиынға түсетін қателермен аяқталып жататыны сирек құбылы семес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Әбдіғалиев Қ. Шоғырландырып қарқынды оқыту жүйесі. // Қазақстан мектебі. – 1998.-№11-12, 24-35б.
2. Таубаева Ш.Т., Барсай Б.Т. Оқытудың қазіргі технологиялары // Бастауыш мектеп. - №3, 4, -1999.
3. Бегалиев Т.Б. Педагогика.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ МЕН ИННАВАЦИЯНЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗДЕРІ

Маматқұлова Р.
«Педагогика және психология» мамандығының 3курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Какина Д.Ш.

Еліміздің егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгілендіру мектепті осы кезге дейінгі дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам [1].

Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі - рефлекцияға қабілетті, өзін - өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани - адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға. Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды

және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс-әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру.

Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді [2]. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру - оның философиялық , психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек « кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін « үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай- ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген .

Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, басекеге қабілетті тұлға дайындау үшін

адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі.

Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби - тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат екендігін атай келе, 12 жылдық білім беруде педагог төмендегідей құзыреттіліктерді игеруі міндетті деп көрсетілген.

1.Арнайы құзыреттілік- өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілеті.

2.Әлеуметтік құзыреттілік- кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті.

3.Білім беру құзыреттілігі - педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Ендеше құзыреттілік дегеніміздің өзін қазіргі заман талабына сай педагог қауымының өзін -өзі өзгерте алу қабілеттілігі деп түсінуге болады. Білім саясатындағы түбегейлі өзгерістерді күнделікті оқу үрдісінде берілетін

тапсырмалардан бастау қажет екендігі айқын көрсетілген. Студенттер оқытушы қауымнан тек білімге ғана емес, өмірге үйретететін қабілеттілікті қажет етіп отыр. Демек, болашақ педагогтеріміз осы ақпараттық қоғамнан қалыспай: жедел ойлаушы: жедел шешім қабылдаушы:ерекше ұйымдастырушылық қабілетті: нақты бағыт- бағдар беруші болып шығуы - бұл қазіргі заманның талабы. Міне, құзыреттілік қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ мұғалім - қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың , интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

•бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);

•мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);

•оқу-танымдық құзіреттілік(өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);

• коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);

•ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық обьектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

•әлеуметтік- еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);

•тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті).

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан-жақты болуы талап етіледі.Егер педагог өзінің кәсіби өсу жобасын дұрыс жолға қоя отырып, өзінің кәсіптік қызметіне нақты берілу арқылы тұлғаның алған білімін өмірде қолдана білетіндей тапсырмалар жүйесін ұсына алатын жағдайда болғанда ғана студент құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік табады. Бір сөзбен айтқанда, тұлғаға бағытталған білімдер жүйесі білім стандартына сай тұлғаның жан-жақты дамуына негізделген, алған білімін өмірдің қандай бір жағдаяттарына қолдана алатындай дәрежеде ұсыну педагогтің құзыреттілігіне байланысты болады .

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін , барлық шәкіртін , мектебін шексіз сүйетін адам.Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті.Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі-рефлекцияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық , зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы,коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.

"Келешектің иесі - жастар". "Жастар өзінің ата-анасынан гөрі заманына көбірек ұқсас келеді [2]. (И.С.Кони). Сондықтан қоғам талабына сай, сол қоғамды көркейтетін, дамытатын,білімді жастар тәрбелеу ең маңызды мәселе екені даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б
2. С.Е. Шишов. Понятие компетенции в контексте проблемы качества образования // «Государство и образование», 2002. 88-б

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ –БҮГІНГІ ҰРПАҚТЫҢ ПАРЫЗЫ.

Мұқышева Г.
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Шакирова К.М.

«Мәңгілік ел» – ол біздің тарихи тамырымыздан қайнап шыққан ұлттық идеямыз.Және бұл идеяның «Алаш» қозғалысының да негізінде жатқандығы дәлелді қажет етпейді. Себебі алаш қозғалысының басшылары, идеологтары мәңгілік қазақ мемлекетін армандады, «бүгін болмаса ертең» қазақ елі тәуелсіздік алатынына сенді, сол жолда өмірлерін де құрбан етті. Олар келешекке, күндердің күнінде олардың ұрпақтары олар жасаған еңбекті бағалайтынына сенді, қазақ елі құрып кетпейтініне, мәңгілік екеніне сенді. Олар өздеріне артылған жүкті, кім екендерін, ішкі рухани мәндерін, тарихи тамырларын жіті ұқты. Алаш қозғалысының көшбасшысы Әлихан Бөкейхановтың өзі: «Кейінгілер ғибрат аларлық үлгі тастап кетіп алғыс алармыз ба? Жоқ, далаға лағып, жөнсіз кетіп қарғыс-лағынет аламыз ба? Кеудесінде көзі бар адам көп ойланарлық жұмыс», – деп, болашақ ұрпақ алдындағы парыздары бар екендерін айтып кетті [1]. Ахмет Байтұрсынұлы да: «Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін», – деп, қазақтың жоғалып кетпейтініне, олардың ұлт алдындағы еңбектері лайықты бағасын алатынына имандай сеніп кетті. Бір қызығы, белгілі алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбай ағамыздың «Мәңгілік ел» идеясы туралы: «Мәңгілік ел» нысанасының «рейхтық», «ағылшындық-американдық» үлгіден айырмашылығы, онда тектік шекара бар. Ол нәсілдік жікшілдік артпайды, бірақ атамекеннің азаттығын, ата-тегінің тазалығын, түркі ұлтының рухани және дәстүрлік, тілдік тәуелсіздігін басты қасиет ретінде ұстанады. Бұл нысананы әлемнің барлық ұлт пен ұлыстарына «үлгі» ретінде таңбайды. Керісінше «бәрі бейбіт, бәрі тату, бәрі қағанды» («Күлтегін») болса деп тілейді [2]. Бірақ соны тілей отырып, түркі елін де сыйлауды, онымен санасуды талап етеді.Демек, «мәңгілік ел» − түркі тегінің тұтастығы мен тәуелсіздігінің кепілдігін қамтамасыз етуге арналған тектік, иә! − тектік тазалық пен еркіндік идеялогиясы» − деген тұжырымынан тектіліктің «Мәңгілік ел» идеясымен байланысып тұрғанын аңғару қиын емес. Алаш идеясын «текті топырақта өсіп-өнген текті халықпен мәңгілік елге қадам басу» ұстанымының айналасында түсіндіре алсақ керек.

Бүгінгі қазақ идеологтарының басты міндеті осыларды қайта қарап, халықтың өзіне, заманға бейімдеп жаңаша қырынан таныту болып отыр.

«Мәңгілік ел - ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз. Ол арман әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді. Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Біз бұл армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргесін қаладық. Мен қоғамда «қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек» деген сауалдың жиі талқыға түсіп жүргенін естіп жүрмін, біліп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол - мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ - мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік ел», - деп Елбасымыз атап көрсеткендей тәуелсіздіктің тұрақтылығы мен мәңгілігі қазіргі ұрпақтың оны түйсініп, түсінуінде жатыр. Осындай қасиетті ұғымның мәнін жете ұғынып, бағасын біліп, зердесіне сіңіру қазіргі ұрпаққа жүктелер үлкен міндет болып табылады.

Қазақ халқының тарихында ғұндардан бастау алатын «Мәңгілік ел» идеясын тасқа қашалған Орхон-Енисей жазбаларынан бастап, қайда барса көрге кезіккен Қорқыт ата мен өмір бойы Жерұйықты іздеп өткен Асан қайғы бабамыздан кездестіруге болады. Олардың әрекеттерінің негізінде де осы мәңгілік ел болуға ұмтылған, мәңгілік елді орнатуға деген құштарлық жатты. Қазақстанды жарқын болашаққа жетелейтін жастар, яғни біздер бабаларымыз аңсап өткен тәуелсіздіктің туын жықпай, желбірете білуіміз керек. Өйткені, бабаларымыздың ұлан байтақ жерін қалай қорғағанын, бостандықты қалай аңсап-қадірлегенін білеміз. Жастар сондай текті ұрпақтың ұрпағы екендіктерін сезініп, осы «тәуелсіздік», «мәңгілік ел» ұғымдарын саналарына сіңіріп, қастерлеуге міндетті.

«Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Құдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылды. Осыдан кейін, «Мәңгілік Ел» «Алла Тағаланың елі, халқы» дегенді білдіреді және мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген тұмары болады деуге толық негіз бар. Мәңгілік ел дегеніміз - мемлекеттің ғасырлар тоғысында, ірі державалар арасында бәсекеге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстану деп түсінуге болады. Мәңгілік Ел идеясы - қазақ ұлтының мақсат-мүддесіне және елімізді ортақ Отан еткен жүз отыздан астам ұлттар мен ұлыстардың ұлттық идеясына негізделген идеология болатынына сенуге болады.Мәңгілік Ел — жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы [3].

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен салынған, Астанада асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды паш етіп тұрған «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасы «Мәңгілік Ел» идеясының мелекеттік идеологияға

айналғандығының бір дәлелі. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні — мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті. Мәңгілік Ел ұлттық идеясы дегеніміз — өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымыз!

«Мәңгілік Ел» идеясы ұлттық-мемлекеттік идеяның іргетасы, елдің болашағына қызмет ететін жасампаз идея. «Мәңгілік Ел» идеясы – мемлекеттілік дәстүрі.Сан ғасырлар бойы ата-бабамыздың арманы, бүгінгі ұрпақтың ақиқаты болған қасиетті тәуелсіздігімізді, елдігімізді сақтап, дамыған 30 елдің қатарына қосылу – Мәңгілік Ел болудың нысаны. Келешек ұрпақтың жарқын болашағы үшін әрқайсымыздың ортақ құндылықтарға өз үлесімізді қосуымыз шарт. Мәңгілік Ел идеясы – біздің мүдделерімізге, қоғамымыздағы тыныштыққа, ынтымақтастыққа қызмет ететін, бағыты мен бағдары анық жол болмақ. Сол арқылы бізді бейбітшілік пен келісімді, ұлтаралық татулық пен толеранттылықты сақтай отырып, сындарлы сәттерден сүріндірмейтін ұлы мұрат.

Бүгінде халқымыз «Мәңгілік Ел» идеясы – Түркі қағандарының, Қазақ хандарының қалауы, Абайдың арманы, Алаш қайраткерлерінің ғасырлар бойы армандаған, елді ымыраға ұйыстыратын, ірі мақсатқа жұдырықтай жұмылдыратын, ұлттық идеология екендігін ұғынды. Сондықтан да, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын әрбір азамат жалаудай желбіретіп, ұстанымдарын, бағыт-бағдарын көзінің қарашығындай сақтап, жоғалтпай, келер ұрпаққа аманат ете білуі қажет.

«Мәңгілік Ел» идеясын іске асыру – бүгінгі ұрпақтың парасатты парызы, келешек ұрпаққа тағылым. Осы ұлы мұратты жүзеге асырсақ, бабалардың алдындағы қарызымыз бен балалардың алдындағы парызымыздың өтелері хақ. Қазақстан әлемдегі алып елдердің қатарынан өз орнын алса, әлемге танылған елдің ұландары ел мен жердің иесі болатындай намысты болып жетілсе, ұлттық құндылықтарымыз ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырса, «Мәңгілік Елдің» болашағы баянды, келешегі нұрлы болары айқын [3].

Ғасырдан ғасырға жібек желі болып жалғасып келе жатқан бабалар аманатын орындап жалғастыру біздің еншімізде екеніне, мәңгі өлмейтін халықтың ұрпағы екеніме мақтанамын. XXI ғасыр басындағы жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды ертеңгі нұрлы болашаққа, кемел келешекке апаратын біз - жастар. Ендеше қияметтің қыл көпірінен сүрінбей өткен, тәуелсіз Қазақстанымның табанының тұғырдан таймауын тілеп, асыл мұраты алға жетелесін демекпіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәңгілік Ел: – Оқулық / М.Б. Касымбеков, С.Ж. Пралиев, К.К. Жампеисова және т.б. Абай атындағы ҚазҰПУ – Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015.

2. Н.Ә.Назарбаев халыққа Жолдауы «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар
3. «Қазақ тарихы» ғылыми – әдістемелік журналы №5 қыркүйек – қазан 2006 жыл

ҚИЫН БАЛАМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДАҒЫ МЕКТЕП ПСИХОЛОГЫНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ФОРМАЛАРЫ

Мубаракова Д.
«Педадгогика және психология» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Бижанова Ғ.Қ.

Жалпы білім беретін орта мектептерде тәрбие жұмыстарын одан әрі жетілдіру, оқушылардың тәртіп бұзушылығын болдырмауды алдын алудың формалары мен әдістері белгіленген. Әрине, жекелеген оқушылардың қоғамға жат мінез-құлықтар көрсетуі және заң тәртібін бұзуы, мектеп және жұртшылықтың тәрбие жұмыстарынан кеткен кемшіліктерден демекпіз. Қиын балаларды қайта тәрбиелеу, қоғамдық орындарда тәртіп сақтау және заң нормаларын ұстау, оқушылардың күнделікті әдет-дағдыларын сіңіру мемлекеттік міндет ретінде қарастырылып отыр. Бұл істі шаруашылық, әкімшілік ұйымдар, қоғамдық ұйымдар, мектептер мен отбасылардың бірлесе отырып атқаруы қажет.«Қиын» оқушыларды тәрбиелеу мәселесі мұғалімдердің, ғалымдардың, педагогтардың, психологтардың әрдайым назарында. Ал, елімізде оларды тәрбиелеу мен бірнеше ондаған арнаулы мектеп-интернаттар айналысады. Өйткені, мектептердің оқушылар ұжымында балалардың осындай арнаулы категориялары әлі де кездесіп қалып отырады [1,12б].«Қиын» балалар қатарына психикалық дамуы уақытша баяулаған тез ашуланшақ, уайымшыл, өзін төмен санайтын, мінез-құлқында психопатиялық формалар кездесетін, кейде ашулары «қайнағанда» дәрі-дәрмек беру арқылы қозу күйін тежейтін балалар жатады.

Осындай оқушыларға педагог тарапынан гуманистік қасиеттер мен этикалық талап-тілектер қоя білетін педагогтік шеберліктер қажет.«Қиын» балаларды қайта тәрбиелеу мәселелері жаңадан ғана қаралып отырған проблема емес, революциядан бұрынғы орыс және шетелдік педагогикалық ойлардың қайраткерлерінің бірі П.Г.Бельский, А.Богдановский, А.Я.Герд, Д.А.Дриль, Д.Р.Тальберг, А.А.Фидлер және т.б. [2,25б].

20-30 жылдары құқық бұзушы және баспанасыз қалған балалардың проблемасын қолға алып, зерттеу жұмыстарын жүргізе бастады. Бұл мәселелермен еліміздің аса көрнекті педагогтері мен психологтары Н.К.Крупская, С.А.Макаренко, С.Т.Шацский, А.С.Выготский және т.б. шұғылданды.

30-50 жылдар аралықтарында объективтік жағдайларға байланысты тоқтап қалып, тек 50-60 жылдардан кейін ғана қиын балалар мәселелерімен шұғылданушылардың ғылыми еңбектерінде В.А.Сухомлинский, Л.С.Славина, Г.П.Медведев, Л.М.Зюбин, Э.Г.Костяшкин, Г.А.Уманов, М.А.Невский, З.И. Шыныбеков, В.В.Трифонов, Р.К.Мәмбетова, Л.К.Керімов т.б. жарық көре бастады. Бұл ғалымдардың зерттеу жұмыстарының дәлелдеуінше, «қиын» балалардың пайда болуына үш фактор себеп болады:

1) отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы, яғни тұрмыстағы ұрыс-талас, дау-жанжал баланың психологиялық ерекшеліктерін ескермеу, маскүнемдік, ата-ананың біреуінің болмауы т.б. жағдайлар себепші болған;

2) мектептегі оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда кеткен кемшіліктер, яғни жекелеген оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктерін, ынта-ықыласын, қызығушылығы мен талап-тілегін ескермеу тәрізді себептер мүмкіндік берген;

3) жұртшылықтың тәрбие процесіне толық көңіл аудармауынан, яғни балалардың тұратын ықшамаудандарында әр түрлі үйірме жұмыстары мен спорт секцияларына тиянақты тартылмауы, бос уақыттарын дұрыс ұйымдастырылмау салдары да негіз болған [2,28б].

«Қиын» балалардың жеке-даралық ерекшеліктерін өмір жағдайымен, тәрбие мен өзара әрекеттігін есепке алып, кешенді құрама түрінде зерттеп, іске асырған П.П.Блонский (1936 ж) болды. Оның зерттеуінің негізгі мақсаты балалардың өмір сүру мақсатымен оның деңгейін анықтау. Ол «қиын» балалардың мінез-құлық тарихын мектеп, отбасы арқылы ашып көрсетеді.

Бұл балаға былайша мінездеме береді: объективті көзқараспен қарағанда қиын оқушы мынандай, ол мұғалімнің жұмысының жемісті еместігіне байланысты, ал субъективті көзқараспен қарағанда «қиын» оқушы мынандай, онымен мұғалімдерге жұмыс істеу қиын, мұғалімнен көп жұмысты істеуді талап ететін оқушы, «істі бүлдіруші» оқушыларға толыққанды мінездеме бере отырып, П.П.Блонский өз жұмыстарында мектепті, сыныпты ұйымдастыруға баса көңіл бөледі. Оның пікірі бойынша, қайта тәрбиелеудің нағыз тура жолы тәртіп бұзушыларды мәдениетсіз ортадан мәдениетті балалар ұжымына біртіндеп әкелу болып табылады.

Көп жылдық оқу мен бақылау негізінде И.А.Невский қиындықпен тәрбиеленетін баланың пайда болуын, балалар мен отбасында, мектепте жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарының жеткіліксіздігінен, кемеліне жетпеген педагогикалық практика нәтижесінен деп түсіндірді. Әрі қарай ойын былай көрсетеді: бұл қыңыр құбылыспен күресу бағытының шешімі мұғалімнің тиімді әдістерді меңгеру қабілетіне қарай емес, сол әдістерді дұрыс пайдаланып, дұрыс игеруіне негізделеді [3,45б].

Қиын оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу қазіргі таңда педагогикалық-психологиялық проблема ретінде күн тәртібінен түспей отырған мәселе «қиын оқушылар» санының жылдан-жылға артуы. «Қиын оқушылар» тек жасөспірімдер арасында емес, бастауыш сынып оқушыларының арасында да бар. Сондықтан, оқушыларды ерте жастан, бастауыш кезеңінен бастап қолға

алу керек. «Қиын бала» деп тек қана сабақ оқымайтын, қиқар, тәртіпсіздікке бой алдырған балаларды ғана атауға болмайды. Психологияда үндемейтін, ішімдегіні біліп ал деп томаға тұйық жүретін балаларды да «қиын балаға» жатқызады [4,60б].

Осы орайда ғалым педагог В.Трифонов тәрбиесі нашар балалардың пайда болуына қоршаған шағын ортасы, отбасындағы тәрбиесі ықпал ететіндігін атап көрсетті. Зерттеу барысында байқағанымыз: қиын балалардың 44%-ы толық отбасы болмағанынан, 30%-да жақын туыстарының заң алдында жауапқа тартылғандар, ал 15%-да әке-шешенің біреуі ішімдікке салынғандар екен. Бұдан шығатын қорытынды: қиын балалардың пайда болуының себебі – *отбасы тәрбиесінің дұрыс жолға қойылмауы*. Тіпті жағымды отбасының өзінде бала тәрбиесіне ата-аналар 18-20 минут қана бөлінеді екен. Қалған уақытта бала компьютер, телефон, телевизор, дискотека, т.б. сияқты балаға өзіне ұнайтын нәрселермен айналысады.

Қиын балалардың пайда болуының әлеуметтік себептерімен бірге экономикалық жақтарын да ескеру керектігі туралы: ерекше заң бұзушылар жоқ, тек қиын жағдайға тап болған адамдар бар, яғни белгілі бір ортасыз, достарынсыз қалған, жанашыры жоқ, тұрмыстың бар ауыртпашылығы бір өзінің мойнына түскен өмірлік тәжірибесі жоқ кез-келген бала заң бұзушылыққа барады деуімізге болады. Соңғы жылдары қоғамда жүріп жатқан түрлі өзгерістер, әсіресе, ел экономикасының нарықтық қатынастарға көшуі, ұрпақ тәрбиесіне өз салқынын тигізуде.

Балалардың мінез-құлқы - отбасындағы қарым-қатынастың қалыптасуының нәтижесі. Сондықтан, бала тәрбиені отбасынан алады. Отбасындағы өзара қарым-қатынасты түзеуіміз керек. Сынып жетекшісі әрбір отбасы ерекшелігіне байланысты өзінше жол таба білуі қажет. Ол үшін, сәтсіз отбасының пайда болу себептерін анықтауымыз керек. Ол әр отбасында әртүрлі болатынына зерттеуіміз арқылы көзіміз жетті. Бұған тоқталсақ, жалғызбасты ана тәрбиелеп отырған отбасында «қиын» бала көбірек кездеседі екен. Бұндай отбасындағы жағдай өте салқын, немқұрайдылық, ішкі сезімталдықтың жоқтығы аңғарылады. Сынып жетекшісі осындай отбасымен жұмыс жүргізуде жетістікке жету үшін мынадай бағыттарды ұстануы қажет.

Баланың анасының сеніміне кіруі, баланың анасының орнына өзін қойып көруі,себебі сонда бұл, балаға деген көзқарасын бақылай білуге көмектеседі.

Баланы болашағына қызықтыру, балаға деген ананың және баланың анаға деген жауапкершілігін ояту. Баланың жан дүниесін түсінуге, ойын бөлісуге ата-ананы шақыру. Ата-анаға баласына ашылып, өзінің жоспарын айқындау жөн екендігін түсіндіру.Қазақ, балаңды: 5 жасқа шейін ханыңдай, 15 –ке шейін құлыңдай,15-тен кейін досыңдай ұста деп бекер айтпаған болса керек.

Келесі бір көп кездескен түріне балаға деген бақылауы, қадағалауы жоқ отбасы болып табылды.Бұндай отбасында әдетте ата-ана арақ-шарапқа үйір болып келеді екен. Мұндай отбасындағы әке-шешенің міндеті шектеулі, баланың жан дүниесіне деген түсіністік, тіпті бала мен ата-ана арасындағы байланыстың болмауы байқалды.

Бұндайда біріншіден, шыдамды түрде ата-анаға өмірде бұл қылықтың өзіне немесе баласы үшін, зиян келтірер зардабы барын түсіндіру, көздерін жеткізу қажет. Сонымен қатар, әке-шешенің осындай жүріс-тұрысы үшін, баланың көретін азабы, ұяты мен қиналысына көңіл аударту басты назарда болуы керек. Отбасында ата-ананың қайсысының беделі жоғары екендігін анықтап, оның отбасылық өмірін өзгеруіне көзін жеткізу бұл сынып жетекшісінің міндеті. Бұл отбасындағы жасөспірімді айналадағы адамдармен көбірек дидарластырып, қолдау көрсету, бақылап отыру қажет.Тағы бір кездескені отбасында баланың кішкентай қателігіне бола ұрып-соғып жазалауды жөн деп санайтын ата-аналар. Әдетте, бұл үйдің баласы өте қатыгез, ашушаң болып келеді.

Бұндай жағдайда да, ата-ана қылығының дұрыс еместігіне көздерін жеткізу керек. Балаға өзінің досыңдай, қатарындай қарап, күш көрсетуден аулақ болуға шақыру, бала тәрбиелеуде шыдамдылықтың қажет екендігін түсіндіру шарт. Сыныптағы тәрбие жұмыстарына бұндай ата-ананы үнемі араластыру қажет. Себебі, педагогикалық іш-шараға араласқан ата-ана, баласын басқа қырынан көреді және баласымен өзара қарым-қатынасын өзгертеді.

Зерттеуімізде алған нәтижелерді өңдей отырып, мынадай*«қиын» балалармен жұмыс істеу жолдарын қарастырдық:*

1.Балаға ілтипатпен, ізгі тілектестікпен қарау;

2.Оның жақсы қасиеттеріне сүйену. А.Бебельдің: «Әр адамның бойында ояту және жетілдіру ғана керек сан-алуан қабілет болады» деген керемет сөзін есте ұстап, әр оқушының жақсы жақтарын табу және оны дамыту.

3.Баланың бойында қоғамдық қызметке бейімділігі бар екенін дәлелдеу.

Мектеп психологының қиын баламен қарым-қатынасында қолданатын формасына: сұрау, талап ету, сендіру, бұйыру, мадақтау, жазалау т.б. Бұл формалардың бәрін қолдануды білгенімен, кейде оның ретін, жөнін, мөлшерін білмей жатады. Оны педагогикалық тактыны жете меңгерген адам ғана біледі.

Зерттеуіміздің негізінде анықталған, қиын балалардың жұмыс істеудің негізгі шарттарына тоқталайық:

1) Әрбір қиын баланы жан – жақты зерттеп, мінез – құлықтарының бағыт – бағдарын айқындау, оның ішіндегі адамгершілік типтегі қасиеттерін іріктеп алу.

2) Әрбір оқушының бойындағы адамгершілігін анықтай отырып, соның негізінде тәртіпті, айналасындағы өмірге көзқарасты, ұжымдық қарым – қатынас дағдыларын қалыптастыруды ұйымдастыру.

3) Әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне және творчестволық талап – тілектеріне орай, қабілеті мен икемдектерін дамыту, қоғам жұмыстарына қатыстыру.

4) Кейбір қиын оқушылардың оқу – тәрбие процесінде ұжымдық өмір қарым – қатынастарында ұсқынсыз ауытқушылықтар болса, дәл кезінде қол үшін беріп, одан сақтандыру, оны туғызатын әрекеттерді жоюымыз керек.

Қиын баламен жұмыс жасаудың бір түрі-*әңгімелесу,* оқу – тәрбие процесінде ең қажетті құралы. Оқушының жеке басына түскен жағдай, оны

ортаға салуға болмайтындай болса, онда мұғалім не тәжірибелі педагог баламен жеке сырласу арқылы баланың өмір сүру туралы жақсы пікірлерінің қалыптасуына, көздерін жеткізе алады.

Халқымыздың рухани мұраларының бірі-*салт-дәстүрді де қиын баламен жұмыста қолдануға болады*. Сол арқылы, ұрпаққа адалдық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, отбасы тәрбиесіне байланысты тәлім-тәрбие беретіні ежелден белгілі. Балаларды, нашақорлықтан, ұрлықтан арашалауда, олардың санасына кісілік, адамгершілік қасиеттің рухын ұялатуға берері көп. Ата-бабаларымыз әдептілігімен, өнерпаздығымен отбасы мүшелерінің бір-біріне деген өзара достық қарым-қатынасымен, ерен еңбегімен балаларына үлгі өнеге көрсеткен.

Сол сияқты, *тіл* де қиын бала мәселесін шешудің бір жолы болып табылады.Тілі енді шығып келе жатқан нәрестенің дұрыс ана тілінде сөйлеуіне де, зор мән берілген, әртүрлі жаңылтпаш, мақал-мәтелдер үйретететін, еретегілеп айтып беретін ата-аналарының «бала-біздің болашағымыз» деп қарауы, болашақ ел ұрпағының жақсы адамзат болып өсуіне зор ықпалын тигізері анық.

«Елдің көркі тіл десек, тілдің көркі сәби ме деп қаласың», -деп Қ. Мырзалиев тегін айтпаған. Сондықтан, отбасы мүшелері арасында жақсы қарым-қатыныс қалыптасқан болса, олар өз ана тілінде сөйлесе, ол жанұяда мәдениетті азамат өсіп шығатыны сөзсіз [5,71б].

Қиын бала мәселесі қаншалықты өзекті болғанымен, зерттеу барысында байқағанымыз, дұрыс берілген тәрбие мен қарым-қатынас, бұл мәселені шешудің бірден- бір жолы демекпіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметжанова Н. Мінез-құлқы қиын балаларға психологиялық мінездеме.-А.,2001ж.
2. Абрамова Г.С. «Практическая психология» Екатеринбург:Деловая книга,-М1998г.
3. Рожков М.И. «Воспитание трудного ребенка. Дети с девиантным. -М.1998г.
4. В.Г. Психология трудных школьников. – М., 2001г.
5. Қалдаров О.Б. Жеткіншектердің дамуы. – А., 2000ж.

ЖҮЗУ САБАҚТАРЫН ӨТКІЗЕТІН ЖЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ГИГИЕНАЛЫҚ ТАЛАПТАР

Мырзахметов А.
«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, Абилхаиров О.Е.

Жүзу сабақтары мен жарыстары табиғи ашық суаттарда, ашық және жабық жасанды бассейндерінде өткізілуі мүмкін. Табиғи суаттар бұқаралық дене тәрбиесі мақсатында, суға түсетін және шынығатын

орындар ретінде пайдаланылады. Ол үшін суға түсетін орындар мен жаға жайлар ұйымдастырылады.

Жүзуге алғашқы үйретуді гигиеналық тұрғыдан жарамды, ашық суаттарда бастай беруге болады. Егер суат оқытушы-машықтандырушы сабақтар мен спорттық жарыстар үшін пайдаланылса, мұнда жасалатын құрылғылар үлкен материалдық шығындарды талап етпейді. Өзенде, көлде, тоғанда, теңізде жүзу үшін жасалған табиғи бассейндер кең тараған. Күннің, ауаның және қоршаған табиғаттың жағымды әсерлері сабақтардың сауықтырушы эффектін едәуір көтерді [1].

Табиғи суаттан бассейнді таңдаған кезде су ағысының жылдамдығын, суаттың тереңдігін, түбінің, жағаларының санитарлық жағдайын есепке алу керек.

Бассейндердің құрылысы алуан түрлі болады. Дегенмен оқу-спорттық жұмыс пен жарыстар үшін жүзуге арналған дистанцияларға сәйкес, олардың ұзындығын 25 және 50 метр етіп жасайды.

Ағынды суаттардағы көпшіліктің түсетін және жүзетін бассейндер суының алаңы ересек адамдар үшін кемінде 5 $м^2$, балалар үшін 2 $м^2$, ал ақпайтын суаттардағыдағы бассейндер суының алаңы жасына қарамастан бір адамға 8 $м^2$кем емес болуы керек. Жүзу білмейтіндер үшін су базасында жәшік секілді арнайы ағаш бассейндерді орнатады. Су алаңы бір адамға 3 $м^2$, тереңдігі 1-1,2 м, ересектер мен балаларға арнап су бетінің алаңы 0,5-0,8 м бекітіледі. Бассейн түбінің және қабырғаларының бүтіндігін күнде-күнде тексеріп, балшық пен сілекейден тазартып тұру керек.

Суға түсуге берілген жерлердің шекараларына айқын көрінетін белгілер мен қоршаулар орнатылады. Қоршаулар тайғанақ емес (дем алған уақытта ұстап тұруға болатын) берік, суға шомылушылар сүйенгенде батып кетпеулері керек.

Табиғи суаттардағы жүзуге арналған бассейндер қасында ұйымдастырылатын жағажайларда халықтың тығыздығына байланысты ыңғайсыздық пен жердің ластануын болдырмас үшін, әрбір келушіге 3 $м^2$ алаң қажет. Жағажайға жақын жерлерде ағаштардың егілгені дұрыс. Ол көрікті жай туғызады, жел мен шаңнан қорғайды, тенттер болмаса да, ауа ванналарын қабылдауға мүмкіндік береді. Жағажайларда әйелдер мен ерлерге арналған киім шешетін орындарды, душтарды, әжетханаларды, күтуші қызметшілер бөлмелерін, ал үлкен жағажайларда - буфет, медпункт құру көзделеді. Канализация жоқ жерде, әжетханаларды жағажайдың және суаттың артқы шекарасынан кемінде 50 м жерге орналастырады.

Жағажайлардың санитарлық-эпидемиологиялық жағдайлары, едәуір бактериялық ластануына байланысты, ерекше қадағалауды талап етеді. Мысалы, кейбір оңтүстіктегі курорттар жағажайының 1 гр құмында 7 млн микробтар табылған.

Жағажайлар ластануының алдын алу үшін, оларды тамақ қалдықтары мен қоқыстарды тастайтын урналармен қамтамасыз ету керек.

Жүзуге арналған жасанды ашық бассейндердің табиғи суаттардағы бассейндермен салыстырғанда, бірқатар гигиеналық артықшылығы бар. Табиғи суаттағы бассейнге қарағанда, мұның суы күнмен шапшаң жылынады. Суды жылытатын құрылғысы бар болса, мұндай бассейндер жыл бойы жұмыс істей алады. Жасанды бассейндер сабақтардың қауіпсіздігін толық қамтамасыз етеді.

Бассейн ваннасы, әдетте, темір-бетоннан жасалады. Ішкі беті кафельмен өңделеді. Бассейн ваннасының аумағына қарай кіші - ұзындығы 25 м және үлкен - ұзындығы50 м, ені 10, 12,5, 15, 21, 25 м болып бөлінеді де, әрқайсысының ені 2,25 м кем емес бірнеше жүзу жолдарын жасауға мүмкіндік береді. Қабырғаларының ұзын бойымен судың ең ластанған үстіңгі қабатын ағызып жіберу үшін науа құрады. Су деңгейінен 1,2 м тереңдікте ені 15 см шұғылданушылар демалып тұратын шығыңқы жер жасалады, сонда жаңағы науа қолмен ұстап тұратын тұтқа ретінде қолданылады. Старттық тумбалар бассейн ваннасының ең терең бас жағына қойылады. Тумбалар саны жүзу жарысы жолдарына сәйкес келеді. Судан шығу үшін, бассейн ішіне шығып тұрмайтын басқыштарды орнатады [2].

Ашық жасанды бассейндерге, суды ластанудан сақтауды, тазартуды және залалсыздандыруды, сапасын қадағалауды және т.б. шараларды жүргізуді қамтамасыз ететін, шұғылданушылардың келіп-кету қозғалысының белгілі бір графигін жасау және сақтау қажет. Судың мөлдірлігі, диаметрі 20 см ақ дискіні бассейннің қай жеріне тастаса да көрінуі керек. Судағы асылып тұрған заттардың мөлшері 6 мг/л шамасына дейін ғана болуы мүмкін, реңі — 40° дейін, гельминттер жұмыртқасы - $1м^3$суда 1 данадан артық емес.

Жүзуге арналған ашық бассейндер суының температурасы 28° тең, су добы спорты түрі үшін 29°, жүзуге үйрету үшін 30° болуы керек.

Жүзуге арналған жасанды жабық бассейндер бірнеше аумақты ванналардан соғылады. Бассейндер ұзындығы 25 немесе 50 м, ал ені 10, 12,5, 15, 21 м болады да, 4, 5, 6, 8 жүзу жарыс жолдарын жасауға мүмкіндік береді. Кіші бассейндердің бір сәтте өткізуші қабілеті 25-30 адам, үлкен бассейндердің өткізуші қабілеті 50-60 адам.

Ванна орналасқан зал - бассейннің негізгі орны болып келеді. Оның вертикалды қабырғалары мен түбі бар, тік тіректерге орнатылған темірбетон конструкция. Ванна астындағы кеңістік, бассейн ваннасының гидроизоляциясы бұзылса немесе суы жерге кетсе, ғимарат фундаментін бұзылудан сақтайды. Ваннаның ішкі беті ашық түсті кафель плиткаларымен өңделеді. Оның қас беті жүзуші айналған кездерінде, қолдары тайып кетпес үшін бедерлі плиткалармен өңделеді. Ваннаның қабырғаларына су кететін науалар шұғылданушылар дем алып тұратын шығыңқы жерлер мен судан шығатын басқыштар орнатылады. Ванна

бұрыштарынан 4 м шегіндіріп, су астында жүзушілерді бақылауға арналған терезелер жасалады. Ваннаның ең терең жері 4,5 м, таяз жері 1,1 м, түбі еңіс болуы керек [3].

Бассейн залының қабырғалары ашық түсті плиткалармен әшекейленеді. Ванналар бойына ені 1,5 м, айналып өтетін өткелдер құрылады. Жолдар бассейн ваннасынан сыртқа қарай еңіс етіліп жасалады. Аяқтардың тоңазуын болдырмас үшін айналмалы жолдардың беті 31° дейін жылытылып тұрады. Ваннаның жағасы айналмалы жол деңгейінен 8-10 см көтеріңкі болуы керек.

Трибунаның бірінші қатарындағы еденін жолдан 1-1,1 м биіктікке көтеріп орнатады және 0,8 м биіктігі бар тосқауыл жасайды.

Бассейн залының жасанды және табиғи әдіспен жақсы жарықтануы керек. Жарық коэффициенті кемінде 1/5-1/6 тең. Залдың терезелері, шұғылданушылар бассейнде терезелердің ойығынан соққан ауа ағындарын сезбеу үшін бойлық жақтарында айналмалы жолдың деңгейінен кемінде 1,5-2 м биіктікке орналастырылады.

Санитарлық ережелер мен көптеген зерттеушілер ұсынысы бойынша, ересектер үшін жабық бассейндеріндегі су температурасы 24 - 26° шегінде тербелуі керек. Балаларға арналған бассейіндеріндегі су температурасы 26° кем болмағаны дұрыс. Суға секіру және су добының бассейндерінде28°, жүзуге үйретететін бассейндерде 29°.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Алиакбарова 3. М. Мектеп жасындағы балалардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасының негіздері. Алматы, 1993. -156 бет.
2. Алимханов Е. Балуанның дене-күш қабілетін арттыру. - Алматы, 2004.- 72бет.
3. Александров А. А. Санитарно-эпидемиологический контроль. -М.:

ҰБТ-НЫ ТАПСЫРУ КЕЗІНДЕ МАТЕМАТИКАДАН КЕЙБІР ЛОГИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ ТӘСІЛДЕРІ

Намиалиев Қ.
«Математика» мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Джакетова С.Д.

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білімнің, іскерліктің болуын қамтиды.Оқушының белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін және кеңінен ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Сондықтан да, мектептегі оқу процесінің негізгі мақсаты арнайы педагогикалық әдістермен мақсатты және жүйелі түрде оқушылардың интеллектік, шығармашылық ойлауын дамыту, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру. Әр адамның бойындағы туғаннан пайда болған

интуициясын әрі қарай дамытуға ықпал ету, оқушының табиғи қасиеттерін, математикалық білімін тереңдету үшін оқытуды жоспарлы түрде ұйымдастыру, өз бетінше білім алу дағдыларының дамуына негізін салу болып табылады. Сабақта оқытудың педагогикалық технологияларын тиімді қолдана білу. Оқушының логикалық ойлауын және таным белсенділігін қалыптастыру барысында шығармашылық ізденістің тиімді жолдарын үйрету, білім сапасын көтеру [1].

Логика – (грек тілінен алынған logic - сөз, ой,ойлау, ақыл-ой) ойлаудың заңдылықтары мен түрлері туралы ғылым. Объективті пікірлерге негізделген процесс логикалық ойлау деп, ал дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым логика деп аталады. Логикалық ойлаудың қисындылығы олардың шындыққа сай келуінде. Логикалық тұжырым теориясының ең алғаш грек философы Аристотель негізін қалаған. Ой әрекеті барысында адам қоршаған дүниені танып, білу үшін ерекше ақын қызметін орындайды. Бұл нақты қызметіне талдау, біріктіру, салыстыру, дерексіздендіру нақтылау және қорытындылау арқылы жүзеге асырылады.

Оқу еңбегінің қаруы - ой. Оқушылардың өз бетімен жұмысын қалыптастыру оқушының пәнге деген қызығушылығынан және қажеттілігінен туады. Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – жұмыстарды орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту.

Оқушылардың жеке ойлау қабілетін дамыту үшін олардың өзіндік күш қуаты мен сенімін арттыру керек. Қолынан келетін көп істердің мүмкіндіктеріне бағыт берген абзал. Оқушылардың білімді меңгеру үрдісі негізінен мына компоненттерден тұрады:

1) қабылдау; 2) түсіну; 3) есте сақтау; 4) қорыту және жүйелеу.

Оқушылардың ойлауын дамыту туралы М. Жұмабаев былай деген: «Ойлауды өркендету жолдары. Ойлау - жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде, сақтықпен басқыштап іс істеу керек» [2]. Логикалық есептерді шығару үшін арнайы терең білімнің қажеті жоқ, тек ойлана алу, болжамдау, тапқырлығы болса, зейін қоя білсе жеткілікті. Логикалық есептерді шығару ғылыми проблемамен тұспа-тұс сияқты. Өйткені есептегенде гипотезаны айта білу, оларды тексеру маңызды болып табылады. Логикалық есептердің түрлері өте көп. Бірақ олардың санқырлылығына байланысты, арасынан ең жиі кездесетін түрлерін атап өтсек: 1)кесте арқылы шығарылатын логикалық есептер; 2) жиындарды реттеуді қажет ететін логикалық есептер; 3) болжамдары бар логикалық есептер; 4) олимпиадалық есептер.

Қазіргі талапкерлердің тесттер жинақтарына логикалық есептер қосылды. Осы орайда логикалық есептерді ҰБТ тапсырып жатқанда тез шығару өте қиын. Сондықтан оқушы осындай есептерді шығарғанда алдын-ала ең бастысы дағдысын қалыптастыру қажет. Ал енді ҰБТ-да жиі кездесетін есептерді талдайық. Талапкер осылай талдаса уақыттан ұту ықтималдығы мол.

Бұл математика пәніндегі күрделі тақырыптың бірі. Осы тақырыптан кейін түрлі функцияның графиктерін саламыз, яғни, графиктерді сызу үшін


нүктелерді дәл таба білу керек. Координаталық жазықтықта нүктелердің координаталарын таба білуде логикалық ойлауды қажет етеді. Сондықтан мына сызбаны координаталық нүктелерін таба отырып, қағаз бетіне түсіру керек.

№1 .«Тышқан»суреті.

Координаталары:(- 6; 0) (- 3; 2) (- 4; 3) (- 3 ; 4) (- 2; 4) (-1; 3) (- 2; 2) (- 1; 2) (0; 3) (3; 3) (5; 1) (5; 0)(3; – 2) (-2: 2) (3; -1) (0; – 1) (- 1; -2) (-2; -2) (-1; -2) (-3; 0) (-6; 0).


Қосымша: (-3; 1) (5; 1) (7; 3).

№2. Логикалық есептер граф арқылы да шешіледі.



Сынып біріншілігі.Үстел тенисі бойынша сынып біріншілігіне 6 бала қатысты: Айгүл, Бекжан, Тимур, Гүлім, Дамир, Еркін. Біріншілік айналу жүйесі бойынша өткізіледі – жарысқа қатысушы әрбір адам қалғандарымен бір-бір рет ойнап шығады. Бұған дейін бірнеше ойын өткізілген болатын: Айгүл Бекжанмен , Гүліммен Еркінмен; Тимур, бұрын айтылғандай, Айгүлмен және Гүліммен; Тимур– Гүліммен, Дамир – Тимурмен және Еркін – Айгүлмен және Тимурмен ойнаған. Бұған дейін неше ойын ойналған және тағы неше ойын қалды?

Талқылау. Берілген есепті схема түрінде кескіндейік. Қатысушыларды нүктемен кескіндейміз: Айгүлді – А нүктесімен, Бекжанды – Б нуктесімен т.с.с. Егер қатысушылардың екеуі ойнап кеткен болса онда оларды кескіндейтін нүктені кесінділермен қосамыз. Сонда 1-суретте көрсетілгендей схема шығады.



Мұндай схемаларды графтар деп атайды. А, Б, В, Г, Д, Е нүктелері графттың төбелері, оларды қосатын кесінділер графтың қабырғалары деп атайды. Граф қабырғаларының қилысу нүктелері оның төбелері болып табылмайтының ескерте кетейік. Шатастырып алмау үшін граф төбелерін көбінесе нұктелермен емес, кішкентай дөңгелектермен кескіндейді. Қабырғаны көбінесе түзу сызықты кескінділермен емес, қисық сызықты кескінділермен – «доғалармен» кескіндеген ыңғайлы болады екен.

Ал енді есебімізге оралайық. Бұған дейін өткізілген ойындар саны қабырғалар санына тең, яғни 7. Өткізілуге тиісті ойындардың санын табу үшін, тағы бір граф сызайық, оның төбелері бұрынғыдай, бірақ қабырғалары бір-бірімен әлі ойнамаған балаларды қосатын кесінділер болады, 2-сурет. Бұл графтың қабырғасы 8 болып шықты, демек, әлі 8 ойын өткізу керек: Айгүл – Тимурмен және Дамирмен, Бекжан – Тимурмен, Дамирмен және Тимурмен т.с.с. теннис ойнауы керек.

№3. Осындай есептерді теңдеулер жүйесін құру арқылы шығарған тиімді.

Пароход А қаласынан өзен ағысының төменгі жағында орналасқан В қаласына дейін (тоқтаусыз) 5 сағат жүзген. Пароход, кері қарай, ағысқа қарсы (әлгіндей меншікті жылдамдықпен әрі тоқтаусыз) 7 сағат жүзген. Сал А -дан В-ге дейін қанша сағат жүзеді (сал өзен ағысының жылдамдығындай жылдамдықпен қозғалады) ?

Талқылау. Пароходтың тынық суда (яғни меншікті жылдамдығымен жүзгенде) А -дан 5-ге дейінгі ара қашықтықты жүзіп өтуге қажет уақытын (сағат есебімен) х арқылы, ал у арқылы — салдың жүзу уақытын белгілейік. Пароход бір сағатта АВ қашықтығының $\frac{1}{x}$-бөлігін, ал сал (ағыспен) осы қашықтықтың $\frac{1}{y}$ бөлігін жүзіп өтеді. Сондықтан пароход өзенмен төмен қарайбір сағатта АВ қашықтығының $\frac{1}{x}+\frac{1}{y}$ бөлігін, алжоғары қарай (ағысқа қарсы) $\frac{1}{x}-\frac{1}{y}$ бөлігін жүзеді. Біз есептің шартынан пароход өзенмен төмен қарай бір сағатта ара қашықтықтың $\frac{1}{5}$ бөлігін, жоғары қарай $\frac{1}{7}$- бөлігін жүзіп ететінін білеміз. Осыдан мына теңдеулер системасын құрамыз:

$$\begin{cases}\frac{1}{x}+\frac{1}{y}=\frac{1}{5},\\ \frac{1}{x}-\frac{1}{y}=\frac{1}{7}.\end{cases}$$

Осы жүйені шешу үшін бөлшектің белімінен арылудың керегі жоқ: тек бірінші теңдеуден екінш і теңдеуді шегеру керек екенін атап керсетеміз. Осының нәтижесінде біз мына теңдеуді шығарып аламыз:

$\frac{2}{y}=\frac{2}{35}$ бұдан у = 35.

Сал А-дан В-ге дейін 35сағат жүзеді.

№4. Осы реттіліктегі цифрді атау қажет. 1, 2, 6, 24, 120, ... Осындай есеп тесттерде өте жиі кездеседі. Оны табу үшін осы реттіліктің жалпы формуласын құрамыз.

Осы формуланы анықтау үшін мен соңынан шешуді ұйғардым. (120-24)/24=4; содан (24-6)/6=3, (6-2)/2=2 , яғни әрбір санға 1-ге артатындай сан тіркелген. Ал жалпы формуласы A*n. A алдындағы сан, n-санның номері. Жауабы: 120*6=720

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Білім туралы Заңы. – Астана, 2004.
2. Логикалық ойлау қабілетін дамыту //Қазақстан мектебі. Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал. – Алматы, 2008. – №11.
3. Математика және физика // Ғылыми - әдістемелік журнал . – №4-2007, 2008.

МӘҢГІЛІК ЕЛ – БҮГІНГІ БІЗДІҢ ТҮСІНІГІМІЗДЕГІ МЕМЛЕКЕТ

Нуркенова Г.
«Педагогика және психология» мамандығының 2-курс студенті
Ғылыми жетекші Мусирова Г.Б

«Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы».
Н.Ә.Назарбаев.

Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арман. Ол арман-әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Көне түркілер аңсаған Мәңгілік Ел – бүгінгі біздің түсінігіміздегі мемлекет. Мәңгілік Ел идеясын жаңғырту арқылы Қазақ мемлекеті өзін ежелгі Ұлы Даланың мұрагері, көне ұлттық дәстүрлердің жалғастырушысы ретінде танытуда. Сан ғасырлар бойы ата-бабамыздың арманы, бүгінгі ұрпақтың ақиқаты болған қасиетті тәуелсіздігімізді, елдігімізді сақтап, дамыған 30 елдің қатарына қосылу – Мәңгілік Ел болудың нысаны. Келешек ұрпақтың жарқын болашағы үшін әрқайсымыздың ортақ құндылықтарға өз үлесімізді қосуымыз шарт. Мәңгілік Ел идеясы – біздің мүдделерімізге, қоғамымыздағы тыныштыққа, ынтымақтастыққа қызмет ететін, бағыты мен бағдары анық жол болмақ. Сол арқылы бізді бейбітшілік пен келісімді, ұлтаралық татулық пен толеранттылықты сақтай отырып, сындарлы сәттерден сүріндірмейтін ұлы мұрат. Алдына межелі мақсаттар қоя білетін, ертеңіне сеніммен қарайтын, ділі мен дініне берік, жастары алғыр, рухы биік, жақсылыққа жаны құштар халық қана тарихта «Мәңгілік Ел» болып қалатыны анық.

Бүгінгі қазақ елінің басты мақсаты – әлеуеті жоғары, экономикасы мығым,бірлігі жарасқан, бәсекелестікке қабілетті, ең мықты 30 елдің қатарынан көріну. Осы ретте, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» бастамасы ұлы мақсаттарға жетелейтін игі қадам болары анық.

Бостандық, еркіндік, тәуелсіздік – бабалар арманы. Ал тәуелсіздікке қол жеткізген соң оны сақтап қалу, одан да қиын. Тәуелсіздікті сақтап қалу үшін ел ішінде алауыздыққа жол бермеу қажет. Ал, ол үшін халыққа біртұтас идея, алға жетелейтін бағыт-бағдар, мақсат-мұрат керек. Бүгінде халқымыз «Мәңгілік Ел» идеясы – Түркі қағандарының, Қазақ хандарының қалауы, Абайдың арманы, Алаш қайраткерлерінің ғасырлар бойы армандаған, елді ымыраға ұйыстыратын, ірі мақсатқа жұдырықтай жұмылдыратын, ұлттық идеология екендігін ұғынды. Сондықтан да, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын әрбір азамат жалаудай желбіретіп, ұстанымдарын, бағыт-бағдарын көзінің қарашығындай сақтап, жоғалтпай, келер ұрпаққа аманат ете білуі қажет. «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыру – бүгінгі ұрпақтың парасатты парызы, келешек ұрпаққа тағылым. Осы ұлы мұратты жүзеге асырсақ, бабалардың алдындағы қарызымыз бен балалардың алдындағы парызымыздың өтелері хақ. Қазақстан әлемдегі алып елдердің қатарынан өз орнын алса, әлемге танылған елдің ұландары ел мен

жердің иесі болатындай намысты болып жетілсе, ұлттық құндылықтарымыз ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырса, «Мәңгілік Елдің» болашағы баянды, келешегі нұрлы болары айқын. Мәңгілік ел идеясының тарихи бастамасына көз жүгіртер болсақ, көне түркілердің осы сипаттағы идеясы үш негізден тұрады**.** ***Оның біріншісі*** – көне түркі жазба ескерткіштеріндегі **«Мәңгілік Ел»** идеясы [1].

Тонықөк ескерткішінде мемлекеттің тұрақты болуы үшін билікті ұстап отырған қаған мен ақылгөй дана бірауыздылығы, сөз бен істің ажырамауы, елдің тұтастығы үшін ынтымақтың, барлық күштердің ұйытқысы болу қажеттігі түп нысана ретінде айтылады. Түркі халқының елдігінен айырылып, қағансыз қалып, тағы да басқаларға бағынып, одан қайта көтеріле бастағаны, жаңа қаған отырғаннан кейін елдің басын біріктіру шаралары, яғни «түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, түркі елі үшін қызыл қанын ағызып, қара терін төккені, күш-қуатын бергені» паш етіледі. Осының бәрі кейінгі ұрпаққа да үндеу ретінде айтылғаны көрінеді. Сонымен қатар, бұл жерде «Мәңгілік Ел» ұғымы қазіргі Қазақстанның тәуелсіздік рухы және азаттық идеясымен үндесіп тұр. ***Екіншісі*** – Әл-Фарабидің ***«Қайырымды қала тұрғындары»*** шығармасында бұл идеяның теориялық тұрғыдан тиянақталуы. Ұлы ғалым ежелгі грек философиясы мен шығыстың мұсылман ілімдерін байланыстыра отырып, түркі дүниесінің «Мәңгілік Ел» философиясының теориялық негіздемесін жасаған болатын. Ғалым «Мәңгілік Ел» теориясының негізгі ережелерін «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекет билеушінің нақыл сөздері», «Азаматтық саясат» шығармаларында баяндайды. Бақытқа жету жолында адамдардың арасындағы қайырымдылық пен түсінушілік, бір-біріне көмек беру, достық пен бейбітшілік, тәрбие мен тәлім – Әл-Фарабидің тұтас әлеуметтік-саяси теориясының ажырамас бір бөлігін құрайды. Мемлекет пен қоғамның кемелденуі туралы әлеуметтік-саяси теориясында мемлекет басқарушылары мен сол қоғамда өмір сүретін адамдардың да ұстануы тиіс мемлекетті басқарудың негізгі механизмдері көрсетілді. Сондықтан, бұлардың бәрі қазіргі таңда түркітілдес мемлекеттердің ұлттық құндылықтары ретінде саналуы тиіс. Әл-Фараби мемлекеттің міндетін және оның ішкі және сыртқы міндеттерін толық анықтап береді. Сыртқы міндеті ретінде мемлекеттің қайырымды қала тұрғындарын немесе мемлекетті сыртқы жаулардан қорғау, яғни күшті қорғаныс ұйымдастырумен жүктеледі. Ішкі міндеті ретінде мемлекеттің өз халқының бақытқа жетуі үшін көрнекті шараларды іске асыру керек: олар - әділеттілікті орнату, халықты оқыту, оларды керекті ғылыммен толықтыру, адамгершілікке тәрбиелеу, қайырымдылықты тарату және ең жақсы бақытқа жеткізетін әдеттерді бойға сіңіру. Қалған мәселелердің бәрі – экономикалық және саяси мәселелер – негізгі міндетке бағынады, яғни адамдардың бақытқа жетуі олардың рухани жетілуіне тәуелді [2].

XVIII ғасырда Қазақ хандығының басын қосып, айдаһардай Қытайдың аузына түсірмей, ақырған аюдай Ресейдің тырнағынан аман алып қалған Абылай ханның саясаты түркілік мәңгілік ел идеясын жандандырушы және жалғастырушы тұлғаның ерлігі. Ел басына түскен үлкен қиыншылықтан

Абылай хан бабамыз елді біріктіріп, жұмылдырып, соның арқасында қазақ елін аман сақтап қалды. Ендеше, Абылай хан елді біріктірген ұлы тұлға және «Мәңгілік ел» идеясын жалғастырушы екендігін мақтанышпен айтуға болады. Бүгінгі таңда бірлікті бетке ұстаған елдің идеологиясы да осы іспетті болмақ.

Қазіргі кездегі жаһандану үдерісі, қолжетімді ақпараттар легі жастардың бойында ақпараттарды електен өткізе білу, теріс пиғылды идеологияларға қарсы тұра білетін иммунитетті қалыптастыруды қажет етеді. Өйткені, қазіргі таңда жат пиғылды ағымдардың ықпалына еріп, экстремистік әрекеттердің қатарын толықтырушылар осы жастар болып отырғаны белгілі. Жастардың мұндай әрекетке баруының басты себебі ретінде олардың білім, сауаттылық деңгейінің төмендігін айтуға болады. Экстремистік идеялар халықты өзінің ертеден келе жатқан бай рухани құндылықтары мен салт-дәстүрінен бас тартқыза отырып, мәдени, тарихи, рухани санасын жойып жіберуді көздейді.

Мұндай идеология кез келген мемлекет секілді Қазақстан қоғамының да ішкі тұрақтылығына елеулі қатер төндіреді. Бұған қарсы тұра білудің жолы жастардың діни сауатын арттыру, оларды адамгершілікке, сүйіспеншілікке тәрбиелеу, ұлттық салт-дәстүрімізді бойларына сіңіріп, дәріптеу, оларды еліне, жеріне, дәстүріне, дініне жанашыр азамат етіп тәрбиелеу болып табылады. Қазақ елінің бірлігінің қалыптасуы мен өркендеуі дәстүрлі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтармен сабақтасқан түрде жүзеге асады. Сол себептен де жастардың бойына қазақи құндылықтарды сіңіріп, қазіргі жаһандық даму жағдайында оларды батыс мәдениетінің негізінен алыстатып, өзіміздің рухани бай мұрамыздың құндылықтары тұрғысынан тәрбиелеу - алда тұрған басты міндеттердің бірі [3].

Елбасымыз жариялаған «Мәңгілік ел» идеясының көздегені де осы болатын, яғни, төл дәстүрімізді, әдебиетіміз бен мәдениетімізді жаңғырту, дініміз бен тіліміздің өркендету. «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асырып, одан әрі дамытатын жастар болғандықтан олар ең алдымен білімді, ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді өз бойына біріктіріп, ұштастыра білген, өз елінің нағыз жанашыр азаматтары ретінде қалыптасуға талпынуы керек. Мемлекеттің осы бағытта атқарып жатқан ізгі жұмыстары аз емес, солардың бірі осы - «Мәңгілік ел» идеясы.Қазақстан тағдыры үшін, өткен ата-бабалар мен болашақ ұрпақ алдында ең бағалы құндылығымыз - егемендігімізді сақтап, мұратымызға айналған «Мәңгілік ел» болу идеясын жүзеге асыру жолында аянбай еңбек ете білейік!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», атты халыққа арнаған жолдауы. « Егемен Қазақстан» газеті, 2014, 17 қаңтар.
2. Сатай Сыздықов. «Мәңгілік Ел» Бұл көне тарихтан тін тартқан идеяның жаңа дәуірмен ұштасуы», «Егемен Қазақстан» 2014 ж 4 желтоқсан
3. Амангелді Айталы. «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи тамыры», «Егемен Қазақстан», 2014 ж

АЛАШ МҰРАСЫ – «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Өміртай К.
«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Таутина Б.А.

Ұлттық идея – ел тәуелсіздігінің берік тұғыры. Ұлттық идеясы жоқ елдің тәуелсіздігі тұрақсыз. Біз үш ғасырлық бодандықтан босап, тәуелсіздікке қол жеткізгенде елді жарқын болашаққа бастайтын теңдессіз идея таппай қалдық. Тек тәуелсіздік пен ерлікке толы тарихымызды ғана өнеге тұтып келдік. Алайда алысқа ұмтылған ел үшін бұл аздық етеді. Сол себепті шығар, Елбасы санаулы жылдан кейін халыққа «Мәңгілік Ел» идеясын ұсынды. Болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мұраттарға жетелейтін «Мәңгілік Ел» идеясының ұғымын, оның мазмұнын, мәңгілік мұраттарға қол жеткізудің құндылықтары мен тарихи сабақтастық ұстанымдарын зерттеу, насихаттау, жас ұрпақтың санасына сіңіру – қазақ қоғамы үшін аса көкейкесті мәселелердің бірі[1].

Әлемдегі кез – келген ұлт пен ұлыстың пайда болғаннан бірге жасасып, оны асқақ армандардың орындалуына жетелейтін ұлы мұраты – ұлттық идея. XXIғасыр ортасына дейінгі Қазақстан халқы ұстанатын ұлттық идея ол «Мәңгілік Ел» идеясы. Осы ретте Елбасы Н. Назарбаев: « Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы» - деп атап өтті. Ұлттық идеяның тарихи орнын, оның кешегі, бүгінгі, ертеңгі болмыс – бітімін, түсінігін тереңінен анықтау үшін ең алдымен, осы сөз тіркесін құрап тұрған «ұлт», «идея» ұғым – түсініктеріне тоқталып кеткен жөн. Ғалымдардың пайымы бойынша, «ұлт» термині Ежелгі Римде аз халықтар деген мағынада қолданылған екен. Бүгінде «ұлт» терминіне берілген анықтамалар қисапсыз көп. Бірінде этникалық қауымдастық, келесінде мемлекеттің барша халқы мағынасында түсіндіріледі және мемлекетті «ұлт» терминімен де сипаттайды.

Мәңгілік Ел қазақтың бүтін тарихын қамтиды. Бабалардың сара жолы, олардың өшпес ерлігі, ұлттың тілі, діні, тарихы, мәдениеті, өнері түгел «Мәңгілік Ел» деген екі-ақ ауыз сөздің аясына сыйып кетеді. «Мәңгілік Ел» сөзі біздің тамыры тереңде жатқан түп тарихымыздан алынғанын дәлелдеп жатудың өзі артық. Десек те бірер мысал келтіре кетсек: Көне түркілік түсінікте «Ел» кең ауқымда, ұлыс, мемлекет, өлке, халық деген мағынада қолданылған. Сонда «Мәңгі Ел – халықтың күн сөнгенше сөнбей мәңгі жасауы» деген ұғымға келеді. «Мың өліп, мың тірілген» халқымыздың бағзы заманнан бері қаншама рет елдігінен айырылса да, халықтың қалпы мен айнымас салтын сақтап, бүгінге жетіп отырғаны да осы «Мәңгі Ел» идеясының өміршеңдігін көрсетсе керек. «Мәңгілік Ел» - ұлы ұғым. Халық болып құралу, мемлекет құра алу, дербес тұра алу, ұлт болуға бет бұра алу – осының бәрі Ел болудың белестері. Көк түріктері ел болуды халық ретінде қалыптасудың, мемлекет ретінде

мығымданудың, ұлт күйінде ұйысудың биік белесі деп білген. Соны тасқа қашап тұрып, «МИНГУ ЕЛ» деп жазып кеткен. Бұл туралы Елбасы: « Қандай қиындықты да қайыспай қарсы алуға лайық өршіл рухты, азат ойлы, жасампаз халықтың ізгі мұраты Ұлы Дала төсінде өзі құрған мемелекетті Мәңгілік Ел жасау!» деп атап көрсетті [2].

Кез – келген идея міндетті түрде ұлттың тарихына арқа сүйейді. Біздің ұлы даламызда Мәңгілік Ел идеясы алғашқы түрік қағанатын құрған Бумын қағанның заманынан бастау алады. Себебі, тұтас түрік жұрты біріккенде ғана тұрақты дамитын іргелі ел болатындығымызды бабаларымыз терең сезінеді. Осы арада Күлтегін бабамыздың «Көктен тәңірі баспаса, жер айырылып жатпаса – кім қорлар қалың түркі елін» деген ғажайып лебізі ойға оралады. YIII ғасырда: «Бүкіл түркі халқы үшін қызыл қанымды жүгірттім, түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым, төрт бұрыштағы халықтың бәрін бейбіт еттім, бастыны еңкейттім, тізеліні бүктірдім!» - , деген бабаларымыз «Мәңгілік Ел» құратынына сенімді еді.

Қазақ хандығы тұсында ұлттық идеяның өзегін мемлекеттікті нығайту, этникалық территорияны қалыптастыру, бірде тілін, бірде тісін көрсеткен Ресей, Қытай, Жоңғар, Орта Азиялық мемлекеттермен оңтайлы қарым – қатынас орнату, бәсекеге төтеп беру құрады. XYIII ғасырда Қазақ хандығының басын қосып, Қытайдың билігінен аман алып қалған Абылай ханның саясаты түркілік Мәңгілік Ел идеясын жандандырушы түлғаның ерлігі.Ел басына түскен үлкен қиыншылықтан Абылай хан елді біріктіріп, жұмылдырып, соның арқасында Қазақ елін аман сақтап қалды.

Ресейдің басыбайлы боданына айналған, қазақ даласындағы хандық билік ыдыраған, билер институтының қадірі кетіп, орыс сотына қараған, дәстүрлі тіршілік қалпы мен өмір салты елеулі өзгеріске ұшыраған, ұлттық рух бәсеңдеген шақ та, өзге жұрттың отарында ұзақ жыл отырып, ұлт мәдениетінің уызына өлердей шөлдеген қазақ халқын бостандыққа жеткізу мақсатында «Алаш» идеясы – қазақтың ұлттық идеясы болып қалыптасты. «Алаш» идеясы – тәуелсіздік идеясының темірқазығы. «Алаш» идеясы қазақ ұлтшылдығының идеясы, ұраны болып, ұлттық бірлік пен қайта өрлеудің туы ретінде 1930 жылдардың соңына дейін салтанат құрып тұрды. «Алаш» идеясын алға тартқан Әлихан: « Қазақ ұлтшылдығы – ол өз ұлтын, тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін, ата – баба жерін, Отанды сүю, қорғау және қамқор болу» - деп насихаттады. Осы орайда бұл мәселеге қатысты көрнекті алаштанушы М. Қойгелдиевтің мына бір пікірін келтіре кеткен жөн: «Алаш деген сөз – қазақ деген сөз. Ол – ұлттық қозғалыс Ұлтқа қажетті деп жасалған саяси бағдарлама. Өйткені, олардың мақсаты – қазақ ұлтын мәңгілікке бастайтын идеялар еді» - деп атап көрсетті [3].

Алаш зиялыларының қазақ даласында ұлттық идеяны негіздегені жөнінде Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани – зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан

шыққандар ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» - дейді [4].

Тәуелсіздік таңы атысымен ұлттық идея мәселесі белсенді қолға алынды.Яғни, Президентіміздің « Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауын жариялауымен туды.Мәңгілік Ел идеясы- біздің мүдделерімізге, қоғамымыздағы тыныштыққа, ынтамастыққа қызмет ететін, бағыты мен бағдары анық жол болмақ. Сол арқылы бізді бейбітшілік пен толеранттылықты сақтай отырып, сындарлы сәттерден сүріндірмейтін ұлы мұраты.

Президент Н.Назарбаев: «XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстандық қоғамдық – саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелердің бірі. Өйткені кезінде «Алаш» партиясының жетекшілер ұсынған қағидалары күні – бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр» және «Алаштың» басты мақсаты – қазақ қоғамын бірте – бірте өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Бұл біздің жедел жаңғыру, яғни модернизация бағытымызға сай келеді. Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті. Алаштың асыл аманаты бізге тарихи – мәдени бірегейлігімізді, қарапайым тілмен айтсақ, қазақы қалпымызды қасиеттеп сақтауға міндеттейді. – деп әділ бағасын берді.

Елбасы өзінің Қазқстан халқына арнаған «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында ұлы мақсаттарға жетелейтін – Мәңгілік Ел идеясы екенін атап өтті. Осы ретте, Елбасы жолдауында « Бабалардың ерлігі, ерен істері жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік Ел боламыз» дегеніне орай бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның «Мәңгілік Ел» идеясының ұстанымдарын «Алаш» идеясының ұстанымдарымен сабақтастыру керек. Себебі, осыдан бір ғасыр бұрын айтылған бұл ойлар, қазіргі заманның талабымен де ұштасып жатыр.

Бірінші, «Мәңгілік Ел» дегенде тәуелсіз мемлекеттің жалпы ұлтқа ортақ және бөлінбейтін ортақ меншігі болып табылатын жер мен территория тұтастығын сақтау;

Екіншіден, жер үсті, жер асты байлығымызға ие болуымыз қажет;

Үшіншіден, өзіміздің байлықтарымызды адалдықпен, еңбекқорлықпен, халық игілігіне жаратуымыз қажет;

Төртіншіден, біздің рухымыз. Тіл, салт – дәстүр, мәдениет, тарихымызды терең біліп көкке ұмтылуымыз керек;

Бесіншіден, ертеңіне сенімді, бүгінгі өршіл қазақстандықтарды сапалы білім, терең ғылым, өнегелі тәрбиесімен өркениетті 30елдің қатарына апаратын құдіретті күш ол – Білім [5].

Қазақты біртұтас ел деп танысақ, «Алаш» идеясын біртұтас қазақ идеясы деп мойындауымыз қажет, ендеше «Алаш идеясы» -біртұтас қазақ идеясы, ал бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның «Мәңгілік Ел» идеясы – Түрік қағандарының, Қазақ хандарының қалауы, Алаш қайраткерлерінің ғасырлар бойы армандаған мақсат, мұраттарға жеткізетін ұлттық идеология екендігін ұғынды. «Мәңгілік

Ел» - болшақтың жобасы, сондықтан ол ұрпақтар сабақтастығымен жалғасатыны мәлім. Сондықтан да, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын әрбір азамат жалаудай желбіретіп,келер ұрпаққа аманат ете білуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауы.
2. Төлепберген Болатбек. Ұлттық идея – тәуелсіздік тұғыры. Алматы: Алматы баспа үйі, 2011-240 б.
3. Н.Ә. Назарбаев. Тарих толқынында. Алматы, «Атамұра» баспасы, 1999 ж.
4. «Мәңгілік Ел» және Елбасы. /Егемен Қазақстан газеті. №12, 19 қаңтар 2014 ж.
5. К.Бегманов. «Дәстүр» ұлттық – этнографиялық журнал. №1(32) №2 (33), №4 (35), №5 (36).

«МӘҢГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫ-АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ТҰҒЫРЫ»

Сайран С.,Сейдуалиева Н.
«Мектепке дейінгі оқыту жәәне тәрбиелеу» мамандығының 2 курс студенттері
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Даулетова А.С.

«Мәңгілік ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді.. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – мәңгілік ел! Мен мәңгілік ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан 2050» стратегиясының түп қазығы етіп алдым. »
Н.Ә Назарбаев

Талай жылғы дүбір,дүрбелеңнен кейін жарқын болашақтың таңы атып, еркіндік есігін айқара ашты. Еліміздің арыстары талай жылдар тар жол тайғақ кеше жүріп,еліміздің болашағы, келер ұрпақтың бақытты ғұмыры үшін аянбай күресіп, табандылық пен асқан қайсарлық, шыдамдылық пен беріктік танытты. Барлық саналы ғұмырын ұлт мүддесіне арнаған бес арыс, ұлы Отан соғысында елім деп жанын пида еткен қайтпас қыран алаш азаматтары, жүректері оттай жалындаған желтоқсан қаһармандары. Мұның бәрі ел азаматтарының ұлт үшін жасаған ерен ерлігінің арқасы деп білем.Еліміздің көк байрағы желбірегеннен бері өшкеніміз жанды,өлгеніміз қайта тірілді, ата-баба дәстүрі көш түзеп,халқымыз еңсесін көтеріп,жарқын болашаққа қол созды.Атап айтқандай,бүгінгі күні Қазақстан Республикасы дамыған, небір сұрапыл оқиғаларды бастан кешсе де,мойынсұнбай әлем картасынан ойып тұрып керегесі мықты «Қазақстан» деген мемлекет орын алды.Содан бері атқан оқтай

зулап, табандатқан 25 жыл өтті.Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі мезгіл ішінде көптеген елеулі табыстарға қол жеткіздік.Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі,көп ұлтты Қазақстан қаласының жарастығы мен ынтымақтастығы Президентіміздің жүргізіп отырған парасатты көреген саясатының негізі[1.15;1.24].

Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Тәуелсіздік күні салтанатына арналған жиында жұртшылыққа Жолдау арнап,мәңгілік ел болудың 2050 жылға дейінгі жаңа межесін айқындады.Елбасы Н.Назарбаевтың "Қазақстан-2050 Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауындағы"Мәңгілік ел" идеясын «Алаш» идеясымен де сабақтастыруға болады. Өйткені, Алаш арыстары да ұлттық идеяны жасауға талпынды. Бұл туралы да Елбасымыз өз еңбектерінде жазды. Өткен ғасырдың басында «ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани - зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды». Мысалы, Смағұл Сәдуақасов кезінде өмір үшін күресудің жолдарын саралай келіп, «Адам баласына жан - дүние қамы үшін алдымен тамақ, киім, үй керек. Әсіресе, тамақ, киімсіз тұру мүмкін емес. Мал асырау, егін салу, сауда қылу, ұсталық қылу, тіл, қолөнерімен кәсіп қылу, жалға жүру, тіленшілік қылу, ұрлық қылу бәрі де жан-дүниенің қамы. Осындай жолдармен өмір үшін күрескендер көп. Бұлардың ішінен біреуінің тұрмысы жақсы, біреуінікі орташа, үшіншісінікі нашар... Не іске де әдіс керек және заман өткен сайын әдіс өзгеріп тұрмақшы» дейді. Одан әрі қарай қазақты Германиядағы немістермен салыстырып, өз ұлтын жақсы өмір сүрудің әдіс-амалдарын үйренуге шақырады. Осыдан бір ғасыр бұрын айтылған бұл ойлар, қазіргі заманның талабымен де ұштасып жатыр. Биылғы Жолдауда Елбасымыз, көптен бері түйіні шешілмей жүрген Қазақ елінің ұлттық идеясын бекітіп берді. Ол ұрпақтан-ұрпаққа жеткен «Мәңгілік ел» идеясы. Бұл идея Күлтегін ескерткішіндегі арғы ата-бабаларымыздың бастапқы идеясы. Елбасы айтпақшы, ұлтымыздың түпқазығы. Бұл өміршең идея, оның өзектілігі де осында»,– дейді К. Ілиясова [2.7;2.28].

Елбасы Жолдауы тарихи құжат болғандықтан Қазақстанның жаңа саяси бағыты әрі дұрыс бағдары болып табылады. «Біз осы идеямен сабақтас игілікті істердің де куәгеріміз. Тәуелсіздік жылдарында осы идеяны жаңғырту мақсатында Астана қаласында «Мәңгілік ел» салтанат қақпасы ашылды. Сонымен бірге Ұлттық тарихты зерделеу бойынша ведомоствоаралық жұмыс тобының мақсат-міндеттері аясында «Mangi el» халықаралық ғылыми-көпшілік тарихи журналы оқырманға жол тартты. Бұл қадамдар тәуелсіздікпен бірге есейіп келе жатқан бүгінгі өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруды көздейді. Өйткені, Жолдауда айтылғандай, «бұл Стратегия жастарға арналған. Оны жүзеге асыратын да, жемісін көретін де жастар». Ал жастар – қай заманда да елдің болашағы, тірегі, сенімі болған» сондықтан да Қазақстанның жарқын болашағы бар,ол-Біз жастардың қолында!

Пайдаланылған әдебиеттертізімі:
1. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. - Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010
2. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы

КВАДРАТ ТЕҢДЕУЛЕРДІ ШЕШУ ЖОЛДАРЫНЫҢ 10 ТӘСІЛДЕРІ

Сарина С. Е.
«Математика» мамандығының 4-курс студенті
Ғылыми жетекші Сабитбекова Г.

«Квадрат теңдеулер» мектептегі алгебра курсының маңызды тақырыптарының бірі. Көптеген табиғи үдірістер мен құбылыстар, с.с. мазмұнды есептердің шығарылуы квадрат теңдеулерді шешуге келіп тіреледі. Жоғарғы сыныптарда теңсіздіктерді шешу, функцияларды зерттеу (функцияның нөлдерін, экстремум нүктелерін, өсу және кему аралықтарын табу), ең үлкен және ең кіші мәндерді табу есептерін шығару және т.б. жағдайларда квадрат теңдеулерді шеше білу қажеттігі туындайды. Сондай-ақ тригонометриялық, көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулерді, физикада және техникада, геометрия курсының есептерін алмастыру тәсілімен шешкенде квадрат теңдеулерге келтіріледі [1].

Зерттеу барысында «квадрат теңдеулерді» шешу жолдарының 10 түрлі әдісімен таныстым. Ол тәсілдерге жеке – жеке тоқтала кетсек:

1-тәсіл. Теңдеудің сол жақ бөлігін көбейткіштерге жіктеу

Мысал: $x^2+4x+3 =0$ теңдеуін шешейік.

Теңдеудің сол жақ бөлігін көбейткіштерге жіктейміз:

$x^2+x+3x+3 =x(x+1)+3 (x+1) =(x+1)(x+3)$

Демек, теңдеуді былай жазуға болады: $(x+1)(x+3) =0$

Көбейтінді нөлге тең болғандықтан, ең болмағанда көбейткіштердің біреуі нөлге тең болуы керек. Сондықтан теңдеулердің сол жақ бөлігіндегі $x_1=-1$ және $x_2 = -3$ сандары $x^2+4x+3=0$ теңдеуінің түбірлері болып табылады.

2-тәсіл. Толық квадратқа келтіру әдісі

Мысал: $x^2+8x-9=0$ теңдеуін шешейік.

Сол жақ бөлігін толық квадратқа келтіреміз. Ол үшін x^2+8x өрнегін төмендегідей жазып аламыз:

$x^2 + 8x=x^2+2x4$

Алынған өрнектің бірінші қосындысы х-тың квадраты, ал екінші қосындысы х пен 4-тің екі еселенгені. Толық квадрат алу үшін 4^2-ын қосу керек. Сонда $x^2+2x4+4^2=(x+4)^2$

Енді теңдеудің сол жағын түрлендіреміз. Берілген теңдеуге 4^2-ын қосып, алып тастаймыз. Сонда шығатыны:

$x^2+8x-9=x^2+2x4+4^2-9-4^2=(x+4)^2-25$

Сонымен, берілген теңдеуді былайша жазуға болады: $(x+4)^2-25=0$, яғни $(x+4)^2=25$.

Бұдан $x+4=5$, $x_1=1$ немесе $x+4=-5$, $x_2=-9$. Жауабы: 1;-9

3-тәсіл. Квадраттық теңдеулерді формула арқылы шешу

$ax^2+bx+c=0$, $a\neq0$ теңдеудің екі жағын да 4a-ға көбейтеміз де, төмендегі өрнекті аламыз:

$4a^2x^2+4abx+4ac=0$

$((2ax)^2+4abx+b^2)-b^2+4ac=0$, $(2ax+b)^2=b^2-4ac$

$2ax+b=\pm\sqrt{b^2-4ac}$, $2ax=-b\pm\sqrt{b^2-4ac}$

$$x_{1,2}=\frac{-b\pm\sqrt{b^2-4ac}}{2a} \quad (1)$$

Оған келесідегідей мысалдар келтіруге болады:

1)$3x^2-7x+4=0$ теңдеуін шешейік.

$a=3$, $b=-7$, $c=4$. $D=b^2-4ac=(-7)^2-4\cdot4\cdot3=49-48=1$.

$D>0$ болғандықтан, екі әр түрлі түбір болады: $x_1=1$, $x_2=\frac{4}{3}$

Сонымен, дискриминант оң болғанда, яғни $b^2-4ac>0$, $ax^2+bx+c=0$ теңдеуінің екі түрлі түбірі болады.

2)$9x^2+6x+1=0$ теңдеуін шешейік.

$a=9$, $b=6$, $c=1$. $D=b^2-4ac=6^2-4\cdot9\cdot1=0$.

$D=0$ болғандықтан, бір ғана түбір бар болады:

$x=-\frac{b}{2a}$, $x=-\frac{6}{2\cdot9}=-\frac{6}{18}=-\frac{1}{3}$

Сонымен, егер дискриминант нөлге тең болса, яғни $b^2-4ac=0$, $ax^2+bx+c=0$ теңдеуінің жалғыз

түбірі бар болады: $x=-\frac{b}{2a}$

3)$x^2+2x+3=0$ теңдеуін шешейік.

$a=1$, $b=2$, $c=3$. $D=b^2-4ac=4-4\cdot3\cdot1=-8$.

$D<0$ болғандықтан, теңдеудің нақты сандар өрісінде түбірі болмайды.

Сонымен, егер дискриминант теріс болса, яғни $b^2-4ac<0$, онда $ax^2+bx+c=0$ теңдеуінің түбірі болмайды.

4-тәсіл. Виет теоремасын пайдаланып теңдеулерді шешу

Келтірілген түбірлері Виет теоремасын қанағаттандырады.

Ол былай беріледі: $a=1$ болғанда, $\begin{cases}x_1\cdot x_2=q\\x_1+x_2=-p\end{cases}$

Бұдан келесі тұжырымдарды шығаруға болады:

а) Егер q (1) теңдеудің бос мүшесі оң болса ($q\geq0$) онда теңдеудің екі бірдей таңбалы түбірі болады. Егер $p>0$, онда екі түбірі де теріс болады, егер $p<0$, онда түбірлері оң болады.

Мысал, 1)$x^2-9x+20=0$, $x_1=4$, $x_2=5$, мұнда $q=20>0$, $p=-9<0$;

2)$x^2+5x+6=0$, $x_1=-2$, $x_2=-3$, мұнда $q=6>0$, $p=5>0$.

б) Егер q (1) теңдеудің бос мүшесі теріс болса (q <0), онда теңдеудің екі түрлі, таңбалы екі түбірі болады, түбірдің модулі бойынша үлкені оң болады, егер p <0 болса, теріс болады, егер p>0. Мысал, 1) $x^2+3x-4=0$; $x_1=-4$, $x_2=1$ мұнда q =-4 <0, p=-3>0

2) $x^2-7x-8=0$; $x_1=8$, $x_2=-1$ мұнда q =-8 <0, p =-7 <0

5-тәсіл. Теңдеуді «асыра лақтыру» әдісімен шешу

$ax^2+bx+c=0$, $a\neq0$ квадрат теңдеуін қарастырамыз. Теңдеудің екі жағын да а-ға көбейтіп, мынаны аламыз: $a^2x^2+abx+ac=0$. $ax=y$ деп белгілесек, $x=\frac{y}{a}$. Олай болса $y^2+by+ac=0$ теңдеуіне келеміз. Бұл бастапқы теңдеумен тең. Теңдеудің түбірлерін y_1, y_2 –ні Виет теоремасы арқылы табамыз. Соңында $x_1=\frac{y_1}{a}$, $x_2=\frac{y_2}{a}$ -ны аламыз. Бұл жағдайда а коэффициентін бос мүшеге көбейтеді. Сондықтан да бұл әдісті «асыра лақтыру» әдісі деп атайды. Бұл әдісті көбінесе Виет теоремасын пайдаланып түбірді оңай табуда және дискриминант дәл квадрат болғанда қолданады.

Мысал: $2x^2-9x+9=0$ теңдеуін шешейік.

Шешуі: 2 коэффициенті теңдеудің бос мүшесіне асыра лақтырамыз, нәтижесінде

$y^2-9y+18=0$ теңдеуін аламыз. Виет теоремасы бойынша

$$\left[\begin{array}{l} y_1=6 \\ y_2=3 \end{array}\right. \Rightarrow \begin{cases} x_1=\dfrac{6}{2} \\ x_2=-\dfrac{3}{2} \end{cases} \Rightarrow \left[\begin{array}{l} x_1=3 \\ x_2=1{,}5 \end{array}\right.$$ Жауабы: 3; 1, 5.

6-тәсіл. Квадрат теңдеулердің коэффициенттерінің қасиеттерін қолдану

$ax^2+bx+c=0$, $a\neq0$ квадрат теңдеуі берілген.

Егер a+b+c=0 (яғни коэффициенттер қосындысы 0-ге тең) болса, онда $x_1=1$, $x_2=\frac{c}{a}$

Мысал: 7+2-9=0 қосындысы 0-ге тең. Осы үш сан үшін квадрат теңдеу құрастырып, оны шешейік:

$$7x^2+2x-9=0$$

$$D=b^2-4ac=2^2-4\cdot7\cdot9=4+252=256$$

$$x_1=\frac{-2-\sqrt{256}}{2\cdot7}=\frac{-2-16}{14}=-\frac{18}{14}=-\frac{9}{7},$$

$$x_2=\frac{-2+\sqrt{256}}{2\cdot7}=\frac{-2+16}{14}=\frac{14}{14}=1.$$


7-тәсіл. Квадрат теңдеуді циркуль және сызғыш көмегімен шешу

$ax^2+bx+c=0$ квадраттық теңдеуін циркуль және сызғыш көмегімен шешу әдісін ұсынамыз (1-сурет). Ізделінді шеңбер абцисса өсінде $B(x_1;0)$ және Д $(x_2;0)$ нүктелерінде қиылыссын делік. Мұндағы x_1, x_2 - $ax^2+bx+c=0$ теңдеуінің түбірлері және ординат осінен A(0;1) және $C(0;\frac{c}{a})$ нүктелері арқылы өтеді делік. Олай болса, қима туралы теорема бойынша мынаны аламыз:

$C\left(0;\frac{c}{a}\right)$

ОВ·ОД=ОА·ОС,

бұдан ОС= $\frac{ОВ \cdot ОД}{ОА} = \frac{x_1 \cdot x_2}{1} = \frac{c}{a}$



1-сурет

Шеңбер центрі АС және ВД хорда ортасында орналасқан перпендикуляр SF пен SК-ның қиылысу нүктелері болып табылады, сондықтан SК= $\frac{x_1 + x_2}{2} = \frac{-\frac{в}{a}}{2} = -\frac{в}{2a}$;

SF = $\frac{y_1+y_2}{2} = \frac{1+\frac{c}{a}}{2} = \frac{a+c}{2a}$

Сонымен,

1) $S\left(-\frac{в}{2a}, \frac{a+c}{2a}\right)$ (шеңбер центрі) және А (0;1) нүктелерін тұрғызамыз;

2) SA радиусты шеңбер жүргіземіз;


3) Осы шеңбердің Ох осі арқылы өтетін қиылысу нүктелері бастапқы квадрат теңдеудің түбірі болады.

Сонымен үш түрлі жағдай болуы мүмкін:

1-ші жағдай.Шеңбер радиусы ордината центрінен артық (AS> SК, немесе $R \phi \frac{a+c}{2a}$ шеңбер Ох осін екі нүктеде (2а-сурет) В (x_1; 0) және Д (x_2;0) нүктелерде қияды. Мұндағы x_1 және x_2-ax^2+вх+с =0 квадрат теңдеуінің түбірлері).

2-ші жағдай.Шеңбер радиусы ордината центрінде (AS= SК; немесе $R = \frac{a+c}{2a}$ тең, шеңбер Ох осін В (x_1; 0) нүктесінде (2б)-сурет) жанап өтеді, мұндағы x_1 – квадрат теңдеудің түбірі).

3-ші жағдай.Шеңбер радиусы ордината центрінен кіші (А S < SК, немесе $R \pi \frac{a+c}{2a}$) кем, шеңбердің абцисса осімен қиылысатын нүктесі жоқ (2в – сурет), бұл жағдайда теңдеудің шешімі болмайды.




2-сурет


а) AS>SB, $R\ \phi\ \frac{a+c}{2a}$ екі шешімі бар: x_1 және x_2

б) AS=SB, $R=\frac{a+c}{2a}$ бір шешімі бар: x_1

в) AS<SB, $R\ \pi\ \frac{a+c}{2a}$ шешім жоқ.

8-тәсіл. Квадрат теңдеуді номограмма көмегімен шешу





3-сурет 4- сурет

Бұл квадрат теңдеуді шешудің бұрынғы және жөнсіз ұмыт болған әдісі

Брадис таблицасында $z^2+pz+q=0$ теңдеуін шешуге арналған номограмманы қарастырайық. Бұл номограмма квадрат теңдеудің түбірлерін анықтауға мүмкіндік береді. Номограмманың қисық сызықты шкаласы төменгі формулалар бойынша тұрғызылған (жоғарыдағы 3-суретте бейнеленген).

OB=$\frac{a}{1+z}, AB=\frac{-z^2}{1+z}$ OC=p, ЕД=q, OE=a десек, мұндағы САН және СДF үшбұрыштарының ұқсастығына мынадай пропорция аламыз:

$$\frac{p-q}{p-AB}=\frac{a}{OB}$$

Мұнда $z^2+pz+q=0$ теңдеуді ауыстыру жасағаннан және жеңілдеткеннен шығады, бұл жердегі z әрпі қисық сызықты шкала нүктесінің кез-келген белгісін білдіреді.

9-тәсіл. Квадрат теңдеулерді геометриялық әдіспен шешу

Көне заманда алгебраға қарағанда геометрия көбірек жетілген кезде, квадрат теңдеулерді алгебралық жолмен емес геометриялық жолмен шеше білген. Ежелгі гректер мына $y^2 + 6y-16=0$ теңдеуін қалай шешкендігіне тоқталып өтейік.

Шешуі: жоғарыдағы 4-суретте көрсетілген, мұндағы $y^2+6y=16$ немесе $y^2+6y+9=16+9$

y^2+6y+9 және 16+9 өрнекті геометриялық тұрғыда сол квадраттың өзін береді, ал $y^2+6y-16+9-9=0$ бастапқы теңдеу де сол теңдеу. Бұдан алатынымыз $y+3=\pm 5$ немесе $y_1=2$, $y_2=-8$.

Көне заманда алгебраға қарағанда геометрия көбірек жетілген кезде, квадрат теңдеулерді алгебралық жолмен емес геометриялық жолмен шеше білген. Әйгілі әл-Хорезмидің «Әл-жебр» кітабынан мысал келтірейік.

$x^2+10x=39$ теңдеуін шешейік.

Мысал-2: Шешуі: қабырғасы х болатын квадратты қарастырайық. Оның қабырғаларының бойында тікбұрыштар әрбір қабырғасы тең болатындай етіп тұрғызылады. Олардың әрқайсысының аудандары 2 х-ке тең. Алынған фигураның төрт бұрышына қабырғаларының әрқайсысы 2 болатын, ал ауданы 6 болатын төрт бірдей квадратпен ABCD жаңа квадраты толғанша толтырамыз.

D xC

6	2	6
2	x^2	2
6	2	6

–

ABCD квадратының ауданы (S-ті) мына ауданның қосындысы түрінде сипаттауға болады: алғашқы x^2 квадраттан, төрт тіктөртбұрыштан ($4\cdot 2 =10x$) және тұрғызылған 4 квадраттан ($4\cdot 6 =25$), яғни

$S=x^2+10x+25$. x^2+10x өрнегін 39 санымен ауыстыра отырып, S=39+25=64-ті аламыз, бұл жерден ABCD қабырғасы, яғни AB=8 екендігі шығады.

Алғашқы квадраттың ізделінді х-қабырғасы үшін:

A x B x=8-2 -2 =3 екенін аламыз.

10-тәсіл:квадраттық теңдеуді шешудің графикалық шешімі.

Егер $x^2+px+q=0$ теңдеуінде екінші және үшінші мүшені теңдеудің оң жағына шығаратын болсақ: $x^2=-px-q$

Енді $y=x^2$ және $y=-px-q$ функцияларының графиктерін саламыз. Бірінші функция графигін санақ басынан өтетін парабола, ал екінші функцияның графигі түзу.Олар қиылысып өтетіндіктен, қиылысу нүктелерін анықтай аламыз.Келесі шарттар орындалуы мүмкін:

Түзу мен парабола қиылысып, олардың қиылысу нүктелері екеу болуы мүмкін. Абсциссадағы нүктелер берілген квадраттық теңдеудің түбірлері болады.

Түзу мен парабола қиылысады, бірақ қиылысу нүктесі бір ғана нүкте болғандықтан, түбірі бір ғана болады.

Түзу мен параболаның еш ортақ нүктелері болмаса, онда квадраттық теңдеуде түбірі болмайды.

Мысал:

1. x^2-3x-4=0 квадраттық теңдеуін шешійік.

Шешуі.Бұл теңдеуді мынадай түрге келтіріп жазып алайық: x^2-=3x+4

Енді координаталық жазықтықта y=3x+4 түзуін құрастырамыз.Қиылысқан нүктелерінің координаталары M(0;4) және N (3;13).Түзу мен парабола екі нүктеде қиылысады.Олар А және В.Түбірлері x_1=-1 x_2=4

Жауабы: x_1=-1 x_2=4

Квадрат теңдеуді шешудің 10 түрлі әдісі оқушылардың «Квадрат теңдеулер» тақырыбын терең меңгеруіне жол ашады. Сонымен қоса, квадрат теңдеулерді шешудің барлық он тәсілі де қолданыс тапқанда оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен логикалық ойлау қабілеті артады. Квадрат теңдеулер физика және геометрия пәндеріндегі кейбір есептерді шешуде бірден бір қолайлы тәсіл болып табылады. Сол сияқты алгебра пәнінде де кейбір тригонометриялық теңдеулерді және теңсіздіктерді шешуде де оқушы үшін ыңғайлы тәсілдің бірі болып саналады. Сондықтан да әрбір оқушы үшін квадрат теңдеуді басқа пәндердегі есептерді шешуде қолдана білуі, математиканың ғылымдар патшасы ретінде білгеніміз. Ақыл-ойды дамытатын математика. Сондықтан да кез-келген есептердің шешу тәсілдерін біліп қана қоймай, олады терең меңгеріп, біздің ой-санамыздың дамуына үлкен мүмкіндік береді.

Падаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбілқасымова А.Е., Бекбаев.И.Б., Абдиев.А.А., Жұмағұлова З.Ә. Алгебра 8 сынып. Алматы, Мектеп 2008ж.
2. Брадис В.М. Төрт таңбалы математикалық таблицалар – М.: Просвещение, 1990
3. Математика, информатика, физика журналы. №5, 2003ж.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Сәкен Д.С.
«Математика» мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі:Ұзақова Б.З.

Білім - тоқтаусыз, толассыз үрдіс. XXI ғасыр адамның дамуы оның қызуғышылығының жан-жаққа назар аударуы. Бұл - әр адамның өзін-өзі жасампаздықпен қайта құра алуы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны өзгертуге қатыса алуы. Білім арқылы адамның интеллектуалдық, рухани күші артып, тұлғалылығы қалыптасады [1].

Білім жүйесі - аса күрделі және жауапты сала екендігін, оны реформалауда қателіктер жіберілсе, бірнеше ұрпақтың тағдырына, мемлекетіміз бен ұлтымыздың тәуелсіздігі мен қауіпсіздігіне зиянын тигізуі мүмкін. Сондықтан білімнің сапасын арттыру үшін бүкіл білім жүйесінде қысқа мерзім ішінде күрт өзгерістер жасаудың қауіпті екенін әрқашан ескеру қажет.

Қазіргі білім жүйесінің басты кемшілігі білім мазмұнының шашыраңқылығы. Жаңа технологиялардың жетіліп өндіріске енуіне сәйкес, білім берудің дер кезінде жаңарып, жетіліп, қоғаммен бірге бейімделіп отыруға қабілетсіздігі және де консервативті, орталықтандырылған, жабық және шектеулі түрде болуында деп есептеймін. Оның үстіне, соңғы он бес жылдың көлемінде мектептердің оқу-материалдық, кадрлық базасының моральдық та, материалдық та жағынан барынша ескіріп, құлдырап кетуі білім сапасына орасан зор зиянын тигізгені белгілі.

Бүгінгі таңда білім беру саласында әртүрлі сипаттағы және бағыттағы «инновациялар» енгізілуде. Азды-көпті мемлекеттік реформалар жүргізіліп, оқыту әдістері мен технологияларына жаңалықтар кіруде. Білім беру саласына енген жаңалықтарға мына өзгерістерді жатқызамыз:

- оқу-тәрбие мекемелерінің жаңашыл басқарылуын;
- білімнің қоғамдағы орны, және сол жүйені қаржыландыру деңгейін;
- тәрбие және білім жүйесі құрылымын;
- білім беру мазмұнын, яғни оқу жоспарларындағы және бағдарламаларындағы өзгерістерді;
- мектептің ішкі ұйымдастырушылық әрекеттерін айтуға болады.

Мектептің мемлекет алдындағы жауапкершілігі жоғары болуы қажет. Өйткені жасбаланың бойына адамгершілік негіздерін қалыптастырып, білім нәрінен сусындатар, өзінің дәстүрінен алшақтатпай, туған тілін, салт-дәстүрін қажетті деңгейде үйрету-басты міндет. Осындай мақсат, міндеттерді үнемі ұстанып отырған мектептің жетер жетістігі, бағындырар биігі зор болмақ және сол мектептің түлектері де еліміз үшін тигізер пайдасы мол болмақ [1.б.242].

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының білім беру стратегиясындағы басты концепция - ұлттық білім моделін жасау. Ұлттық білім үлгісінің негізгі мақсаты-адамның ең негізгі құндылық ретінде мойындау және солтұрғыда қалыптастыру, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, мәдени-рухани дамуына ерекше мән беріп, соларқылы оның рухани жан дүниесінің жетілуіне, әлеуметтік-саяси көзқарастарының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, әлеуметтік мәдениетінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай туғызу. Яғни, келешек маман білікті әрі білімді, ең алдымен рухани тұрғыда кемелденген, ұлттық ділі мықты, әлеуметтік мәдениеті қалыптасқан, халық, ұлталдындағы жауапкершілік сезімі жоғары дара тұлға болуы тиіс.

Бүгінгі күні мектептерде оқушы білімін бағалаудың тәсілі ретінде тестілеу, бақылау жұмыстары және де «5» баллдық жүйесі кең қолданыс табуда. Алайда бұл әдістер - оқушылар жетістігін бағалау технологиясының бірі ғана. Қазіргі уақытта оқыту нәтижесін бағалаудың басқа да әдіс-тәсілдері бар. Оқушылар білімін бағалаудың жаңадан ойлап табылған тәсілдерінің бірі-портфолио. Портфолио - оқушының жеке жетістігін жинақтау және бағалау тәсілі. Американдық және еуропалық білім беруде протфолио «оқушы жұмысының жетістігі мен озықтығын көрсететін коллекция» ретінде анықталады. Портфолионы мектепте пайдалану идеясы өткен ғасырдың 80-жылдары АҚШ-

та пайда болды. Бұл әдістеме оқушылардың қызығушылық аясын анықтауға, олардың өз бейініне сәйкес мектептердің жоғары сатысында сауатты түрде таңдау жасауға мүмкіндік береді.

Портфолионың қолданыстағы бағалау жүйесінен басты айырмашылағы неде? Бағалаудың 5 балдық дәстүрлі жүйесі мен тестілеу негізіне, білімдегі кемшіліктерді анықтаса, портфолио оқушылардың үйірме, олимпиада, жарыс, шығармашылық конкурстар, сабақтардағы жетістіктерін көрсетеді. Портфолионың негізгі мақсаты: оқушылардың білім алу процесі бойынша есебін ұсыну, оның оқудағы жетістігін бақылау, маңызды білім нәтижесін көру, оқушы жетістігін сапалық және сандық жағынан бағалау. Оқушының портфолиосы-сертификатталған жеке білім жетістіктерінің портфелі. Оған жататындар: диплом, грамота, оқушының мектепте және одан тыс белсенділігі мен табысын растайтын басқа да ресми құжаттар.

Еліміздің оқу-білім саласына жаңадан жүргізіліп отырған үлкен саясатының бірі - ол ел азаматтарының үштілді меңгеруі. Бұл жалпы білім бертін орта мектептің алдына жеткеншектердің мектептен қазақ, орыс және шетел тілін меңгеріп шығу міндетін қойып отыр [2.б.112].

Осыған орай, жалпы білім беретін орта мектептерге ағылшын тілін 2 және 5-сыныптан тереңдетіп оқытуға арналған арнайы бағдарламалар құрылды. Шетел тілін 2-3 түрлі деңгейде тереңдетіп оқыту үшін біртұтас тұрақты академиялық оқулықтардың орнына, дидактикалық талаптарға жауап бере алатындай өзгермелі, яғни көпдеңгейлі оқулықтардың болғаны абзал деп ойлаймын. Бастауыш сыныптарда негізгі білім дұрыс қаланған болса, әр түлекке болашақта тілдерді тереңдетіп оқу жеңіл болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Д.Хмель, Г.Т. Хайруллин, Б.И.Муканова. «Педагогика» Алматы. 2005ж. 242б.
2. С.Әбенбаев, Ж.Әбиев «Педагогика» Астана. 2009ж. 112б

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ДАМЫТУ

Серік. Г.
«Педагогика және психология» мамандығының 3курс студенті
Ғылыми жетекшісі Мусирова Г.Б.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру.Адамның жынысына , дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады. Инклюзивтік оқыту қазіргі кезде білім беру саласына етек жайып келе жатыр, бұл дегеніміз сапалы білім алудың барлығы үшін тең болуымен ескеріледі.

Яғни, жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндіктері шектеулі бала мен басқа да әлеуметтік қорғалатын топтарға жататын оқушыларға өзгелермен

теңдей білім беру, соған жағдай жасау. Қазіргі кезде Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар көбіне арнайы мектеп-интернаттарда білім алады. Инклюзивті білім беру - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді [1].

Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып білуге, қабылдауға үйренеді. Біріктіре оқыту арқылы бала дамуының ерекшеліктерін анықтап, білім беру стандартына сай қалыпты дамуын қадағалап, зейін тұрақтылықтарын дамыта отырып оқыту,тәрбиелеу-басты мақсат болып отыр.

Қазіргі кезде қолданылып келе жатқан әдістің бірі-біріктіре оқыту.

Біріктіре оқытудың ерешелігіне тоқталып өтсек

- даму барысындағы кемшілікті ерте бастан түзету

- даму барысында ауытқуы бар балалардың бірнеше қызметтерін қалпына келті қабілеттері.

- Біріктіре оқыған балаға түзету жұмыстары міндетті түрде жүргізілуі керек.Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы[2].

Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мына міндеттерді шешу көзделген:

-мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;

- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;

-мүмкіндігі шектеулі балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді. Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланған. 3030 мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылған. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты істері жүзеге асырылмақшы. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін

қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз [3].

Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы.

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді. Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мына міндеттерді шешу көзделген:

-мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;

- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;

-мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді. Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланған. 3030 мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылған. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты істері жүзеге асырылмақшы. Осылайша мемлекетіміз мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына, оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыруда қолдан келгенше жағдай жасамақшы [4].

Пайдаланған әдебеттер тізімі:

1 Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования. Париж, ЮНЕСКО, 2009г

2 Бгажнокова И.М. «Школа для детей с нарушениями интеллекта: тенденции перспективы развития» Дефектология 2004ж

3. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы
4. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010.

ЗАМАНАУИ ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІ

Сейдахметова А.
«Педагогика және психология» мамандығының
3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі Акылбекова Э.А.

XXI ғасырда әлемдегі көптеген озық елдер әлеуметтік салада біршама өзгерістерді бастарынан кешіруде. Соңғы 10 жыл ішінде оқу – ағарту саласында реформа жүргізбеген бір де бір дамыған мемлекет жоқ. Кейбір елдерде бұл тәжірибет ұрақты түрде жүргізіліп келеді. Қазіргі қоғамның үздіксіз дамуында және әлемдік нарықта мықты позицияны қамтамасыз етуде білім берудің басымдық рөлі туралы идея жоғарыдамыған мемлекеттердің оқу – ағарту саясатында маңызды орынға ие. Үздіксіз өзгеруде әлем елдері постиндустриалдық және ақпараттық қоғамға көшу барысында халықаралық ынтымақтастық нәтижесінде ғаламдық мәселелерді шешуді мақсат етіп қойған. Қоғамның демократиялануы мен экономиканың қарқынды дамуы әлемдік деңгейдегі бәсекелестікте өзін білімі мен біліктілігі жағынан көрсететін жан-жақты тұлғаны тәрбиелеуді талап етіп отыр [1].

XXI ғасыр – бәсеке ғасыры, бұл бәсекеен жарлықты, керітартпалықты көтермейді. Қазақ елі тәуелсіздіке қолы жетіп, егемендігін алып, өзін бүкіл әлемге мойындата бастаған осы кезеңде біздің қоғамдарынды, қабілетті, жан-жақты жетілген тұлғаны қажет етеді. Сондықтан да Қазақстанның білім берудегі ұлттық жүйесі өте қарқынды өзгерістер сатысында тұр. Бүгінгі таңдағы негізгі мақсат - ұлттық құндылықты әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті, өзіндік жеке көзқарасы қалыптасқан ,зерделі, дарынды оқушыны әзірлеубасты назарда.

Елбасымыздың 2012 жылдың 27қаңтарындағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында: «Білім жүйесі тек білім ғана емес, сонымен қатар, оны әлеуметтік бейімделуде қолдану білігін беруі тиіс», − деп атап көрсетілген. Осыған орай, Мемлекет басшысы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын одан ары дамыту қажеттілігін атап өтті.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізі болып табылады. Қазақстанда кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте алғаш рет 2012-2016 жылдарға арналған функционалдық сауаттылықты дамытудың «Ұлттық іс-қимыл жоспары» дайындалды, онда оқушылардың құзыреттілік біліктерін, алған білімдерін шынайы өмірлік

жағдаяттарда тиімді қолдана білу қабілеттерін дамыту көзделген. Функционалдық сауаттылықтың жалпы бағыты Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да нақты көрсетілген [2].

«Ең әуелі мектепке керегі терең білімді педагогика мен әдістемеден хабардар, оқыта алатын мұғалім. Екіншісі, оқыту ісіне керек құралдар һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді, һәм құралдар қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы», -деп тілші-ғалым А.Байтұрсынұлы атап өткендей қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – мұғалімнің еліміздегі жүргізіліп жатқан білім беру саясатындағы және әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың заманауи құралдарын өз тәжірибесінде ықпалдастыру арқылы оқыту сапасын арттыруға бағдарланғаны. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Осы орайда мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – оның әр сабағын түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. «Ұстаз» деген атқа лайық болу, оны арындай таза ұстау – әр мұғалімнің борышы. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі білім мен біліктілігі арқылы қалыптасады, кәсіби шыңдалады. Қарқынды өзгеріп жатқанн арықтық жағдайда мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім мен білік дағдысының, кәсіби шеберлігінің жоғары болуы.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық деңгейде білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген.

Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сыңдарлысаясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялар мен жаңа жүйелер мен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде оқушыларға дайын білімді игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, басекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылыққа сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі.

Қазіргі кездегі оқыту мен оқу үрдісіндегі әлемдік білім кеңістігіне ұмтылуға байланысты жасалынып жатқан талпыныстар Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыруда «Педагогикалық шеберлік орталықтарының » деңгейлі

бағдарламасымен жүзеге асырылуда. Алматы қаласының «Педагогикалық шеберлік орталығының» І деңгей тыңдаушысы ретінде аталған бағдарламаның Қазақстанның білім беру жүйесін дамытуға оң ықпал ететініне сенімім мол [3]. Себебі, оқыту мен оқуда өзгеріске жетелейтін, оқыту сапасын жақсартуға ықпал ететін бұл бағдарлама мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін шыңдап қана қоймай, оқушылардың білім сапасының нәтижесіне ықпал ете отырып, мектептің ілгері дамуына әсер етеді. Бірінші деңгей бағдарламасының негізгі мақсаты-мектептегі еңбек тәжірибесі әртүрлі мұғалімдерді қатыстыру арқылы мектеп жүйесінжан-жақты дамыту үшін қажетті білімдер мен дағдыларды беру болып табылады.

Себебі, педагогика жаңалықтарының бірі–оқытудың іс-тәжірибесіне жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу. Бағдарламаның басты мақсаты көшбасшы мұғалімдерді әзірлеу арқылы мектеп тәжірибесіне жаңа өзгерістер енгізу болып табылады. Өз мектебіме жаңашыл өзгерістерді енгізудің нәтижесін екі апталық тәжірибе кезінде байқадым. Оқыту мен оқудағы қуатты педагогикалық жеті құралдың маңыздылығы мен тиімділігін коучинг сессиялар арқылы меңгерген мектеп мұғалімдері орта мезгілді жоспарлауда жеті модулді ықпалдастыра отырып, тізбектелген сабақтарды және іс-әрекетті зерттеу сабақтарын жүргізгеннен кейінгі аз мерзім ішінде өзгерістің білім сапасына, яғни, оқушылардан күтілетін нәтижеге әсер еткенін аңғарды. Себебі, осы бағдарлама бойынша оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді тиімді қолдана отырып, топтық жұмыстарды ұйымдастыруда үлгерімі төмен оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артып, дарынды оқушылардың сынып ішінде көшбасшы деңгейіне жетуі оң нәтиже көрсетті.

Сонымен қатар, мектеп мұғалімдерінің кәсіби қоғамдастыққа бірігіп, оқытудағы ортақ мәселелерді шешуде бірлесіп, ынтымақтастықта жұмыс жасауы, тәжірибе алмасуы олардың кәсіби дағдыларын шыңдай түсті. Бәрімізді бүгінгі таңда алаңдататын мәселе- жас ұрпақтың сапалы ілімді игеруі, бәсекеге қабілетті озық елдердің қатарында болу.Қазіргі өркениетке жеткізетін құрал тек қана - білім. Білімді ұрпақ қана болашақ иесі болып табылады. Білім – қоғамды әлеуметтік мәдени – ғылыми үрдіспен қамтамасыз ететін ғажайып құбылыс, қауым үшін де, қоғам үшін де жоғары. Сондықтан, оқыту мен оқу үрдісінің сапасын жақсартуға, мектеп тәжірибесін дамытуға, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыруға жаңашыл бағдарламаның маңызы зор деп сенімді түрде айта аламын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*:*

1 Қ.Б Жарықбаев, Н.Б.Беріков «Психология пәнін оқытудың кейбір мәселелері» Алматы – 1987жыл.

2 Б.А. Әмірова, Р.А.Молдабаева «Психологияны оқыту әдістемесі» Қарағанды - 2012 жыл.

3 М.К.Бапаева «Психологияны оқыту әдістемесі» Алматы - 2006 жыл.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН БОЛАШАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ КӨЗІМЕН

Суннат М.Ж.
«Математика» мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Каримова Д.М.

Білім беру жүйесінің үнемі өзгеріп, дамуы және әлеуметтік-экономикалық прогрестің тығыз байланысы қазіргі қоғамның негізгі даму заңдылықтарының біріне айналып отыр. Қоғамдағы демократия процесімен байланысты әлеуметтік өзгерістер, ғылыми техникалық прогрестің дамуы, компьютерлендірудің кеңеюі, бүкіл әлемдік интернет көздерімен байланыс білім беру жүйесі алдына жаңа талаптар қояды. Ол өз кезегінде әр маманға қойылатын талаптар жүйесін өзгертеді, демек тұтастай алғанда жоғары білім беру жүйесіне де әсерін тигізеді.Осы заманғы әрбір жас маман тек дайын білім жүйесін қабылдап, оны қайталап қолдануға ғана емес, сонымен қатар күрделі стандартты емес мәселелерді шешу үшін қажет болатын шығармашылық қызметті де орындауға әзір болуы керек.

Ел басы білімділік деңгейін көтеруді ұлттың бәсекелестік қабілетін көтеруші фактор ретінде, бірінші орындағы мәселе ретінде көтеріп отыр. Бүгінгі күні білім беру процесіне қатысушылардың барлығының алдында білім сапасын көтеру, оны өмірлік талаптарға сәйкестендіріп, бейімдеу келесі мәселенің бірі болып табылады [1].

Жоғары оқу орындары оқыту технологиясын таңдауға ерікті. Олар осы стандартта белгіленген біліми – кәсіптік бағдараламаның талаптарын барынша сапалы жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқу процесін ұйымдастырудың түрі мен әдістерін таңдауға құқылы. Осымен қатар жоғары оқу орындары мамандар даярлаудың сапасына жауапты.

Қазіргі білім беру саласында оқытудың жаңа технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Әрине, маманның сапасы мұғалімнің біліктілігіне тікелей байланысты. Осы орайда мен өз мамандығым математикалық сауаттылық жайлы айтып өтсем. Математикалық сауаттылық проблемалары осы кунге дейін аз айтылып жүрген жоқ. Өйткені, мектеп бағдарламасындағы есептерді оқушылардан бұрын ересек ата-аналардың да шығара алмай жатқанын естиміз.Оған түсіністікпен қарауға болады, себебі бұрынғы және қазіргі есептерді салыстыруға келмейді. Егер әрбір мұғалім әр сабақта математикалық сауаттылықты қалыптастырып, үнемі көңіл бөліп отырса білім сапасы әлдеқайда жақсарар еді.

Математикалық сауаттылық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің ғылыми бейнесін меңгерудегі басты құралы ретінде ерекше көңіл бөлу қажет. Алғашқы күннен-ақ Қазақстан білікті мамандар даярлау мен білім саласын әлемдік стандарттарға сай реформалау мәселесіне баса назар аударды. Тәуелсіздікті

баянды етуде білімнің маңыздылығын жоғары бағалап, экономикалық және қаржылық қиындықтарға қарамастан осы салаға барынша қолдау көрсетті [2].

«Қазақстан – 2030» Стратегиясында: "Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты", – деп айрықша атап айтылған. Бүгінгі кезеңде отандық білім берудің ұлттық моделін құруға байланысты қыруар шаруалар атқарылу үстінде. Ал, бұл мәселе төңірегінде іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүргізіліп жатқанына он шақты жыл болды. Қазір осыған орай Республикамызда заңнамалық және нормативтік-құқықтық база қайтадан құрылу жолында. Нақтылай түссек, халықаралық стандарттарға сәйкестендірілген қазақстандық білім беру жүйесіндегі реформалар жүзеге аса бастады.

"Ертеңін ойламаған ел азады" дейді халық даналығы. Барын бағалап отыратын, ұрпағына үмітке сай білім беріп, тәрбиелейтін ел озады.

Ел көңілін аударған "Интеллектуалды ұлт – 2020" ұлттық бағдар-ламасының басты мақсаты да осы – қазақстандықтардың жаңа буынын тәрбиелеу, сөйтіп бүгінгі ғаламдық дамудың арқа сүйейтін негізгі байлығы – бәсекелестікке қабілетті адам капиталын қалыптастыруға негізделген. Білімі қаншалықты жоғары мемлекеттің бүгінгі әлемдік қауымдастықта бәсекелестікке қабілеттілігі соншалықты биік болмақ. Осы жағдайда ерте бастан өркениетті мемлекеттерде интеллектуалдық бәсекелестік жүріп жатқаны даусыз.

Қазіргі кездегі білім беру жүйесінің ендігі бір міндеті – жастардың білім алып қана қоймай, алған білімін үздіксіз дамытып, оны бойына сіңіріп, тәрбиелі, әдепті, бір сөзбен айтқанда, интеллектуалды-үйлесімді болуын қамтамасыз ету. Жаңа көзқарас ұлтты ойлануға, ойлауға үйрету арқылы қалыптан тыс көкжиекке көз жіберуге тәрбиелеу, білімді өз бетінше зерделеу, технологиялар мен инновациялардағы жаңалықтарды жүзеге асыра білу бейімділігімен бағаланады. Жастарымызды осындай мақсатта тәрбиелеуге біздің зор мүмкіндігіміз бар екендігіне дау жоқ. Міне, бүгінгі интеллектуалдық мектептерге қойылатын талаптар осыларға негізделген.

Ағымдағы ғасыр адамзат баласының алдына шешімі күрделі әрі іргелі мәселелерді қойып отыр. Әлем жаһандану дәуіріне қадам басумен бірге тұтастану, бірігу, кірігу үдерісіне батыл бет бұруда. Соны ерте түсінген әлем елдері мен олардың білім жүйелері жаһандану үдерісіне үн қосып, бұдан әрі дамудың жаңа стратегиялары мен жобаларын ұсынуда. Мұны Мемлекет басшысы біліп, көріп, сол күрделі қиын кезеңнен елімізді қайткенде аман алып шығудың қамын ойластырып жүргені жалпақ жаһанға аян [3].

Кез келген білімнің айқын мақсат-мүддесі болады. Біздің қазіргі жағдайымыздағы оның негізгі мақсаты – елдік сана мен мемлекетшілдік рухты қалыптастыру, ұлтсыздықпен күресу, Тәуелсіздікті баянды ету болуы керек.

Пайдаланылылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010 ж

2. А.А.Байтұрсынова «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008 ж
3. «Математика және физика» журналы, №15, 2015ж.

ФУНКЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕГІ

Тастемір Д.Ы.
«Математика» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: магистр Сабитбекова Г.

Ертеден адамзаттың алдына қойылған есептердің бірі – белгілі бір шарттар негізінде қандайда бір шаманың ең қолайлы, ең ұтымды мәндерін таңдау есебі. Мұндай есептер – өзіндік пайдалы қасиеттерімен ерекшеленеді. Барлық мұндай өмірлік мәселерге ортақ қасиет- белгілі шарттар негізінде ең жақты нәтижеге жету қажеттілігі.

Е және Ғ жиындары берілсін. Е жиынының әрбір элементіне Ғ жиынының элементін сәйкес қоятын ереже функция деп аталады. Функция көбінесе $E \xrightarrow{f} F$; x → f(x); f(x); y = f(x) символдарымен белгіленеді.Е-функцияның анықталу жиыны, Ғ – мәндерінің жиыны деп аталады.

$x \to \pm\infty$ ұмтылғандағы функцияның шегі.

Анықтама. Егер белгілі бір А нақты саны мен кез келген ε оң саны үшін барлық x>N сандары үшін $|f(x) - A| < \varepsilon$ теңсіздігі орындалатын N саны табылса, онда f(x) функциясының $x \to +\infty$ ұмтылғанда нақты мәнді шегі бар және ол А санына тең дейді де $\lim\limits_{x \to +\infty} f(x) = A$ символымен белгілейді.

Анықтама. Егер белгілі бір В нақты саны мен кез келген ε оң саны үшін барлық x<M сандары үшін $|f(x) - B| < \varepsilon$ теңсіздігі орындалатын M саны табылса, онда f(x) функциясының $x \to -\infty$ ұмтылғанда нақты мәнді шегі бар және ол В санына тең дейді де $\lim\limits_{x \to -\infty} f(x) = B$ символымен белгілейді.

Функцияның шегінің "$\varepsilon - \delta$" тіліндегі анықтамасы.

Х жиынында анықталған f функциясы мен x_0 нақты саны берілсін.

Анықтама. Егер белгілі бір в нақты саны мен кез келген ε оң саны үшін f функциясының анықталу жиынында жататын және $0 < |x - x_0| < \delta(\varepsilon)$ теңсіздіктерін қанағаттандыратын барлық х сандары үшін $|f(x) - b| < \varepsilon$ теңсіздігі орындалатын $\delta(\varepsilon)$ оң саны табылса, онда f(x) функциясының х x_0 ұмтылғанда нақты мәнді шегі бар және ол в санына тең дейді де $\lim\limits_{x \to x_0} f(x) = b$, f(x) → b(x → x_0) символымен белгілейді [1].

Анықтама. $(c, x_0]$ жарты интервалында анықталған f(x) функция берілсін (сәйкес $[x_0, b)$). Егер белгілі бір В нақты саны мен кез келген ε оң саны үшін f функциясының анықталу жиынында жататын және $x_0 - \delta < x < x_0$ (сәйкес

$x_0 < x < x_0 + b$) теңсіздігін қанағаттандыратын барлық х сандары үшін $|f(x) - B| < \varepsilon$ теңсіздігі орындалатын $\delta(\varepsilon)$ оң саны табылса, онда f(x) функциясының х x_0-ға сол жағынан (оң жағынан) ұмтылғанда нақты мәнді шегі бар және ол В санына тең дейді де $\lim\limits_{x \to x - x_0} f(x) = B$ ($\lim\limits_{x \to x + x_0} f(x) = B$) символымен белгілейді.

Теорема. f(x) функциясының x_0 нүктесіндегі шегі бар болады сонда тек сонда ғана, егер осы нүктедегі оның сол жақ және оң жақ шектері бар болса және олар тең болса. Ол жағдайда олардың жалпы мәні x_0 нүктесіндегі f(x) функциясының екіжақты шегі болады.

Анықтама. Егер кез келген мейлінше аз ε оң саны үшін N номері табылып, барлық n≥N үшін $|a_n - a_0| \pi \varepsilon$ теңсіздігі орындалатын болса, онда тұрақты а саны a_n сандық тізбектің n шексіздікке ұмтылғандағы шегі деп аталады.

Анықтама. Егер а санына жинақталатын кез келген $\{x_n\}$ тізбегі үшін f функциясы мәндерінің сәйкес $\{f(x_n)\}$ А санына жинақтылатын болса, онда А санын f функциясының шегі деп атайды х а-ға ұмтылғанда

$$A = \lim_{x \to a} f(x)$$

Анықтама. Егер $\{x_n\}$ тізбегінің шегі 0-ге тең болса, онда ол ақырсыз кіші тізбек деп аталады ($\lim\limits_{n \to \infty} a_n = 0$)

Анықтама. Егер $\{x_n\}$ тізбегінің шегі ∞-ге тең болса, онда ол ақырсыз үлкен тізбек деп аталады ($\lim\limits_{n \to \infty} a_n = \infty$)

Қасиеті. Егер $\{x_n\}$ ақырсыз үлкен болса, онда $\left\{\frac{1}{a_n}\right\}$ ақырсыз кіші тізбек болады.

Функция шектері тұралы касиеттері.

1. Егер $\lim\limits_{x \to a} f(x)$ және $\lim\limits_{x \to a} g(x)$ шектері бар болса, онда $\lim\limits_{x \to a}(f(x) \pm g(x) = \lim\limits_{x \to a} f(x) \pm \lim\limits_{x \to a} g(x)$ тендік орындалады.
2. Егер $\lim\limits_{x \to a} f(x)$ және $\lim\limits_{x \to a} g(x)$ шектері бар болса, онда $\lim\limits_{x \to a}(f(x) \times g(x) = \lim\limits_{x \to a} f(x) \times \lim\limits_{x \to a} g(x)$ тендік орындалады.
3. Егер $\lim\limits_{x \to a} f(x)$ және $\lim\limits_{x \to a} g(x) \neq 0$ шектері бар болса, онда $\lim \frac{f(x)}{g(x)} = \frac{\lim f(x)}{\lim g(x)}$ тендік орындалады.
4. Егер $\lim\limits_{x \to a} f(x)$ бар болса, онда кез келген с саны үшін $\lim\limits_{x \to a} cf(x) = c \lim f(x) \lim\limits_{x \to a} f(x) \pm \lim\limits_{x \to a} g(x)$ тендік орындалады.

Шексіз аз функция. Шенелген функциялар.

Анықтама. y=f(x) функциясы $x \to +\infty$ ұмтылғандағы шексіз аз функция деп аталады, егер $x \to +\infty$ ұмтылғандағы оның шегі нөлге тең болса. Құрдым аз функция

$x \to -\infty$, $x \to x_{,0} - 0$, $x \to x_0 + 0$, $x \to x_0$. Құрдым аз функцияның шегі A=0 болғандықтан, $|f(x) - A| = |f(x) - 0| = |f(x)|$ болады, онда шектің анықтамасы негізінде, алдыңғы берілген анықтамаға эквивалентті, құрдым аз функцияға төмендегідей анықтама беруге болады.

Анықтама. Кез келген $\varepsilon > 0$ саны үшін барлық x>N сандары үшін $|f(x)| < \varepsilon$ теңсіздігі орындалатын N саны табылса, онда f(x) функциясы $x \to +\infty$ ұмтылғанда құрдым аз функция деп аталады да $\lim\limits_{x \to +\infty} f(x) = 0$ деп жазылады.

Теорема 1. Егер $\varphi(x)$ және $\psi(x)$ функциялары құрдым аз функциялар болса, онда олардың қолданулары $\varphi(x) + \psi(x)$ -да құрдым аз функция болады.

Теорема 2. Егер y=f(x) функциясының $x \to +\infty$ ұмтылғанда шегі бар болса, онда ол кез келген $]N,+\infty[$ интервалында шенелген болады.

Теорема 3. Егер y=f(x) функциясының ($x \to +\infty$) нөлге тең емес шегі болса, онда $y = \frac{1}{f(x)}$ функциясы шенелген болады.

Теорема 4. Құрдым аз функцияның шенелген функцияға көбейтіндісі құрдым аз функция болады.

Салдар. Құрдым аз функцияның санға көбейтіндісі құрдым аз функция болады.

Теорема 5. $x \to \infty$ -да құрдым аз f(x) функциясын, шегі нөлге тең емес $\varphi(x)$ функциясына ($x \to \infty$) бөлгенде шығатын функция құрдым аз функция болады.

Шексіз аз функция және оның құрдым аз функциямен байланысы.

Анықтама. Кез келген L саны үшін x-тің x>N барлық мәндерінде $|f(x)| > L$ теңсіздігі орындалатындай бір N санын табуға болса, онда y=f(x) функциясы $x \to +\infty$ шексіз үлкен функция деп аталады.

Теорема. Егер $x \to +\infty$ -да f(x) функциясы шексіз үлкен функция болса, онда $\frac{1}{f(x)}$ функциясы $x \to +\infty$ -да құрдым аз функция болады.

Теорема. Егер f(x) функциясы нөлге айналмайтын $x \to \infty$ -да құрдым аз функция болсын, онда $\frac{1}{f(x)}$ функциясы $x \to \infty$ -да шексіз үлкен функция болады.

Шектер туралы теоремалар.

Теорема 1. Егер $x \to +\infty$ -да f(x) функциясының A-ға тең шегі болса, онда оны A саны мен $x \to +\infty$ -да құрдым аз функция қосындысы түрінде жазуға болады[2].

Теорема 2. Егер f(x) функциясын A саны мен кез келген бір $x \to +\infty$ -да құрдым аз функцияның қосындысы түрінде жазуға болса, онда A саны f(x) функциясының $x \to +\infty$ -дағы шегі болады.

Теорема 3. Егер $\lim_{x\to+\infty} f(x) = A$ және $\lim_{x\to+\infty} \varphi(x) = B$ болса, онда $f(x)+\varphi(x)$ және $f(x)-\varphi(x)$ функцияларының да $x \to +\infty$ да шегі бар, әрі $\lim_{x\to+\infty}[f(x)\pm\varphi(x)] = \lim_{x\to+\infty} f(x) \pm \lim_{x\leftarrow+\infty} \varphi(x)$ болады.

Теорема 4. Егер $\lim_{x\to\infty} f(x) = B$ және $\lim_{x\to\infty} \varphi(x) = C$ болса, онда $f(x)\cdot\varphi(x)$ функциясының $x \to +\infty$ да шегі бар, әрі $\lim_{x\to+\infty}[f(x)\cdot\varphi(x)] = \lim_{x\to\infty} f(x)\cdot\lim_{x\leftarrow\infty}\varphi(x)$ болады.

Салдар. Тұрақты санды шектің таңбасының алдына шығаруға болады, яғни $\lim_{x\to+\infty}[k\cdot\varphi(x)] = k\cdot\lim_{x\leftarrow\infty}\varphi(x)$. Мұндағы к-тұрақты көбейткіш.

Теорема 5. Егер $\lim_{x\to\infty} f(x) = B$ және $\lim_{x\to\infty}\varphi(x) = C$ және $C \neq 0$ болса, онда $\frac{f(x)}{\varphi(x)}$ функциясының $x \to \infty$ да шегі бар, әрі $\lim_{x\to\infty}\left[\frac{f(x)}{\varphi(x)}\right] = \frac{\lim_{x\to\infty} f(x)}{\lim_{x\to\infty}\varphi(x)}$ болады.

Теорема 6. х-тің өте үлкен мәндері үшін $\varphi(x) \le f(x) \le g(x)$ теңсіздігін қанағаттандыратын $\varphi(x), f(x)$ және $g(x)$ үш функциясы берілсін. Егер $x \to \infty$ –да $\varphi(x)$ және $g(x)$ функцияларының бірдей шегі болса, онда олардың арасындағы $f(x)$ функциясынан да шегі болады және ол сол функциялардың шегіне тең болады.

Салдар. $\frac{Sinx}{x}$ функциясының $x \to 0$. Яғни $\lim_{x\to0}\frac{Sinx}{x} = 1$

Үздіксіз функциялар.

Анықтама. y=f(x) функциясы x_0 нүктесінде үздіксіз деп аталады, егер: 1) функция x_0 нүктесінде және сол нүктені қамтитын оның бір аймағында анықталған болса; 2) функцияның $x \to x_0$-дағы шегі болса; 3) функцияның $x \to x_0$-дағы шегі сол нүктедегі функцияның мәніне тең болса, яғни $\lim_{x\to x_0} f(x) = f(x_0)$ болса.

Егер x_0 нүктесінде функция үздіксіз болса, онда x_0 нүктесі берілген функцияның үздіксіздік нүктесі деп аталады[3].

Анықтама. Егер x_0 нүктесі функцияның анықталу облысында не оның шекарасында жатса және оның үздіксіздік нүктесі болмаса, онда ол f(x) функциясының үзіліс нүктесі деп аталады. Ол жағдайда $x = x_0$ нүктесінде функция үзілісті деп аталады. Үзіліс нүктелерін екі түрге бөлуге болады:

Егер екі біржақты шектері $\lim_{x\to x_0-0} f(x)$ және $\lim_{x\to x_0+0} f(x)$ бар болса, онда f(x) функциясының үзіліс нүктесі x_0 I-текті деп аталады. I-текті болмайтын үзіліс нүктелері, II-текті үзіліс нүктелері деп аталады.

Теорема. Егер x_0 нүктесінде f және g функциялары үздіксіз болса, онда fc (c-тұрақты),f+g, fg, функциялары, ал егер $g(x) \neq 0$ болса, онда $\frac{f}{g}$ функциясы да x_0 нүктесінде үздіксіз болады.

Егер осы теоремаларды ң шарттары орындалмаса, онда $\infty-\infty;\frac{\infty}{\infty};\frac{0}{0};0\cdot\infty$ түріндегі анықталмағандықтар жүз беруі м үмкін, ондай аны қталмағандықтар алгебралық түрлендірулер арқылы айқындалады.

№1

$$\lim_{x\to\infty}\frac{3n^2+3n-5}{1-n^2}=\lim_{x\to\infty}\frac{3+\frac{3}{n}-\frac{5}{n^2}}{\frac{1}{n^2}-1}=\frac{\lim\limits_{x\to\infty}3+\lim\limits_{x\to\infty}\frac{3}{n}-\lim\limits_{x\to\infty}\frac{5}{n^2}}{\lim\limits_{x\to\infty}\frac{1}{n^2}-\lim\limits_{x\to\infty}1}=-3$$

№2

$$\lim_{x\to\pm\infty}\frac{2+4x^2+3x^3}{x^3-4x-10}=\lim_{x\to\pm\infty}\frac{\frac{2}{x^3}+\frac{4}{x}+3}{1-\frac{4}{x^2}-\frac{10}{x^3}}=\frac{\lim\limits_{x\to\pm\infty}\frac{2}{x^3}+\lim\limits_{x\to\pm\infty}\frac{4}{x}+\lim\limits_{x\to\pm\infty}3}{\lim\limits_{x\to\pm\infty}1-\lim\limits_{x\to\pm\infty}\frac{4}{x^2}-\lim\limits_{x\to\pm\infty}\frac{10}{x^3}}=3$$

№3

$$\lim_{x\to\pm\infty}\frac{7x^2+10x+20}{x^3-10x^2-1}=\lim_{x\to\pm\infty}\frac{\frac{7}{x}+\frac{10}{x^2}+\frac{20}{x^3}}{1-\frac{10}{x}-\frac{1}{x^3}}=\frac{\lim\limits_{x\to\pm\infty}\frac{7}{x}+\lim\limits_{x\to\pm\infty}\frac{10}{x^2}+\lim\limits_{x\to\pm\infty}\frac{20}{x^3}}{\lim\limits_{x\to\pm\infty}1-\lim\limits_{x\to\pm\infty}\frac{10}{x}-\lim\limits_{x\to\pm\infty}\frac{1}{x^3}}=\frac{0}{1}=0$$

1. $\boldsymbol{\lim\limits_{x\to 0}\frac{\sin x}{x}=1}$
2. $\boldsymbol{\lim\limits_{x\to\pm\infty}\left(1+\frac{1}{x}\right)^x=\lim\limits_{x\to\pm\infty}(1+\alpha)^{\frac{1}{\alpha}}=e\approx 2{,}718281828\ldots}$

$$\lim_{x\to 0}\frac{\sin 7x}{\sin 3x}=\lim_{x\to 0}\frac{\frac{\sin 7x}{7x}\cdot 7x}{\frac{\sin 3x}{3x}\cdot 3x}=\frac{7x}{3x}=\frac{7}{3}$$

$$\lim_{x\to\pm\infty}\left(\frac{2x+1}{2x-1}\right)^{3x+1}=\lim_{x\to\pm\infty}\left(\frac{2x-1+2}{2x-1}\right)^{3x+1}=\lim_{x\to\pm\infty}\left(1+\frac{2}{2x-1}\right)^{3x+1}$$

$$\frac{2}{2x-1}=\frac{1}{y}\Rightarrow x=y-\frac{1}{2}$$

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Х.И.Ибрашев, Ш.Т.Еркеғұлов. Математикалық анализ курсы. 1-2 том. А., «Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы», -1963.
2. Фихтенгольц Г. М. Математикалық анализ негіздері, 2 Том.
3. Н.Темірғалиев. Математикалық анализ. А., «Мектеп», 1987.

БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Тиыштыкбаева Г.М.
«Биология» мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекші: оқытушы Хамитова Қ.К.

Қазіргі таңда білім беру жүйелері дамыған. Мектептерде білікті маман өз оқушыларын білімге деген қызығушылығын арттыруда түрлі амалдар қолдана алады.

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Әлемдік қоғамдастықтың қазіргі заманғы үдерістері, халықаралық қарым-қатынастың және мәдени аралық арақатынастың, соның ішінде тәуелсіз Қазақстанның тіл мәртебесін ғаламдық адами құндылықтың таратушысы дәрежесіне дейін көтеруі, шет тілін оқыту білім саласындағы саясаттың басымшылдығына ие болып отыр. Жас ұрпақ халықаралық әрекеттестіктің және ынтымақтастықтың жаңа талаптарына сай келу үшін шет тілін меңгеру қазіргі замандағы кез келген мамандық иесінің міндетті құзырлығына айналды. [1].

Қазіргі уақытта біз, қоғамда болып жатқан түрлі өзгерістерді бақылаудамыз, елімізде шетелдік қарым – қатынастар дамып, түрлі технологиялар даму үстінде. Сол себептен, білім саласында да, әр алуан өзгерістер, оқыту, білім беру бағдарламалары пайда болуда, шет тілін оқытуда да жаңа әдістер мен шет тілін оқыту технологиялары пайда болуда. «Технология» деген сөзбен «оқыту әдістемесі» деген түсінік өзара араласып, қолданысқа ие болуда, оқыту әдіс-тәсілдерін біз инновациялық технология деп

атап жүрміз. Оқыту әдістемесі мен оқыту технологиясын өзара салыстырсақ, оқыту технологиясын біз мынадай ерекшеліктермен сипаттар едік:
1)бірнеше процестерді қамтуға бағытталған;
2)жеке тұлғаның кәсіби қасиеттерін қалыптастыруға, тәрбиелеуге бағытталған оқыту;
3)ғылымилығы, яғни, технологияның әдіснамалық және теориялық процестерге негізделуі;
4)соның нәтижесінде жаңа процестерге түрткі болуы (мысалы, шығармашылыққа);
5)оқыту процесінің маңыздылығы мен тиімділігіне көбірек бағытталғандығы.

Қазақ мектебінің бүгінгі жайы мен ертеңі, оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейі шешуші дәрежеде мұғалімге, ата-анаға және қоғам қауымдастығына жүргізілген жұмыстарға, ізденісіне байланысты. Бастауыш сыныптарға арналған бағдарламалар педагогикалық үрдісті жаңаша қарауды талап етеді. Педагогика ғылымында баланы оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты – жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру болса, оқытудағы негізгі мақсат – өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Жеке тұлғаның дамуында маңызды роль атқаратын оқушының өз бетінше жұмысын тиімді ұйымдастыра білу;

сол арқылы материалды саналы меңгертудің жүйесін жасау;

оқушының түрлі дара қабілеттерін арттыру.Өз бетінше жұмыс қазіргі жеке тұлғаны қалыптастыру және тәрбиелеуде, білім берудің приоритетін түбегейлі өзгертуде, яғни бұрынғыша оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыруды түбегейлі өзгертуде.

Өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты оқушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Мұғалім сабақта әдіс - тісілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс - пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс – тәсілдер арқылы өткізген әрбір сабақ оқушылардың ойлануына және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып оларды сөйлетуге үйретеді [2].

Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі балардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан - жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыру әрбір мұғалімнің міндеті.

Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан – жақты, білімі қажет. Қазіргі мұғалім:

- Педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын;
- Педагогикалық өзгерістерге тез төселетін;
- Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
- Оқушылармен ортақ тіл табыса алатын;
- Білімді, іскер, шебер болу керек;

Егеменді еліміздің ең басты мақсаты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Қазіргі білім берудің басты мақсаты да сол жан-жақты дамыған, рухани бай жеке тұлға қалыптастыру болып табылады [3].

Рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғадағы ең басты қасиет тердің бірі - тіл байлығы, өз ойын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білетін, шешен де ойлы сөйлей білетін, Абайша сөйлегенде сөзі жүрекке жылы тиетін, сөз құдіретін игерген адамдарда да тұлғалық қасиет болады. Рухани адамгершілікке тәрбиелеудің басты мақсаты оқушылардың белсенді өмірлік жолын, қоғамдық борышқа саналы көзқарасын, сөз бен істің бірлігін қамтамасыз етіп, адамгершілік нормаларынан ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру болып табылады.

Ушинский К.Д. айтқандай, «Мұғалім тек өз пәнінен сабақ беріп қана қоймауы керек, сонымен қатар тәрбиеші адал, әділетті, шыншыл адам болуы керек». Оқушылардың білімін көтеру оқуға деген ынта жігерімен қызығушылығын арттыру әр мұғалімнің міндеті. Осы мақсатта мұғалімдер әр түрлі әдістермен тәсілдерді пайдаланып отырса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, өздігінен ізденуіне мүмкіндік жасалады. Бұл орайда адамзат баласының өз ұрпағын оқыту мен тәрбиелеудегі ең озық, тиімді әдістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу, классикалық педагогиканың ұзақ үлгілерін жаңашылдықпен дамыту қашан да жалғаса береді.Олай болса, әр мұғалім сабаққа қойған үш мақсатының үшеуіне де жетіп, білім мен тәрбиені ұштастыруымыз қажет. Өз елінің сауатты, сапалы азаматы

Жан – жақты дамыған Барлық жағдайларға тез арада шешім қабылдай алатын креативті мұғалім.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан мектебі» журнал №12(2014)
2. «Республика Ұстаздары» педагогикалық газет, №9-10(310)мамыр, 2016ж. 2б.
3. «Биология және салауаттылық» 2013жылы 12б

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тұрдыбек А.Ғ.
«Педагогика және психология» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі Сейдина Б.З

Бүгінгі таңда XXI ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім – тәрбие және білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын айқындау- педагогика ғылымы мен озат тәжірибенің көкейкесті мәселелерінің бірі болып отырғаны анық.

Өскелең ұрпақтың білімі әлеуметтік – мәдениетке сәйкес болуы қажет. Елбасының 2006 жылғы Қазақстан халқына жолдауының «Осы заманғы білім беру және білікті кадрлар жүйесін дамыту» деп аталатын бөлімде: «Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет.Ұлттық бәсекеге қабілеттіліктің аса маңызды шарты бұл әлеуметтік бәсекелестік үрдісінде табысқа жетуге мүмкіндік беретін күшті рух пен білім» — деп атап көрсеткен.

Оқушыларға кәсіби бағдар беру және болашақ мамандығын анықтап алуға ықпал жасау мектеп алдында тұрған міндеттердің бірі. Сондықтан психология мен педагогикада осы мәселеге үлкен көңіл аударылады. Әр мектептің оқушыларды мамандыққа баулу және кәсіби бағдар беру жұмысының жоспары құрылып, оны жүзеге асыруға психологтың қосатын үлесі мол болуға тиіс. Балаларға мамандық таңдату оңай жұмыс емес. Бұл проблеманы зерттеушілер П.П. Блонский, Г.Н. Стычинский, В.А. Сухомлинский, Ю.П.Сокольников, А.П.Сейтешов Г.А.Уманов, Л.К.Кермов және олардың шәкірттері баланы жас кезінен болашақ мамандығын саналы түрде анықтауға ата-аналар, психологтар мен педагогтар өз үлестерін қосуы керек екенін атап көрсеткен. Сондықтан қазіргі кезде көптеген психологиялық зерттеу әдістемелері көмегімен баланың психофизиологиялық ерекшеліктерін зерттеп, қай салада қызмет атқаруға икем екенін болжамдап береуге болады [1].

Бүгінгі таңда жоғары сынып оқушыларына кәсіптік бағдар берудің психологиялық тераменттерін зерттеуге арналған Айзенк, Стреляу тестері, Басса-Дарки, Шмишек, Филипс жасаған мінез-құлық ерекшеліктерін анықтау әдістемелері, таным процестерін зерттеу және қабілеттіліктің түрлерін анықтау әдістемелері көмегімен әр адамның жеке даралық психофизиологиялық ерекшеліктерін нақты анықтауға болады.

Сонымен қатар жоғарғы сынып оқушыларының коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілетті зерттеу және барлық бағаланған қасиеттерді дамыту және қалыптастыру жолдары да анықталған. Дегенмен мектеп тәжірибесінде психологиялық қызметтің енді аяқ алып келе жатқанына байланысты оқушыларға дер кезінде психологиялық көмек көрсету сирек кездеседі. Психолог бар жерде олардың арсеналында қажетті психодиагностикалық әдістемелер тапшы. Ғылыми тұрғыда негізделген кәсіби бағдар беру проблемасын шешу жолдары онша айқындалмаған.

Зерттеу мақсатына сай келесі міндеттері анықталды:

Зерттеу тақырыбы бойынша арнайы әдебиеттермен, әдістемелермен жұмыс істеу;

- Жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағдар берудің теориялық аспектілерін ашу;
- Білім беру жүйесінде кәсіби бағдар беру түсінігіне талдау жасау;
- Қолданбалы курстар мәселесі және оны оқыту ерекшеліктерін көрсету;
- Кәсіби бағдар берудің негізгі бағыттарына талдау жасау;
- Оқушылардың саналы түрде мамандық таңдауында ата-ананың алатын орнын көрсету;

- Тәжірибелік жолмен жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағдар берудің ерекшеліктерін көрсету;

- Арнайы әдістемелері зерттеу [2].

Болашақта ел тұтқасын ұстайтын азаматтардың болашақ мамандығын анықтауға бағыт-бағдар беру - бүгінгі күн тәртібінде тұрған маңызды мәселердің бірі. ҚР Президентінің Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «әр оқушының білімі мен қабілеті деңгейінің тиімділігін бағалаудың біртұтас жүйесін жасау керек» деп көрсетілген. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде көрсетілген. Оны шешуге мектеп психологының қосатын үлесі өте үлкен. Өйткені жеке тұлғаның барлық қабілеттері мен мүмкіндіктерін ашып, оларды салауатты өмір салтына үйретіп, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін жоғары сынып оқушыларының психологиялық даму ерекшеліктерін ескере отырып, олардың болашақ мамандығын саналы түрде таңдап алуына психолог көмек көрсетуі керек.

Қазіргі кезде болашақ мамандықты ерте таңдап, мектепте болашақ мамандығына бағытталған даярлықтан өтудің мән мағынасы өте терең болып отыр. Бұл проблеманы жан-жақты зерттеу мәселесі XIX ғасырда басталып, көптеген ғалым психологтар оның әр түрлі аспектілерін зерттеді. XX ғасырдың басында В.Вундт, Мюнстерберг, А.Бине, Ф.Парсонс, Д.Сьюпер, Е.Гинцберг т.б.ғалымдар ұйымдастырған зертханалар зерттелінушілердің психофизиологиялық ерекшеліктерін бағалау арқылы олардың мамандыққа жарамдылығын анықтаған. Қазіргі кездегі мектепте жүргізіліп жүрген мамандыққа бағдар беру жұмыстарының негізін құрғандар Ю.В.Большакова, П.П.Блонский, В.И.Лебедев, В.А.Сухомлинский, Ю.П.Сокольников, А.П.Сейтешов, Л.К.Керимов, Е.П.Климов, Г.А.Уманов т.б. ғалымдар. Олар өз зертеулерінде мамандыққа баулу жұмысының құрылымын, мазмұнын және пайдаланылатын әдіс-тәсілдерді анықтап, мектеп қабырғасында балалармен жүргізілетін мамандыққа икемділігін диагностикалау жұмыстарының бағдарламасын жасады [3].

Мамандыққа бағдар беру жұмысында әр балаға өзінің психологиялық ерекшеліктерін анықтап, барлық жұмысқа қажетті ашық-жарқындық, сыйысымдылық, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың мәні өте терең. Мектептерде психологиялық қызмет ұйымдастырылуына байланысты барлық оқушылардың жеке-даралық психологиялық ерекшеліктерін, әр баланың қызығушылықтары мен қабілетін, таным процестері мен жекелік қасиеттерін сандық және сапалық жағынантолық бағалап шығуға болады.

Мамандықты таңдауға жастарды баулудың бастамасын Ф.Парсонс 1909 жылы ғылыми жолға қойып, ол жеке тұлға теориясын құрып, осы теория негізінде психометриялық әдістемелерді пайдалану жолдарын ұсынған. Оның ғылыми қағидаларына сүйене отырып, зерттеушілер адамдардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне байланысты дәру негіздері ретінде келесі қағидаларды ұсынды:

а) әр адам өзінің жекелік психофизиологиялық қасиеттеріне және таным процестерінің ерекшеліктеріне байланысты тек бір мамандыққа икем болады;

б) мамандық бойынша қызметте табысты болу және өз мамандығына көңілі толу адамның жекелік қасиеттерінің мамандық қызмет талаптарына сай келуінетәуелді;

в) мамандыққа бағдар беретін кеңесші мамандық таңдаушының жекелік ерекшеліктері мен оның диспозицияларын ескере отырып,мамандықты таңдауды саналы жүретін процеске айналдырып, таңдаудың тиімділігін қамтамасыз етуі қажет [4].

Әр адам өзінің болашақ мамандығын анықтауға негіз болатын көптеген себептері бар. Мамандық бағдар беру проблемасын зерттеушілердің ішінде Д.Сьюпер өзіне дейін жүргізілген зерттеулерді жүйеге келтіріп, мамандық таңдауға негіз болатын келесі баптарды анықтады:

-әр адам өзіне тән қабілет, қызығушылық, мінез және басқа

ерекшеліктермен сипатталады;

-осы ерекшеліктеріне байланысты адам бірнеше мамандықтарға икем болып келеді;

-адамның өмір тәжірибесімен байланысты оның мамандыққа көзқарасы

және мамандық шеберлігі, оларға әсерін тигізетін объективтік және субьективтік факторлар өзгереді;

-мамандық таңдауға көзқарас бірнеше кезеңде жүреді;

-мамандыққа көзқарастың дамуы ата-аналарының әлеуметтік-экономикалық жағдайына, баланың жекелік ерекшеліктеріне және мамандыққа даярлықтан өту мүмкіндіктеріне байланысты жүреді;

-баланың мамандық таңдау ниетінің қалыптасу кезеңдерінде оның

дамуын басқаруға және бағыт-бағдар беруге, мамандыққа қажетті қабілетін басқару мүмкіндіктері мол;

-мамандық бағдар берудің мәні жеке тұлғаның «Мен»-концепциясын

дамыту және іске асыру болып табылады;

-психологиялық кеңес беру және коррекция жүргізу «Мен»-концепция

мен ақиқаттың бір-бірімен түйісуін қамтамасызетеді;

-адам мамандық қызметте өзінің қабілеттілігі мен іскерлігін көрсетуге

мүмкіндігі болғанда, ол жұмыс жеке тұлғаны қанағаттандырады және мамандық шеберлікке жетуіне түрткі болады [5].

Белгілі бір мамандыққа деген ынтаның пайда болуына көп жайлар: оқу, адамдар, кітаптар, кино, теледидар, экскурсиялар себепші болуы мүмкін. Жасөспірімдер көп нәрсеге ден қояды, көбіне бірнеше бағытты бағдар етіп ұстайды, бірнеше үйірмеге барып жүреді. Жасөспірімдер өздеріне ұнаған кәсіптерді романтикаға бөлейді, көптеген қиыншылықтарды аңғармайды, өз мүмкіндіктерін асыра бағалайды. Кәсіптік мүддлер мен ниеттердің қалыптасуы үшін үйірмелердегі тыңғылықты ұйымдастырылған сабақтардың маңызы зор. Бұл сабақтар жасөспірімге өзінің бейімделіктерін, мүмкіндіктерін, кемшіліктерін ұғынып бағалауға көмектеседі. Өзін іс-әрекетте сынау-арманын жүзеге асыру үшін де, түңілуге жол бермеу үшін де жақсы әдіс [6].

Мамандыққа бағдар беру жұмысы - тарихы өте терең, ежелден дамып келе жатқан әлеуметтік қызмет көрсетудің бір түрі. Психологиялық қызмет көрсету жұмысының қалыптасуы да мамандыққа баулу және мамандыққа бағдар беру зертханаларында басталған. Қазіргі кезде бұл жұмыс көпсалалы болып, әр саланың өзіне тән мақсаты мен міндеттері нақтыланды. Мектептің психологиялық қызметі мамандыққа бағдар беру барысында оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және мамандыққа икемділіктерін анықтау негізінде психологиялық кеңес беру жұмыстарын ұйымдастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Дмитриев М.А.,Крылов А.А., Нафтульева А.И. Психология турда и инженерная психология. – Л.: Ленинградский универс., 1979.-224 с.
2. Климов Е.А. Введение в психологию труда. М., 1988.-199 с.
3. Котелева Ю.В. Очерки по психологию труда. – М., 1986-120 с.
4. Толочек В.А. Современная психология труда. – М.: Питер, 2006. – 477 с.
5. Гуревич К.М. Профессиональная пригодность и основные своиства нервной системы человека. – М.: Наука, 1970. – 272 с.
6. Зинченко В.П., Мунипов В.М. Основа эргономики. – М., 1979. – 343 с.

СПОРТШЫНЫҢ ЖАТТЫҒУ МЕН ЖАРЫС КЕЗДЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

Хамит Е.
«Педагогика және психология» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Мусирова Г.Б.

Кез-келген спорттың ерекшелігі спортшының психикасының белгілі бір жақтарының дамуына себепкер болады.Мысалы, оның қабылдауына, зеректігіне, есте сақтауына, елестетуіне, көңіл-күйіне, моральды ерік қасиеттеріне. Волейболшының психикалық дайындығының мәселелер шеңбері мен оның мазмұнын анықтау үшін олардың іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін білу қажет.Спортшылардың психологиялық дайындығын екіге бөлуге болады: жалпы және нақты сайысқа дайындық.

Спортшының психологиялық дайындығы- бұл педагогикалық процесс.Оның жемістілігі жалпы педагогикалық принциптердің орындалуына байланысты.Жалпы педагогикалық принциптердің ішінен мыналарды ерекше бөлген жөн: саналық және белсенділік, жүйелілік пен бірізділік, жанжақтылық пен беріктік.

Жалпы психологиялық дайындық спорттық жетілдірудің барлық кезеңінде дайындықтармен бірқатарда тұрады.Олар тек ғана спортшыны келесі жарысқа дайындауға ғана емес, сондай-ақ спорттық жетілдіру міндеттерін шешуге де бағытталған.

Мысалға,волейболшының жалпы психологиялық дайындығының негізгі міндеттері мыналар:

1.спортшының жеке қасиеті мен моралды белгілерін тәрбиелеу және коллективті қалыптсатыру

2.қабылдау процесін дамыту

3.зейіннің көлемін, қарқындылығын, тұрақтылығын, таралуы мен ауысуының дамуы

4.тәсілдік ойлауды, есте сақтауды, елестетуді, ойын жағдайын тез және дұрыс бағалау қабілеті, тиімді шешім қабылдап, өз әрекетін бақылауды дамыту.

5.ойында және дайындық кезінде өз эмоциясын басқара білу қабілетін дамыту.

6.ерікті күш қасиетін дамыту.

Арнайы қабылдау.Волейболда іс-әрекеттің ерекшелігі зейіннің, сезінудің, қабылдаудың арнайы қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді.Нәтижесінде жоғары дамыған кешенді қабылдау пайда болады.Оның негізінде әртүрлі анализаторларға келіп түсетін нәзік түрлендірілген тітркену жатыр [1].

Зейіннің дамуы.Волейболшының әдістік, тәсілдік әрекетінің жемісі едәуір дәрежеде зейіннің,оның көлемі, белсенділігі, тұрақтылығы, таралуы,ауысуы сияқты қасиеттердің даму деңгейімен анықталады.Волейбол-өте қызу зейінді талап ететін динамикалық ойын.Зейін қаншалықты көп бөлінсе соншалықты спортшы нерв энергиясын жұмсайды.

Ойын ұзақтығы, жағдайлардың түрлілігі зейіннің жоғарғы тұрақтылығын талап етеді.

Тәсілдік әрекетте волейболшының шығармашылық ойлауы жүзеге асады. Стандарт бойынша волейболда әрекет ететін емес, тәсілдік ойын жүзеге асыра алатын жеңеді.

Эмоционалды жай-күйдің белсенділігі ойынның мәні мен жауапкершілігіне байланысты. Ойын мәнде болған сайын эмоционалды жай-күйдің белсенділігі артады. Ойын барысында эмоционалды жай-күй бірдей жүрмейді.Эмоцияның белсенділігі ойынның жауапты сәттерінде, әсіресе партияны ойнап болу сәтінде көрінеді [2].

Ерік-күш қасиетін тәрбиелеу-квалификациялы спортшыны дайындаудың маңызды міндеттерінің бірі. Спортшы меңгеруі керек негізгі ерік-күш қасиеттері-мақсаттылық және өжеттілік, шыдамдылық, өзін-өзі ұстау, тәуекелділік, батырлық, белсенділік, тәрбиелілік.

Жылдамдық қозғалысты жылдам орындау қабілеттілігі ретінде волейболда, допты ойынға қосуда, шабуылда, сақтандыруда, тосқауыл қоюда жылжуда көп көрінеді. Ол белгілі бір мөлшерде бұлшық ет күшіне тәуелді болады, міне сондықтан бұл екі қасиетті қатар тәрбиелейді. Жылдамдықты тәрбиелейтін жаттығуды, қатты шаршағанда орындауға болмайды, себебі қозғалыс координациясы бұзылып, оларды тез орындау қабілеті жоғалады.

Төзімділік-бұл ағзаның шаршауға қарсы тұра білуі, ұзақ уақыт бойы қозғалыс әрекетінде оның тиімділігін төмендетпей болу қабілеті. Төзімділіктің даму деңгейі ең алдымен қан тамырлардың, демалу, нерв жүйесінің, зат алмасу

процесінің функционалды мүмкіндігімен анықталады. Сондықтан жалпы төзімділікке тәрбиелеу ең алдымен жүрек өнімділігінің жоғарылауы мен сыртқы демалу жүйесімен көрініс табады.Төзімділікті дамытуда бір қалыпты жаттықтыру, қайталама-ауыспалы жаттықтыру, шеңберлі жаттықтыру, жарыспалы әдістерін қолдануға болады

Тактикалық және жарыстық дайындық жылдық циклде алдыңғы орынды алады және жаттығу уақытының 50 пайызын құрайды.

Тактикалық дайындықтың негізгі критерийі болып достық ойындары мен дайындық жарысының көрсеткіштері табылады. Жалпы нәтижеден басқа ойынның жеке жүйесінің, қорғаныс пен шабуылдауда командалық тактиканың тиімділігі бағаланады. Бұл көрсеткіштерді бақылау бағасы ретінде пайдаланады.

Жарыстық дайындық –дайындық процесінің жекелеген жақтарын біріктіреді. Жаттықтыру процесінде оған айтарлықтай уақыт бөлінеді. Бұдан календарлық ойындар да енеді [3].

Жарысты дайындықтың негізгі әдісі ретінде ойынның күрделілігінің бірте-бірте ұлғаюын олардың психологиялық қысымдығын қарастырады.

Жарыстарға қатысудың бағасы болып бақылау, достық пен этаптық календарлық жыл ойындарының нәтижесі табылады.

Дамуды көздейтін факторлар, ойыншылардың спорттық формасын қалыптастыру мен қолдау және жұмылдырылған дайындығы:

-ойыншылардың физикалық дайындығының жай-күйімен , яғни физикалық қасиетінің даму деңгейімен

-ойыншылардың жұмысқа қабілеттілігімен-олардың функционалды мүмкіндігінің жағдайымен

-техникалық дайындығымен

-тактикалық дайындығымен

-ойын дайындығымен

-жарыстың дайындығымен

-психологиялық дайындығымен;

Дайындық кезеңінде техника-тактикалық дағды нығаймай ойынды, жарыстық дайындықты жүргізуге болмайды деген дәстүрлі түсінік қалыптасқан.

Қорытындыда, өзімен бірдей қарсыласпен ойнағанда жарыстың психологиялық қысымдығы көтеріледі. Ал өзінен күштімен ойнағанда тәжірибе жинақтайды.

Жеке тұлғаның дамуында маңызды фактор болып өзін-өзі тәрбиелеу жатады. Ол жаттықтырушымен бағытталуы тиіс. Волейболшының жеке моральдық қасиеттерін қалыптастыру ерекшеліктері және олардың көрінуі волейбол спецификасымен, ойынның коллективті сипатымен тығыз байланысты болады [4].

Коллективтің ықпалы үлкен. Бірақ бұл коллектив құрамына, яғни онда қандай дәстүр, өзара қатынас және байланыс басым болатындығына байланысты.Коллектив спортшыдағы жеке бас қасиеттерінің қалыптасуына

ауқымды әсер етеді.Бірақ тәрбиеге жеткілікті көңіл аудармаған жаттықтырушысы бар коллективте ойын дағдысын жақсы меңгерген, ал моральдық жағынан тұрақсыз волейболшылар кездеседі. Олар коллективке кері әсерін тигізіп ойынға ғана емес, жеке бастың белгілерін қалыптастыруға қолайсыз ықпал етеді.Волейбол командасының моральды күйі команда ішінің жеке өзара қарым-қатынасы мен сипатына тікелей тәуелді.

Коллективті сезім, достық қарым-қатынас пен көмек, спортшылардың бірігуі команданың жемісті іс-әрекетінің қажетті шарты болып табылады. Сондықтан өзара жеке қарым-қатынас пен команданы жасақтау ерекше орын алу керек.

Осылайша жаттықтырушы спортшылардың жеке ерекшеліктерін ескере тәрбиелеу мәселелерін шешуі тиіс.

Спортшының бойындағы белсенділік пен тәртіптілік қасиеттері шығармашылық бастама енгізу мен басқа адамдардың ықпалы мен олардың әрекетіне көнбеу қабілетінен байқалады. Талапты, белсенді ойыншы ұйымдастырушы болып табылады, өзінің командасын алып жүреді.

Тәртіптілік ойыншының өз әрекетіне коллективтің міндетін, өз команда әрекетінің жоспарын бағындыра білуден көрінеді [5]. Ал белсенділік, қойылған міндетті өз бетінше шешу, мақсатқа жету құралдарын өз бетінше табу процесінде тәрбиеленеді. Мөлшерінен тыс баптау белсенділікті басады, барлық жағдайда да жаттықтырушыға сүйенуге үйретеді. Спортшымен қойылған талаптардың орындалуы саналы және жүйелі сипат алуы тиіс. Жаттықтырушы тәртіптілік пен ұйымдастырушылықтың үлгісі болуы тиіс.Бұл қасиетті тәрбиелеуде маңызды ролді жаттықтырушы мен ұжым ойнайды.

Педагог тәрбиеленушілер мен жаттықтыру сабақтарын бастаған кездерден-ақ өзінің шәкірттерінің денесі мен психологиялық саулығын нығайтуға жағдай жасау керек.Жаттықтырушы оларды өз кезегімен өмірге, еңбекке, қиыншылықты жеңе білуге және көбінесе шәкірттерінің ішіндегі қабілеттілерінің үлкен спорттық аренасына және жоғары деңгейдегі жарысқа шыққанда өздерінен ерекше ұйымшылдықты, естің саралығын, ақыл-ойдың парасаттылығын, ішкі сезімнің байсалдылығын талап етуді дайындайды.Ол әрдайым спортшыларды күреске, жеңуге-дайындайды,қарсыласын, өзін, уақытты, кеңістікті және сондай-ақ жасын жеңу жеңісіне жігерлендіру қабілетіне тәрбиелейді. Спортшының мінез-құлқы мен жүріс-тұрысы атаққұмарлығы соңғы орын алмайтынын, жаттықтырушы естен шығармауы керек. Адам мінезінің қаттылығы, ерік-жігері мен сабырлылығы, өзінің жеке тұлғалылығы шексіз нығайту мен ерекшеленуге бет бұрысы спортпен тәрбиеленеді.

Елімізде жастардың өзін-өзі тануға, өзінің мүмкіндіктерін ашуға көмек беріп жүрген өз ісін жанындай жақсы көретін мыңдаған дене тәрбиесі педагогтары жұмыс істейді. Дене мәдениеті және спорт маманының тәрбиелік қызметінің күрделілігі сонда, спорт төтенше мәнерлік пен дәлдікке толы, қозғалысты әсерлі және көп сырлы үнемі даму жолында болады.

Жеке тұлғаның өзінде қайталанбайтын талап пен жігер, өзіндік бір өзгешелік пен ерекшелік болады. Егер педагог өзінің шәкіртінің даралығы ашылсын десе, ол ең алдымен оған белгілі бір жағдай жасап жеке тұлғалылығын ашуы керек. Спорттың маңызды тәсілі сол, ол адам даралығының құнын сондай-ақ талап пен жігерін, қабілеті мен даралығын сақтай да, дамыта да біледі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Родионов А.В. Практическая психология физической культуры-Махачкала: Юпитер, 2002.
2. Методики психодиагностики в спорте / Под ред. В.Л.Марищука, Ю.М.Блудова, В.А.Плахтиенко, Л.К.Серовой.-М.,1989
3. Горвунов Г.Д.Психопедагогика спорта.-М.,1986
4. Коломейцев Ю.А. Взаимоотношения в спортивной команде.-М.,1984
5. Алексеев А.В.Себя преодолеть.-М., 1985

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУЫ МЕН БОЛАШАҒЫ ЖАСТАР КӨЗІМЕН

Хасимова Ұ.
«Шетел тілдері: екі шет тілі» 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Абдрахманова Ы.Б

Биыл ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігімізді алғанымызға 25 жыл толуда. Елін жарқын болашаққа бастаған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сындарлы саясатының нәтижесінде көптеген асуларға қол жеткіздік. Қазақстан атты бірлігімен ынтымағы жарасқан мемлекетімізді әлем танып, алдыңғы қатарлы елдермен иық тіресіп, экономикамыз өркендеді. Қыраны көгінде еркін қалықтаған қазақтай ұлы халықтың асқақ арманы да осы еді. Тәуелсіздік атты ұлы сөздің айшықты белгісі бұл жас ұрпақтың білім сапасының артуы деп білемін.Осы орайда ел тізгінін ұстаған ел ағаларының ерен еңбектерінің нәтижесінде білім саласында да көптеген жаңа жүйелер, жаңа технологияға байланысты жаңалықтар енгізілді[1].

Жаңалықтарға сай еліміздің білім жүйесіне байланысты Елбасымыздың әр жыл сайын, білім жүйесін дамыту үшін Жолдаулары жарияланып жатыр. Ел Президентінің 2004 жылғы 19 наурыз айындағы Қазақстан халқына «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» Жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен, оның ішінде патриоттық жайын ерекше атап көрсетеді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2013-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және Қазақстан Республикасы білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде білім беру мәселесінің жай-күйі жан-жақты талданып, адамгершілік құндылықтарды

нығайтуға үлкен назар аударып, Қазақстандық патриотизм мен интернационализм негізінде білім алушыларды тәрбиелеудің тиімді жүйесін енгізу қажеттілігі» баса айтылды[2]. Міне,сондықтан еліміздің даму бағыты айқындалған уақытта білім берудің маңыздылығы мен оның маңызына көңіл бөлініп, сапалы білімге қол жеткізуде нақты міндеттер айтылып, болашақтағы атқарылар іс-шаралар айшықталуы қажет. Білім беруді қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымынан, мәдени құндылықтарынан, ұлттық дәстүр, рухани негізден бөліп қарауға болмайды. Елбасы Жолдауында көрсетілгендей білім беру саласын, болшағымызды қалай елестетеміз сол бағытта жұмыстар атқару еді. Болашақтың білімі жүйелі болу үшін қазіргі таңда білім беру саласында әртүрлі сипаттағы және жаңа бағыттағы инновациялар енгізілуде.

«Инновация» дегеніміз-білім беру үрдісін өзгертуге бағытталған педагогикалық жаңалық енгізу, яғни,білім беру жүйесіндегі мәселелерді тиімді жолмен шешу үшін қажет» деген түсінік береді[3]. Инновацияның ғылыми мағынасы да әртүрлі деңгейде сипатталады, мәселен:

инновацияны қиын мәселені шешуде туындайтын ерекше бір қажет идея ретінде қарастыру;

инновацияны ЖОО жұмысын жоғары сатыға көтеруге бағыттау.

Дәлірек айтқанда, елімізде қазіргі таңдағы білім беру саласының бір тармағы инновация арқылы дамып келеді. Инновациялық білім беру педагог мамандар үшін іскерліктің жаңа түрі. Инновациялықты қолдану оқу ісін дамытуға пәндердің мәнін тереңдетуге, студенттің кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдануда біріншіден, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, студенттің пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, студент ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді.

Тәуелсіз еліміздің қазіргі таңдағы жүргізіліп отырған саясатының бірі-модернизацияланған заманда көп тілді меңгертуге аса назар аударылып, дамып отыр. Үш тілді меңгеру арқылы ел азаматы қай бағытқа болсын өзіндік жол аша алады. Соған орай, Елбасы Н.Ә. Назарбаев келешекке терең біліммен қадам басып, әлемдік білім кеңестігінің құпияларына үңіліп, бірнеше тілді меңгерген құзіретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірегейі болып отыр. Ал үштілділік бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі.

Ол дегеніміз үштілділік мәселесі даму арқылы елімізде әлемдік кеңестікке нық қадам баса алады. Елбасымыздың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халқына Жолдауында: «Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды ұсынып, Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар- қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі- ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі», деген салиқалы үндеу айтқан болатын. Осы орайда «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бойынша мақсаттар қойылып, жұмыстар атқарылып жатыр.

Бағдарламаның басты мақсаты, қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, мемлекеттік тілді үйрету балабақшадан басталуы тиіс делінген. Өз тілінде еркін сөйлеп, өз тілін құрметтейтін тұлғаны тәрбиелесек, өзге тілді қадірлейтін тұлғаны да тәрбиелейтінімізге көз жеткіземіз [4].

Сонымен қатар қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесі заманға сай жаңа технология, жаңа жүйелердің енгізілуімен де дамып келеді.Елбасы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында оқу үрдісіне осы заманғы әдістеме мен ақпаратты технологияны енгізу қажеттігін атап көрсеткен болатын. Бүгінде оқу-әдістемелік базаны кредиттік технологиясыз көзге елестетудің өзі қиын. Оқу үрдісіне оқытудың интерактивті технологиясын енгізу, оның ішінде, бейнеконтентпен қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану, мамандықтар бойынша материалдық-техникалық базаны нығайту, электронды оқу залдарының санын көбейту, ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыру кеңінен жалғасып келеді және де жалғаса бермек [5].

Тәуелсіз Қазақстанның білім беру жүйесі заманға сай дамуы, жастар болашағы үшін жасалып жатқан мүмкіндік десек, қате айтқанымыз болмайды.

Болашақтағы білім беру жүйесін ары қарай дамыту, қазіргі таңда заманға сай технологиялар арқылы білім алып жатырған жастар қолында. Сол мақсатта АрқМПИ студенттері де осындай жүйемен білім алып, еліміздің дамуы үшінде, білім жүйесінің дамуы үшінде аянбай еңбек етуіміз керек. Болашақта тілдерді дамыту аясында берілген бағдарламаларға сәйкес еліміздің білім жүйесін жетік меңгеретін болсақ, біздің өзіндік технологияларымыз дамып, әлем кеңістігіне шыға алатынына толықтай сенім білдіре аламын. Жаңа білім жүйесіне осындай мүмкіндіктердің жасалуы жас ұрпақты тәрбиелеуде және жоғары құзыретті мамандар дайындарға айқын жол болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Білім туралы. - Об образовании: Қазақстан Республикасының Заңы. - Алматы: 2000. –
2. Г.Қ. Нұрғалиева, С.Мусин. Салыстырмалы педагогика. -Алматы: Ғылым, 1999.
3. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. - Алматы: Сана, 1995.
4. Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев. - Астана, 1998.
5. Е.Сағындықұлы. Педагогика. - Алматы, 1999.

СТРУКТУРА СПОРТИВНЫХ ГРУПП

Хлыновский И.С.
Студент 4 курса, специальности «Физическая культура и спорт»
Научный руководитель: ст. преподаватель Абилхаиров О.Е.

При изучении структуры спортивных групп необходимо учитывать сложные взаимопроникновения и взаимоотношения подструктур, вообще же под социальной структурой, к которой можно отнести и спортивную группу, понимается «сеть устойчивых и упорядоченных связей между элементами

социальной системы» [1]. Следуя этой логике, структуру спортивной группы можно определить как сеть относительно упорядоченных и оптимально взаимосвязанных подструктур (ранговых, ролевых, межличностных и т.д.), каждая из этих подструктур и структура спортивной группы в целом делится на формальную и неформальную, так как эти структуры - суть формальных и неформальных групп [2].

Формальная структура отношений в команде создается в процессе учебно-тренировочной деятельности благодаря приказам, распоряжениям, указаниям вышестоящих организаций и требованиям тренера, регламентирующим процесс взаимодействия и взаимоотношений членов команды этой деятельности. Предполагается, что строгое соблюдение правил и инструкций членами команды гарантирует им удовлетворение их личных потребностей, потребностей тренера и вышестоящих органов. Однако, чтобы успешно функционировать, формальная организация, каковой является команда, должна предусматривать определенные «допуски» в своей структуре. «Степень свободы» для развития связей, основанных на симпатии, взаимном предпочтении, общих интересах и потребностях. Эти нерегламентированные, спонтанно возникающие взаимоотношения, нормы поведения и действия получили в психологии название неформальных отношений или неформальной структуры связей [3]. По мнению Ф.Ротлисберга, «неформальная организация относится к актуальным личным взаимосвязям, существующим между членами организации, которые не представлены или представлены неадекватно формальной организацией» [4].

Одной из главных особенностей формальной организации (впрочем, как и неформальной) является то, что она способствует объединению индивидов в группу, создает основу для личного контакта. В то же время она регулирует частоту этих контактов, плотность и качественную их сущность. В этом проявляется сдерживающая функция формальной организации по отношению к развитию неформальной организации. Подобные «карантинные» меры не всегда удаются, так как порой неформальная структура связей почти полностью совпадает с формальной или даже перекрывает ее, становится ведущей, в таких случаях наблюдается «размывание» формальной структуры, характеризующееся нарушением субординации в системе «тренер-спортсмен», дисциплины, снижением критической оценки поведения, личной ответственности за свои действия. Если же члены группы строят все свои связи и отношения только на основе инструкций и предписаний, с учетом ролевых действий и формальных статусов, то взаимоотношения в скором времени станут напряженными. Отсутствие эмоциональных связей приводит к незнанию и непониманию многих личностных и профессиональных качеств друг друга, ухудшению отношений и в конечном счете конфликту. Два типа структур: формальная и неформальная - всегда сосуществуют, образуя сложное соотношение между собой [5].

Образование и существование формальной структуры обусловлено:

а) инструкциями, установками и программой деятельности, разработанными тренером, руководством команды, вышестоящими организациями;

б) нормами и правилами, формулируемыми в самой спортивной группе в процессе основной деятельности;

в) потребностями и мотивами членов группы;

г) потребностями и мотивами тренера;

д) требованиями сложившейся ситуации;

е) перспективными целями и задачами основной деятельности;

Все вышеперечисленные факторы находятся постоянно в динамике и отдельно или суммарно взаимодействуют на подструктуры ролей, статусов, взаимоотношений, соподчинения и т.д., изменяют формальную структуру. Те же подструктуры, но в неформальной сфере не успевают меняться в след за изменениями родственных подструктур в формальной сфере общения, а следовательно, в течении какого то периода или постоянно не совпадают с формальной структурой.

Помимо соответствия структур есть еще и такие факторы, как совместимость, идентичность игрового мышления, синтония, мотивация, система ценностей, профессиональный уровень мастерства, чувство долга и ответственности и т.д., которые могут нивелировать или компенсировать отрицательное воздействие на результативность деятельности команды различных психологических и социальных факторов. Исследования с участием пловцов (2002-2008 гг) показали, что спортивные результаты растут как в тех группах, где коэффициент соответствия структур (КСС) высокий, так и там., где он низкий. Более того, были группы, в которых при высоком КСС отмечался низкий рост спортивных результатов. В этой связи особый интерес вызвал факт роста результатов у спортсменов второго разряда во всех группах, независимо от понижения или повышения КСС. Видимо, возраст этих спортсменов, небольшой спортивный стаж и высокая мотивация достижений нивелируют все те отрицательные влияния, которые оказывают различные категории групповой динамики при нарушении их оптимальности на рост спортивного мастерства.

Таким образом, требование соответствия формальных и неформальных структур ведет к закреплению и иерархии мест, сохранению всех членов группы на одних и тех же позициях, с чем никак нельзя согласиться. Видимо, надо стремиться не к жесткому соответствию структур, а к оптимальному их соотношению, которого можно достигнуть благодаря повышению статуса аутсайдеров, созданию ситуаций, в которых они проявили бы себя как авторитетные лица или как лидеры. Процесс этот трудный, сложный, требующий от тренера большого педагогического мастерства, но, умело осуществленный, он способствует наиболее полному раскрытию личности спортсмена, в частности его спортивных способностей.

В заключение следует сказать, что существующее мнение о линейной зависимости между эффективностью групповой деятельности, ростом

спортивных результатов и совпадением формальных и неформальных структур необходимо тщательно изучить, каждой конкретной группе на различных этапах ее развития должен быть свой оптимальный коэффициент соответствия формальных и неформальных структур.

Используемая литература:
1. Шорохова Е.-«социальная психология»-учебное пособие. 2005
2. Newstetter W.T.-«Wanokiye Camp a research project in europ work»-Clevland 2010
3. Лутошкин А.Н., Чернышев А.Н., Шанин У.А., Полинский И.С.-«комплексное эксперементальное исследование контактных студенческих групп»-В сб. Уч. Зап. Т. 88 2001
4. «Психология спорта высших достижений»-пособие для институтов физической культуры
5. Валентинова Н.Г.- «Влияние коллектива на повышение интереса к труду.»-Вопросы философии 1999 №6

СПЕЦИАЛЬНАЯ ФИЗИЧЕСКАЯ ПОДГОТОВКА ЮНЫХ ФУТБОЛИСТОВ, КАК ОСНОВА ДОСТИЖЕНИЯ СПОРТИВНЫХ РЕЗУЛЬТАТОВ.

Эйман Д.В.
Студент -4 курса, специальности «Физическая культура и спорт»
Научный руководитель: ст. преподаватель Расулов С.М.

Специальная физическая подготовка, основана на базе общей, достаточно высокой физической подготовленности занимающихся и, предполагает развитие таких качеств, специальных для футболиста, как сила, быстрота, выносливость ловкость, гибкость [1].

Количество различных проявлений отдельных двигательных качеств в футболе весьма велико, поэтому развитие и эффективное совершенствование каждого из них требует должного научного обоснования. В процессе игры в футбол постоянно возникает проблема быстрого реагирования на неожиданные действия соперников, проявление высоких скоростных и силовых качеств при выполнении отдельных технических приемов игры, быстроты ориентировки, осуществления перемещений, атакующих и защитных действий в условиях строгого дефицита времени, сложного взаимодействия с партнерами по команде. Физическая подготовка — это процесс воспитания специальных физических способностей, неразрывно связанных с повышением общего уровня функциональных возможностей организма, разносторонним физическим развитием. Физическая подготовка способствует быстрому овладению умениями и навыками и их прочному закреплению [2;3].

Воспитание быстроты (скоростных способностей). Под быстротой как физическим качеством понимают способность футболиста выполнять движения в минимальный промежуток времени. Принято выделять элементарные и комплексные формы проявления быстроты. К элементарным формам относятся: время простой и сложной реакции, время одиночного движения и частота движений [4].

Специалисты в области футбола считают, что повышение двигательной активности спортсменов - следствие высокого уровня физической подготовленности, в силу чего ее совершенствованию должно уделяться пристальное внимание и особенно потому, что футболу свойственна ранняя специализация. Специалисты в области футбола считают, что повышение двигательной активности спортсменов - следствие высокого уровня физической подготовленности, в силу чего ее совершенствованию должно уделяться пристальное внимание и особенно потому, что футболу свойственна ранняя специализация. Важность этого положения определяется тем, что для детского организма следует учитывать своевременность, уровень и допускаемые границы развития определенных двигательных способностей соответственно возрасту спортсменов. Однако, решение этого вопроса сдерживается отсутствием информации, о структуре подготовленности юных спортсменов, что не позволяет подобрать упражнения направленного воздействия на основные факторы, определяющие их физическую подготовленность. Уровень развития скоростных способностей один из наиболее важных показателей специальной физической подготовленности футболистов. Сформированность скоростных качеств, способствует более быстрому выполнению различных технико-тактических показателей, что обеспечивает дополнительное время для эффективного решения важных двигательных задач в футболе [5].

Если рассматривать физическую работу в целом, то отметим, что тренировка практически всегда бывает комплексной. Направленность тренировки в разные периоды года меняется, но проходит она параллельно с задачами по совершенствованию техники. На подготовительном этапе акцент делается на силовую выносливость и скоростно-силовые качества. Наступает увеличение доли отдельных тренировочных занятий с решением в них преимущественно одной задачи, связанной с развитием того или иного физического качества. К примеру, в соревновательном периоде 2 раза в неделю по 30 минут необходима целевая работа на скоростную выносливость, чтобы получить максимальные сдвиги (анаэробные).

В недельном цикле, из шести занятий, три приходятся на совершенствование скорости и одно занятие проходит с максимальной нагрузкой. Одно занятие в цикле направлено на поддержание аэробной подготовки. Особое значение придается правильному планированию нагрузок, где должна быть четкая последовательность занятий. Большая нагрузка одного занятия компенсируется уравновешенной дозировкой следующего. В самом простом варианте задачи недельного цикла выглядят следующим образом:

- понедельник -развитие быстроты,

- вторник - скоростно-силовые качества,
- среда - быстрота и ловкость,
- четверг - специальная выносливость,
- пятница - сила и специальная выносливость,
- суббота - общая выносливость.

Определенная последовательность построения занятий на всех этапах подготовки способствует последовательному развитию всех необходимых качеств. Организм футболиста активно реагирует на нагрузку, приспосабливая свои системы функционально. Характер нагрузки соответствует постепенному развитию определенных двигательных качеств, и, подбирая средства скоростно-силовой направленности, нужно помнить, что такие упражнения должны приближать специфику работы мышц к условиям соревновательной деятельности. Если быть конкретней, то нам необходимо развитие всех физических качеств футболиста, а также, его игровой выносливости, но при помощи специальных соревновательных упражнений. В связи с этим, на этом этапе, необходимо разделение всех средств, согласно тренировочным нагрузкам на: развивающие и поддерживающие. Если работа будет проходить со средней интенсивностью, то она не будет нагружать футболиста и, в то же время, не будет обеспечивать его восстановление. Напомним, что в 17 - 18 лет юноши должны выполнять 80% работы взрослых футболистов. Если рассматривать распределение нагрузок в юношеском возрасте, то их построение должно предусматривать поступательное движение.

- вторник - скоростно-силовые качества,
- среда - быстрота и ловкость,
- четверг - специальная выносливость,
- пятница - сила и специальная выносливость,
- суббота - общая выносливость.

Определенная последовательность построения занятий на всех этапах подготовки способствует последовательному развитию всех необходимых качеств[6].

Список используемой литературы:

1. Андружейчик М.Я., Семкин А.А., Шукан В.И. Некоторые показатели быстроты и скоростно-силовых качеств у футболистов // Вопросы теории и практики физической культуры. - Минск, 1979.- С. 14-19.
2. Верхошанский Ю.В. Программирование и организация тренировочного процесса,- М.: Физкультура и спорт, 1085,- 170 с.
3. Волков Л.В. Оптимизация системы тренировочных и соревновательных нагрузок в подготовке юных спортсменов // Тезисы У1 Всесоюзной научно-практической конференции.- М., 1981,- С. 13-14.
4. Джанузаков К.Ч. Индивидуализация учебно-тренировочного процесса футболистов 16-17 лет на основе педагогического контроля: Автореф. канд. дис. М., 1982. - 23 с.

5. Волков Л.В. Оптимизация системы тренировочных и соревновательных нагрузок в подготовке юных спортсменов // Тезисы У1 Всесоюзной научно-практической конференции.- М., 1981,- С. 13-14.
6. Антипов, А.В. Формирование специальных скоростно-силовых способностей 12-14-летних футболистов в период полового созревания: автореф. дис. канд. пед. наук / А.В. Антипов. – М., 2002.

ШЕТ ТІЛІ ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ ІШКІ ҚҰРЫЛЫМ КОМПОНЕНТТЕРі

Абдижаббарова М.
«Шетел тілдері: екі шет тілі» мамандығының 4курс студенті
Ғылыми жетекші: Айтжанова Б. Б.

Қазіргі жаһандану дәуірі білікті азамат, білікті маманнан шет тілін меңгеруді талап етіп отыр. Ендеше, бүгінгі күні республикамызда қолға алынып отырған үш тұғырлы тіл саясатына орай, ағылшын тілінің де қолданыс аясы кеңейе түспек. Мұндай мақсатқа жетудің басты жолы оқулыұ екені де күмән тұғызбайды. Сондықтанда, оқу құраларында ағылшын тілінің фонетикасы мен грамматикасы, лексикасы ереже, мәтін жаттығу түрінде беріліп, оқұушылардың сөйлеу, тыңдау, жазу, оқу дағдылары мен біліктіліктерін қалыптастыру көзделген болуы керек.

Педагогикалық колледждерде ағылшын тілін оқытуда «Фолиант» баспасынан шыққан «Практикалық фонетика» оқулығының тиімділігі. Кез келген тіл күрделі дыбыстық жүйеден тұрады. Осы күрделі дыбыстық жүйені игеру сол тілде сөйлеудің алғышарты болып табылады.

Бұл оқулықта қазіргі ағылшын тілінің фонетикалық құрылымы беріледі. Кіріспе бөлімінде ағылшынтілі дыбыстары, оның артикуляиясы беріліп, ағылшын дыбыстары айтылуының ерекшеліктері мен орындалатын жұмыс түрлері анықталған.

Арнаулы оқу орындарында шетел тілі мамадығы бойынша оқыту бағдарламасында 70 сағат түзету курсына, 112 сағат – әрі қарай дұрыс айтудың заңдыларын қалыптастыруға арналған.

Ағылшын интонациясын үйрету бүкіл курс бойынша жүргізіледі. Оқушылардың әзірлік деңгейі ескеріліп, оқулықтың 2-бөлімі ағылшын тілінде берілген. Оқулықтың 2-бөлімінде әдеби шығармаларды дұрыс оқуға, еркін ауызша сөйлеуге бағытталған материалдар ұсынылады.

Курстың мақсыты мен міндеті:

- ағылшын тілін айтудың теориялық негіздерін оқыту;
- айту біліктілігі мен даңдысын қалыптастыру;
- әр түрлі стильдік сөйлеу жағдаяттарында кездесетін негізгі айту дағдыларын қалыптастыру және жаттықтыру;
- кәсіби әзірлікті меңгерту;

Курстың мазмұны

1-курс. Оқудың I жылында кіріспе – түзету курсы мен негізгі курстың бірінші бөлімінде оқушылар практикалық сөйлеу кезінде қолданылатын негізгі айту дағдылары туралы мәлімет алады.

2-курс.II оқу жылында оқушылар алған білімді бекітеді және толықтырады. Курстың аяғында оқушылар бағдарлама бойынша берілген негізгі айту дағдыларын толық меңгереді. Бұл курста оқушылар алған фонетикалық материалды бекітеді, оның күрделі сөйлеу үлгілерінде қолданады. Мұнда міндетті интонациялық тондардан басқа қосымша интонациялық тондар да қолданылады [1].

Біліктілік пен дағды

Оқушыларға айтуды үйрете отырып, мұғалім олардың бойында орта мектепке барғанда қажет болатын мынандай негізгі кәсіби біліктілік пен дағдыларды қалыптастыруы керек.

1. Тыныстау және артикуляциялық гимнастиканы оқушылармен бірге жасау;
2. Мәтінді транскрипциялау және интонациялау;
3. Аудиотехниканы пайдалана білу;
4. Компьютердіпайдалану;
5. Оқушының қатесін тауып, түзей білу;
6. Өзінің және топтастарының дұрыс сөйлеуін бақылап отыру;
7. Оқулықтардан және басқа да материалдардан берілген мәтінді дұрыс оқи білі;
8. Инсценировка және драмазитация тәсілдерін білу
9. Ағылшын тіліндегі әнді үйрете білу;
10. Белгілі фонетикалық тақырыпқа өлең, мәтін, әнді таңдай білу;
11. Сөйлеу жағдаятына байланыстыстильдік ерекшеліктерін бере білу;

Қорытындылай айтатын болсақ, оқулық қазіргі ағылшын тілінің фонетикалық құрылысы туралы толық түсінік беруге, ағылшын тілі фонетикасын практикалық меңгеруге, айту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Оқушыларға ана тілімен қатар шетел тілдерін, соның ішінде ағылшын тілін меңгерту – қазіргі заманның талабы. Сол мақсатта ағылшын тілі пәнінен маман даярлау – кәсіптік орта білім беретін оқу орындарының басты міндеті [2].

Кәсіптік орта білім беретін оқу орындарына арналған «Фолиант» баспасынан шыққан «Ағылшын тілі практикумы» оқулығының тиімділігі.Оқу құралында фонетикалық және грамматикалық ережелер, лексикалық бірліктер, тақырыптық мәтіндер, жаттығулар мен тесттер берілген,

Оқу құралы 2 тараудан және төмендегі бөлімдерден тұрады:

1. Кіріспе
2. Ағылшын тілінің дыбыстық құрылымы
3. Тақырыптық мәтіндер (Lesson 1-17)
4. Тесттер

Кіріспе бөлімінде ағылшын тілі дыбыстары, олардың айтылу ережелері мен жаттығулары берілген. Негізгі бөлім 19 сабақтан тұрады. Әр сабақта

тақырыптық мәтін, фонетикалық және грамматикалық ережелер мен жаттығулар, сөйлеу дағдысын дамытуға арналған диалог, монологтар енгізілген. Әр сабақтың соңына мәтінге сай ағылшынша, қазақша сөздіктер берілген [3].

Қортындылап айтатын болсақ, оқу орындарында тіл үйретуде, жалпы білім санасын өсіруде оқулықтардың маңызы аса үлкен. Жас шәкіріт сол оқулықтардан қысқаша да болса танысып, тіл мәдениетінің негіздерін меңгеруі міндет. Оқулықтарды шығаруға үлкен жауаптылықтың, жасампаздықтың қажет екені белгілі. Оқулық бір мезгіл қарап өтетін күнделікті газет емес, ол – жыл бойы пайдаланылатын құрал. Оған кездейсоқ, нәрсіз мәліметтерді енгізу – жас шәкіріттерге зор қиянат.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ешмұханова, Ә.Мұхсинова, Ш.Мұхтарова, Ғ.Тәжен «Практикалық фонетика» «Фолиант» баспасы, Астана-2010
2. Б.Баймұқанова, Ж.Батиқова, Ш.Мұхтарова, А.Мұхсинова «Ағылшын тілі практикумы», «Фолиант» баспасы, Астана-2010
3. «Ағылшын тілі мектепте», 2012 №5, Елбасы Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі – Жаңа Қазақстан» атты Жолдауы

МӘҢГІЛІК ЕЛ БОЛАШАҒЫ БІЗДЕР

Абдижалилов Е.
«Физика» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекші: аға оқытушы, магистр Жумабаева С. Б.

ҚР Елбасының Үкіметке 2014 жылдан бастап еліміздің әлемнің дамыған 30 елі қатарына енуінің негізгі 15 бағыты бойынша нақты тапсырмалар жүктеді. Осыған дейінгі Жолдауда 2050 - жылға дейінгі стратегиялық бағыттар айқындалса, енді осы стратегияның жүзеге асырылу тетіктері көрсетілді.

Мысалы, айтылған мерзімге дейін жеті бесжылдық болса, осы әрбір бесжылдықта жаңа инновациялық идеялар іске асатын болады. Еліміздің келешегі – жастар білімі мен тәрбиесіне ерекше назар аударуы біздің көкейіміздегі толғақты сауалдарды дөп басып отыр. Жолдауына орай тағы бір айтпағым, қазақ тіліне қатысты мәселе. Бүгінде біздің ана тіліміз ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналған. «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік Тіл болады.

Еліміздің ертеңі – жастардың қолында. Сондықтан да біз Елбасын қолдап, сабағымызды жақсы оқып, еліміздің өркендеп өсе беруіне өз үлесімізді тигізуіміз керек. Біз тарихи динамикаға қарайтын болсақ, жолдаулардың мәні мен мазмұны, өресі мен құрылымы тереңдеген сайын еліміздің ілгерілеуі шапшаңдағанын, елдің өсуімен жолдаулар да кемелденгенін байқай аламыз. Өзара байланыс пен ықпалдастықтың жаңа белесін биылғы «Қазақстан жолы –

2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы алға тартып отыр. Елбасының мұндағы «Біз үлгілі дамудың өзіндік моделін қалыптастырдық. Әрбір отандасымыздың жүрегінде елімізге деген шексіз мақтаныш сезімін орныктырдық. Қазақстандықтар ертеңіне, елінің болашағына сеніммен қарайды», деген пайым-тұжырымынан азаттық тұсында тындырылған істерге ризалық сезіммен бірге жолдауларға да артылар жауапкершілік зор екенін көрген ләзім.

Елбасының тағы да жаңа Жолдауы әдеттегідей ұлы ізденіске толы әрі дәстүр жалғастығын үзбеген. Құжатта бұрынғы жолдауларға тән ғылыми дәйектілік, саяси сергектік, шешім қабылдаудағы көрегендік, әлемдік тәжірибені кәдеге жаратуға ұмтылыс тәрізді мәнді белгілер жаңа ерекшеліктермен толыққан. Әсіресе, бір жыл бұрын жарияланған «Қазақстан-2050» Стратегиясымен сабақтастығы, кең ауқымдылығы тәнті еткендей. Сол жолы Елбасы қалыптасқан мемлекетіміздің жаңа саяси бағдарын әлемге паш етумен қатар ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуды 2050 жылға дейінгі басты мақсат деп анықтаған еді. Қария тарих үшін бір жыл – қас-қағым сәт [1].

Интеллектуалдық ізденістегі тұлғаға бұл мерзімнің берері мол екеніне биылғы Жолдау күмән-күдіксіз көз жеткізіп отыр. Өйткені, Президент «Қазақстан-2050» Стратегиясы аясындағы басты мақсаттың, түп мүдденің, армандай болашақтың берер жемісінің құпиясы мен сырын ашып берді.

Ал мол жемістен дәметтірген мақсат дегеніміз не? Баршаға ортақ мақсат табу мүмкін бе? Ғылыми тұрғыдан да, практика үшін де қиын сауал. Өмірде мақсат аз ба? Жолаушының мақсаты – жету, саудагердің мақсаты – ұту, аурудың мақсаты – сауығу, шаршағанның мақсаты – тыныгу… Осының бәрінің басын қосатын, жай қосып қана қоймай, қоғамға, мемлекетке шарапатын тигізетін формуланы ұсыну хас кемелдің ғана қолынан келеді. Мемлекет басшысы басты мақсатты дөп басып таба алмаса, пайдалы әсер коэффициенті шамалы міндетті шешумен миллиондаған жан әуреге түсетінін коммунизм елесін қуумен құрдымға кеткен КСРО тағдыры бұлтартпай дәлелдегені әлі қаперімізден шыға қойған жоқ қой. Мақсаттың да мақсаты бар. Ғасырлар тоғысындағы Қазақстанда саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу, мәдениетті қолдау, ауыл жылдары, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру секілді іс-шаралар өткені белгілі.

Бүгінде үдемелі индустрияландырудың бірінші бесжылдығы аяқталып келеді. Тұтастай алғанда, бәрі маңызды мақсат, бірақ түбегейлі бетбұрыс әкелетіндей басты деуге келмейді. «Алдымен экономика – содан соң саясат» формуласы да көпшіліктің тағдырына тікелей қатысты болғанымен баршаны ұшпаққа шығара алмайды. Басты мақсат дегеніміз – халықтың барлық қауымдарын, мүшелерін, топтарын бүгін де, ертең де құлшына әрекеттендіретін, ұрпақтан-ұрпаққа мирас нәтижеге жұмылдыратын және ең кереметі, ой жеткенге қол жететін жол бар екеніне әр күні, әр жылы иландыратын қажеттілік пен мүмкіндіктің, ізденіс пен серпілістің үйлесімі.

Мәселенің мәнісін Елбасы Жолдауындағы «2050 Стратегиясы айқын шамшырақ секілді басты мақсатымыздан көз жазбай, азаматтарымыздың күнделікті тіршілігінің мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Бұл біздің 30-50 жылда емес, жыл сайын халық тұрмысын жақсартатынымызды білдіреді. Стратегия – күннен-күнге, жылдан-жылға елімізді, қазақстандықтардың өмірін жарқын ете түсетін нақты практикалық істер бағдарламасы», деген жолдар қалтқысыз ашып тұр. Басты мақсатты анықтау мен болжамды нәтижесіне жетудің арасын уақыт қана бөліп жатыр десек, қателесеміз. Байыған үстіне байи беруді көздеген әлемдік кереғар монополия мен бәсеке, елішілік және трансұлттық жемқорлық, мемлекеттік билік (атқару, заң шығару, сот) қызметіндегі олқылықтар туындататын жағымсыздықтың алдын алмаса, азаттыққа қатер төндіруі, дүниетанымы солқылдақ жанды тура жолдан тайдырып жіберуі мүмкін. Ендеше, президенттік республика Қазақ елінде Елбасына түсетін жауапкершілік салмағы адам айтқысыз ауыр [2]. Бұл – бір.

Екінші жағынан, XXI ғасырдың Қазақстанын «нөлден» бастап, екі онжылдық ішінде құрған талантты, еңбекқор, толерантты халқымыз елін сүйген Елбасына тіреу болған миссиясын атқаруды жалғастырғанда ғана басты мақсат үдесінен шыға аламыз. Бірлік пен қауіпсіздік – бірін-бірі толықтыратын егіз ұғымдар. Тәуелсіздік таңы атысымен ұлттық идея мәселесі белсенді қолға алынды. Түрлі пікірлер ортаға салынды. Олар қоғамдық санаға игі әсер еткені сөзсіз. Алайда, ғылыми ізденістер бір арнаға тоғыспаған күйде қала берді. Мемлекеттік биліктің ашық та жария қолдауынсыз ұлттық идея табылмайтыны, тамырына қан жүгірмейтіні белгілі болды. Жұлдызды сәт Президентіміздің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауын жариялаумен туды. Енді не істеу керек? Біріншіден, «Мәңгілік Ел» идеясын зерттеуде, насихаттауда, оқу үдерісіне енгізуде самарқаулыққа жол бермеу керек. Бұл істен барша зиялы қауым, саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар, БАҚ тыс қалмауына Парламент пен Үкімет, Президент Әкімшілігі жағдай жасағаны абзал. Екіншіден, заманауи ұлттық идеямызды балабақшада тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндерден бастап оқушыларға, студенттерге, жастарға жеткізу үшін бар күшті салған артықтық етпейді. Осылардың санасына, өмір салтына сіңген құндылық пен сенім «Мәңгілік Ел» орнатудың қозғаушы күші болары күмәнсіз.

Үшіншіден, «Мәңгілік Ел» идеясын қазақстандық кәсіпкерлер, бизнесмендер, бай-бағландар қолдауының маңызы зор. Олар ғалымдармен ынтымақтасуы арқылы мәселені тереңінен зерделеген еңбектердің дүниеге келуіне көмектесер еді.Төртіншіден, болашағы жарқын ұлттық идеямызды Қазақстандағы барлық этностар мен аймақтарға жеткізу атқарылар іс-шараның бір парасы ғана. Ол әлемдік ақпараттық, ғылыми кеңістіктерден ойып тұрып өз орнын алуы керек.

Соңғы үш ғасырда қазақ даласында дүниеге келген озық ұлттық идеяның бірде-біреуі жасампаз миссиясын толық атқара алмай, тарих қойнауына кірген еді. Есесіне Кеңестік тоталитаризмнің таптық-партиялық қатыгез идеясы тұлғаларымызды баудай түсіріп, Қазақстанды өркениет әлемінен жыраққа әкете

жаздады. Қазақ елінің мәңгілігіне, гүлденуіне қызмет ететін идея енді туды. «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» [2]. Жолдауының мәңгілік ғұмыры басталды. Өз елімізді өркендету, көркейту бәрі-бәрі мына жастар, яғни біздің қолымызда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Мәңгілік ел –халықаралық ғылыми – көпшілік журналы,.egemen.kz
2. Елбасы Н.Ә Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ.- Қостанай,-2014

МЕКТЕКЕ ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУІН ДАМЫТУ

Абдиразак А.М
«Педагогика және психология» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі Тәуекелова А.Е

Мектепке дейінгі кезең баланың дамып, қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Бұл баланың әсерленгіш, еліктегіш, ойлауды, сөйлеуді меңгеруімен алғаш рет бөтен ортаға бейімделуімен сипатталатын кезең.

Мектеп жасына дейінгі тәрбиенің негізі 5 жасқа дейін қаланады.

Баланың сөйлеу арқылы ақыл-ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауаттылыққа баулу-бүгінгі күн талабы.

Атақты психолог ғалымдар: Л.С.Выготский, А.И.Леоньтев, А.С.Запорожец, Л.Д.Венгер, Д.Б.Эльконин, Ю.К.Бабанский, И.Я.Лернер тағы да басқа зерттеушілердің еңбектерінде мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басының қалыптасуына әсер ететін әртүрлі іс-әрекеттердің ішіндегі ең маңыздысы шығармашылық белсенділіктің сапалығына назар аударады [1].

Мектепке дейінгілердің анатомо-физиологиялық дамуының негізінде есеюге байланысты жаңа талаптарды (оқу, еңбек) орындауға мүмкіндік туады.

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін де негізгі іс-әрекеті-ойын. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстарымен, адамдармен, олардың еңбегімен, қарым-қатынастарымен танысады. Белгілі педагог А.С.Макаренко баланың өміріндегі ойынның атқаратын қызметі туралы: «Үлкендер үшін жұмыстың, қызметтің маңызы қандай болса, балалар үшін ойынның маңызы сондай болады»деген. Біз балалардың ойнай жүріп анасының, әкесінің, барлық мамандық иелерінің қызметтерін атқарып жүретінін байқаймыз. Мектепке дейінгі кезең біз түсінгендей өмірдің тек алаңсыз кезеңі ғана емес, ересектерге олар тек киімі бүтін,қарны тоқ болса ойнап-күлуді білетін сияқты көрінеді. Барлап қарасақ балалар өмірінде де ересектер өміріндегідей күрделі, күрмеуі қиын, кейде тіпті шешілмейтін мәселелер көп және олар балаларды ренжуге, қапалануға мәжбүр етеді. Қиыншылықтармен күресуге,жеңе білуге,қуануға үйретеді. Мысалға,

«Түрлі-түсті текшелерден қалай үй салу керек? Ойыншықтарды өзара қалай бөлісеміз?-деп болмашы сұрақтарды өздері ересектерше талқылап жатады.»

Бөбек жасындағылар құрбыларымен қатынас жасап жарымайды. Олар көбінесе үй ішіндегілермен сөйлеседі. Алдыңғы 4-7 жаста бала далаға шығып, құрбыларымен ойнайтын болғандықтан,әрқайсысының сөз қоры бірінің білмегенін бірі білу арқылы,бөбекке қарағанда,3 есе арта түседі, 3200-3800 дей [2].

Сөздік қорының көбеюі тек зат есім арқылы емес, сын есім тағы да басқа арқылы іске асады.Егер бөбектің сөздерден сөйлем құрастырылу мүмкіншілігі тым жеткіліксіз,сөйлемнің құрамы 2 сөзден артпайтын болса, енді осы ұлғая бастайды. Бірақ сөйлем құру тек сан жағынан емес,сапа жағынан да үлкен өзгерістерге ұшырайды. Мектепке дейінгілер есінде бар сөз қорына негізделе отырып,тілдің тиісті ережелерін пайдаланып,мыңдаған жаңа сөйлемдерді құра бастайды. Бұл жерде жаңа сөйлемдер деп отырғанымыз тек сол тілде бар сөйлемдер ғана емес,тіпті жоқ сөйлемдерді де құруды айтады. Сонымен қатар қолданылатын сөзін бала тым өткір және ұқсастырып күлдіріп айтуға да шеберлігі дами бастайды. Қазақ тілінде кейбір категориялар жоқ болғандықтан, мектепке дейінгілер үшін, сөйлеу жеңіл түседі және тиісті морфемалар арқылы сөйлемдерге жаңа жұрнақтарды «желімдей» беруге мүмкіндік туады.

Егер бөбектердің сөйлеуі көбіне ситуацияға, жағдайға тәуелді келсе, мектепке дейінгілерде сөйлем көп текстке сай құрыла бастайды. Ситуацияға байланысты сөйлеуде зат есім кездесе қоймайды,оның орнына есімдік көп айтылады. Демек, балалар өзара сөйлесіп отырғанда қасына біреу келсе,олардың сөзіне түсіне алмайды. Түсіну үшін әңгіме не жөнінде болып отыр соны білу қажет. Ал контекстке байланысты сөйлеу деп сөйлеушілердің қасында тыңдап отырғандар әңгіме не жөнінде болып отырғанын білмесе де ситуацияны білмесе де, сол айтылған сөздің тікелей мәнісін қарап, соны айқын түсіне алуын айтады. Егер түсіне алмаса, мұны контекстіге негізделіп сөйлесу деп бірден бір айтуға болмайды. Мектепке дейінгілер 6-7 жас ситуацияға орай сөйлеуден контекст арқылы сөйлеуге көшеді. Себебі олардың сөзі тек ситуацияға орай түсінікті емес, онсыз да түсінікті келеді .Осыған қарап, ситуацияға қатысты сөйлеу тілдің төменгі сатысы екен,ал контекстің негізінде сөйлеу тілдің төменгі сатысы екен,ал контекстің негізінде сөйлеу жоғарғы сатысы екен деп айтуға болмайды. Себебі, тек мектепке дейінгілер еме, ересектерге кейбір жағдайда ситуацияға негіздел отырып сөйлейтіні жиі кездеседі. Сөйлеудің соңғы түрі әсіресе,өзара жақын бір-бірін кенеттен түсінетін ересектер арасында жиі кездеседі [3].

Бізді қоршаған дүниенің заттары кең құбылыстары бірінен соң бірі көзге тәртіпсіз көрінеді.Тәртіпсіздіктің бұл түрімен күресіп нәрселерді белгілі мөлшерге қабылдау үшін соларды ойша тәртіпке келтіру керек. Ойша тәртіпке келтіру деп отырғанымыз мынау:құбылыстар мен заттар тым шексіз және сан алуан сияқты болып көрінгенімен, олардың кейбіреулері форма не қызмет жағынан ұқсас жақтарын,біріншіден, бір ұғымға жатқызып, соларды топтастырып, отыру қабылдау кезінде тәртіпсіздікпен күресуге мүмкіндік

береді. Екіншіден, тиісті нәрселерді ойша тәртіпке келтіру үшін нендей қасиеттер мен құбылыстар нәрсенің қандай түріне жататынын білу өте қажет. Мысалы, егер біздің алдымызға жүздеген бояулардың түрі кездессе, бірақ солардың түрі нендей негізгі бояуларға жататынын білмесек, сол бояуларды қабылдау қиынға соғар еді. Үшіншіден, біз бәлендей заттың салмағын, көлемін, ұзын, не қысқа екенін, соларды өлшемей-ақ қанша екенін шырамыта алмасақ, солардың бәрін өлшейтін болсақ, онда өз ортамызға бейімделу қиынға соғар еді.Топтастыруды алсақ,бұл қасиетке бала 5-6 жасынан ие бола бастайды. Айталық, шелек, тостаған, аяқ, шөміш, мес, т.б. бала «ыдыс» деген ұғымға жатқызып, осыларды әр түрлі нәрселерден мысалы,орындық, стол, керует, диван, т.б.ажыратады. Ал пиманы, бәтеңкені, етікті, мәсіні т.б. аяқ киімгее жатқызып бұларды киімдерден: пальтодан, шалбардан, бешпеттен т.б. ажыратады. Сол сияқты құмды, сазды, тасты, борды, әйнекті т.б. Топтастырудың бұл түріне мектепке дейінгілер үйрене алмаса, психикалық даму жағынан оқуға даяр бола алмас еді.

В.С.Мухина өзінің еңбегінде мектепке дейінгілерде қалайша эталондар не өлшеуіштер қалыптасатынына тоқтап, бірақ эталон деген Ж.Пиаженің санды көлемді, не салмақты сақтау дейтініне қатысы бар екенін ескертпей қабылдаудағы эталондар өзінше дербес құбылыс деп дәлелдемекші болады.

Сонымен, мектепке дейінгі кезең-баланың өзін-өзі сезінуінің алғашқы сатысы демек,адамгершілік ақыл-ой және басқа да қасиеттерінің ең маңызды кезеңі.Баланың мәдениетті сөйлей білуі үй ішінде,балабақшада,отбасында алған білім тәрбиесіне байланысты. Біздің басты міндетіміз баланы жан-жақты дамыта отырып тілін дамыту. Сөздік қорларын байытумен қатар есте сақтау қабілеттерін арттыру. Баланың ана тілінде таза еркін сөйлеуін мектепке дейінгі кезеңде меңгертуге тиіспіз. Ұлы педагог К.Д.Ушинский: «Кімде-кім баланың тіл қабілетін дамытқысы келсе, ең алдымен оның ой-өрісін қабілетін дамытуы тиіс»- деген. Әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін өткізуде тәрбиешінің шығармашылығы, әдіс-тәсілдері тиімді пайдалануы, оқу іс-әрекетін түрлендіріп ұйымдастыруда ойындарды, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды қолдануы балалардың қиялын шарықтатады [4].

Білімді меңгерту үстінде баланың ойлау қабілеті ұштасады. Кішкентай балалар тез еліктегіш жан-жағына алаңдағыш келеді.Сөзді мәнерлеп айтуда болсын,балалар тәрбиешіге,үлкендерге еліктейді.Тіл дамыту,көркем әдебиет оқу іс-әрекеттерін ойын арқылы өткізу адамгершілік мінез-құлықты қалыптастыруға ықпал етеді. Сәлемдесуге баулу, достыққа, ұйышылдыққа тәрбиелеуге бейімдейді.Әр педагог өз тәжірибесінде балалар тілін дамытуда, ой-өрісін кеңейту мақсатында мына жобаларды негізге ала отырып,жұмыс жасау керек.

-Тілді дұрыс меңгеру;

-Ауыз екі сөйлей білу;

-Көркемсөз үлгілерін үйрету және игерген білімдерін қолдана білу;

-Сөздік қорын молайту;

-Дыбыстарды анық айтуға үйрету.

Осы жобаларды меңгерген бала мектеп табалдырығын аттауға емін-еркін сөйлей алатын деңгейге жетеді. Мектеп жасына дейінгі бала көзбен көріп таныған затты дұрыс қабылдап, елестете алады. Сондықтан, баламен сөйлескенде, әдеби шығармаларды оқығанда оларға суреттеп көрсетіп әңгімелеу өте әсерлі болмақ. Шығарма мазмұнына немесе балалардың іс-әрекетіне өмір мен табиғат құбылысына арналған көркем суреттер баланың сана-сезіміне,жүйелі сөйлеуіне әсер етеді. Өмір құбылысын нақты көріп, тануға жол ашады. Мектеп жасына дейінгі бала көзбен көріп, таныған заттарды дұрыс қабылдап, елестете алады.

Сондықтан, ертегі әңгімелердің суреті айқын, шығарма мазмұнына сай болуын ескерген жөн. Баланың тілін, сана-сезімін жетілдіру, эстетикалық талғамын арқылы берілетін мультипликациялық фильмдерді көрсетіп әңгімелесу,оқыған шығармаға байланысты диафильмдер,компьютер қолдану пайдалы. Балаға теледидардан берілетін әр түрлі қызықты көрсетілімдерді көрсету қазіргі заманда өте қажет. Бала теледидар көріп отырғанда жан-жағындағылар дауыстап сөйлеп, әңгімелесу болмауын ескерген жөн. Көріп не тыңдап отырғанда,бала жақсы түсініп, қабылдайтын болуы керек. Сонымен бірге баладан алған әсерін айтып беруге үйретіп отыру қажет. Бүгінгі күн талабы-баланың ақыл-ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу. Білім беру жүйесінің барлық сатыларының алдында тұрған көкейкесті мәселелерінің бірі-білім сапасын арттыру,оның әдістемесін жетілдіру, жас ұрпақтың тұлғалық ойлауын дамыту болып табылады. Заман талабына сай жас ұрпақ тәрбиелеуде мектепке дейінгі бала тәрбиесімен айналысатын қызметкерлер,тәрбиешілерге жауапты міндет жүктеледі. Бұл міндетті кең байтақ республикамыздың барлық мектепке дейінгі мекемелерде қызмет атқаратын мамандар абыроймен атқарып келеді [5].

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты-тұлғаны оқыту,тәрбиелеу, дамыту. Бұл мақсаттар өзара тығыз байланыста болғанда ғана нәтижелі болады. Баланы өмірге дайындау үшін сөйлеуін дамытудың маңызы ерекше. Даму барысы:

1.Зердесін дамыту

2.Эмоциясы мен сезімдерін дамыту;

3.Күрт қиыншылықтарға төтеп бере алуын дамыту;

4.Өзіне-өзінің сенімділігін,өзін-өзі қабылдау,жақсы көруді дамыту;

5.Танымдық үрдісін дамыту;

6.Өзін-өзі алып жүре алуын,дербестігін дамыту;

7.Өзін-өзі көрсете алуына,өзін-өзі жетілдіруге ынтасын дамыту.

А.Едігенова бойынша баланың бүкіл өмір бойында оның даму үрдісі жүреді.Даму үрдісінде баланың таным белсенділігі арта түседі. 6 жастағы балалар заттарды түсіне,көлеміне қарап ажырата бастап,олардың құрылысын,пайдалану тәсілдерін білгісі келеді. Күнделікті өмір барысында бала шындық дүниенің құбылыстарымен заттарын анықтай білуге,адам баласының жинақтаған бай тәжірибесін үйренуге талаптанады. Балалардың бір

нәрсені құмартып білуге талаптануын таным ынтасы дейді. Балалар өте байқағыш, еліктегіш,әр нәрсеге үңіле қарайды,көп нәрселер оларды ойлантады.

Балалар әдетте өзіне түсініксіз оқиғалардың,құбылыстардың сырын білуге құмартады. Күн сайын олардың алдында жаңа сұрақтар жауабын олар ересектерден күтеді, өйткені, олардың түсінігінше, ересектердің білмейтіні болмайды. Мұндай ерекше сұрақтар балалардың ақыл-ой еңбегімен шұғылданудағы ниетін, ықыласын, сипаттайды. Сондықтан ересек адамдар бала сұрағын жауапсыз қалдырмауға тырысқан жөн. Себебі, сұрағына жауап ала алмаған бала келешекте сұрақ қоюдан жасқаншақтайды және бұл баланы дүниені тануына кері әсер етуі әбден мүмкін.

Қазіргі кезде психологтар мен педагогтар баланың жеке басының дамуындағы қиялдың маңыздылығының ең тиімді жолы шығармашылық жұмыста көрсету, үйрету, көркемдік әдебиетте нақтылау,өз бетінше жұмыс жасауына жағдай жасау, яғни, еркіндік беру керектігін айтады.

Қазіргі уақытта баланы мектепке дайындау, белгілі бір дағдыларды игеруге бейімдеу заманымыздың көкейкесті мәселелерінің бірі болып отыр. Мектепке дейінгілердің өз-өзіне қызмет ету дағдыларын меңгеруі-өнерлі, жігерлі, дербестік және табандылық сияқты қасиеттерін тәрбиелеудің тиімді жолы. Егер сөйлеу, ойлау, қабылдау процестерінің дамуы қалыпты жағдайда жүрмесе баланың ой-өрісінің дамуы да кейін қалады. Бала бұл жаста өзін еркін ұстап,өз бетімен әрекет жасап үйрене алмайды,олардың дамуында жол көрсететін,өмірге бейімделуіне жағдай жасайтын адам болу керек. Қандай адамзат баласы болмасын баланың әлеуметтік жағдайына бейімдейтін, үйретететін ата-анасы болып табылады. Балалардың танымдық іс-әрекетін дамыту,олардың жоспарлау және ұйымдастыру бірліктерін қалыптастыруда оқу-зерттеу жұмыстарының маңызы өте зор.Танымдық іс-әрекетінің шығармашылыққа ұмтылу арқылы сипатталады.

Мектепте оқытуға баланың психологиялық даярлығы-мектепке дейінгі балалық шақ кезеңіндегі психикалық дамудың қорытындыларының бірі. Қазіргі уақытта баланы мектепке дайындау, белгілі бір дағдыларды игеруге бейімдеу заманымыздың көкейкесті мәселелерінің бірі болып отыр .Ендігі жерде мектеп жасына дейінгі баланың бүкіл өмірін ұйымдастыру, оның денсаулығын нығайту, ақыл-ой, адамгершілік тәрбиесін жетілдіріп, түптеп,келгенде мектепке даярлау, тікелей ата-ананың үлесіне тиеді. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім сапасын арттыру аса маңызды мәселе, ол үшін жалпы және негізгі жағдайларды жақсарту басты міндет болып табылады.

Жалпы жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Л.С.Выготский пікірінше, ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін жетекші, басты құбылыстың бірі деуге болады. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырып, қоршаған орта мен құбылыстардың ақиқат сырын ұғынып үйрене бастайды. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада:олар ойнайды,эмоциялық әсері ұшқындайды,белсенділігі артады, ерік

қасиеті, қиял елестері мен таным үрдістері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды.[6].

Алайда мектепке бару қарсаңында баланың психологиялық даму деңгейінде жекелей өзгешеліктер өсе түседі. Бұл өзгешеліктер мынадан көрінеді: балалар бір-бірінен ақыл-ой, адамгершілік және жекелей дамуымен ажыратылады. Олай болатын болса, балаларға психологиялық қолдау жасау арқылы сөйлеуін дамыту (балабақша, мектеп) ең негізгі міндеті болып табылады.

Пайдаланғын әдебиеттер тізімі:

1 Возрастная и педагогическая психология. МГУ,1992.
2 Выготский Л.С. Педагогическая психология-М.,1991
3 Грэйс Крайг.Психология развития СПБ.,2000
4 Кулагина И.А.Возрастная психология:Развитие ребенка от рождения до 17 лет.-М.,1998
5 Обухова Л.Ф. Детская психология:Теория,факты,проблемы.-М.,1995
6 М.М.Мұқанов Жас ерекшелік психологиясы 1981ж

ЕЛ ЕРТЕҢІ - БІЛІМДІ ЖАСТАР

Ақболат А., Айтқалиева М.
«Математика» мамандығының 2 курс студенттері
Ғылыми жетекшісі: Ұзақова Б.З.

Жастарсыз болашақ жоқ. «Ұлт болам десең, ұрпағынды ойла» - деген ұлағатты қағида осыдан қалған. Бүгінгі егемен ел, тәуелсіз мемлекетімізде жастарға білім мен тәрбие беру оларды барынша әлеуметтік тұрғыда қолдау, ел келешегіне өз үлесін қосатын азамат болып қалыптасуына барлық жағдай қалыптастырылған. Тек қана "Алға!" деген ұранды ту етіп алға ғана ұмтылу керек.

Ел ертеңі - білімді жастар. «Бұлақ көрсең көзінаш» дегендей, қазақ жастарын білімге бағытталуы керек деп ойлаймыз. Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстанның болашағы бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады» деп атап көрсеткен. Еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып кележатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті. Ендеше жастар еңбек жолына түскенде ғана қоғамын өрге бастыра алады. Отаншыл халық жастары болмаған елдің болашағы қараңғы. Ол, сөзсіз, «ұрпақ қамы» деген ұғыммен үндеседі. Ел болу, мемлекет құру - сонау түркізаманынан бермен қарай желіс іүзілмей кележатқан ұлттық арман-аңсар. Ел болу - болашаққа ашылған даңғыл жол. Сол жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек,

ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Ұлттық тәрбие - ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі [1].

Жастық - ол ізденістің бастауы, осы жаста ғана адам өзінің күшіне сеніп отыр, тауды да қопарып тастайтындай көрінеді, барлық істе - спортта, саясатта, бизнесте болсын көшбасшылық танытады. Жастар тәрбиесінің жұмысты жақсарту, егемен еліміздің салауатты ұрпақтарын қалыптастыру - Елбасының «Болашақты іргесін бірге қалаймыз!» атты «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» жолдауында атап көрсетілген басты міндеттердің бірі. Болашағы зор айбынды Қазақстанның сенім артырар азаматтары - асқақ рухты жастар десек қателеспейміз. Білімді де, білікті жастар - еліміздің ертеңгі тірегі. Қазіргі жастарға көптеген мүмкіндіктер берілуде. Білім және ғылым министрлігі Назарбаев Университеті мен Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесін бүкіл Қазақстанның білім беру жүйесіне тарату үшін олардың жетістіктерін жалпыға білім беру үдерісіне енгізуде.

Білім саласының қызметкерлерінің бүгінгі таңда жауапкершілігі мен маңызы күшейіп отыр. Өйткені, сапалы білім беру елімізді индустрияландырудың және инновациялық даму жолына түсірудің басты алғы шарты болып табылады Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты назарда.

XXI ғасырдың басты капиталы - сапалы білім. Жастар өз күш жігерін,білімдерін тәуелсіз елінің гүлднеуіне жұмсаудан тартынбауы тиіс. Ендеше барлық жастар бір жағадан бас, бір жеңінен қол шығарып көшбасшылардың салиқалы саясатын қолдап, игі істерді сөзбен ғана емес, іспен дәлелдесе ұлт болашағының айқындалуының белгісі - сол. Ықылым заманнан бері қазақ атамыз " Білекті бірді, білімді мыңды жығады" деген сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақалының өзі бүгінгі күні айырықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман білекке емес білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен біліммен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Елбасы жастар саясатына соңғы жылдары зор мән беріп келеді. Көреген басшымыздың бастамасымен қазақтың барлық өңірінде біріңғай балалармен жасөспірімдердің «Жас ұлан» және «Жас қыран» ұйымдарын құрып, болашақты ел ісіне араласатын тұлға тәрбиелеу ісі қолға алынды. Білімнің қуатына тең келетін басқа идеялық - рухани күш, қуат көзі жоқ екені белгілі. Өйткені, білім - тек ғылымның іргетасы ғана емес, сонымен бірге тасы өрге домалаған еңсесі биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың күре тамыры, ел дамуының алтыны. Білім және ғылым министрлігі Назарбаев Университеті мен Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесін бүкіл Қазақстанның білім беру жүйесіне тарату үшін олардың жетістіктерін жалпыға білім беру үдерісіне енгізуде. Жаңа заман тәуелсіз ел мұраты - жастардың білімі мен біліктілікке талпынып әрекеттенуін, еңбектеніп өсуін талап етіп отыр. «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың мемлекетін нығайтып, көркеюі жолында теріңді төгіп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екеніңді ұмытпа», - дейді Елбасы бір

сөзінде.Сондықтан, жастарға білім беретін ұстаздар да ұлы мұрат жолында жалынды еңбек етуге даярмыз [2.б.132].

Қортындылай келсек қазақтың болашағы - жастар деген. Алда болашағымыздың Бәйтерегіне нәр беретін де тек намысшыл қазақ өреңдері. «Болам деген баланың бетінен қақпа, белін бу, аға болар азаматтың етегін жаппа жолын қу» деген осындай - ақ болар. Елбасымыздың жастарға «Сендерді ең алдымен қалыптасқан тұлғалар тамаша кәсіпқойлар және шынайы патриоттар тұрғысында көремін» деген сөзін бүгінгі жас ұрпақ ашық сезініп, білім бұлағымен сусындауға зейін қоюда деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 ҚР 2005-2010 жылдарға арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы

2 Дамитов Б.К. Жоғары білім бойынша заңды және нормативті құжаттар жинағы. ҚР Білім және Ғылым Министрлігі.- А., 1996.-132б.

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДА ІСКЕРЛІК ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУ

Арғынбай А Қ

«Шетел тілдері: екі шет тілі» мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі : Айтжанова Б Б

Іскерлік ойындар - бұл да белсенді оқытудың бір түрі. Ойынның бұл түрі әртүрлі практикалық жағдайларды көрсету арқылы жүзеге асады. Қазіргі кездегі соғыс ойындары, спорт ойындары, дидактикалық және тағы басқа ойындар осы байырғы мәдениеттен туындаған. Осылайша ХХ ғ 50 - ші жылдарынан бастап басқару, экономикалық ойындар, бертін келе психологиялық, педагогикалық ойындар пайда бола бастады. Іскерлік ойыны сабақтың дәстүрлі емес түріне жатады. Бұл ойын қызығушылықты тудырып, шет тілін оқыту кезінде қолдануға үлкен мүмкіндік береді.

Ойында ойыншынын кәсіби - педагогикалық ойлау образына енуі, бұл ойынның басты ерекшелігі болып табылады. Іскерлік ойынның негізі-проблемалық педагогиканың ситуацияларды тудыру және оларды әртүрлі проблемалық ролдік шешуді жүйесі. Ойында образға кіру ерекшелігі басқа ойындармеи салыстырғанда проблемалық жағдайларды шешуші фактор ретінде қарастырылады. Ойыншы белгілі ережелерді қолдана отырып ойынның толық мағынасын түсініп, талдау жасап, алда болатын өзгерістерді жобалап отыруы қажет. Әртүрлі педагогикалық жағдайларды модельдеу болашақ педагогтың әрбір ойын кәсіби түрде жеткізе білуге жетелейді [1]..

Осылай ойлау қабілеті нәтижесінде ойыншылар педагогикалық образға толығымен кіріп, қандай өзгеріс болатынын түсіне алады. Ойыншыларда педагогикалық процесс моделінің біркелкі образы ойында болған әртүрлі жағдайлар нәтижесінде калыптасады. Бұл модель жеке тұлғалық сипатқа ие

болады және ойын кезіндегі ойыншының жасаған іс - әрекетінің таңбасына ойыншының өзін ойын барысында ұстай білуі, ойын толық жеткізе білуін және әр ойыншының өзіне ғана тән ерекшеліктеріне байланысты калыптасады. Сонымен қатар іскерлік ойынның барысында әр ойыншыда өзін басқалардың көмегімен, яғни сырт көзбен қадағалау және басқаларды да танып білу қалыптасады. Өздеріне берілген тапсырмаларды бірігіп шешу жолында өзіндік нәтиже шығарумен қатар басқалармен бірігіп жұмыс істеу және ой тудыру әрбір ойыншыда қалыптасатын жайт.

Ойынның шартты модельдері және ойын барысында жинақталған іс-әрекеттер ойыншылардың көзқарасын едәуір кеңейтеді. Іскерлік ойында ойыншыларда екі түрлі көзқарас қалыптасады. Біріншіден, ойыншы образға кіріп, ойын образын жасайды яғни осы образды толық сіңіреді, басқалармен осы образда қарым-қатынаста болады. Екіншіден, бұл ойыншылар арасындағы нағыз қарым-қатынас орнығады, себебі әр ойыншы образды өзі деп есептейді. Образға кіру жолында ойын шарты тез үғынылады сондай - ақ төзімділік, басқалардың ойын құрметтеу, бірігіп жұмыс атқару, жауапкершілік қалыптасады. Білім алу процесі, оны толықтыру, негізін түсіну екі кезеңнен өтеді: ойын барысында: образ арасындағы қарым — катынас кезеңі; - қорытындылау кезінде: пікірталас кезеңі;

Ойын шартында ойыншыларға таныс жайттар көп кездессе және олар образға толық кіре алса ойын қызықты да мағыналы болып өтеді. Әрбір ойын мағынасына қарай өзіне тән құрылымы, рөлі, сюжеті болады және мұғалімнің басқарып, жүргізуіне байланысты ерскшеленеді. Ойынның ойдағыдай өтуі жүргізушінің атқаратын жұмысы толық қарастырылған жағдайда ғана болады. Ол әрбір ойыншының өзіндік ерекшеліктері, мүмкіндіктерін, олардың ойынға тез енуін ойындық ситуацияға кіруін сюжетті ары қарай дамыту дәрежесін білгенде ойын сәтті өтеді. Әрбір топ ойынды өзінше дамытып, жаңа көзқарастар туғызтып, жаңа нәтижелер шығара алады [2]..

Жүргізуші ойыншыларды ойынға дайындап, ұйымдастырып, ойынды өткізіп, соңында қорытынды жасап, ойынға қатысушыларды бағалайды. Ойын алдында бірнеше күн бұрын жүргізуші ойынға қатысушыларды ойынның мақсатымен, мағынасымен, құрылымымен, ойынның сюжетімен, рөлімен таныстырып, үй тапсырмаларын беріп, орындалғанын қадағалап, рөлдсрді бөлуге көмектеседі. Рөлдердің орындалуы мен сюжеттің дамуына қатаң шарт қою ойынға қызығушылықты және ойыншылардың сюжетті дамытуына кері әсерін тигізеді. Қатаң ережемен ұсынылатын ойын біркелкі жаттығуларға ұқсап, қызығушылықты жоғалтады. Ойын басында жүргізуші ойыншылардың бірқалыпты эмоциялық тұрактылығын қамтамасыз етумен қатар, психологиялық тұрғыдан образға кіруге жағдай жасайды. Бұл іскерлік ойынын жүргізуге 45 - 90 минут кетеді Ойынның ең маңызды кезеңі - қорытынды жасап, пікір таласу. Қорытынды жасау ойынға кететін уақыттың тең жартысын алады.

Іскерлік ойындарда: кіріспе, іскерлік ойындардың өтілуі әдістемесі және көрнекі құралдары сипатталады. Кіріспе бөлімінде іскерлік ойындардың

педагогтарды оқыту жолындағы мағынасы жайлы сөз етіледі. Іскерлік ойындардьң өтілу шарттары мен өтілу әдістемесі керсетіледі және іскерлік ойын материалдары қарастырылады.

Шетел тілін оқытуда іскерлік ойынды өткізу кезінде міндеттің мазмұнына байланысты калькуляторлар, оқу тақтасы немесе сұлбалар мен формулаларды бейнелеуге арналған ватман, анықтамалықтар, заңдар мен нормативтік актілер мәтіндері қажет болуы мүмкін. Шетел тілін оқытуда іскерлік ойынды екі оқытушы-педагогтың күшімен өткізгені дұрыс болады [3].

. Ойынның кейбір сәттері әр түрлі функцияларды бір мезгілде орындауға, мысалы, келесі ойындық бұрылысты ойлап табуға және топты «ойындық тонуста» ұстап тұруға мәжбүр етуі мүмкін. Бірақ екі оқытушыға мұндай жағдайларсыз да, әсіресе командалардың жұмысын бақылағанда жұмыс жетеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бакулин П.И., Кононович Э.В., Мороз В.И. Курс общей астрономии: Учебник. М.: Наука, 1983. - 560 с.
2. Бакшаева Н.А., Вербицкий А.А. Психология мотивации студентов. М.: Логос, 2006.-184 с.
3. Беспалько В.П. Образование и обучение с участием компьютера (педагогика третьего тысячелетия). — М.: Изд-во МПСИ, 2002. — 352 с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ - МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ҰЛЫ ТАРИХЫ

Әбен М.Н.
«Математика» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі:Абдрахманова М.Т.

Тәуелсіз Қазақстанның жоғары білім жүйесінің қалыптасуы мен дамуы Қазақстан Республикасы дүниежүзілік қауымдастықпен нарықтық экономикалы ел деп танылып отыр. Білім - әлемдегі өркениетті дамыған елдердің барлығында дерлік дамудың негізгі көрсеткіші мен негізгі басыңқы бағыты болып табылады. Тәуелсіз Қазақстанның жоғары білім жүйесін бетбұрыстандыру бірнеше кезеңнен тұрады:

1 кезең – жоғары білім жүйесінің заңдық және нормативтік құқықтық базасының қалыптасуы (1991-1994 жылдар);

2 кезең – жоғары білім жүйесін модернизациялау, оның мазмұнын жаңарту (1995- 1998 жылдар);

3 кезең – білім беру жүйесін қаржыландаруды орталықсыздандыру, білім беру мекемелерінің академиялық еркіндігін кеңейту (1999-2000 жылдар);

4 кезең – жоғары кәсіптік білім беру жүйесін стратегиялық дамыту (2001 жылдан бастау алған қазіргі кезең)

Қазіргі қазақстандық білім беру жүйесі «Білім туралы» Заң (1999 жыл), «Білім» мемлекеттік бағдарламасы (2000 жыл), «2010 жылға дейінгі білімді дамыту стратегиясы» (2001 жыл), «2005-2010 жылдарға арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» (2004 жыл) сияқты стратегиялық нысандағы құжаттармен бекітілген. Көптеген жоғары білім беру мекемелері Қазақстан Республикасының жоғары білім жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану міндетінен білім берудің Болондық моделін жүзеге асыруда, ол төмендегідей деңгейлерден тұрады[1].:

- жоғары базалық білім жоғары арнайы білім: бакалавриат – «бакалавр» дәрежесін беретін жоғары білім беру бағдарламасы;

- жоғары ғылыми-педагогикалық білім: магистратура – «магистр» академиялық дәрежесін беретін жоғары ғылыми-педагогикалық бағдарлама;

- докторантура PhD – бұрынғы ғылыми-зерттеу кадрларын даярлау жүйесінің орнын басатын бағдарлама.

Жоғары білімнің үш деңгейлік жүйесінің енгізілуі сонымен бірге, білім беру бағдарламаларының диапазонының кеңеюі мен олардың рыноктық экономика талаптарына сәйкес икемділігі мен шоғырлану дәрежесін күшейтуге бағытталған. Қазақстанның жоғары білім жүйесінің қалыптасуының келесі бір жағымды тұсы – институционалдық құрылымдардың, оқыту бағдарламалары мен формаларының әртараптандырылуы, олардың университеттік білім беру жүйесіне бейімделуі. Қарастырылып отырған үдерістің маңызды бір тұсы жеке білім беру секторының дамуы мен кеңеюі болды [2]..

Жоғары білімді қаржыландыру мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отыр. Қазіргі күні АҚШ-та бұл мәселе өте өзекті болып табылады. Мұндай құбылыстың себебі экономикалық даму саласына қатысты және де АҚШ-тағы белгіленген әлеуметтік топтардың әлеуметтік теңсіздік мәселесінен туындаған. Алайда аталған факт АҚШ-қа қарағанда жан басына шаққандағы ЖІӨ деңгейі төмен елдерде, әрине оған Қазақстан да енеді, жоғары білім саласын жеткілікті мөлшерде қаржыландыру қажеттілігін ойландырады. Егер Қазақстанның қаржылық күштерін басқа елдермен салыстыратын болсақ, Қазақстандағы білімге жұмсалатын мемлекеттік шығындар үлесінің тым төмен екендігі айқын. Осылайша, Қазақстан ЖІӨ 0,3% жоғары білімге жұмсай отырып, Малайзия, Таиланд, Қытай сияқты елдермен салыстыруға келмейтінін және ОЭСР елдерінің орташа көрсеткішінен (1,3%) біршама төмен екендігін байқаймыз. Мемлекеттік қаржыландырудың төменгі деңгейін өтемақылау үшін үкімет үш элементтен тұратын ресурстарды шоғырландырудың көпжақты стратегиясын қабылдады:

- жеке жоғары білімді жедел дамыту;

- мемлекеттік университеттер мен колледждерінің шығындарына үлестік қатысу;

- кей мемлекеттік университеттерді жекешелендіру.

Алайда ресурстарды жай ғана арттыру әрдайым да қажетті нәтижежелер бермеуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында айтылған: «Қазақстандық ЖОО міндеті - әлемдік стандарттар

деңгейінде білім беру, ал жетекші ЖОО дипломдары әлемде танылуы тиіс. Олар мұны жасауға міндетті. Біз әрбір қазақстандыққа жоғары білім алудың нақты мүмкіндігін беруіміз керек. Студенттердің оқуын қаржыландырудың бірыңғай жүйесін құру мақсатында үкіметке бюджеттен білім беру несиелерінің есебінен білім беру гранттарының көлемін 50% арттыруды тапсырамын. Сонымен қатар екінші деңгейлі банктер арқылы несиенің қайтарымын мемлекеттік кепілдememен қамсыздандыру жолымен студенттік несиелендірудің заманауи жүйесін құру».

Қазақстандағы ЖОО білім беру бағдарламаларының санына, ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлеміне, ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілік деңгейіне байланысты бірнеше типтерге бөлінеді, атап айтатын болсақ: университеттер, академиялар және институттар.

Ұрпағының болашағын ойлаған ұлт жастарының білімді болуын басты мақсат етері даусыз. Жасы кіші болса да ақылы асқанды аға сыйлайтын қазақы қағиданың қаншалықты өміршең екенін сөзбен тауысып жеткізу мүмкін емес. Тамыры тереңге жайылған тарихында қазақтың білім-ғылым жолын насихат еткен аузы дуалы абыздары, данышпан датқалары, шежірелі шешендері өте көп болған. Сондықтан баба дәстүрінен ажырамаған бүгінгі ұрпақтың білімсіз болуға хақысы жоқ. Осыны мақсат тұтқан Елбасы кеше тікелей өзінің тапсырмасымен ашылып жатқан «Білім» телеарнасын іске қосты. «Білім» арнасы үш тілде сөйлейтін болады.

Астанадағы Назарбаев университетіне арнайы ат басын бұрған Президент Ыбырай атамыз жырлаған «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» ғылымның соңғы жетістіктерін пайдалана отырып, еліміздегі барлық білім алушы тәлімгерлерге онлайн режимінде дәріс оқыды. Сонымен бірге тұңғыш рет тек қана ғылыми жаңалықтан хабардар ететін отандық «Білім» телеарнасының тұсауын кесті. Телеарна, негізінен, үш тілде жұмыс жасайтын болады. Әлемдік және отандық ғалымдардың жаңа жобалары мен білім беру жүйесіндегі елеулі оқиғалардың барлығы ендігі кезекте осы арнаның еншісіне тиесілі. Әзірге «Отау-ТВ» арнасы арқылы ақпарат әлеміне жол тартқан телеарна алдағы уақытта басқа кабельді жүйелерге қосылатын көрінеді.Жастар еліміздің әлеуметтік, экономикалық және қоғамдық өмірдің барлық салаларына қатыстылығы жағынан алғанда, болашағы зор қоғамның маңызды бөлшегі. Қазіргі таңда жаңа көзқараспен қарайтын жалынды жастардың еліміздің жаңару үдерістеріне белсене қатысып келеді. Еліміздің бүгінгі жастары жаңа жағдайда заманауи мемлекеттің жасап жатқан сындарлы саясатының арқасында алысқа қол сермеп, әлемдік деңгейдегі ұстанымды игеріп, келешектің кілтін өз қолдарына алуда.

«Жастар-болашаққа апаратын алтын көпір»,- дейді дана халқымыз. Әрбір өскелең ұрпақ жеке қабілетіне және кәсіби біліміне сай қоғамымызда өз орнын табуы қажет. Біздің әлеуметтік- экономикалық даму жолындағы қарқынымыз, жастардың қоғамдық – саяси өмірдегі ұстанымына олардың ертеңгі күнге деген сенімі мен белсенділігіне тікелей байланысты. Ендігі кезекте тәрбие мазмұны мен жастарды тәрбиелеу ісі олардың дүниетанымын қалыптастыру және

ақпараттық- саяси мәдениетін көтеруге баса көңіл аударуға тиіспіз.Әрбір қазақ жастары өздерін ұлтжандымын деп ұғынып,өн бойларында ұлттық намысын жоғары қою керек. Еліміздің бейбітшілік аспанында қазақ жастары тәуелсіз елдің айқын мақсаттарымен жігерленіп, тек қана алға ұмтылуға тиіс. Ел сенімін, үмітін ақтау-жастардың қолында[3]..

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Қазақстан Республикасының «Білім беру» туралы заңы //Егеменді Қазақстан, 1999. 11.06. - 2 б.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы //Талдықорған газеті, 2005. 25. 02, - 4 б.
3. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы, 1992. – 140-154 б.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ»ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ АЯСЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

Әлиайдар Б.
«География» мамандығының 2 курс студентті
Ғылыми жетекшісі: Байгукин Ғ.Т.

«Мәңгілік ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын тәуелсіз мемлекет атану еді.Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – мәңгілік ел! Мен мәңгілік ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан 2050» стратегиясының түп қазығы етіп алдым».
Н.Ә Назарбаев

Алтын күмбезді көгімде қыран құсты байрағы желбіреген,айбарлы әнұраны асқақтаған,даңқты Қазақстанымның Жас Ұланы екенімізді мақтан тұтамыз. Телегей теңіз жылдарда бодандықты бастан кешіріп,сұм соғыстың тауқыметін тартып,қыңыр саясаттың құрығына түсіп қаншама қиналды десеңші?! Мінекей туған еліміз небір сұрапыл оқиғаларды бастан кешсе де,мойынсұнбай әлем картасынан ойып тұрып керегесі мықты “Қазақстан” деген мемлекет орын алды [1]..

Қазақ елі қайсарлы да батыл, айбатты да асқақ елдердің бірі.Осындай еңсесі іргелі,тұғыры нық,ырыс пен ынтымағы,береке мен бірлігі жарасқан елдің ұланы екенімізді мақтаныш етеміз.Ата-бабамыздың қайссарлығынан қуат,өрелі өшпес сөздерінен өнеге,тағылымды тәрбиесінен тәлім,батылдығынан бойымызға жігер жинап,керегесі мықты қазақ елінің ұлтжанды қыраны боламыз.Болашақтың іргесін біз секілді туған елімнің Жас Ұландары құратын болсақ,әлемде қазақ елінен мықты ел болмақ емес.

Қазақстан – Шығыс пен Батысты байланыстырған тоғыз жолдың торабынды орналасқан Еуразияның кіндігіндегі алып,дамушы мемлекет [2]..

Мәңгілік ел Мәңгілік Қазақстан Ата бабаларымыздың мәңгілік арманы, мәңгілік аңсары болатын. Ертеңгі аймаңдай күннен үмітті біздің елдің ұраны да, жыр-әні де сол болуға тиіс. Алайда, байлық пен абырой, жаңарулар мен жаңғырулар аспаннан жаумайды. Оған жетуден үміткер елдің еңкейген кәрісі мен жел көкірек жасы тек нәтижелі Еңбек пен тұғырлы Ғылымға ғана арқа сүйеуі қажет. Қазақстанның Мәңгілік ел болуы дегеніміздің бір парасы осындай. Қазақстанда алдағы 15-17 жыл ішінде аса ауқымды өзгерістер мен жаңғыртулар болмақ. Дегенмен, 2050-ге жеткізер жолдағы ұлан қайыр бәсекелестікті де назардан шығармаған жөн. Бүгінгі таңда мемлекеттің қарыштап дамуының басты көрсеткіші – оның Экономикалық Ынтымақтастық пен Даму ұйымына мүшелігімен өлшенеді. Біздің еліміз әлемдегі нағыз қой үстіне бозторғай ұя салар жұмаққа айналады. Бұл мұраттарға жету оңай емес. Әр бес жылдықтың мойнына артылар жүк аса ауқымды. Берілген тапсырмалар дер кезінде орындалғанда ғана біз мақсаттарымызға жетеміз [3]..

Президенттің жалпы ұлттық идеясы – еліміздің рухын көтеретін,ұлы мақсаттарға жеткізетін “Мәңгілік ел” – елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы бастама.Осының барлығы дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретіні сөзсіз.Бұл үшін бізде барлық мүмкіндіктер:ресурстар,білімді адамдар,жұдырықтай жұмлған ұлтымыз бар,деді Елбамыз.Ел басшысы өз сөзін ары қара жалғастыра келе: “Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз.Бәріміздің де туған жеріміз біреу-қасиетті қазақ даласы.Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар,ол-тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп,тәуелсіз елімізді “Мәңіглік Ел” етуді мұрат қылдық. “Қазақстан-2050”Стратегиясы осынау әңгілік жолдағы буындар бірлігінің ұрпақтар сабақтастығының көрінісі.Бабалардың ерлігі,бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз “Мәңгілік Ел” боламыз. Рухани құндылықтарын жоғалтқан жұрттың болашағы бұлыңғыр екендігін, мемлекеттің негізін құрайтын халық – қазақ болса, оның тілінің, ділінің, салт-дәстүрінің басқа этностарды төңірегіне топтастыратынын үлкен рухани тірек болуы керектігін ескертеді...Міне, «Мәңгілік ел» тұғырнамасы философиясының кейбі ртараулары осындай тереңге тартады [4].

Түйіндей айтсақ, Қазақстан елінің тағдыры үшін өткен ата-бабалар мен болашақ ұрпақ алдында,қазақ халқы-басты жауапкер.Сондықтан да,біздің ілгері өркендеп, дамыған елдердің қауымдастығына қадам басамыз ба, әлде өткен даңқты жолымыздан жұбаныш тауып, өкпе мен өкінішке көміліп, тарих қалтарысында қаламыз ба?-ол қазақ халқының парасатына, ұлы мақсаттарға жетелейтін- Мәңгілік Елдің жасампаз ұрпақтарына байланысты болмақ!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».

2. ҚР Президентінің «ҚАЗАҚСТАН-2050» – стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа Жолдауы – жастардың болашағын айқындау.
3. Қазақстан-2050 стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.
4. Нұрсұлтан Назарбаев.Нұрлы жол-болашаққа бастар жол.

МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНДА ҚИЫНДЫҒЫ БАР ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ПЕДАГОГИКАКЛЫҚ- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДА ТАЛДАУ

Байтөреева Ж.
«Педагогика және психология» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Тәуекелова А.Е.

Қазіргі кезде мектептің қойып отырған талабы оқушыларды— негізгі пәндермен терең де берік қаруландыру, ал білімдерін күнделікті өмірде өз деңгейіндегі іскерлік пен қолдана білу. Осы жетістіктерге жету үшін мұғалім оқушының мінез-құлқын, сана сезімінің жетілу дәрежесін, таным процестерінің (түйсіну, қабылдау, ес, ойлау сөйлеу, қиял) дұрыс қалыптасуын қадағалап әрі дамытып отыруы қажет. Сондықтан жаңа білім үлгісін жасау аясында бүкіл қоғамды жұмылдыра отырып рухани, интеллектуалдық және экономикалық тәуелсіз мемлекет орнату болшағына бағдарланған, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға үйлестірілген ұлттық тәрбие берудің үлгісін жасау және білім беру көлеңкесінде қалып қоймайтын, керісінше тәрбие мәселесін төрге қоятын тәрбие-білім жүйесін іске қосу – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін басты мәселелерінің бірі болып табылады [1].

Жасөспірімдік жас мінездің қалыптасуы кезеңі. Дәл осы жаста мінездік типтердің көпшілігі қалыптасып, мінездік норманың түрлі типологиялық варианттары анық байқалады, себебі мінез қырлары әлі басылып, өмірлік тәжірибемен компенсацияланбаған. Мінездік норманың шеткі көріністері акцентуация терминімен беріледі. Акцентуация терминін алғаш рет неміс психиатры мен психологы Карл Леонгард енгізген болатын. Кеңестік психологияда мінез акцентуациясын зерттеп, классификациясын ұсынған балалар психиатры профессор А.Е.Личко болды. Қысқаша акцентуация мінез дамуының дисгармониясы, жеке қырлардың айқын көрінісі деп те анықтауға болады. Бұл анықтамадан тұлғаның белгілі бір әсерлерге әлсіздігін және белгілі бір жағдайларға бейімделуінің төмендігін байқауға болады. К.Леонгард еңбектерінде «тұлға акцентуациялары» және «акцентуациялы мінез қырлары» түсініктері қолданылады. Ал, Личко «тұлға акцентуациясы» дегеннен гөрі «мінез акцентуациясы» деген орынды деді, себебі бұл жерде мінез типологиясының ерекшеліктері қарастырылып отыр. Ал қазіргі кезде екі терминнің қолданылуы да орынды деген көзқарастар бар. Акцентуацияны паталогияға жатқызу кең тараған қателіктердің бірі. Акцентуация мінездік норманың шеткі варианты деп те анықталады. Мінез акцентуациясы бар

адамдар қалыпты. Бірқатар еңбектерде акцентуацияның таралуының өзіндік факторлары бар. Олар ортаның әлеуметтік мәдени сипаттамалары, индивидтердің жастық және жыныстық ерекшеліктері және т.б. Неміс ғалымдарының зерттеулерінше ересек адамдардың 50% акцентуациялы. Әрине, акцентуция динамикасы мәселесі жеткілікті қарастырылмағанымен, акцентуация жасөспірімдік шақта анық, өткір байқалатыны белгілі болды. Өсе келе анық акцентуация жасырын түріне өтеді немесе компенсацияланады. Н.Я.Иванова зерттеулері бойынша жасөспірімдердің акцентуациясы жыныстық ерекшеліктеріне байланысты [2].

Мұғалім психологиялық танымдық процестерді қалыптастырудағы негізгі тұлға. Әрбір баланың психологиясын білу көп ойлануды, көп ізденуді қажет етеді.

Мұғалім мен жасөспірім арасындағы қарым-қатынаста мұғалімнің негізгі жұмыс бағыттары:

Жасөспірімнің жеке дамуын бақылау оның еркін дамып, қабілеттерінің ашылуына, мінез-құлқының қалыптасуына тиімді жағдай жасау

Жасөспірімнің ынтасын, қабілетін зерттеу, бағдар беру.

Жасөспірімді қоғамдық құндық қатынастарға жетелейтін әрекеттің барлық түрлерін (жеке-дара, топтық, ұжымдық) ұйымдастыру.

Жасөспірімдердің еркіндіктері мен құқықтарын сақтауға мүмкіндік жасау.

Сыныпта оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

Алдымен мінез-құлқында қиындығы бар жасөспірімдердің дара ерекшеліктерін жан-жақты қарастыруымыз керек. Мысалы, белгілі психолог К.К.Платоновтың көзқарасы бойынша «жеке адамның психологиялық құрылымы» төрт бөліктен тұрады:

Біріншіден, оның темперамент, жыныс, жас өзгешеліктері, яғни биологиялық қасиеттері;

Екіншіден, оның даму барысының дербес ерекшеліктері, яғни ес ерлік, түйсіну, эмоция, қабылдау және ойлау т.б. қасиеттері жатады;

Үшінші, баланың әлеуметтік тәжірибесі, білімі, әдет-дағдысы, іскерлігі мен ептілігі;

Төртінші, оның жалпы адамгершілік қасиеттері- жеке адамның бағыттылығы.

Сонымен қатар, акцентуация үлесі білім беру мекемесіне байланысты екенін анықтады К.Леонгард бойынша акцентуацияның негізгі типтерін сипаттап көрсетейік. Гипертимді тип. Бұл типтегі тұлға ерекшелігі ол үнемі еш себепсіз көтеріңкі көңіл күйде жүреді. Көтеріңкі көңіл күй жоғары белсенділікпен, әрекетке құштарлықпен қатар көрінеді. Қарым-қатынасшылдық, шектен тыс сөзшеңдік тән. Қиыншылықтар кезінде оптимизмін жоғалтпайды және өздерінің белсенділігінің арқасында қиындықтарды оңай жеңеді. Дистимді тип. Гипертимге қарама-қайшы тип акцентуация. Дистимдер өмірдің көңілсіз, қараңғы жақтарына ден қояды. Бұл ерекшелік олардың қарым-қатынасында, мінез-құлқында, өмірді қабылдау ерекшеліктерінде, жағдайлар мен басқа адамдарды қабылдауында анық

байқалады. Олардың мінезі салмақты. Белсенділік оларға тән емес. Циклотимді тип. Ерекшелігі гипертимді және дистимді күйлердің ауысып отыруы және бұл ауысу сирек және кездейсоқ болмайды. Гипертимді фазада қуанышты оқиғалар жағымды эмоциялармен қатар белсенділікті, сөзшеңдікті, әрекетшілдікті тудырады. Көңілсіз оқиғалар жабырқаумен қоса адамның ұнжырғасын түсіріп жібереді. Бұл кейде реакциялар мен ойлау баяулап, эмоциялық араласу төмендейді. Шоғырланушы тип. Тұлға аффектінің жоғары тұрақтылығымен, эмоциялық әсердің, бастан кешулерінің ұзақтығымен сипатталады. Жеке қызығушылықтарымен намысына тиюді, реніштерін ұзақ есте сақтайды. Сондықтан да оларды басқа адамдар кекшіл деп сипаттайды. Оның себебі, аффекті бастан кешіру қиялдаумен, мүмкін жауаптарды ойластырумен, кегін алуды жоспарлаумен қатар жүреді. Олардың өкпешілдігі анық байқалады. Эмотипті тип. Нәзік эмоцияларға жоғары сезімталдықпен және сезімдерінің тереңдігімен сипатталады. Оларға аққөңілдік, мейірімділік, жұмсақтық, жоғары дамыған эмпатия тән. Бұл ерекшеліктер анық байқалады және түрлі жағдайлардағы сыртқы реакцияларында көрініс табады. Көңілі бостық, жылауықтық та эмитивтілерге тән ерекшелік. Педантты тип. Анық байқалатын белгілері шектен тыс ұқыптылық, реттілікке ұмтылыс, шешім шығара алмау, сақтық. Іс жасамас бұрын ұзақ ойланады. Педанттылықтың астарында жаңа жағдайларға, жауапкершілікті мойнына алуға бейімделе алмауы жатыр. Олардың өздерінің үйреншіті істерін жақсы көреді, жұмыстарын сирек ауыстырады. Жұмыста өте тәртіпті адамдар. Мазасыз тип. Мазасыздану деңгейі жоғары. Өз өмірі үшін, жақындарының өмірі үшін қорқу, мүмкін сәтсіздіктерден қорқу тән. Бұл қорқыныштардың объективті себебі мәнді емес не мүлдем жоқ. Ұяңдық, басыңдылық тән. Сыртқы жағдайлардан үрейлену өз күшіне сенбеушілікпен қатар жүреді. Демонстривті тип. Демонстривті тұлғаның негізгі ерекшелігі басқаларға әсер қалдыру, өзіне зейін аударту, әрқашанда ортада болуға деген қажеттілік. Бұл өз-өзін көрсетуге ұмтылыста көрінеді. Өз өзін мақтау, өзі туралы айтуды ұнатады, өзі туралы әңгімелердің көбі қиялдан туған не әсіреленген болады. Қозғыш тип. Мінез-құлқы импульсивтілікпен сипатталады. Олар қарым- қатынаста және мінез құлқында логикаға санаға жүгінбейді, импульсқа, құмарлыққа, қадағаланбайтын ұмтылыстарға бағынады.

Әлеуметтік қарым-қатынас пен өзара әрекеттестікте шыдамсыздықпен сипатталады. Экзальтацияланған немесе лабильді тип. Оларға буырқанған реакция тән, қуанышты оқиғадан тез әсерленіп, көңілсізден тез жабырқайды өте әсершіл. Ішкі әсерлері сыртқа айқын көрініп тұрады Акцентуация типі мінездің әлсіз тұстарын көрсетеді. Тәрбиешілер мен педагогтар «қиын бала» деп сипаттаған жасөспірімдер тәртібі төмен, дөрекі сөйлейтін, сабақты себепсіз босататын, ішімдікке жақын; ер жасөспірімдерге деликвенттілікке бейімділік, маскулиндік мінез-қырларының басымдылығы тән. Қиын қыз балаларда истероидтты немесе демонстративті акцентуация басым, деликвенттілікке, алкогольге бейім. Қылмыстық мінез-құлыққа жасөспірімдерде эпилептоидттық және шизоидттық типтер, тұрақсыз және истероидтық қырлар байқалады.

Сабақ үлгерімі нашар, тәртібі нашар балаларда қырсықтық, негативизм, агрессивтілік, ұстамсыздық, конфликтіге бейімдік сияқты мінез-құлық ауытқушылықтарын көрсетеді. Олардың арасында конформды және тұрақсыз тұлға типтері көп кездеседі [3].

Отбасы жағдайы мүлдем нашар, яғни бала тәрбиесіне кері әсер етушілік маскүнем, бала тәрбиесіне көңіл бөлмейтін т.б. Е.Волкова, Гаспаровалар мінез-құлқында қиындығы бар оқушыларды мынадай топтарға бөледі:

а)сезім әрекетіне бой алдырғыш (эмоционалды) оқушылар (жышауық, кекшіл т.б.);

б)агрессивті;

в)қыңыр, қырсық;

г)ұялшақ;

е) тынымсыз, белсенді бала

Бала тәрбиесінде отбасында дұрыс тәрбие бермеудің 4 жолы бар:

1.Қабылдамау

2. Гиперсоциалды

3. Қорқақ-секемшіл

4.Эгоорталықты

Қабылдамау - егер ата-анада балаға деген сүйіспеншілік, жылу болмаса. бала мұндай әсерді қабылдай алмайды. Қабылдамау әйел жүкті болған кезде баланың дүниеге келуіне карсы болғаннан пайда болады. Қабылдамаудан бала кез келген нәрсеге тітіркенгіш болып келеді [4]..

Гиперсоциалды — мұндай ата-аналар -«дұрыс» ата-аналар. Ата-ана баласын сағатпен тамақтандырып, ойнағысы келсе ойнатып, ұйықтағысы келсе ұйықтатады. «Амандасуды» қинап айтқызады. Мұндай ата-анаға мектепте баласын мақтаған ұнайды, баласы туралы кемшілік айтса, намыстанып кетеді. Олар талапты орындағыш келеді. Гиперсоциалды бала робот, автомат сияқты өмір сүреді.

Қорқақ-секемшіл - бұл жолмен тәрбиелейтін ата-аналардың баласы шамалы ауырса, оны үйден шығармай, жанұясымен соның бетіне қарап, жағдайын жасап, баланың ойын алдын-ала ауруға дайындайды. Нәтижесінде бала жиі-жиі өзіне«Мен ауырып калмаймын ба?» «Мен өліп қалмаймын ба?» деген сұрақтар қояды. Баланы тым қадағалау нәтижесінен, талапты шамадан тыс қоюдан, балада, керісінше, қорқак-секемшіл мінез қалыптасып, кез келген нәрсеге қоркынышпен карайды. Құрдастарымен ойнай алмайды, өкпелегіш, өзіне сенімсіз болады.

Эгоорталық - бұлай тәрбиеленген балалардың болашақ қарым-қатынасында отбасының жауапкершілік денгейі жогары болады. Баланың ортаға деген көзкарасы төмен болатындығы байқалады. Ата-анасы барлық уакытта оның айтқанын істеу керек, үнемі көңіл бөліп отыруы керек, «болмайды», «жоқ» дегенді түсінбейді. Күтуге шыдамы жоқ, тез ашуланшақ. Мұндай балалар тұрақсыз, қыңыр, қырсық, тіл алмайтын болып тәрбиеленеді

Қорытындылай келе осылай дұрыс тәрбиелемеуден баланың мінез-құлқы қиын болып қалыптасады. Сондықтан әрбір отбасы дұрыс тарбие бермеуден

алшақ болғаны дұрыс. Ал, әрбір мектеп психологтары жас ерекшелігіне сәйкес мінез-құлқында қиындығы бар оқушыларды анықтап, арнайы бағыттар бойынша түзету-дамыту жұмыстарын жүргізсе, ата-аналармен тұрақты байланыста болса, болашақта қоғамның әрбір азаматы осындай «қиын бала» қатарынан көрінбейтіндігіне сенімдіміз[5].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Қайырова Ж. Ауытқушы мінез-құлықтың шығу себептері мен факторлары /Қайырова Ж.// Қазақстан мектебі – 2006

2.Әбеуова И. Мінез-құлқында қиындық бар оқушыларды анықтау жолдары/Әбеуова И// Ұлағат – 2004Әлеуметтік психология

3. Кон И. С. Психология старшеклассника. - М., 1980.

4. Леонгард К. Акцентуированные личности. Киев, 1981.

5. Личко А.Е. Психопатии и акцентуации характера у подростков. Л., 1983.

ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ИНДИГЕНДІК ПСИХОЛОГИЯ РӨЛІ

Бакіржан Ж. Ғ.
«Педагогика және психология» мамандығының 4курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Тауекелова А.Е.

Тұлға - адамның қоғамдық санасы мен мінез-құлықты, адамзаттың қоғамдық - тарихи тәжірибесін меңгеруде қалыптасқан адамның әлеуметтік - психологиялық мәні. Тұлға қоғамдық қатынасты обьектісі мен жемісі ғана емес, сонымен бірге іс - әрекет, қатынас, сана, өзіндік сананың белсенді субьектісі. Тұлға болып туылмайды, ол әлеуметтік, мәдени даму нәтижесінде туындайды. Тұлға мақсатқа талпынушы ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе. Оның зейіні мен іс-әрекетінің обьектісі: сыртқы орта мен өзінің «Мендік» сезім болады. Осыған байланысты өзін -өзі реттеу, өзін-өзі ұстай білу, қабілеті мен қасиет көрсетеді. Тұлға болу дегеніміз - белсенді түрде өмірлік позицясы бар және ішкі қажеттілікке байланысты таңдау жасай білу, келген шешімінің зардабын бағалау және өзі қоғамның алдында жауап беру, үнемі өзін-өзі және өзгелерді құруға түрлі әдіс, тәсілдерді меңгеріп өз мінез құлқын реттеуші [1].

Индигендік психологияны У. Ким мен Дж. Берри сияқты психолог-ғалымдар «өзге елдерден тасымалданбайтын, жергілілікті халыққа арналған және сол халық үшін төлтума болып табылатын адам мінез – құлын ғылыми зерттеу» деп анықтайды. Индигендік психология адамдардың өздері туралы білімдері дағдылары және сенімдерін олардың табиғи жағдайында (контексінде) зерттеуге бағытталған. Жергілікті психологиялық құбылыстарға сай келетін теориялар, концепциялар және әдістер жасалынады [2].

Қай халықтың болмасын ұлт болып қалыптасуы үшін қажетті факторлар: оның құрамына енген адамдар тобының материалдық тұрмыс жағдайларының, аумағы мен экономикалық өмірінің, тілі мен мәдениетінің, әлеуметтік

психологиядағы сол ұлтқа тән кейбір этностық ерекшелігінің ортақтастығы болып табылады. Индигендік психологиялық құрылым мен ұлт мәдениеті арасында тығыз байланыс бар. Индигендік психологиялық ерекшелік ұлт мәдениетінің түрлерінен көрініс береді.

Индигендік психологиялық құрылым ерекшелігі адамдардың әлеуметтік қарым – қатынасынан, киім киюінен, спорттық ойын түрлерінен немесе ұлттық тұрмыстық салт – дәстүрлерінен, ұлттық тағам түрлерінен байқалады.

Психология ғылымында қалыптасу және даму тарихына қарайтын болсақ,оның бірнеше рет өз зерттеу пәнін өзгерткенін көреміз. Қазіргі таңда индигендік психологияны (Indigenous psychology) дамыту қолға алынуда.

Жұртшылыққа танымал индигендік (төлтума) психологияның орталықтары Мексика, Филиппин Республикасы, Оңтүстік Корея, Жапония мен Тайвань елдерінде жұмыс істеуде. Тарихи тұрғыда қарасақ, 1993 жылы У.Ким мен Дж. Берридің «Индигендік психология: мәдени контекстегі зерттеулер мен тәжірибелер» атты еңбегі жарық көрді. Бұған дейін индигендік психология салыстырмалы түрде белгісіз сала болып тұрған еді.

Қазақсанда индигендік психологияның дамуы үлкен қиындық көруде. Өйткені қазақтар әлі күнге дейін лингвистикалық және мәдени тұрғыда екі параллель әлемде өмір сүрудеміз. Индигендік психология әлі даму үстінде психологияның жас саласы болып табылады [3].

Қытайлықтар ұлы қытай қорғанын, итальяндықтар сазды әуенімен таң қалдырса, қазақ халқы ұлттық құндылықтар мен бай тілін мақтан етеді», - деген екен ұлы кемеңгер жазушы М.О.Әуезов. Бүгінгі жаһандану үрдісінде әр ұлт, әр мемлекет өзіндік менталитетін, өзіндік бет-бейнесін сақтап қалуға тырысуда. Бізді де осы үрдіске ежелден қалыптасқан ұлттық құндылықтарымыз бен білімді ұрпақ алып шығады. Сол себептен жас ұрпақты тәрбиелеуде басты ұстанар бағытымыз – ұлттық құндылықтар болуы қажет.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін , оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Оқушы бойына ұлттық құндылықтарды және жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерді қалыптастыру үшін ұлттық мәдениет, сал - дәстүр, халық тағылымдары және т.б. мәселелеріне тоқталып өткеніміз жөн. Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Жалпы адамзаттық құндылық қасиеттер ұлттық тәрбиемен ұлттық мәдениеттің дамуындағы қозғауышы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихы тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Халықтың тұрмыс

– тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық көзқарастарын біз халық педагогикасы дейміз. Халық педагогикасы – халық мәдени мұрасы. Халық педагогикасы сол халықтың (ұлттың) этностық ерекшеліктеріне байланысты дамып, қалыптасқан [4].

Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай былай дейді: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды».

Қазір әлемдік жаһандану үдерісі ерекше екпін алған шақ. Мұндай аумалы-төкпелі сындарлы кезеңде, ең бастысы, ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалуға тиіспіз. Ал ұлтжандылық, отансүйгіштік сияқты асыл қасиеттер адам бойына, сайып келгенде, этнопедагогика арқылы сіңетіні ақиқат. Ондай болса, ұлт болашағына алаңдап жүрген жандар айтпақшы «білім беру жүйесіне ұлттық инновацияны енгізуді» шынымен, мықтап қолға алу керек шығар.

Ұлттық инновация дегеніміз не өзі? Тарихқа үңілсек, біздің ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары тек қазақтың ғана емес, адамзат баласының мәдениеті мен өркениетін дамытып, рухани кемелденулерде әрі генератор әрі қоғамды ізгілендірудің реформаторы болуға әбден лайық екендігін аңғару қиын емес. Бұл артықшылығымыз эстафета іспетті бабаларымыздан біздерге генетикалық жолмен беріліп келеді. Ал ғасырлар бойы қалыптасқан рухани қазынамыз бен дүниетанымымызды өшіріп алмай, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу бізге аманат. Енді сол өзге тамсанған, әлі де қызыға қарайтын құндылықтарымыздың негізін алып, қазіргі дамыған философия, психология және педагогика ғылымының жетістіктерімен толықтырсақ, нәтижесінде сөз болып отырғандай оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін алады екенбіз.

Ең басты айтарым, қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге-жерге деген құрмет жатыр емес пе? Міне, біздің жастарда дәл осы қасиет жетпей жатыр. Оқу процесі кезінде де сөз жоқ, ұлттық инновацияның маңызы зор. Қысқасы, ұлағатты ұрпақ өсіруде осы ұлттық инновациялық әдіс-тәсілдер таптырмайтын құрал бола алатындығына ешкім дау айтпаса керек [5].

Нағыз ұстаз аталған Жүсіп Баласағұни адам мәдениетінің негізгі екі тегі бар: бірі – тіл, бірі – діл деп көрсетіп, тіл мәдениетінің мәні зор екенін, егер ол мәдениетті игере алмасаңыз «басқа пәле – тілден» деп көрсетеді.Отбасындағы мәдениет ата-ананы сыйлаудан басталатынын дәлелдейді. Елді мәдени кемелденту үшін ұлттық білім беру жұмысының мемлекеттік дәрежеде жүргізілуі қажет екенін айтады.

Қазақ халқының ұлы педагогы Ыбырай Алтынсарин ұлттық мәдениетті дамытудың негізгі құралы – оқу, мектеп ашу (елге білім беру) деп, ауылдық,болыстық мектептер ашып, қыздар училищелерін, мұғалімдер семинарияларын ұйымдастырды.

Абай дана «ғылым таппай, баптанба, өнер таппай мақтанба» деп, ұлттық мәдениетті дамытудың түп негізі – білімде, өнерде деп көрсетті. Ол үшін

«өткірдің жүзі, кестенің бізі» сала алмаған өрнекті сөзбен өрнектейтін ана тілін қадірлеу қажет екенін айтып, бес нәрседен қашық болуды, бес нәрсеге асық болуды уағыздайды [6].

Ал бүгінгі мақсат-мұрат белгілі. Ол — білімі білікті, дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі жоғары, парасатты, мәдениетті, еңбеккер, іскер, сондай-ақ бойында басқа да игі қасиеттері қалыптасқан адамзатты оқытып тәрбиелеу.

Пайдаланғын әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9, VIII том
2. Uichol Kim & John Berry (eds.), Indigenous psychologies: Research and experience in cultural context. Thousand Oaks, CA: Sage Publications, 1993.
3. С.Қалиев, Ж.Молдабеков, Б.Иманбекова "Этнопедагогика" оқулық 2 - басылым «Фолиант» баспасы Астана - 2010
4. С.Әбішқызы, Ж.Сарманов. «Ұлттық тәрбие – құндылығы мол дүние». 2008 ж.
5. М.С.Керімбаева. «Ұлттық мәдениетті қалыптастырудағы мектептің қызметі». Астана, 2008 ж.
6. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ХАЛЫҚ ОЙЫНДАРЫНАН СПОРТТЫҚ ДЕҢГЕЙГЕ ДЕЙІН ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Балғабек Е. Ә.
«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының
4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Құлтанов Д.

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру - қазіргі міндеттердің бірі. Оқушыда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байланысты бағдарлама халқымызға тән әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік, т.б. сияқты қасиеттер, табиғатқа деген қарым-қатынасындағы біздің халыққа тән ерекшеліктер. Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды сабақта қолдану оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы[1].

Бірақ оны жүргізуге арналған нақты әдістемелік құралдар жоқтың қасы. Зерттеу жұмысында орыс тілінде жазылған әдебиеттер қолданылды. Соның нәтижесінде қазіргі таңда тақырыптың өзектілігі туындап отыр. Халық педагогикасының адам, отбасы, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, орныққан пікірлерін, ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық идеялар мен салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді. Ол тарихи даму барысындағы әлеуметтік мәні бар ақпаратта (білім, білік) т.б. жиналып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Ең алдымен, халық педагогикасы өскелең ұрпақтың еңбек пен өмір сүру бейнесінің негізі болып, оларды келешектегі қызметіне дайындайды. Біздің халықтық педлагогикада еңбек тәрбиесі өте ертеден бастау алады. Ертеден келе жатқан еңбек тәрбиесінің әдіс-тәсілдер құралы, сөз жоқ, еңбек болып табылады. Еңбек адамның қалыптасуы мен тәрбиеленуінде бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өмірлік тәжірибе береді және халықтың даму барысында шешуші роль атқарады. Еңбек ету кезінде адамның дене, ақыл-ой, эстетикалық дамуы мен еңбек тәрбиесі қатар жүреді. Халықтық педагогиканың ең бір көне тиімді құралдарының біріне ойын жатады. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Сөйтіп, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасымен қабілеттерін арттырады[2].

Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», - дейді. Демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы баии түседі. Халықтың қалыптасуын айқындайтын оның ділі, тілі және этикалық тарихи айнасының жалғасы ұрпақтан-ұарпаққа мұрагерлік мирас жолымен жететін оның сан салалы мәдениеті.

Қазақстан егемен мемлекет ретінде қалыптасып, бүкілдүниежүзілік саяси аренадағы орны айқындалып жатқан сәтте, қазақстандық әр жеке адамның әлеуметтік дамуы мен ұлттық санасының өсуіне, денсаулығын сақтау мәселесіне терең ден қойылуда.

Осы орайда жүзеге асырылып жатқан жұмыстарға бағыт-бағдар беретін негізгі құжаттарға Қазақстан Республикасының Конституциясы

«Қазақстан–2030» Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы

Білім беру туралы Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы болып табылады [3]

1999 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт заңында «Дене тәрбиесі дені сау, дене бітімі және рухани жағынан жетілген, моралдік жағынан табанды жеткіншек ұрпақты қалыптастыруға,

адамның денсаулығын нығайтуға, жұмыс қабілетін арттыруға, шығармашылық ғұмырлығы мен өмірін ұзартуға бағытталған педагогикалық процесс» екендігін атап көрсетеді [4].

Бүгінгі таңда елімізде жүріп жатқан жаңарту процесі ұлттық спорт өнерін және ондағы рухани құндылықтарды қазіргі тәрбие ісіне кеңінен пайдалануға қолайлы жағдайлар туғызып отыр. Әсіресе ұлттық күрес өнерін қайта жаңаруына байланысты бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне қажеттілігі нақты сезілуде. Оның өзі ұлттық спорттағы күрес түрін жаңа айқындамалармен толықтыра түсетін асақүрделі педагогикалық проблема болып табылады.

Мұндай проблема жасөспірімдердің алдында дене тәрбиесіне спорттық күрестің ұлттық түрлерін пайдалануға, жалпы адамгершілік құндылықтарды бойына сіңірген, рухани дүниесі бай, жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу міндетін қойып отыр. Елімізде дене тәрбиесі мен спорт бағыттарында Қ.І. Адамбеков, А.О.Аяшев, Б.У.Алимханов, Қ.А.Құланов, Ж.Божиг сынды ғалымдар өз еңбектерінің негіздері ретінде жасөспірімдердің дене тәрбиесі дайындығын дамытуға арнаған.

Қазақтың ұлттық ойындарының жастарға тигізетін тәрбиелік мәні зор және дене тәрбиесінің баға жетпес құрамы. Ұлттық ойындар тек ойын сауық жағынан ғана емес, ол – спорт, ол – өмір сүру үшін тәрбие құрамы, сонымен қоса ұлттық ойындар ерлікті,ептілікті, тапқырлықты, табандылықты тағы басқа мінез ерекшеліктерін қалыптастырады. Дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындар бала денесін шынықтырып, рухани жағынан ой-өрісін кеңейтеді. Ұлттық ойындарды пайдаланумен студенттердің денсаулығын жақсарту жолында қан айналымын, тыныс органын, зат алмасу процесін және жүйке жүйелері жұмысын нығайтуда маңызы зор. Қазақтың ұлттық ойындары дененің шыныңуына, тұлғаның дұрыс қалыптасуына ықпал етеді. «Бала жасынан ойнаған ойындарының әсерінен болашақ жұмысшы ғана тәрбиеленіп қоймай, мүсінді, дені сау, қоғамның қиындығына төзімді азамат шығады» - деп атақты педагог А.С. Макаренко айтқандай, дене қозғалыстарын жүйелі қалыптастыру, Отанның болашақ азаматтарын жан-жақты тәрбиелеуге әсерін тигізеді

Ұлттық ойындар жіктемелері педагогикалық процесті ұйымдастыру формаларының бірі болып табылады. Ұлттық ойындар педагогиканың дәстүрлі әдістері болып саналады. Көркемдік-эстетикалық және дене тәрбиесінің бөлінбейтін бір бөлігі саналатын ұлттық ойындарда адам өмірінің бейнесі, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, еңбегі, халықтық намыс, ерлік, батылдық туралы көзқарастары жатыр.Ұлттық ойындарда жылдамдық, шеберлік, әдемі әсем қимылдар, шығармашылық ойлау қабілеттері көрініс тапқан. Өз өміріміздің серігі болғандықтан, ұлттық ойындар іс-әрекеттерінен үлгі-өнеге үйреніп, өзінше ой түйініп, патриоттық сана қалыптасады [5].

Ұлттық ойындардың тәрбиелік мүмкіндіктері жасөспірімдердің патриоттық сезімдеріне игі әсерін тигізеді

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамыз.

2. Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан–2030» Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы // - Алматы: Білім, 2001.
3. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы. (2007).
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. // ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген.
5. Қазақстан Республикасының Дене шынықтыру және спорт туралы заңы. 1999 жылы 2 желтоқсан №490-I

МӘҢГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫНЫҢ БҮГІНІ МЕН ЕРТЕҢІ

Бекетова А.Б.
«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Темирханова Қ.М.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына арналған дәстүрлі Жолдауын жариялады. Жалпы тәуелсіздігіне жиырма жылдан астам уақыт болған ел егемендігінің тарихына үңілсек, мемлекетіміздің алуан бағыттағы тыныс-тіршілігінің дамуына бірден-бір ықпал еткен фактор - бұл Елбасымыздың халыққа арнаған Жолдауы екендігіне көз жеткізер едік.

Елбасының «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы бойынша Президенттің жалпыұлттық идеясы - болашақ табыстардың негізі екені баса айтылды.Ал ең бастысы - еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жарияланды. «Мәңгілік ел» идеясы - елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін тұғырлы идея. Осының барлығы дамыған 30 елдің қатарына кіруімізге жаңа серпін беретіні сөзсіз.

Елбасы Жолдауында білім саласы қызметкерлерінің алдына үлкен міндеттер қойды.«Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. 2020 жылға қарай Қазақстандағы 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамту жоспарлануда. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар мен оқыту әдістемелерін, білікті мамандар ұсыну маңызды. Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс», деп атап көрсетті.

Елбасы жолдауында еліміздің экономикасын, шағын бизнесті, әлеуметтік саланы дамыту, Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру, ұлттық білім берудің сапасын жақсарту, инфроқұрылымдық үш тағанның қарқынды дамуы бұдан өзге де маңызды мәселелер сөз етілді.

«Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, оны ұстап тұру әлдеқайда қиын. Бұл - әлем кеңістігіндегі ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің

тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел біздің өз қолымызда. Ол үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек».Елбасы Жолдауында айтылған осы бір сөздер әрбір саналы азаматтың жанын тербері сөзсіз. Ел мен тіл егіз ұғым. Мәңгілік сөзі бабалардан мирас болып кел жатқан мәңгі өлмейтін асыл қазынамыздың бірі - ана тілімен де тығыз байланысты. Олай болса, мәңгілік елдің онымен қатар жасап, бірге дамитын мәңгілік тілі болуы да шарт. Ол- мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру елімізде табандылықпен жалғасып келеді. Мемлекеттік тілді дамытуға жыл сайын миллиондаған қаржы бөлінеді. Елбасы өз Жолдауында мемлекеттік тіл саласында жеткен жетістіктерімізге тоқтала келіп, енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн деп ой түйді. Олай болса, ана тілімізді- мәңгілік тіл ету өз қолымызда.

Қорыта келе қазақта ежелден жерін жаудан, елін езгіден, қызын күндіктен, ұлын құлдықтан қорғаған батырлары көп болған. Сонау заманда Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сынды батыр бабаларымыздан басталатын ерлік істер кешегі Желтоқсан оқиғасына дейін жалғасты. Олардың күрес жолдары мен ерен ерліктерінің бәрі Тәуелсіздік, ел, жер үшін болды. Осы жолда көптеген ер азаматтар тер төгіп, өз жандарын құрбан етті.

Аналарымыз жесір, сәбилеріміз жетім қалып, ақ жүздерін қайғы жасы жуып, ащы зары мен мұңы дүниені күңірентті. Күрес жолында халқымыздың басынан өткерген небір қиындықтар мен қасіреттер, ерлеріміздің ерлігі тарихқа жазылып, халық есінде мәңгілік сақталып қалды.

Туады ерлер ел үшін,
Өлмейді ісі мәңгілік.
Өшпейді абзал есімдер,

Ұрпаққа жетіп мәңгілік, - деп ақын ағамыз Жұбан Молдағалиев жырлағандай, батыр ағалары-мыздың есімдері, ерліктері жас ұрпақ санасында мәңгілік сақталатынына сенемін.

Қазіргі таңда біз, Тәуелсіз елдің жас өрендері үлкен күрес жолымен келген Тәуелсіздігімізді, елдігімізді көзіміздің қарашығындай сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін өнегелі тәрбие, терең білім алып, аянбай еңбектенуіміз қажет.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жеткен жетістіктеріміз бен табыстарымыз ұшан-теңіз. Әлем жұрты мойындаған іргелі ел болдық. Мұның бәрі Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен халқымыздың қажырлы еңбегінің арқасы. Біз осының бәрін қадір тұтып, қастерлеуіміз қажет.

Біз - бақытты ұрпақпыз. Осы бақытымызды, шаттық күндерімізді бағалай, құрметтей білейік!

Алдыға қойған ұлы мақсаттары бар, ертеңіне сеніммен қарайтын, жастары алғыр, жаңалыққа жаны құштар, рухы биік ел ғана мәңгілік ел болып ғасырлар бойы жасайды. Олай болса Елбасы салған сара жолдан таймайық, елдігіміз бен туған тіліміз мәңгілік жасай берсін! Тәуелсіз Қазақстан мәңгі жасасын! Еліміз гүлдене, көркейе берсін!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Қазақстан Республикасы Президенті Қазақстан Халқына Жолдауынан. 17 қаңтар 2014 жыл / Егемен Қзақстан 1 – 3 бет.
2. Мұхамедов М.Б., Сырымбетұлы Б. Тәуелсіздіктің он сегіз асуы: құлдыраудан, өрлеуге дейін.
3. Қазақстан табысқа жету тарихы әлемдік қоғамдастық көзімен. Алматы «Таймас» баспа үйі. 23-26 бет.
4. Қазақстан ел бірлігі доктринасы – ұлттық саясат саласындағы жаңа стратегиялық құжат.

«E-LEARNING» ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҚСАТЫ.

Бекқожа А. Қ.
«Шетел тілдері: екі шет тілі» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Оскина М. С.

XXI ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр.

Еліміздің даму жолындағы жаңа белесі «E-learning» электронды оқыту жүйесін Қазақстан Республикасы мектептеріне енгізу. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында электрондық оқытудың мақсаты: Білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына тең қол жеткізуді қамтамасыз ету [1]. Ауыл және қала мектептеріндегі білім деңгейлерін теңестіру, ойлау қабілеті жоғары және технологиялық сауатты оқушыны дайындау.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді шешу қажет:

-қойылған мақсатқа қол жеткізу- сыртқы ортаның ақпараттық кірігуін, білімді басқару тиімділігін, білім сапасын көтеру;

-қажетті нормативтік негізді жасау.

Электронды оқытуды енгізу бірқатар нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етеді.

Дамыған елдерде кең тараған «E-learning» электронды оқыту жүйесін меңгере бастадық. Оның құқықтық және методологиялық базасы қалыптасуда. 44 білім беру ұйымында «E-learning» пилоттық жобасы басталды. 2012 жылдан

олардың санын 537-ге жеткізіп, жылдамдығы жоғары (секундына 4-тен 10 Мбитк) Интернетпен қамтамасыз етіледі деп жоспарланған.

Өзекті міндеттердің бірі – білім саласы дамыған елдердің (Оңтүстік Корея, АҚШ, Ұлыбритания, Малайзия, Канада, Австралия және т,б) тәжірибесіне сүйеніп «E-learning» жүйесін және оқу ресурстарының контентін Қазақстан жағдайына бейімдеп, дамыту.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыруда педагог мәртебесін арттыруға ерекше көңіл бөлуде. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халыққа Жолдауында педагогтар құрамының сапасын арттыруға ерекше көңіл бөле отырып, «Базалық педагогикалық білімнің стандартын, оқытушылардың біліктілігіне қойылатын талаптарды күшейту қажет»,- деп атап өтті. Сондықтан жаңа модельге педагогикалық мамандықтарға абитуриенттерді қосымша іріктеу, жоғары оқу орындарында мұғалімдерді даярлау стандарттарын қайта қарау, бітірушілерді сертификаттау, біліктілікті арттыру жүйесі сияқты элементтер енуі тиіс– деді ҚР Білім және ғылым министрі Б.Жұмағұлов ҚР Білім және ғылым министрлігінің кеңейтілген алқа отырысындағы сөйлеген сөзінде.

ҚР премьер-министрінің ресми сайтының хабарлауынша, Білім және ғылым министрлігі электрондық оқытуды енгізу бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Электрондық оқыту үдерісінің оқушыларды дайындау сапасына қатысты әлемдік тәжірибесі зерттеліп, 2011 жылдан бастап Қарағанды облысында, Алматы және Астана қалаларында 44 білім ошағында осы жоба қолға алынды. Ағымдағы жылы осы жүйеге 537 мектепті қосу, ал 2013 жылы - 900 мектепті қосу жоспарланған.

Шенеуніктің айтуынша, 2015 жылға қарай білім ошақтарының тең жартысы, ал 2020 жылға дейін -90% жуығы "E-learning" жүйесіне қосылатын болады. "E-learning" жүйесі енгізілгеннен кейін, оқу процесін басқару ауысады. Сандық білім ресурстарын қолдану оқушылардың сабақ процесіне, бағдарламаны игеруге деген ықыластарын арттырып, соның арқасында білімнің сапасы да арта түспек.

Негізгі міндеттер:

-Білімді басқару жүйесін автоматтандыру;

- Білім беру үрдісін технологияландыру ;

-Отандық цифрлық білім ресурстарының индустриясын құру үшін жағдай жасау.

Жасалынған жұмыс түрлеріне тоқтала кетсек, курс өткізу үшін келесі нұсқаулар дайындалған:

-курстың оқу-тақырыптық жоспары;

-курс өткізу үшін таратпа материалдар.

Курс мазмұны нормативтік-құқықтық, мазмұндық және технологиялық модульдерден тұрады. Нормативтік-құқықтық модульде мынадай тақырыптар қарастырылған:

- Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жолдары;

-Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына жолдауындағы басым бағыттар 2010-2015 жылдарға арналған электрондық оқыту жүйесінің тұжырымдамасы.

Мазмұндық модульде:

-Білім беруді модернизациялау факторы ретінде мектептің ақпараттық білім ортасын құру;

-«Оқытуды басқару жүйесі (LMS)» ішкі жүйесінің қызметтеріне қойылатын талаптар;

-Электрондық оқыту (e-learning) жүйесін енгізу бойынша эксперимент жүргізу әдістемесі;

-Электрондық басқару міндеттерін жүзеге асырудың шарты – психологиялық-мониторингтік жүйе ;

-Оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық және интерактивтік технологиялар - тұлғаның ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығын қалыптастыру негізі;

Электрондық оқыту жүйесін қолданушылардың өзара байланыстарын қамтамасыз етуде «Менің сабақтарым», «Менің бағдарламам», «Сандық білім ресурстары» модульдерін енгізу технологиясы қолданылады.

Электрондық портфолио - пән мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығын қалыптастыру құралы болуы керек.

2012 жылы электронды оқыту жүйесінде жұмыс жасау үшін кадрларды даярлау бөлігінде жоғары, техникалық және кәсіптік білім берудің МЖМБС-на, электронды оқыту жүйесін міндетті пайдалану бөлігінде орта білім берудің МЖМБС-на өзгерістер енгізілген.

Электронды оқыту жүйесінде қолданылатын, электронды оқулықтарды және оқу-әдістемелік кешендерді жасауға арналған талаптар, жүйені қолданушылардың жеке және ұжымдық жұмыстарының регламенті, техникалық регламенті (электронды оқытудың жүйесін алып жүру және қолдану) әзірленеді және бекітіледі.

Педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі – АКТ) – құзыреттілігін қамтамасыз ету үшін ұйымдастырушылық қамтамасыз ету, электронды оқыту жүйесін пайдаланушыларды даярлау мен біліктілігін арттыру қажет [2].

Оқу процесіне автоматтандыруды енгізу үшін әрбір білім беру ұйымы қажетті жабдықтармен жарақтандырылатын болады: компьютердің жаңа түрлері, КЖҚ-ға қол жеткізу және т.б.

Әкімшілік, оқу ісі жөніндегі меңгеруші, мұғалім, оқушы, медициналық қызметкер, кітапханашы үшін функционалдар әзірленуде.

Оқушы автоматтандырылған жүйеде жеке портфолиосын, күнтізбесін, күнделігін алып жүреді. Мұғалім күнтізбелік-тақырыптық жоспары бар электронды дәптерді, сынып журналын, хабарландыру сервистерін (алда болатын жоспарлы және жоспардан тыс жиналыстар мен кездесулер туралы оқушылардың ата-аналарына e-mail немесе sms хабарламалар, есептілік және

т.б. жіберу) толтыратын болады. Оқытушылық жүктемені, сабақ кестесін, үлгерім мониторингі мен оқушылардың сабаққа келуін, педагог қызметін, есептілікті және т.б. оқу ісі жөніндегі меңгеруші жүзеге асырады. Жүйе әкімшісі локальды және ғаламдық есептеу желісін, телефон жүйесі немесе дауыс поштасы жүйесін қоса алғанда, көп қолданылатын компьютерлік жүйенің жұмыс істеп тұруына жауапты болады.

Оқу процесін автоматтандыру кезең-кезеңімен енгізіледі:

Бірінші кезең – 2011 - 2015 жылдар;

Екінші кезең – 2016 - 2020 жылдар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан мектептерінде ағылшын тілін үйрету журналы – Алматы.
2. «Мектептегі шетел тілі» әдістемелік журналы.

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДА ДАМЫТА ОҚЫТУ

Болысбек А. К.
«Шетел тілдері: екі шет тілі» мамандығының 4курс студенті.
Ғылыми жетекшісі: Оскина М. С.

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес елдегі беделді тілдің бірі – халықаралық қатынастағы ағылшын тілі болып саналады. Ағылшын тілі – XXI ғасырдың тілі. Ағылшын тілі дүние жүзіне кең тараған тіл. Ағылшын тілі халықаралық қатынаста қолданылатын ортақ тіл, бүгінгі таңда алыс-жақын шетелге шығушылар, шетелде оқушылар, білім жетілдірушілер , қызметкерлер үшін тіл үлкен маңызға ие болып оты [1]. Қазіргі кезде мектеп оқушылары ағылшын тілінде еркін сөйлеуді мақсат етеді, олар өзінің болашақ оқуы мен қызметіне кажет екенін түсінеді.

Ағылшын тілін оқытудың мақсаты: оқушыларды әр түрлі соңғы әдістемелер арқылы еркін де сенімді сөйлеуге үйрету, коммуникативті тәсіл арқылы алған білімін өз ортасында, қоғамдық орында қолдануға дағдылану, білім деңгейін дамыту, ағылшын және қазақ елдері туралы ауқымды мағлұмат беру, таныстыру.

Ағылшын тілін оқытудың міндеттері:

- Оқушының бойына тілдерге деген қызығушылығын, оны үйренуге құштарлығын сіңіру;
- Жеке тұлғанаң заман талабына сай өірге икемделуіне бағыттау және оның басқа елдің тілін, мәдениетін, тарихын және әдет – ғұрпын танып білуіне ықпал ету;
- Оқушының сезімтал, шығармашыл, әлеуметтік, танымдық және тілдік қабілеттерінің дамуына жағдай жасай отырып, оның жалпы дамуына едәуір үлес қосу;

- Жоғары сынып оқушыларын шетелдік құрдастар әлемімен, әндермен, оқулық және әдебиет кейіпкерлерімен таныстыра отырып, тілді тез меңгеруге және өздерін еркін сезінуге көмек тигізу.

Оқыту барысында тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу дағдылары біртіндеп дамиды. Тыңдауға үйрету мүмкіндігінше барлық сабақтарда жүреді, оқушы мұғалімнің, достарының айтқанын тыңдап түсіне алады. Сөйлеу көбіне жұптық, топтық жұмыстар кезінде іске асады.

Ағылшын тілін оқытуда оқушылардың қызығушылығын ояту – басты мәселе. Шетел тілін меңгеруде көп қиыншылықтар кездеседі. Бұл қиыншылықтарды жеңу үшін пәнге деген ынтасын әуестігін арттыру керек. Олай болса, оқушыны ағылшын пәніне қызуғушылығын тудырып дамытуды және жемістің нәтижесін көруді мақсат тұтқан әрбір мұғалім жолдауға жедел үн қосу керек деп білемін, Шетел тілін үйрету қиын да, қызықты жұмыс. Қазіргі кезде ұстаздарға қойылып отырған талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып сапалы терең білім беру, оқушылардың ойлау, есте сақтау көру қабілеттерін жетілдіру. Мектептерде жаңа технологиялар арқылы оқыту шет тілін үйренудің сапасы мен маңызын арттырады. Шет тілін оқыту процесінде тілді дұрыс үйрету ауызша сөйлеу сауатты жазу, мәнерлеп оқыту өте маңызды. Қазіргі кезеңде мектептерде ағылшын тілін оқыту дұрыс жолға қойылған. Оқушылардың ағылшын тілін біліп ғана қоймай, оның тарихын, ұлттық мәдениетін білуге көп көңіл бөлінеді. Шетел тілін оқытудағы білімділік мақсаты – шетел тілінде сөйлеуді үйрету, айланыста бола алу мен ортақ тіл табысып, қарым – қатынасты нығайтуға ұмтылу болса, тәрбиеләк мақсаты – өзге адамдарды тыңдау мәдениетін қалыптастыру негізінде өз пікірін айта алу және қорғауға үйрету [2].

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

1. Сабақта кең көлемде көрнекті құралдарды пайдалану;
2. Сабақты түрлендіріп өткізу;
3. Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;
4. Техникалық құралдарды тиімді қолдану;

Жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру. Дарынды оқушылармен жұмыс жүргізуге арналған тиімді тәсілдерді пайдалану.

Дамушы аспект шет тілін оқытуда өз ойынды жеткізудің әдіс- тәсілдерін қолдана алудың қажеттілігін, яғни адамдардың сөздерді қалай айта алуын, пәндерді номиналдауын, қолданушы сөздерді, ана тілін шет тілімен салыстыру және теңестіру, тілді сезіне білуін, тілдік шешімдерді, оның барлық түрдегі ерекшеліктерін есте сақтауды, логиканы (сараптау, синтездеу, теңестіру, ақылды шешім табу), сенсорлық қабылдауды, мотивтік ортаны дамыту, мінез, еңбек сүюшілік, ерік, мақсаттылық, белсенділік, оқи ала білу арқылы тілдесе білуді, дамытуды қамтамасыз етеді. Қазіргі кезде үзіліссіз тілді оқыту жүйесін жаңартудың қажеттілігі жөнінде көп айтылады. Мектеп және жоғары оқу орындарында оқытудың жаңа тұжырымдамалары жасалуда, мамандарды

дайындауда тілді оқытудың жаңа үлгілері пайда болуда, сонымен қатар оқытушы кадрларды дайындау және қайта дайындау саласында да, жеке тұлғаның қалыптасуында да осы сияқты өзгерістер шет тілін оқыту мақсатын түсінуге қатысы бар [3].

Қорыта келе, білімнің өзі, нақты шеберлік пен дағдыдан және оқу орнынан тыс жерлерде адамның білімді де шынайы іскер дайындықта болуын шеше алмайды. Кейінгі уақыттарда білім алудын мақсаты тек білім мен біліктілік қана емес, сонымен қатар жастардың қоғамда ары қарай дамуына өте қажетті адами қасиеттерін, сөйлеу дағдыларының қайнар көздерін анықтау сияқты келелі мәселелер күн тәртібінде кеңінен қойылуда. Ағылшын тілін оқушыларға жоғары деңгейде игерту үшін, мұғалім әрбір сабақта жүйелі түрде оз дәрежесінде, түрлі әдіс – тәсілдерді, ойындарды қолдану арқылы өткізсе ғана үлкен жетістіктерге жете алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі
1. Қазақстан мектептерінде ағылшын тілін үйрету журналы – Алматы.
2. «Мектептегі шетел тілі» әдістемелік журналы.
3. Хабаршы 2009 жыл.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҚ КЕЗІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ КӨЗҚАРАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғазез А.
«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Құлтанов Д.

Оқушылардың физикалық дайындығының деңгейі, дене сапаларының дайындығымен тығыз байланыста.

Дене сапалары деп адамның белсенді қозғалыстарды орындауға деген биологиялық және психикалық қасиеттерінің әлеуметтік біріктіруін атайды немесе адамның денесінде, санасында белгілі бір деңгейде сақтала тұрып, ол қозғалып әрекет жасағанда пайда болатын қасиеттерді айтады.

Олардың барлығы қимыл жасаған кезде, сол қозғалыстың құрылымына байланысты көрініп, байқалады.

Қозғалыстың міндеттерін шешу үшін қолданылатын қимылдарды, әр адам әр түрлі жасайды. Қимылдарды әр түрлі жасау, оқушылардың жеке бастарының ерекшеліктеріне және дене қасиеттерінің деңгейіне байланысты болады.

Дене тәрбиесінің теориясында келесі дене сапалары болады: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік және икемділік.

Дене жаттығулары жоғарыда айтылған күш, жылдамдық, ептілік, икемділік және төзімділікті дамытуға бағытталуы керек. Оқушылардың ағзаларының қызметтері дұрыс болу үшін, дене сапаларының бәрін, бірдей дамыту керек, өйткені дене сапаларының әрқайсысы денсаулықтың деңгейіне

әсер ететіні айдан анық. Берілген жаттығулардың қарқыны мен мөлшері шұғылданушылардың жасына, жынысына, және денсаулықтарына сай қолданылуы керек. Олар, оқушылардың ағзаларының функционалдық мүмкіншіліктерінен аспауы және өз параметрлері бойынша гиподинамияның алдын алатындай болуы керек. Осындай талаптар, оқушылардың физикалық дайындықтарының көрсеткіштерін жоғарылатуға және оқу бағдарламасының нормативтерін орындауға көмектеседі.

Оқушылардың дене сапалары түрлі уақытта және біркелкі қалыптаспайтыны белгілі және түрлі жас кезеңдерінде олар әр түрлі (А.А. Гужаловский, 1977, 1979, 1988; В.П. Филин, 1987, 1993; Ю.В. Верхошанский, 1988; А.А. Кудинов, 1994; Л.М. Прогонюк, 2000) [1].

Мектеп жасындағы балалардың биологиялық жетілуінің түрлі қарқында болуы дене тәрбиесі процессінде, оларды өзарасында теңсіз жағдайға қояды.

Қозғалыс функцияларының дамуы кезінде гетерохрондық жақсы байқалады. 7 жастан 16 жасқа дейін бұлшықеттің күші 260% өседі. Дене жаттығуларымен үзбей шұғылдану дене сапаларының дамуын үдеткенмен, олардың өсуі, түрлі жас кезеңдерінде бірдей болмайды.

Күш – адамның, сыртқы қарсыласуды жеңіп шығуы немесе, бұлшықетті жұмылдыру арқылы қарсы тұра алу қабілеттілігі.

Күш салыстырмалы және абсолюттік деп екіге бөлінеді.

Абсолюттік күш деп адамның салмағын есепке алмағандағы қолданылған максималды күшті айтады.

Салыстырылмалы күш деп абсолюттік күштің, адамның әр килограмм салмағына келетін күшті айтады.

Күш сапасын дамытуға ыңғайлы кезең 9-10 және 14-17 жас. Күшті талап ететін жаттығулармен ерте жастан шұғылдану тұлғаны өзгертуге соғуы ықтимал, өйткені осы кезең баланың скелетінің қалыптасу кезі болып саналады. Бұлшық еттің күші, бұлшықеттің талшықтарына (жылдам және баяу талшықтар) байланысты болады. Егер бұлшықеттерде жылдам талшықтар көп болса, онда адам жылдамдық – күшті қажет ететін қимылдарды орындауға, ал егер баяу талшықтар басым болса ұзақ уақыт жасалатын жаттығуларды орындай алады.

Күш, бұлшықеттердің жұмысын басқара алу және сүйек пен бұлшықеттің ұлпаларының өсуіне байланысты [2].

Көптеген авторлар А.А. Маркосян, В.П. Филин, Л.П. Додонова, Н.Ю. Соколик, жас өскен сайын бұлшықеттің күші табиғи түрде өседі деген ұғымда. Жыныстық жетілу кезеңінде дененің үдемелі дамуы, бұлшықеттің күшінің жақсы көрсеткіштерге жетуіне себеп болады. Кейбір авторлардың зерттеу жұмыстарында 12-13 жастағы балалардың иықтарының және қолдың басының бүгу және жазу бұлшықеттерінің күшінің 8-9 жастағыларға қарағанда әжептәуір мықты болатыны аталып өтеді. 12-13 жастағы балалардың әр килограммына шаққандағы күштерінің қарқынды дамитынын А.В. Коробкованың, ғылыми жұмыстары да қостайды.

Бұлшықеттің күшінің әр жаста өзгеріп отыруы туралы, авторлар түрлі мәліметтер келтіреді. В.П. Филиннің айтуы бойынша 10-14 жаста абсолюттік күш жақсы дамып, 15-16 жас шамасында оның дамуы төмендеп, 17 жаста тағы да дамитын көрінеді. Абсолюттік күш пен салыстырылмалы күштің даму кезеңдері сәйкес келмейді. Балалар мен жасөспірімдердің бұлшықеттерінің күшін дамыту жөніндегі мамандардың ойлары әр түрлі. Мысалы М.Я. Набатникова, С.М. Ахметов, Н.Р. Дороховтардың ойларынша күшті дамытуды бала жастан бастаған дұрыс деп санаса, басқа мамандар Э.С. Вильчковский, Л.В. Лушина, оқушылардың күш сапаларын дамытудың қажеттілігіне күмәнданады. Бұлшықеттің күшінің дамуы, алдыменен балалар мен жасөспірімдердің моторикасын жанжақты жетілдіруге қажет. 6-8 және 11-12 жас аралығында бұлшықеттің күші 30-60 %-ға өседі. Жасқа байланысты үлкен бұлшықет топтарының күштерінің даму қарқыны біқалыпты емес .

Ұлдардың күштерінің дамуы 11-12 жастар шамасына сай келеді. Осы кезеңде, балалардың оңақай немесе солақайлығына сай, күші басым болады.

Бұлшықеттің күшінің абсолюттік көрсеткіштерінің дамуы, бұлшықеттің массасының дамуына байланысты болады. Көлденеңдік бұлшықет үлкен болса, күш де көбірек болатыны анық. Жасөспірім шақта бұлшықет массасы және көлденеңдік бұлшықеттер жақсы дамиды [3].

Ептілік деп оқушылардың күрделі координациялы қимылдарды тез игеріп, өз әрекеттерін түрлі жағдайларға байланысты қолдана алуларын айтады.

Ептілікті дамытудағы басты амалдарға жаңа, бұрын қолданылмаған жаттығуларды жасау жатады. Игерілген қимылдарды қайталау ептілікті дамыта алмайды. Ептілікті тәрбиелеу үшін, мұғалім әр сабақта әдеттегідей емес бастау қалыптарын, үйренген жаттығуларды теріс жаққа жасау, басқа қолмен жасау, жылдамдығы мен қарқынын өзгертіп, түрлі комбинацияларды құрастыруларды, ойындарды, кеңінен қолдануы қажет.

Ептілікті тәрбиелеуге арналған жаттығуларды сабақтың басында орындаған жөн, өйткені шаршау фонында ептілік дамымайды. Ептіліктің өте жақсы дамитын кезі мектеп жасына дейін және бастауыш сынып кезіндегі кезең болып саналады. Осы уақытты бос өткізіп алған жағдайда, мектеп бітіргеннен соң ептілікті дамыту мүмкін еместігін есте сақтау керек.

Жылдамдық дегеніміз – адамның белгілі бір уақыт аралығында кеңістікте жылдам қозғалған әрекеті.

Жылдамдық үш түрде пайда болады:

1 Қарапайым және күрделі қозғалыс әрекеті жылдамдығы.

2. Жалғыз қимыл жылдамдығы.

3 Қимыл жиілігі.

Дене шынықтыру сабағында түрлі амалдар мен әдістерді қолдана отыра 11-12 жастағы балалардың қозғалыс сапаларын комплексте дамыту мүмкіншілігін зерттеген кейбір авторлар оқушылардың дене сапаларын дамыту үшін, әр баламен дифференциалды шұғылдану керектігін ұсынады.

Тұжырымдай келе оқушылардың дене сапаларын дамыту, олардың ағзаларының морфофункционалдық, жас пен жыныстық мүмкіншіліктеріне

және жеке бастарының ерекшеліктеріне сай кешенді түрде жүргізілетін бағытталған педагогикалық үдіріс болуы керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:
1. Сапарбаев М.Б. Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдеріне үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің теориясы мен практикасы. п.ғ.д. дисс. автореферaты. Алматы, 1993, 318 б.
2. Гейнца К.А. Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептердегі 1-9 сынып оқушыларының нұсқалық бөлімдерін жете зерттеу. п.ғ.к. дисс. автореферaты. М., 1995, 22 б.
3. Жұманова А.С. «7-9» жастағы қазақ балаларының дене тәрбиесі ісінің мазмұнын тәжірибеде дәлелдеу. п.ғ.к. дисс. автореферaты Алматы,-1997.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ТЫҢДАП ТҮСІНУГЕ БЕЙІМДЕУ

Елтонова А Е.
«Шетел тілдері: екі шет тілі» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Оскина М С.

Қазақстан республикасы әлемдік бірлестікке кірген заманда білімнің рөлі мен маңызы артты. Мәдениеті жоғары XXI-ғасыр адамын қалыптастыру міндеті білім беру ісін іріленділру қажетті мектеп пен қоғам алдында жаңа маңызды мәселелер қойып отыр. Жалпы орта білім беретін мектептерде шетел тілдерінің мазмұны анықталып, оған қойылатын талаптар нақтылануда. Шетел тілін ана және орыс тілімен қатар оқыту арқылы мұғалім оқушылардың тындап түсіну, сөйлеу, оқу және жазу іскерліктері мен дағдыларын жетілдіріп қана қоймайды, оларды өзін қоршаған айналасындағы адамдармен қарым-қатынас мәдениетіне де үйретеді [1].

Оқушылардың шетел тілінде сөйлеу кабілеттерін жетілдіру мектепте берілетін бүкіл білім мазмұнының негізгі мақсаты болып табылады. Шетел тілі аркылы окушылар әлемді таниды, тілін окып жатқан елдің мәдениетімен, өмірімен танысады. Шетел тілінде окушылар дұрыс қарым-қатынас жасай алу үшін, олар ауызша айтылған сөзді тыңдап түсінулері тиіс. Тындап түсіну - сөйлеудің серігі, сөйлеу экспреесивті формата жатеа, тыңдау импрессивті формата жатады. Ауызша айтылтан сөзді қабылдау мен түсіну өте күрделі психикалық эрекет. Тыңдап түсіпу кысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік еске, кабылдауга, логикаға, саната, ажырату және таным механизмдеріне, салыстыруға, жинақтаута байланысты. Тындап түсіну барысында окушылардың санасында фонетикалық және интонациялык есту кабілетін қалыптастыру керек, себебі бұл күрделі процес болгандықтан жалпыға ортақ киындыктарды және арнайы қиындықтарды ескеру қажет. Олар:

Сөйлеуші қолданылған кейбір лексикалық және грамматикалық материал оқушыға таныс емес болуы мүмкін, бұл жағдай оқушыға тындатқан мәтіннің мазмұны н түсінуді қиындатады. Бұл қиындыкгы жеңудің жолы - оқушылардың пассивтік және потенциалдық сөздік қорын байыту;• Әр адамның дыбыстарды айту ерекшеліктері мен интонациялық ерекшеліктері болуы занды құбылыс. Оқушы өз мұғалімінің сөйлеу ерекшеліктеріне дағдыланып алады да, басқа адам айтқан сөзді түсінбеуі мүмкін. Бұл қиындықты жеңудің жолы - сабақта техникалық құралдарды жиі колдану керек;

• Мұғалім әдетте сабақта өте баяу ырғақпен сөйлейді, мұндағы максат оқушылар оның айткан созін түсінсін дегендік. Окушылар осындай баяу сөзге дағдыланады да, дұрыс ырғақта сөйлеген сөзді түсінбейді. Міне бұл киышылықты сабақта тек техникалық құралды қолдану аркылы жеңуге болады;

• Мұғалім сабакта шетел тілінде сөйлегенде, айтқан сөзін окушылар түгел түсінсін деп бірнеше рет қайталап айтады. Окушылар осы қайталауға үйренеді. Шынайы коммуниикацияда сөйлеуші айтқанын кайталамайды, сондықтан мұғалімнің мақсаты оқушылардың тыңдаған мәтіннің мазмұнын бір-ақ рет тындағанда түсінуге үйрету. Ал кей жағдайларда окушылар мәтіннің мазмұнын бір рет тындағанда түсінбесе, оны екінші per тыңдатуға болады, бірақта бұл жолы мұғалім тындайтын мәтінге қосымша бір тапсырма беруіне болады.

Мысалы, мәтінді екінші рет тыңдаңдар да, бұл оқиғаның басты кейіпкеріне, оқиға уақытына, оқиға жеріне және т.б. назар аударыңдар деген сияқты тапсырмалар;• Келесі бір қиындық мынада: егер тыңдаушы сөйлеушініц бет- әлпетін коріп, оның сойлеу органдарының қимыл-козғалысын байкап отырса, онда ол өзі тындап отырған сөзді жеңіл түсінеді, бірақта мұндай жағдай үнемі бола бермеуі мүмкін (телефон аркылы сөйлесу, радиодан хабар тыңдау т.с.с.). Жоғарыда айтътлған киындыктарды женудің алғы шарты - мұғалімніц сабакта техникалык құралдарды кеңінен пайдалануы және тындау қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларды дұрыс ұйымдастыра алуы [2].

Оқушылардың ағылшын тілі сабақтарында тыңдап түсіну кабілеттерін дамытуда төрт жаттығулар тобын ұсынуға болады.

Бірінші топ жаттығуларьтнын максаты - мәтінді тындаудың алдында лингвистикалық және психологиялық қиындыктардың алдын ала жою.

Екінші топ жаттығудын мақсаты - мәтінді тындауға арналған жаттығулар. Мұнда окушылар мәтінді тыңдап, оның тақырыбын, идеясын анықтай, берілген кестені/сызбаны және т.б. толтыру, сұрактарға берілген жауаптардың мәтін мазмұпына сәйкес келетін анықтай және т.б.

Үшінші топ жаттығудың мақсаты - мәтін мазмұнын толык түсініп, оқушылардың бойында төмендегідей іскерліктерді дамыту: интерпретация, комментарий және талдау жасай алу. Мысалы, тындаған мәтіннің такырыбын талдау, мәтін мазмұнына берілген ассоциограмманы толтыру, уақиғаны бағалау, басты кейіпкерді сипаттау, мәтінді коммуникация жағдайымен ұштастыра білу және т.б. Үшінші топ жаттығуларып орындау барысында окушыларға тірек, таяныш сөздер, жоспар, суреттер, сызбалар және т.б. ұсынуга болады [3].

Төртінші топ жаттығудың максаты - окушыларды мәтін мазмұнының басты идеясына байланысты ойларын айтқызу, пікір-талас ұйымдастыру, «дөңгелек үстел» ұйымдастыру, сахналау, сценарий жазу және т.б. Енді тыңдауға арналған мәтіндерге қойылатын талаптарға тоқтала кетсек.

Олар:• тыңдауға арналған мәтіннің мазмұнының тәрбиелік мәні болуға тиіс және оның мазмұны окушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек;• мәтіннің берік логикасы болуы шарт; мәтіннің мазмұнында тындаушылар үшін қызықты жаңа мәселе болуы керек; мәтін аутентивті, яғни шындыққа негізделген, жасанды мәтін емес болуы тиіс.Жоғарыда айтылған ойларды корытындылай келе, оқушылардың тындап түсіну іскерліктерін қалыптастырып, дамыту кажет. Егерде окушылардың тындап түсіну іскерліктерін дамытпасақ, окушылардың шетел тілінде сөйлей алуға да үйрете алмаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Садыков Т.С., Әбілқасымова А.Е. Жоғары мектепте білім берудің дидактикалык иегіздсрі. Алматы, 2003.
2. Маркова А.К. Формирование мотивации учения. Книга для учителя. М.: Просвещение, 1990.
3. Методика обучения иностранным языкам в CLLI. Модернизация общего образования. Издательств: КАРО, Санкт-Петербург, 2005.

THE IMPORTANCE OF INTEGRATING FOUR SKILLS OF ENGLISH LANGUAGE IN TEACHING

Есенбек Р.А.
Студентка 4 курса, специальности «Иностранный язык: два иностранных языка»
Научный руководитель: Байдалина Ж. Ж.

H. Douglas Brown on skill integration:
“Rather than teaching the many aspects of one skill, say, reading, curriculum designers are taking more of a whole language approach where reading is treated as one of two or more interrelated skills.”

There are many situations in which we use more than one language skill. For this reason, it is valuable to integrate the language skills; Integration of the four skills is concerned with realistic communication. It emphasizes the focus on realistic language and can therefore lead to the students’ all-round development of communicative competence in English; but there are other reasons, why we need integrated skills.

I. production and reception are quite simply two sides of the same coin interaction means sending and receiving messages

II. written and spoken language often bear a relationship to each other the interrelationship of written and spoken language is an intrinsically motivating reflection of language and culture and society

III. by attending primarily to what Learners can do with language, and only secondarily to the forms of language, we invite any or all of the four skills that are relevant into the classroom

IV. often one skill will reinforce another; we learn to speak, e.g. in part by modelling what we hear, and we learn to write by examining what we can read

V. the whole language approach - in the real world of language use, most of our natural performance involves not only the integration of one or more skills, but connections between language and the way we think and feel and act [1].

Lbelska and Matthews provide seven statements relating to integrated skills for teachers to brainstorm with other teachers:

1) Integrating skills involves using some or all of Listening, Speaking, Reading and Writing to practise new material (vocabulary, pronunciation, grammar, text and discourse).

2) All four skills must be practised in every lesson.

3) As listening and speaking naturally go together, it is always desirable to integrate these two skills

4) The sequence hear-speak- read- write is the most appropriate for integrated skill work.

5) A common topic such as holidays or pets , it is a device linking the separate activities in integrated skill lessons

6) If we want to develop specific subskills (reading for gist, guessing unknown words etc.), it is necessary to focus on individual skills in some lessons.

7) Integrated skills may be fine with smallgroups of adults, but it is difficult to do with large classes and in lessons lasting 35 minutes [2].

It is obvious that teachers may have very different ideas regarding integrated skills in the classroom and there are no clear black and white answers to these statements. It could be argued that much will depend on the context. However, these «think about» points may be useful in getting teachers to reflect on what they do or on what they would like to do in the future.

The concepts of integrated skills by looking at the definition provided by the Longman Dictionary of Applied Linguistics, according to Richard, Platt and Weber, it is «the teaching of the language skills of reading, writing, listening and speaking in conjunctions with each other as when a lesson involves activities that relate listening and speaking to reading and writing». If we look around us in our daily lives we can see that we rarely use language skills in isolation but in conjuction, as the definition above suggests and, even though the classroom is clearly not the same as «real» life, it could be argued that part of its function is to replicate it. If one of the jobs of the teacher is to make the students «communicatively component» in the learning, then this will involve more than being able to perform in each of the four skills separately. But giving learner tasks that expose them skills in conjuction, it is possible that they will gain a deeper understanding of how communication works in the foreign

language as well as becoming more motivated when they see the value of performing meaningful tasks, and activities in the classroom [3].

Integrated skills in the classroom. David Nunan suggests how an effective language lesson can incorporate a range of different factors that ought to maximize language learning potential be calls it «the integrated language lesson». Developing a unit of material to practice the integration of language skills in the context of a restaurant, he includes the following seven design principles:

a) Authenticity: A tape containing authentic interaction between a waiter and a restaurant customer for learners to listen to.

b) Task continuity: One activity builds on what went before; for example, listening leads on to reading and discussion.

c) Real-world focus: The materials make an explicit link between the classroom and «real» world.

d) Language focus: Learners are systematically exposed to the language system and are encouraged to identify patterns and regularities through discovery learning.

e) Learning focus: The tasks develop the skills of self-monitoring and self-evaluation.

f) Language- practice: The activities give the opportunity to learners to (example, have controlled oral work practice).

g) Problem-solving: Learners work in pairs or in small groups to try to facilitate are language acquisition [4].

In conclusion, with careful reflection and planning, any teacher can integrate the language skills and strengthen the tapestry of language teaching and learning. When tapestry is woven well, learners can use English effectively for communication. What is more, we believe that integrating four skills in English is very effective and useful method which can help learners to improve at the same time all four skills. In traditional method, teachers usually focus at first on grammar and writing, then reading and speaking, and latest is listening. For this reason, many learners are not good at all skills.

Literature:

1. Teaching by Principles, H. Douglas Brown. Integrating the four skills, Part IV, chapter 15: Listening, reading, writing, speaking.

2. Diana. Lubelska and Margaret Matthews. Trainer’s guide. Cambridge University Press

3. The concepts of integrated skills. The Longman Dictionary of Applied Linguistics, according to Richard, Platt and Weber

4. Nunan. D. (1989). “Designing tasks for the communicative classroom”. Cambridge, UK: Cambridge University Press

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Жақсылық Б.
«Педагогика және психология» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі Бижанова Г.Қ.

Салауатты өмір сүру салты әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, қызметі мен құрылымын танып білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтыңжан мен тән саулығын қамтамасыз ету үшін керек.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы салауаттылықжүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратынын,болашақ педагогтардың тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты екені белгілі.

Салауатты өмір салтын қалыптастырумәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, салауаттылықты қалыптастыруміндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен денсаулығы мықты маман даярлаудың маңыздылығы артуда. Демек, жоғары оқу орындарына болашақ мамандарды кәсіби дайындау денсаулығы мықты, жан-жақты дамыған, алуан түрлі дене және ақыл-ой еңбектерін тәрбиелеуге қабілетті ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік қажеттілік талаптарына байланысты жүргізілетін іс [1].

Республикамыздағы білім беру саласында және әртүрлі қолдану салаларына байланысты жаңа бағыттағы білімді де, денсаулығы мықты жан—жақты дамыған мамандарға деген сұраныстардың артуы, оларды дайындаудағы білімділігі мен қабілеттілігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын, білім стандартына, мазмұнына сай жетілдіру мәселелері көкейкесті мәселеге айналып отыр. Денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күш-қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене-қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін-өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды.

Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты.

Осыған орай білімгерлердің салауатты өмір сүру салтын қалыптастыружүйесін жүзеге асыру жұмыстарынболашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек.

Бүгінгі таңда болашақ мұғалімдерді оқушылардың спортпен шұғылдануға, жаман әдеттерден бойын аулақ ұстаужүйесін жүзеге асыруды ескере отырып дайындаудың қажеттігі мен бұл мәселенің ғылыми-теориялық тұрғыда талданбауы және болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жеткілікті деңгейде қамтамасыз ету сұранысы мен осы уақытқа дейін педагогика ғылымының мәселенің арнайы жүйе ретінде қарастырылмауы арасында қарама-қайшылықтар орын алып отырғанын байқадық.

Осы орайда қазақ мектептерінде, нақтырақ айтсақ, әсіресе жоғары сынып оқушылары қазіргі уақыттағы ойландырарлықтай мәселе туғызып отыр.Бұлай дейтін себебіміз, көптеген мектептердің жоғары және орта буын оқушылары денсаулыққа зиянды заттар мен ішімдікті және тағы да басқа улы заттарды қолдануда саны жағынан өспесе кемімей отыр.Осы мәселеге байланысты Елбасымыздың өзі сөз қозғаған болатын.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасында «Салауатты әрі гүлденген экономика құрмайынша,біз қуатты мемлекет пен қарулы күштер құра алмаймыз, демографиялық, экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастыруына әсер ете алмаймыз.»,- деген болатын [2,176б]. Соған байланысты көптеген құжаттар бар, мәселен: Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 ж 18 мамырдағы «Халық денсаулығы» атты мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде «Салауаттану-денсаулықты сақтау» бағдарламалары. Бұл құжаттардағынегізгі мәселенің бірі – салауатты өмір салтын қалыптастыру, жастар тәрбиесі. Сондықтан да болашақ мұғалімдерге қойылатын жаңаша талаптар мен өзгерістер туындап отыр. Бұған себеп қазіргі кезде жеке тұлғаның қоғамдық және әлеуметтік мәні болашақ мұғалімінің назардантыс қалмауы қажет [3].

Оқу тәрбие үдерісіндегі сауықтыру, білімдік, тәрбиелік міндеттерімен қатар, педагог кәсіби жұмысын атқарып қоймай, оқушылардың рухани жеке тұлғасын қалыптастыруды жүзеге асыруы керек. Салауатты өмір сүру салтыныңтеориясы мен әдістемесінің қайнар көздерін, тарихи даму кезеңдерін сараласақ, олардың мынадай жағдайларға байланысты пайда болатынын анықтауға болады:

-салауаттылық дағдысыжетілген, денсаулығы мықты адамдардың қажеттілігінен туындаған қоғамдық өмірдің іс-тәжірибесі;

-әр түрлі тарихи кезеңдерде ойшылдар мен ағартушылардың жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу туралы ой-тұжырымдары мен идеялары;

-үйлесімді дамыған, жан-жақты, білімді де білікті ұрпақ тәрбиелеудегі озат педагогикалық іс-тәжірибелер мен ұсыныстар;

-кәсіби білім беру саласындағы ізденістер мен ғылыми негізделген тұжырымдамалар; -

-кәсіби білім беру саласын дамыту жөніндегі мемлекеттік сұраныстар [4].

Салауатты өмір сүру салты адам әрекетінің сан – қилы сипатымен, өзіне тән ой-сана мен даму заңы, өзара ішкі байланыстары мен өзара ықпалдастықта дамитын ерекшеліктері, әдістері мен өзіндік тарихы қалыптасқан. Нәтижесінде салауаттылықты қалыптастырутеориясы ғылым ретінде қалыптасып, мәні мен мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді. Тарихи деректерді сараптасақ, адамзат қоғамы пайда болып, алғашқы өмір сүру кезеңінен-ақ дене мәдениетінекөңіл бөлініп, сол еңбек пен тұрмыстық өмірдің шарты ретінде дамыды. Алғашындаұйымдасқан ойындар мен ойындық-қимыл қозғалыстар түрінде көрініс берді. Бұл кезеңдегі ойындар мен денешынықтыру жаттығулары қарапайым болғанымен, олардың адамды қалыптастыру мен тәрбиелік маңызы зор болды.

Салауатты өмір сүру салтына тәрбиелеудің басқа тәрбиелермен сабақтастығы мәселесі Орта Азия және Ұлы дала ғұламалары еңбектерінде де ерекше аталған. Солардың ішінде ерекше тұлға Әл-Фараби тәрбие мәселесіне бағыт-бағдар бере отырып, «Әлеуметтік-этикалық трактаттар» атты еңбегінде бала денесін жетілдіруді оның бойындағы абзал қасиетті тани біліп, мінез-құлқының жақсы сипаттарын тәрбиелеп, өзін-өзі үнемі дамыту қажеттігіне тоқталады. Ол «дененің саламаттылығы» ұғымын енгізе отырып, әр адамның тәрбиесінде мынадай үш қасиет болу қажет деп есептейді: дене күші, рухани және ақыл-ой, олар өзара үйлесімді дамыған жағдайда ғана жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға болатынын дәріптейді. Еліміздің белгілі қайраткерлері Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, С. Торайғыров, Ө. Тілеуқабылұлы т.б. салауаттылық мәселелерін халықтың дәстүрлері, халықтың мұраларындағы орамды тұстарын дәлелдеп, оның құндылық бағытына тоқталған. Кейінгі жылдары жастардың тәрбиесіне байланысты бірқатар құжаттар, заңдар, тұжырымдамалар жарық көрді. Оларда тәрбиенің мазмұны, ұстанымдары, мақсаты мен міндеттері қайта қарастырылып, оларды түбегейлі жаңалау қажеттілігі атап өтілген. Мұндағы мақсат – ұрпақты қазақ халқының жауынгерлік тарихымен, ерліктің өшпес үлгісін қалдырған қас батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, елін қорғай алатын елжанды ұлттық намысы бар жігерлі азаматтарды тәрбиелеу, басқа ұлттардың өкілдерімен жастардың өзара сыйластық, достық негізінде өмір сүруіне ықпал жасау, ұлтаралық қатынастың жақсы негіздерін бойына сіңіру. Бұл қағидалар қазіргі таңда қазақ педагогикасында тәрбиенің негізгі ережелерінің бірі болып саналады [5].

Соңғы уақытта қоғамымызда зор саяси және әлеметтік өзгерістер жүріп жатыр. Осыған байланыстыадамдардың тұрмыстіршілігінің, сана-сезімі мен әдет-ғұрпыныңда өзгерістергеұшырайтынызаңды құбылыс. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы сарапшыларының дерегі бойынша халық денсаулығының 49-50 % өмір салтына, яғни адамның өз денсаулығына қалай қарайтынына тәуелді, 17-20 % қоршаған орта ерекшеліктеріне байланысты.

Сонымен қатар денсаулық қатерінің негізгі факторларына мыналар да енеді: қозғалыс күшінің кему салдарынан қимылдың кемуі (гиподинамия) дене массасының артуы, жүйесіз тамақтану, қоршаған орта нысандарының барлығының көптеген уытты заттармен ластануы, өндірісте және тұрмыста күйзеліс туғызатын жағдайлар, зиянды әдеттердің – шылым шегу, алкоголь пайдалану, нашақорлық көп таралуы,т.б.

Қорыта айтқанда, ашық аспанымызға қара бұлт төндірген заман кеселдерінен арылу,салауатты өмір сүруге шақыру– көкірегі асу, көзі ашық әрбір азаматтың борышы. Ал, кез келген елдің болашағы – оның халқының денсаулығына байланысты екендігі – дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Сондықтан, біздің болашақтағы бағытымыз – салауатты өмір салтын насихаттау болса, « Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дегенді өсіп келе жатқан ұрпақтың санасына сіңіріп, олардың өз денсаулығына деген жауапкершілікті қалыптастыру баршаның борышы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. - 27.07. 2007 Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 ж. 18 мамырдағы «Халық денсаулығы» атты мемлекеттік бағдарламасы.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030. Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. НазарбаевтыңҚазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім,1997. - 176 б.
3. «Қазақстан республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңы. - 2004 ж. - 7 шілде, № 581.
4. Қазақстан Республикасындағы білім беру мекемелерінің 2006-2011 жылдарға арналған тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы. - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 13 маусымдағы № 401.
5. Айтжанова З. Салауаттылық – өмір салты. Адамгершілікке тәрбиелеу. Бастауыш мектеп.2004, № 1.

АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ ІС-ӘРЕКЕТІ

Калмуратов Д.
«Физика» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекші: аға оқытушы, магистр Жумабаева С. Б.

Мұғалім дайындығының негізгі базасы ақпараттық және коммуникациялық технология (АКТ) көмегімен өз қызметін тиімді ұйымдастыру және оның ішкі тәртібінің игерілуін жоғары деңгейде қамтамасыз ету болып табылады. Мұғалімнің кәсіби қызметіндегі АКТ құралдарының тәжірибе жүзінде қолданылуы дайындық нәтижесін бағалауды және оның

көмегімен ақпараттық қызметтің ұйымдастырылу тәсілін игеру деңгейімен бөліп көрсетеміз. Таңдалған деңгейдің алғашқы шарты ретінде АКТ құралдарының көмегімен ақпарат қызметінің жүзеге асуы кезінде әрекеттің және дербестіктің жүйелерін таңдаймыз. Осыған байланысты В.П.Беспалько ұсынған әрекет деңгейі жүйесінің бейімделуін ақпарат қызметінің төрт деңгейіне бөлеміз, яғни, олар репродуктивті, бейімділік, эвристикалық, шығармашылық [1].

АКТ-ны қолдану аймағындағы репродуктивті деңгейінде мұғалім ақпараттық білімнің бір бөлігін ғана игереді, яғни АКТ құралдарын өз қызметінде толық пайдаланылмайды. Ол берілген алгоритм немесе басқа да амалдардың тек әрекеттерін ғана көшіреді. Сонымен қатар оқу үдерісінде АКТ құралдары мен амалдарын қолдануы төмен немесе қолданбайды.Мұғалім бейімделген деңгейге жету кезінде алған білімін қолдануға саналы түрде дайын болады, алынған жаңа ақпарат қызметінің тәсілін өз деңгейінде қолдана біледі. Бірақ осыған ұқсас жағдайлар болуы да мүмкін: талдау мен өзін-өзі бақылауды жүзеге асыра білуі; қойылған талаптардың шешу барысында, оларға жекешілік көрсете білуі; кәсіби қызметінде АКТ-ны қолдануға бағыт-бағдар бере білуі.

Эвристикалық деңгей мұғалімнің терең және берік білімді игергендігін көрсетеді; ол қойылған талаптарды шешу барысында АКТ құралдары мен амалдарын дара қолдануы мүмкін; онда нақты талаптарға бейімделу мен қолданылуының қабылданған әдістерін дұрыс пайдаланады; АКТ аймағында өз білімі мен біліктілігін көтере отырып, кәсіби қызметтегі АКТ-ны қолданудағы нақты бағыты байқалады. Бұдан байқайтынымыз, мұғалім АКТ-ның жаңа амалдарын өз бетінше үйренуге икемді болуы керек.

Шығармашылық деңгей белсенді шығармашылықтың жоғарғы деңгейінің жетістіктік көрсеткіші болып табылады. Мұғалім АКТ амалдарының ақпараттық қызметтерін кең кешенді түрде қолдануға дайын және өз алдына жеке талап қоя алады, әдістерді таңдап және олардың шешімі үшін амалдар таңдайды, таңдалған әдістерді қолданудың нәтижесін бағалайды; бағытталған шығармашылық қызметте мұғалім жаңа ақпараттар ала алады, АКТ амалдарын қолдану жүйесін өзі өңдеуге мүмкіндігі болады [2].

АКТ құралдары мен амалдарын қолдануда мұғалімнің қызметі екі деңгейде жүзеге асуы мүмкін:эмпирикалық және саналық. АКТ амалдарының көмегімен ақпараттық қызметінің эмпирикалық деңгейі сыртқы пәндік қызметті игеруді ұйғарады, сонымен бірге тәжірибелік логикалық әрекетке әдістемеленгенде оқу-тәрбиелік үрдіс компоненттері мен жаңа ақпараттанған, коммуникацияланған технология арасындағы заңды байланысты түсіндірмейді. Осындай деңгейді меңгерген студент сол немесе өзге ақпараттанған білімді мақсатты қолдануын негізсіз деп шешеді. Сонымен қатар ол, неге сол әрекет тәсілі таңдалғаны және өзге әрекеттерді көшіруді де негізсіз етеді. Эмпирикалық қызметте ұстазды дайындау репродуктивті және кәсіби деңгейіне сәйкес келеді. Саналы әрекет бағдарлаушы нәтижеге алып келетін, саналы мақсатқа бағынышты үрдіс. Оқу тәрбиелік үрдістегі АКТ–ны қолдану бойынша әрекетін қабылдаудың саналы деңгейі сыртқы пәндік әрекеттің теориялыққа

ауысатын білім мақсатындағы қолданылуды ұсынады. Сондықтан осы әрекет барысында туындағанмақсат пен АКТ амалдарындағы сол немесе өзге қолданылған бағдарланушы нәтижелері жүзеге асып, қолданудың шарты бағаланады. Саналы әрекет ұстазды дайындайтын эвристикалық және шығармашылық деңгейіне сәйкес келеді.Деңгейлердің аралық шекарасын жеткілікті шартын белгілейміз, ал білім, ниет, икем кешендері білімнің ақпараттануының дәрежесіне қарай өзгеріп отырады. Мұғалім қызметіндегі АКТ-ны қолдану мүмкіндіктерін талдау деңгейдің бейнеленуіне сәйкес білімді ақпараттандырудың жаңа кезеңіндегі АКТ амалдарының көмегімен ақпарат әрекеттерінің әртүрлерінің жүзеге асуының нақты тәсілін анықтайды

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Г.Н.Александров Компьютер в структуре педагогической деятельности //Вопросы психологии. 1986 №5 стр. 75-79.
2. С.М.Кеңесбаев. Студенттерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға жүйелі деңгейде дайындау. Хабаршы, Абай атындағы ҚазҰПУ, №3, 2014ж.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУМЕН ШҰҒЫЛДАНУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

.

Кошекбаева А. Е
«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Бейсенбаев С.Қ.

Қазіргі таңда қоғамның салауаттылығы маңызды сипатқа ие. Бүгінгі болашақ мұғалімді дайындауда олардың салауатты өмір сүру мен денсаулық, дене мәдениеттерін өздері игермей тұрып, оларды білімді, білікті маман ретінде қалыптастыру мүмкін емес. Себебі әр болашақ маманның денсаулығы жеке байлық қана емес, ол сондай-ақ халқымыздың білім және экономикалық қуатының өсуі үшін де қажетті шарттарының бірі. Соның ішінде денсаулықтың басты шарты-мәдени орта, салауатты өмір салты .

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасында «Салауатты әрі гүлденген экономика құрмайынша, біз қуатты мемлекет пен қарулы күштер құра алмаймыз, демографиялық, экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының қадір-қасиеті мен әл-ауқатын арттыра алмаймыз»,- деген болатын.

Білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі – дене тәрбиесі арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі. Соған байланысты көптеген құжаттар бар, мәселен: Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 ж 18 мамырдағы «Халық денсаулығы» атты мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде «Салауаттану-денсаулықты сақтау» бағдарламалары. Бұл құжаттардағы негізгі мәселенің бірі –дене тәрбиесі арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру, жастар тәрбиесі [1].

Сондықтан да болашақ мұғалімдерге қойылатын жаңаша талаптар мен өзгерістер туындап отыр. Бұған себеп қазіргі кезде жеке тұлғаның қоғамдық және әлеуметтік мәні дене тәрбиесі мұғалімінің назарынан тыс қалмауы қажет. Дене тәрбиесі сабағындағы сауықтыру, білімдік, тәрбиелік міндеттерімен қатар, сонымен қатар жастардың арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Сондықтан дене тәрбиесінің, тиімді қимыл-қозғалыс белсенділігінің денсаулықты қалыптастырудағы, сақтаудағы және нығайтудағы мәні өте зор, ол салауатты өмір салтының міндетті шарты.

Сауықтыру дене тәрбиесі дегеніміз организмнің қызметтік мүмкіншілігін тиісті оттегін тұтыну шегінің (ОТШ) 100% деңгейіне жеткізетін жаттығулар жүйесі. Мұндай жүйені кейде физикалық жаттықтыру, немесе кондициондық жаттықтыру жүйесі дейді. Ал Кеннет Купер аэробты жаттықтыру жүйесі деп атайды.

Сауықтыру дене тәрбиесінің басты мақсаты - денсаулықты нығайту, организмнің қызметтік мүмкіншілігін жоғарылату арқылы тұрақты денсаулықты қамтамасыз ету.

Сауықтыру дене тәрбиесінде спорттық нәтижені арттыру мақсаты қойылмайды, басты мақсат - денсаулықты сақтау, жақсарту, ауру-сырқаттардың алдын алу, денсаулықтағы, дене бітіміндегі, ағзаның қызметтік күйіндегі ауытқуларды дер кезінде асқындырмай жою.

Аэробты сауықтырушы жаттығудың К.Купер, Н.Амосов, т.б. ғалымдар ұсынған арнайы жүйелері мен тәсілдері бар. Жаттықтыру бағдарламалары жаяу жүру, жүгіру, велосипед тебу, суда жүзу, бір орында тұрып жүгіру, спорттық ойындар ойнау сияқты жаттығулар түріне негізделген. Әр жастық, жыныстық топқа, дайындығы әр түрлі адамдарға арналған бағдарламалар бар [2].

К.Купер жүйесімен жаттыққанда жүктемені біртіндеп өсіріп, аптасына 30 шартты ұпайға дейін жету керек. Бұл денсаулықтың "қауіпсіз" деңгейіне жетуді қамтамасыз етеді. Бірақ К.Купер жүйесіне көшу алдында әр жаттығушының 6 апталық дайындықтан өтуі міндетті. Содан кейін сынаудан өтіп, дайындық топтарына бөлінеді .

Сауықтыру дене тәрбиесі белгілі бір физиологиялық негіздерге сүйене жүргізілсе ғана пайдалы.

Олар: орындалатын жаттығулардың түрі, жаттығулардың қарқыны, жүктемелер көлемі, 1 аптада жүргізілетін жаттығу сабақтарының жиілігі, әр сабақтың ұзақтығы.

Жаттығулар түрлері. Организмге көрсететін әсеріне және қимыл ерекшеліктеріне сәйкес жаттығулар 2 үлкен топқа бөлінеді:

1. Циклді жаттығулар (жүгіру, жүру, велосипед тебу, жүзу, шаңғы тебу).

2. Ациклді, немесе циклді емес жаттығулар (гимнастикалық жаттығулар, хатка-йога, жалпы дайындау тобы, спорттық ойындар, тағы басқалары).

Циклді жаттығулар ағзаның жалпы төзімділігін, жүрек-қан тамырлар төзімділігін, оттегін тұтыну шегін арттырады. Сол себептен олар денсаулықтың сандық көрсеткіштерін өсіреді, ауру қаупін тудыратын ішкі себепшарттарды

әлсіретеді немесе мүлде жояды. Ал ациклді жаттығулардың мұндай әсерлері кемірек. Олар бұлшық еттердің күші мен төзімділігін, икемділікті, шапшаңдық пенептілікті, координацияны, жалпы қимыл-қозғалыс жүйесінің күйін жақсартады. Бұл дене қасиеттерінің де әр адамға қажеттігі жоғары, денсаулыққа, жұмыс қабілетіне пайдалы. Бірақ ациклді жаттығулар жүрек-қан тамырлар төзімділігін, организмнің жалпы төзімділігін, оттегін тұтыну шегін (ОТШ) арттырмайды, май алмасуын реттемейді, атеросклероздық өзгерістерге негізделген жүрек-қан тамырлар ауруларына қарсы кедергі бола алмайды. Сондықтан сауықтыру дене тәрбиесінде циклді аэробты, ірі бұлшық еттердің қатысуымен орындалатын жаттығулар қолданылады [3].

Жаттығулар қарқыны. Сауықтыру тәрбиесінде табалдырықты және тиімді қарқынды жүктемелер қолданылады. Табалдырықты қарқын дегеніміз адамның дағдылы қимыл-қозғалыс белсенділігінен жоғары, бірақ сауықтыру әсері бар жүктемелердің ең төменгі қарқыны.

Мұндай қарқынды жүктемелер ағзадағы күш-қуаттың бұлшық ет жұмысына жұмсалу тапшылығының орнын толтырады, ағзаның қызметтік қабілетін арттырады, ауру қаупін тудыратын себепшарттар ықпалын әлсіретеді, дене салмағын қалыпқа келтіреді.

Тиімді жүктемелер қарқыны дегеніміз ең жоғары сауықтыру әсерін қамтамасыз ететін, бірақ организмнің қызметтік мүмкіншілігіне сәйкес жүктемелер қарқыны [4].

Жүктемелер қарқынын белгілеудің ең оңай жолы - Хольман формулаларын қолдану.

Қимыл-қозғалыс режимдері. Сауықтыру дене тәрбиесінде 4 қимыл-қозғалыс режимі қолданылады.

1.Реабилитациялық режим. Бұл режим әр түрлі аурулардан, жарақаттардан кейін қолданылады. Сабақ емдік гимнастикасы түрінде жүргізіледі.

2.Жалпы дайындық режимі. Бұл сабақтарда әр түрлі жаттығулар қолданылады. Сабақ дайындық топтары түрінде жүргізіледі. Мұндай режим дені сау адамдардың денсаулығын нығайту үшін немесе денсаулығында, денесінің дамуында, ағзаның қызметтік қабілетінде кемшіліктері бар, созылмалы әр түрлі аурулары бар адамдар үшін қолданылады [5].

3.Жаттықтыру режимі. Денсаулығы дұрыс, созылмалы аурулары жоқ жас және орта жастағы адамдарды жаттықтырғанда қолданылады. Бұл режимде әр түрлі жүктемелер қолдануға болады. Сабақ жүгіру, жүзу, шаңғы тебу, туризм, велосипед тебу, гимнастика және тағы басқа түрлерінде жүргізіледі.

4.Кәсіптік дайындықты арттыру режимі (космонавт, спортшы, су астында жүзетіндер, т.б.).

Табиғаттың жаратылыс күштерін - күн, ауа және суды шым-шымдап пайдалану адамның тері қыртысының негізгі қабатында құрылымдық жаңғыру мен белсенді заттар түзілу процестерін жақсартады. Осы заттар қанмен бірге барлық ағзаларға таралып, олардың қызметін күшейтеді. Әсіресе, терінің суық және жылу рецепторлары рефлекс көзіне айналып, адамның зат алмасуын, дене және ой еңбегіне қабілетін арттырады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:
1. Апанасенко Г. Л. Медицинская валеология. - М., 2000.
2. Билич Г.Л., Назарова Л.В. Основы валеологии. - С-Петербург, 1997, 467с.
3. Казначеев В.П. Основы обшей валеологии. Уч.пособие . - М., 1997.
4. Марков В.В. Основы здорового образа жизни и профилактика болезней. Уч. пособие. - М., 2001.
5. Мустафина Т.К. Спорттық медицина. Алматы, 1997, 317 с.

ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКАЛЫҚ СТАТИСТИКАНЫ ОҚЫТУДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ

Көшербаева М
«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, магистр Тулегенова А.К.

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақ тағдыры ұстаздың қолында» Н.Ә.Назарбаев.

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән.

Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол7

Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді [1].

Оқытудың жаңа ақпараттық - коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы.

XXI ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда.

Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Орта мектептегі негізгі пәндердің бірі – математика. Математика пәні жаратылыстану ғылымдарын оқып-үйренуге жол ашады. Математиканы оқып-үйрену барысында оқушылардың логикасы мен ойлау жүйесі дамиды, практикалық бейімділігін артады. Гуманитарлық пәндерді игеруге бейімделеді.

Математикалық білімді жетілдіру мен кеңейтуде ықтималдықтар теориясы мен статистикалық сипаттамаларды оқытудың рөлі айрықша. жалпы білім беретін мектепте математика сабағының тиімділігін арттыруда ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтерін оқыту мәселесінің маңыздылығымен анықталады.

Мектеп курсындағы ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтерін оқытуға баса назар аударылса, онда оқушылардың логикалық ойлау қабілеті жоғарылап, шығармашылық белсенділігі артады. Мектеп математика курсында ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтерін оқытудың мүмкіншіліктерін тереңінен қарастыру болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін алдымызға мынадай міндеттер қойып отырмыз.

1.Мектептің математика курсында ықтималдық – статистикалық сипаттамалар мазмұнының маңызымен таныстыру;

2.Мектеп математика курсында ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистикаға нақты өмірден мысалдар келтіріп, оларды талдау жолдарын көрсету;

3.Оқу үрдісінде ақпараттың технологияларды іске асырудың жүйелері;

4.Оқушылар ақпараттық технологияларды меңгеру және оқу үрдісінде оқушыларды білім, білік, дағдыны меңгеру

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың қарыптап өсу дәуірінде ықтималдықтар теориясының әдістері практиканың сан алуан салаларында кеңінен қолданылып, физика, химия, биология құбылыстарының, техника мен экономика процестерінің заңдылықтарын жан-жақты және терең түсінуге орасан зор ықпалын тигізуде [2].

Адам ойы мен қиялы өте шексіз. Жылдарға, ғасырларға кейіндеп те, ілгерілеп те алға оза алады. Саналы адам көрсем, білсем, үйренсем деп тұрады. Көрген, білгенінен ой түйіндейді, қорытынды шығарады. Математика, физикада қарастырылатын есептер көбінесе бір мәнді анықталады. Мысалы: қолымызбен тасты лақтырсақ, онда тастың орнын кез-келген уақыт кезеңінде анықтай аламыз. Бірақ ғылымның әр саласында, техникада, шаруашылық саласында қолданылатын көптеген есептер бір мәнді анықталмайды. Мысалы: тиынды лақтырып, оның қай жағымен түсетінін нақты айтуға болмайды. Мұндай жағдайда осы сияқты есептерді шешуде белгілі бір нақты шешім айтуға болмайтын тәрізді көрінеді. Алайда бұл тәжірибеде керісінше. Ойын практикасы көрсеткендей тиынды неғұрлым көбірек лақтырсақ, солғұрлым әрекеттің жартысында елтаңба жағы түссе, енді жартысында цифр жағы түсетіні байқалды. Бұл кездей соқ оқиға.

Белгілі бір заңдылыққа байланысты. Міне осындай заңдылықтарды ықтималдық теориясы қарастырады. Ең қарапайым мысал ретінде тиын лақтыруды алдық. Бірақ ықтималдықтар теориясында бұдан да күрделірек есептер қарастырылады. Шаруашылықтағы маңызды мәселенің бірі аудан мен облысты байланыстыратын телефон жүйесін орнату. Бұл да таза ықтималдық есеп. Мысалы: мұнда орталықтан ауданға телефон жүйесін тарту үшін қанша

сым қажеттігі белгілі болу керек. Өмірде мұндай мәселелер көптеп кездеседі. Осындай мәселелер өндіріс саласын жоспарлауда, зерттеулер жүргізуде қолданылады. Мысалы:сынып арасында өткізілетін жарыстардың нәтижесі дәлірек болу үшін нәтижелер ондық үлеспен, жүздік үлеспен есептелінеді.

Сонда әр сыныптың нәтижесі дәлірек болу үшін қанша таңбаға дейін алу керек деген сұрақ туындайды. Неғұрлым сынақ көп жасалынса, солғұрым нәтиже дәл болатыны белгілі. Ал ол үлкен шығынға әкеледі. Міне, осы арада ықтималдықтар теориясы көмекке келеді. Адамның күнделікті өмірі, дүниені танып-білу барысы кездейсоқ оқиғаға толы. Бұл кездейсоқтықтар өмірдің даму заңдылығына кедергі келтірмейді, керісінше, кездейсоқтық пен заңдылық біріне-бірі әсер етіп,өмірдің дамуына себепші болады. Кездейсоқтық? Оны оқып үйрену не үшін қажет?-деп сұрайтын боларсыздар? Шын мәнінде, адамдар, ерте кездің өзінде-ақ оқиға өмірдегі бір ерекшелік емес, қағида екендігін байқаған. Міне сондықтан да кездейсоқ құбылыстар туралы ғылым пайда болды [3].

Қазіргі әлемнің ғылыми бейнесі туралы болжамды қалыптастыру; ықтималдықты-статистикалық объектілерді зерттеуден алынған нәтижелер негізінде ақпаратты өңдеудің жаңа технологиялары мен ақпараттық технологияларды жасау туралы білімді қалыптастыру; кездейсоқ ақпаратпен жұмыс істеудің жалпы ғылыми және жалпы мәдениеттілік дағдыларын дамыту

Қорыта келгенде ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертенгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген адам өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген оқушы болуы тиіс.

Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағат-бағдар беруші – болашақ мұғалімдерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар, студенттер, оқушылар қауымына зор міндеттер жүктелген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 жыл
2. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
3. «Математика және физика» журналы №4, 2007 жыл

СПОРТТЫҚ МАШЫҚТАНУДЫ ЖОСПАРЛАУДЫҢ ҮДЕРІСІ

Қапенов Н.
«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Құлтанов Д.

Спорттық дайындықтар техналогиясының жоспарлау үдерісі - бұл жалпы қосыла алалатын методологиялық ұйымдастыру шаралары, негізгі уақыт аралықтарында анықталатын нақтылы тапсырмалары, бөліктерді белгілі бір жобаға келтіру, жинақталған қосындыларды және ең басты мақсатталған іс-шараларды тізімдеу, әдістеу, ұйымдастыру қалыптары, машықтану сабақтарын материялдық-техникалық қамтамасыздандыру, сонымен алғанда спорттағы нақтылы машықтану құжаттарын құру болып саналады. Ол стратегияны анықтайды, спортшылардың дайындық тактикасын мен техникалық шеберліктерін ұйымдастыру үдерісін қамтиды.

Спорттық дайындықтардың-жарыс үдерісін ұйымдастыру құралдары оның құрамы болады, сонымен бірге оның түрлері және нәтижесі арқылы, көзделген спортық жетістіктердің обьективті заңдылықтармен даму негізінде спортшының жекеленген бағытының құрылуы .

Мақсатымен міндеті анықталатын әртүрлі дайындық үдерісінің мерзімінде жоспарлы түрде негізделген көрсеткіштер белгіленгенуі қажет. Динамикалық жүктемені талдау негізінде алдынғы жылғы (жылдар бойындағы) анықталған дайындық жүктемесінің ауқымдығы, оның көлемі мен қарқындылығы ескеріледі, іс-шаралары анықталады, әдістері, бақылаулық нормативтері және басқа көрсеткіштері жан-жақты спорттағы математикалық статистиканы қолдана қарастырылады [1].

Шаңғы спортшыларының дайындығын жоспарлағанда негізінде қолданылатын барлық негізгі дайындық әдістері мен олардың жүгіретін ара-қашықтарды таңдауын анықтай келе отырып негізгі машықтану сабақ талаптарына (циклға) және жас ерекшеліктерінің дайындық деңгейін ескере отырып қарастырған жөн.

Шаңғы жарысындағы кезеңдердің негізгі нысандарының сатылығы келесідей қабылданған - жыл бір үлкен циклды құрайды және үш кезеңге бөлінеді; дайындықтық, жарыстық және өтпелі, осы кезеңдерде, шаңғымен жүгірушінің машықтануына эксперименттік зерттеу жұмыстарын қолданған аса қолайлы.

Дайындықтық кезеңі шаңғышыларды дайындаудағы ең маңыздысы болып келеді. Бұл кезеңнін барысында алдағы болашақ жетістіктің негізі жарыс кезеңінде салынатынын көрсетеді, яғни сонымен дәл осы кезде оның «ірге тасы» функционалдық дайындықтылықтың жоғарлауы, шаңғымен жүрудің техникалық тәсілдерін жетілдіруіде байқалады. Бұл жұмыстардың барлығын орындалу мерізімдері де осы кезеңмен тұспа тұс келеді [2],.

Бұлар бұдан басқада мәселелерді, яғни күш-жігерлікті тәрбиелеудің сапасына, шаңғы спортының теориясы мен әдісін үйреніп жетілдіруге және т.б.

дене қасиеттерінің дамуына келтіреді. Шаңғышыларды дайындауда дайындықтар мерізімі үш кезеңге бөлінеді.

Бірінші кезең – көктемгі-жазғы (дайындық тапсырмаларына сәйкес оны тағыда жалпы дайындық деп атайды) оның басталуы 1 мауысым, және жоғары дәрежелі шаңғышыларда 31-ші шілдеде.

Екінші кезең- жаздық-күздік (бұл арнайы алдын-ала дайындық) Оның басталуы 1-ші тамыздан ары қарай шаңғымен дайындық басталғанынша жалғасады, яғни (қар түскенге дейін) жалғасады.

Үшінші кезең-нағыз қар түскенде, сонымен жоғарыда келтірілген дайындықтар аяқталып шаңғышының жарыстарға қатысулары басталған кезге келеді, ол кездерде әр түрлі деңгейдегі бақылаулар арқылы машықтанғандықты анықтайтын жаттығу кешендері жалғасын таба алады, жалпы дене дайындығының денгейін бағалау, сонымен бірге арнайы дайындықты да қадағалап отырған жөн болады.

Негізінде даму деңгейінің арнайы сапасының анықталуын дөңгелекті шаңғымен жарысудағы нәтижелерден көруге болады, сондай-ақ жоталы ойлы-қырлы жерлермен жүгіру, аралас тәсілдерді қолдану арқылы (жүгіру мен жүрудегі шаңғышының имитатциясын, яғни екі адымды алма кезек жүріспен адымдап, бір адымдап) сондай-ақ бұның барлығы стандартты әр түрлі ара-қашықтықтарда өткізіледі. Бұдан басқада, арнайы даму денгейінің сапасының бағалануы таулы жоталарда өткізілетін имитатциялық жаттығуларды орындау нәтижесіне бірден бір байланысты болады (әр түрлі ара-қашықтық кесінділерде жүгіріп өту тапсырылады).

Сонымен алғанда, үшінші кезең-қысқы (негізгі арнайы дайындықтар өткеннен кейін), яғни ол шаңғымен айналысу мезгілінен басталады (қар түскеннен бастап) және көктемдегі жарыстардың соңына дейін жалғасуларын табады .

Жалпы жылдық машықтануды жоспарлағанда, екі бөлікке бөлген дұрыс.

I Жалпы дене дайындығын арттыру - қар жоқ кезеңде.

II Негізгі бағыт – қар бар кезеңде.

Дайындық кезеңдерінің ұзаққа созылуы географиялық және климаттық жағдайларға байланысты анықталады. Негізгі мезгілдерде спортшының жарыстарды жоспарланған күн тізбесіне және метрологиялық ерекшеліктерге байланысты ұзақтығы өзгереді. Көктемгі – жазғы кезеңдердің ұзақтығы басқа кезеңдерден басымырақ, мысалы, 4 айдан 4,5 айға созылуы мүмкін [3].

Спортшылар осы кезеңдерде үш негізгі тапсырмаларды шешулері керек.

- Жалпы дене дайындығы дамуының деңгейін жоғарылату.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамыз.
2. «Қазақстан-2050» Стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2012 жылы 14 желтоқсан.
3. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. Астана, Ақорда, 2007 жылғы шілденің 27-сі. № 319-III ҚРЗ

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ЖӘНЕ СПОРТ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫН ТҮРІНІҢ ОҚЫТУ-ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДІСІ

Қойбағар М Ж.
«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Құлтанов Д.

Көне тарихы бар біз қарастырып отырған дәстүрлі халық мәдениетінің бір саласы ұлттық халық ойындарын қазіргі жас ұрпақ өміріне енгізу, сонымен қатар, бұл мәселені бүгінгі уақыт талабына сай көзқараспен қайтадан зерделеу Қазақстан ғылымының өзекті тақырыптардың бірі болып табылады.

Қазақстан егемен мемлекет ретінде қалыптасып, бүкілдүниежүзілік саяси аренадағы орны айқындалып жатқан сәтте, қазақстандық әр жеке адамның әлеуметтік дамуы мен ұлттық санасының өсуіне, денсаулығын сақтау мәселесіне терең ден қойылуда.

Осы орайда жүзеге асырылып жатқан жұмыстарға бағыт-бағдар беретін негізгі құжаттарға Қазақстан Республикасының Конституциясы [1], «Қазақстан–2030» Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы [2], Білім беру туралы Заңы [3].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы болып табылады [4].

1999 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт заңында «Дене тәрбиесі дені сау, дене бітімі және рухани жағынан жетілген, моралдік жағынан табанды жеткіншек ұрпақты қалыптастыруға, адамның денсаулығын нығайтуға, жұмыс қабілетін арттыруға, шығармашылық ғұмырлығы мен өмірін ұзартуға бағытталған педагогикалық процесс» екендігін атап көрсетеді [5].

Бүгінгі таңда елімізде жүріп жатқан жаңарту процесі ұлттық спорт өнерін және ондағы рухани құндылықтарды қазіргі тәрбие ісіне кеңінен пайдалануға қолайлы жағдайлар туғызып отыр. Әсіресе ұлттық күрес өнерін қайта жаңаруына байланысты бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне қажеттілігі нақты сезілуде. Оның өзі ұлттық спорттағы күрес түрін жаңа айқындамалармен толықтыра түсетін асакүрделі педагогикалық проблема болып табылады.

Мұндай проблема жасөспірімдердің алдында дене тәрбиесіне спорттық күрестің ұлттық түрлерін пайдалануға, жалпы адамгершілік құндылықтарды бойына сіңірген, рухани дүниесі бай, жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу міндетін қойып отыр. Елімізде дене тәрбиесі мен спорт бағыттарында Қ.І.Адамбеков, А.О.Аяшев, Б.У.Алимханов, Қ.А.Құланов, Ж.Божиг сынды ғалымдар өз еңбектерінің негіздері ретінде жасөспірімдердің дене тәрбиесі дайындығын дамытуға арнаған.

Қазақтың ұлттық ойындарының жастарға тигізетін тәрбиелік мәні зор және дене тәрбиесінің баға жетпес құрамы. Ұлттық ойындар тек ойын сауық жағынан ғана емес, ол – спорт, ол – өмір сүру үшін тәрбие құрамы, сонымен қоса ұлттық ойындар ерлікті, ептілікті, тапқырлықты, табандылықты тағы басқа мінез ерекшеліктерін қалыптастырады. Дене тәрбиесі сабағында ұлттық

ойындар бала денесін шынықтырып, рухани жағынан ой-өрісін кеңейтеді. [6]. Ұлттық ойындарды пайдаланумен студенттердің денсаулығын жақсарту жолында қан айналымын, тыныс органын, зат алмасу процесін және жүйке жүйелері жұмысын нығайтуда маңызы зор. Қазақтың ұлттық ойындары дененің шынығуына, тұлғаның дұрыс қалыптасуына ықпал етеді. «Бала жасынан ойнаған ойындарының әсерінен болашақ жұмысшы ғана тәрбиеленіп қоймай, мүсінді, дені сау, қоғамның қиындығына төзімді азамат шығады» - деп атақты педагог А.С.Макаренко айтқандай, дене қозғалыстарын жүйелі қалыптастыру, Отанның болашақ азаматтарын жан-жақты тәрбиелеуге әсерін тигізеді

Ұлттық ойындар жіктемелері педагогикалық процесті ұйымдастыру формаларының бірі болып табылады. Ұлттық ойындар педагогиканың дәстүрлі әдістері болып саналады. Көркемдік-эстетикалық және дене тәрбиесінің бөлінбейтін бір бөлігі саналатын ұлттық ойындарда адам өмірінің бейнесі, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, еңбегі, халықтық намыс, ерлік, батылдық туралы көзқарастары жатыр.

Ұлттық ойындарда жылдамдық, шеберлік, әдемі әсем қимылдар, шығармашылық ойлау қабілеттері көрініс тапқан. Өз өміріміздің серігі болғандықтан, ұлттық ойындар іс-әрекеттерінен үлгі-өнеге үйреніп, өзінше ой түйініп, патриоттық сана қалыптасады. Ұлттық ойындардың тәрбиелік мүмкіндіктері жасөспірімдердің патриоттық сезімдеріне игі әсерін тигізеді [7].

Халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері сан алуан. Олардың барлығы да адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған. Сондықтан да аса құнды мәдени игіліктердің бірі – қазақтың ұлттық ойындары болып табылады. Бүгінде ұлттық ойындарды халық педагогикасының құрамды бір бөлігі деп тегін айтпаса керек. Адам баласы жасаған жеті кереметтің қатарына сегізінші етіп осы ойынның аталып жүруі де жайдан-жай емес. Халқымыздың алтындай перзенттерінің бірі, заманымыздың аса көрнекті жазушысы М.О.Әуезов «Біздің халқымыздың өмір кешкен – ұзақ жылдарында, өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген – менің түсінуімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағынасы болған» - деп тегін айтпаса керек.

Халықтық педагогиканың ең бір көне тиімді құралдарының бірі ойын болғандықтан, сол арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Сөйтіп, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, айналасындағы адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. «Ұяда не көрсең-соны ілірсің» - деген дана халқымыздың сөзіне сүйене келе, халықтың мәдени – мұрасына қанық болып өскен бала - өз отанының патриоты. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» т.б. жасөспірімдердің еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады. Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Ұлы педагог В.И. Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», - дейді. Демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты, ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы, рухани байи түседі

Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен тегін айтпаса керек. Қазақ халқының тарихы көне жырларының эпостары мен лиро – эпостарының қай-қайсысын алып қарасақ та, олардың өне бойынан халықтың ұлттық ойындарының, әдеп-ғұрып салттарының алуан түрлерін кездестіреміз. Сонымен қатар, осы жырлардың негізгі кейіпкерлері ойын үстінде көрінеді. Сол ойын арқылы шынығып, өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай түседі [8].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамыз.
2. «Қазақстан-2050» Стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2012 жылы 14 желтоқсан.
3. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. Астана, Ақорда, 2007 жылғы шілденің 27-сі. № 319-III ҚРЗ
4. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. // ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген.
5. Қазақстан Республикасының Дене шынықтыру және спорт туралы заңы. 2014
6. Асарбаев. А. Дене шынықтырудың этнопедагогикалық мәселелері. // Ұлт тағылымы. 2001. № 6. – Б. 43 – 47.
7. Құралбекұлы А., Әкімбайұлы С. Оқушылар дене шынықтыруының этнопедагогикалық негіздері. –Алматы: 2000. -450 б.
8. Уаңбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері., -Алматы., 2000. б. 51.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАР – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ АЙҚЫН БЕЙНЕСІ.

Қоржынбай Г. Ө.
«Шетел тілдері: екі шет тілі» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Бакирова Ж. М.

«Қазақстан ұлы державада болуы үшін бізге күш қуаты, қажыр қайраты мол, ақылды да ойлы, дарынды жастар керек», -деп елбасымыз айтып өткендей еліміздің келешегі жарқын болу үшін, болашақ мұғалім ретінде, біз дарынды жастарымыздың мүмкіншіліктерін шектемей, қайта арттыру мақсатында көп кепілімізді тигизуіміз қажет.

Дарындылық – бұл адамның басқа адамдарға қарағанда бір немесе бірнеше қызметтегі жоғары нәтиже мүмкіндіктерімен анықталатын психикалық сапа, біріккен қабілеттіліктің көрсеткіші. Дарындылықтың 100–ге жуық анықтамасы

бар. Көп жағдайда ол баланың ертерек даму кезеңінде байқалып, оның пәндер бойынша үлгерімі мен ой - өрісінің дамығандығымен, яғни парасаттылығымен көрініп жатады [1].

Дарындылық деңгейі, сапасы, даму сипаты бұл табиғи дарын белгілері мен әлеуметтік ортада әрекет етуі (ойын, оқу, еңбек) кезінде қалыптасатындығын қазіргі психологтар мойындап отыр. Н.Ожеговтың сөздігінде дарындылық «табиғатпен берілетін ерекше қабілет» деп түсіндіріледі. Адами ойлау, ізденімпаздық – табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйы. Бұл қабілет барлық адам бойынан табылары да сөзсіз. Дегенмен, табиғат оны бәріне бірдей етіп бөлмей, біреуге аздау, ал үшіншілеріне мүлдем жарытпай тарататыны да анық.» [2].

Біз дарынды деп белгілі бір қабілеті көпшіліктің орташа қабілетінен ерекшеленетіндерді айтып жүрміз. Өмір сүретін орта, берілетін тәрбие осы ерекшеліктің одан әрі дамуына көмектеседі немесе оны мүлдем жоқ қылады. Мәселен, саусағынан бал тамған кәсіби зергердің табиғи алмазды бриллантқа айналдырғаны сияқты, қолайлы ахуал, тамаша кәсіби ұстаздық кез келген ерекше қабілетті оқушыны дарынға айналдыра алады. Міне, осы бір айдай анық мәселе педагогика мен психологияда көптеген “тар жол, тайғақ кешулерден” өтіп, өз жолын енді тауып келеді.

Көптеген ғалымдар дарындылықты генетикалық нәрсе деп қарастырып, оны белгілі бір даму сатысының соңғы нәтижесі деп түсіндіреді. Кезінде Платонның өзі ақындықты “өнер мен білімнің арқасында емес, құдайдың анықтауы мен кернеген сезімнен” туындайды деген болатын. Ал Сократ өзінің ерекше қасиетін түсіндіргенде “маған көмекке әрдайым мейірімді перім – гений келеді” деген екен.

Дарындылық – бұл өмір сүру барысында дами беретін, адамның өзгелермен салыстырғанда әрекеттің бір немесе бірнеше түрінде жоғары нәтижеге жету мүмкіндігін айқындайтын психиканың жүйелі сапасы.

Дарынды бала – әрекеттің белгілі бір саласында айрықша нәтижелерімен (мұндай нәтижеге жетудің ішкі алғышарттары болады) ерекшеленетін бала.

Баланы дарынды деп бағалау шартты нәрсе. Баланың үздік қабілеттері оның болашақтағы жетістіктерінің тікелей әрі жеткілікті көрсеткіші бола алмайды. Бала бойында байқалған дарындылықтың белгілері уақыт өте келе жоғалып кетуі де мүмкін. Бұл жағдай дарынды балаға арналған практикалық жұмыстарды ұйымдастыруда ескерілуі тиіс. Сондықтан да практикалық жұмыстар кезінде «дарынды бала» ұғымының орнына «дарындылық белгілері байқалатын бала» ұғымын қолданған дұрыс» [3].

Өз қызығулары бағытында дарынды балалар қайтпас қажырлық таныта алады. Басқа қатарларымен салыстырғанда дарынды бала өзін қызықтырған іспен бірнеше сағат шұғылданып, қажет болса,оған бірнеше күндер бойы қайта оралып, көздегеніне жетпейінше, әрекетін тоқтанпайды. Дарындылық дәрежесін артуы қажетті білімдер мен ептілік, дағдыларды игеріп әрі жетілдіріп баруға тікелей тәуелді.

Бала бойындағы дарындылықты жоғалтпай, қайта арттыру мұғалімнің міндеті болып табылады. Сабағын қызықты әрі тартымды етіп өткізу, дарынды баланың дарындылығын айқындап ерекшелеп өтетін тапсырмалар дайындап өткізу, дарынды баланың қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі пән олимпиядаларына, интелектуалды сайыстарға қатыстыру тікелей мұғалімге міндет болып жүктеледі.

Дарындылықтың өзіндік ерекшелігі ең алдымен қызығушылық бағдарға байланысты. Осыдан біреу математикаға құмар, екінші тілдерге, және біреулер қоғамдық жұмыстарға бас болуда өз дарындылығымен іске қосып, оны нақты іс-әрекетте кейін дамыта түседі.» [4].

Дарынды балалардың мінез-құлқын ерекшеліктерін қарастыра отырып, біз мұндай балалар арасындағы жекелеген айырмашылықтарға көңіл аударуымыз қажет. Бұл айырмашылық балалардың қай бағытқа қызығушылығына, ақыл-ойының даму қарқынына, қорыта айтқанда дарындылық қасиеттерінің дамуына байланысты. Дарынды балалардың жекелеген айырмашылықтары олардың жас ерекшеліктеріне қарамайды. Тәжірибе бойынша дарынды баланы көріп-білмей, оның мүмкіндіктері мен қабілеттіліктері жайында ешқандай нақты тұжырым жасауға болмайды.

Оқыту мен дамыту бағдарламалары баланың шығармашылық қабілеттерін дамуы мен білімді меңгеру бағыттарын бірдей дамытатын бағдарламалар болуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гильбух Ю.З. Умственно одаренный ребенок. Киев. 1993.
2. Дәкәрім М.Д. «Жаңа ғасырдың білімді жастарын тәрбиелеу». Білім берудегі менеджмент, №4, 1998ж.
3. Лейтес Н.С. Возрастные способности одаренных детей. М:Педагогика, 1989г.
4. Семенов И.Н. Возрастные особенности одаренных детей // Инновационная деятельность в образовании. 1994г.

12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Құдайберген С.
«Шетел тілдері: екі шет тілі» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекші: Анапин Е.Х

Тілдік қатынастағы өзіндік орны бар қатысымдық тұлғалардың бірі- мәтін.

Мәтін дегеніміз – бұл жалпы (бір) тақырып төңірегіндегі біріккен, сабақтастық пен тұтастық тән, ақпаратты жеткізетін мазмұнды(мәнді) сөйлемдердің тізбегі. Мәтін сөзінің этимологиясы семантикалық

құрылымдардан тұрады; адамның жасаған нәрсесі, осы істелген нәрсе элементтерінің ішкі байланыстылығы, істелген нәрсенің шеберлігі және осы аталған үш семантикалық құрылымдарға сай оны үш пән – мәтінтану, герменевтика және поэтика зерттейді. Мәтінтану – қарастырылып отырған мәтіннің қай дәуірге немесе авторға тиесілі екендігін анықтайды.

Профессор Ф.Оразбаеваның «Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі» атты оқу құралында мәтінге мынадай анықтама берілген: «Мәтін, яғнт текст – қатысымдық тұлғалардың ішіндегі мазмұндық тұтастығымен ерекшеленетін жүйе» [1,25б.].

Ғалым тілдік қатынаста өзіндік орын иеленетін қатысымдық тұлғалар ішіндегі мәтінге ерекше тоқталады. Яғни тіл жүйесінде қатысымдық бағыт дами бастаған соң, онымен байланысты сөйлемнен де ірі тілдік тұлғаның бар екендігіне зерттеушілер ерекше назар аудара бастағанын айтып, бұрын тек сөйлемді жан-жақты білу үшін қолданылатын контекст ретінде қарастырылғанын, енді жеке жиынтық болғандығын қадап айтады.

Белгілі ғалым, А.Жұбанов жазба мәтін жайындағы ойын былайша береді: «Жазба мәтін – қағаз бетіне түскен жазба сөзі немесе соның үзіндісі, бөлігі. Мәтіндегі ой –пікірлер тек сөйлем түрінде ғана айтылғанда түсінікті бола алады. Ал сөйлем ойды айтып немесе жазып жеткізудің негізгі амалы. Сондықтан да мәтінді синтаксистік бірлік деп ұйғаруға болады. Мәтіннің негізгі қызметі – жазбаша(не сөйлеу) түрінде жай немесе күрделі мазмұнды ой-пікірлерді білдіру. Бұл жағдайлардың бәрі де сөйлем тобы арқылы жүзеге асады. Олай болса, сөйлем – белгілі қоғам мүшелерінің өзара пікір алмасуын, қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін мәтін бірлігінің біртұтас түрі.»[2. 32,7].

Мектептегі оқушылардың коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыруда, тілдерді үйретуде мәтіннің коммуникативтік, дидактикалық табиғатын терең тануды қажет ететінін көптеген зерттеушілер айтып та жүр. Коммуникативтік әдіс мәтінге сүйенеді, өйткені мәтін – қарым-қатынас жасаудағы негізгі сөйлеу бірлігі болып табылады. Осыған орай, коммуникативтік әдістеменің басты ұстанымы – мәтін арқылы оқыту ұстанымы болып есептеледі.

Г. Нәжікенова өзінің «Мәтіннің коммуникативтік және дидактикалық бірлік ретіндегі ерекшелігі» тақырыбындағы мақаласында мәтіннің дидактикалық мақсатта қолданылатын мынадай белгілерін атап көрсетеді:

1. Мәтін – сөйлеушінің белгілі бір тақырыпқа қатысты ойын, пікірін білдіретін сөйлеу бірлігі.
2. Мәтін негізгі ойды, идеяны, мазмұнды беретін тақырып атауынан құрылған автономды аяқталған сөйлеу бірлігі.
3. Дұрыс құрылған мәтіннің басы мен соңы болады.
4. Мәтіннің әңгімелесу, суреттеу, ойталқы деген типтік

формалары белгілі, әдістемеде мәтіннің бұл типтік түрлері мәтін құрастыруға бағыт – бағдар береді [3,67б]

Мәтін тіл үйретуде маңызды рөл атқаратындығы, мәтінді меңгерту үйренушінің тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға тірек

болатындығын меңзейді. Яғни, мәтінмен жұмыс барысында сөйлеу әрекетінің барлық түрлері орындалады. Мәтінді алдымен оқитын болса, оқылым әрекеті жүзеге асады, содан соң тілдесім, қойылған сұрақтарға жауап беру барысында оқушы мен мұғалім немесе оқушы мен оқушы тілдесіп, талдау жасалады, сонымен бір мезгілде айтылым да айтылып жатады, мәтінмен жұмыс барысында міндетті түрде жазылым іске асырылады, сөйтіп, сөйлесім әрекетінің барлық түрі орындалады. Демек, тіл уйрету, оның ішінде шет тілінде мәтінмен жұмыс күн сайын орындалатын дағдылы үрдіс.

Мәтінмен жұмыс жасау – тіл дамытудың іргетасы, оқушылардың жаңа сөздер үйренуде, бұрын білетін немесе түсінбейтін сөздерінің мағынасын анықтауда маңызы зор. Сондай-ақ мәтінмен жұмыс жасау барысындағы сөздік жұмысы сөйлем құрауға материал береді, сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгімені айтуға, шығарма жазуға көмектеседі.

Мәтінмен жұмыс істеудің ерекшелігі: ол тіл дамытудың басқа түрлері сияқты оқу-тәрбие жұмысының барлық салаларында жүргізіледі. Өлең, әңгіме, мысал, мақал-мәтелдер, эссе және т.б. оқу арқылы оқушылардың тілі дамиды. Мәтінмен жұмыс оқушының сөздік қорын дамытумен тығыз байланысты. Тілді, оның грамматикалық құрылысын меңгеру оқушыларға өз пікірлерін айтуға, сұрауға, қорытынды жасауға, заттар мен құбылыстар арасындағы алуан түрлі байланысьарды аңғара білуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге мәтінмен жұмыс жасау сөз арқылы оқушыны дәл ойлауға дағдыландырып, оның шығармашылық қабілеттерін арттыруға, сөйлеудің мазмұны мен формасының бірлігін қамтамасыз етуге бағытталады. Сөз байлығы- қоғамның байлығы, әр тұлғаның байлығы. Сондықтан да оқушылардың сөздік қорын байыту мақсатында мәтінмен жұмыс жүргізудің маңызы зор. Оқушы оқыған мәтіннің мазмұнын дұрыс қабылдау үшін, сөздік жұмыстарының жүргізілуін мұқият қадағалау қажет, яғни мәтінде оқушыға түсініксіз бірде-бір сөз болмауы қажет. Мәтінде кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру сатылы негізде жүзеге асырылуы тиіс: мәтінді оқуға дайындық кезеңінде; мәтінді оқу барысында; мәтінді оқып шыққаннан кейін.

Көркем мәтінде ауыспалы мағыналы бейнелі сөздер өте көп кездеседі. Оларды оқушыларға таныту үшін мәтіннен бейнелі сөздерді табу керек, бейнелі сөздерді, сөз тіркестерінің мән-мағынасын түсіндіру қажет, сұрақ қою арқылы сөзді бейнелеп, көз алдына елестету қажет, осы сөздерді өздері құрастырған әңгімелерінде пайдалануын қамтамасыз ету қажет, дауыс ырғағын келтіру, мәнерлеп оқу керек, теңеу, эпитеттер табуға жаттығулар жасау керек.

Мәтінмен жұмыс жасау барысындағы ең басты міндеттердің бірі – оқушылардың үцренген сөздерінің белсенділігін арттыру. Ол ушін әр сабақ сайын жүйелі түрде арнацы тапсырмалар берілуі қажет. Мәселен, жаңа сөздерді қатыстырып сөз тіркесін құрау, сөйлем құрау, мәтінге жақын мазмұнда әңгімелеу және т.б. Мәтінмен жұмыс жасау тілді дамыту басты көрсеткіші. Ол дәйекті зерттеу мен мұқият зерделеуді қажет ететін психологиялық, педагогикалық, лингвистикалық мәселе болып табылады. Тіл дамыту оқушылардың дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу, сөз байлығын арттыру,

ойлауын дамыту т.б. жқмыстарды қамтиды. Мәтінмен жұмыс онда кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіріп, анықтаумен ғана шектелмейді. Ол жаңа ұғымдар жасау, заттың жаңа қасиеттерін табу, жаңа көріністерді байқау сияқты жұмыстармен тығыз байланысты . Мұндай жұмыстар оқушылардың ойын, тілін дамытады, эстетикалық таным-талғамын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Қ. Жарықбаев Психология. Алматы. «Білім», 1993ж.
2. О.Л. Каменская Мәтін және коммуникация. Жоғарғы сынып, 1990. – 12б.
3. Г.Б. Матвеева Білім берудегі негізгі қиындықтар. М., 1968, 170б.

ФИЗИКА ПӘНІ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мукиат С.
«Физика» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекші: аға оқытушы, магистр Қожахмет М.С.,

Қоғамның дамуы бүгінгі таңдағы білім беру процесінде дамыған елдер стандартына деген ұмтылысты қажет етуде. Ал әлемдік білім кеңістігіне ену, әрине, бәсекеге қабілеттілік ұғымымен байланысты. Қажеттілік, қабілет, мүмкіндіктен туындайтын нәтиже даму мен ұмтылыс арқылы жүзеге асады. Осыған орай, жаңа қабылданған «Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» – Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын жүзеге асырудың өзекті бағыттарының бірі [1].

Қазіргі таңда ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу-ағарту саласының оқыту үрдісіне жаңа технологиялық әдістер мен қондырғыларды кең көлемде қолдануды қажет етуде. Электрондық байланыс жүйелері арқылы ақпарат алмасудың тиімділігі өркениетті елдердің іс-тәжірибелерінде айқын сезілуде. Қазір білім беру жүйесі мен білімді тексеру мақсатында ақпараттық технологияларды енгізу басты мәселеге айналуда. Ақпараттықтехнологиялардыңтиімділігі:

- Қашықтанбілімалумүмкіндігініңтуындауы;
- Қажеттіақпараттыжеделтүрдеалумүмкіндігі;
- Білімсапасынаәсерізор;

Қашықтаноқыту–
ақпараттыққұралдаржәнеғылыминегізделгентәсілдерарқылыбілімалуформасы. Қашықтаноқытудаекі компонент бар: оқытудыбасқаружәнеөзбетіменбілімалу.

Қазіргі заманда білім жүйесінің заман талабына, уақыттың сұранысына қарай ғарыштап дамуы, әрбір педагогтан сабақты ғылыми жобада жасауын талап етеді. Сабақты ғылыми жобада жасай білген мұғалім оқушы жүрегіне жол тауып, оның сабаққа деген қызығушылығын арттырып, мұғалім мен оқушы арасында түсінушілік пайда болады. Мұғалімнің коммуникативті дамуы:

оқушыларды тыңдау, олардың көзқарасын түсіне білу, сын жасай білу, әңгіме, ұйымдастыра білу керек. Әрбір мұғалімнің бойында шартты рефлекциялық қасиеттер қалыптасуы керек: балаларды оқытуды өзінің тәсілін жұмысында қолданып, қиын жағдайларда шешімін тауып, шыға білу керек. Қашықтан оқыту курсы осыған бағытталған [2].

Бұл оқыту құралының күштілігі соншалықты, онымен бірге басқа мектептермен оқытудың жаңа түрлерімен, оқыту әдістерімен, яғни тәжірие алмасады. Әдістемелік кешен, мұғалім мен оқушыға қажетті бағдарлама, қазақ тіліндегі оқулықтар мен көмекші құралдары жеткіліксіз. Пән мұғалімдерінің интернетті осы уақытқа дейін аз ғана пайдаланып, тіпті қолданбағандары да бар. Мектептер жаңа ақпараттық технологиялармен жабдықталғанымен, мұғалімдердің осы тақырып бойынша білімін жоғарылататын, яғни мұғалімдерді дайындайтын курстар жеткіліксіз. Ал, жалпы білім беру ісі жөнінен басқа озық елдердің тәжірибесін зер салып отыру, өзінің білімін жоғарылату, жаңашылдық, озат тәжірибе, компьютерлік коммуникацияны үйрену – әрбір пән мұғалімінің кәсіптік міндеті, қажетті парызы. Қаншалықты барлық құралдар жеткілікті болғанымен, пән мұғалімінің білімі төмен болса, оқушылардың телекоммуникация жөніндегі білімі төмендеп, болашақта Қазақстандағы телекоммуникациялық ортаның дамуына әсерін тигізеді.

Оқушылар қашықтан оқу арқылы өз білімдерін жетілдіре алады және ақпарат жүйлерін пайдалану мүмкіндігі артады. Мысалы керекті әдебиеттер мен оқу кітаптарын іздеу, бақылау және тестік тапсырмаларды орындау, лабороториялық жұмыстар, дайын баяндамалар, қашықтан олимпиадаға қатысу оқушының шығармашылық потенциалының дамуына әсер етеді.

Әр елде, қалада орналасқан оқушылардың қашықтан оқытуға қатысуы шығармашылық бірігу және жарысу эффектісін береді. WEB – беттер жасауда оқушылар өздерінің жұмысын желіден көріп оқушы ғылыми, суретші немесе басқа шығармалардың авторлары болады. Өзінің жұмыстарын жақсы, қызықты етіп көрсету үшін олар гипермәтіндермен, графикамен, дыбыстармен жұмыс істейді. Қашықтан оқуда оқушылар мәдениет арасында байланыс орната алады. Басқа елмен сұхбаттасу үшін сол елдің мәдениетін жақсы білу керек. Сонда мәдениеті, білімдері, діни бөлек оқушылар емін-еркін ақпарат алмаса алады. Басқа елмен байланысу үшін алдын ала оқушының психологиясын дайындау керек. Ол үшін әр түрлі тренинг өткізу керек. Бұл тренингте басқа елдердің мәдениетімен, олардың арсындағы айырмашылықтарды таныстыру бағытымен өтеді. Оларда мезгіл уақыттары мен уақыт арасында айырмашылық болады. Осы жерде электрондық конференциялар көмектеседі, одан керекті ақпаратты алуға болады. Қашықтан оқыту оқытушылар үшін де, оқушылар үшін де тиімді екенін уақыт дәлелдеді. Қашықтан оқыту жүйесіне ата-аналардың көзқарасы жақсы қалыптасып келеді. Әсіресе ата-аналар үшін қашықтан оқыту материалдық жағдайының тиімді болуын қарастырады.

Физиканы бағдарлы оқыту үшін көптеген мектептерде физикалық құрал-жабдықтар жетіспейді. Бұл өзекті мәселені шешу жолдарының бірі бағдарлы

деңгейде физиканы оқытуға арналған интернет- ресурстарды қолдану. Атап айтқанда:

- http://www.virtulab.net/
- http://ustudy.kz/
- Физика: коллекция опытов. http: //experiment. edu. Ru
- Современная физика в задачах. http: // www. nsu. ru/ materials/ssl/text/metodics/ivanov.html
- Лабораторные работы по физике. http: //phdep. Ifmo.ru/labor/common/
- Открытая физика http: //www.scph. mipt.ru/
- Бесплатные обучающие программы по физике.http: //www.history.ru/freeph. Htm
- Анимация физических процессовhttp: // physics.nad. ru/
- Кабинет физики http: //www.edu.delfa.net/ [3].

Осы және тағы басқа сайттардың, электрондық оқулықтардың көмегімен қажетті компьютерлік физикалық көрсетімдерді, эксперименттерді, тәжірибелерді, лабораториялық жұмыстарды жүргізуге болды. Сонымен бірге әдістемелік, дидактикалық материалдарды алыппайдалануға болады.

Жоғарыда аталған екі компонентті Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты өз тәжірибелерінде жүзеге асыруда. «Платонус» бағдарламасы бойынша оқытуды басқаруды жүзеге асыратын бөлім жұмыс атқарады. Ал өз бетімен білім алу көп жағдайда сырттай бөлім студенттері үшін жақсы жолға қойылған. Студенттерге қашықтықтан білім алу өте қолайлы. Оқытушылардың берген тапсырмасын жұмыстан қол үзбей де орындап, уақытылы тапсыруға мол мүмкіндік берілген. Студенттер модульдік жүйе бойынша білім ала отырып, инновациялық саясатқа сәйкес қашықтықтан өз бетімен білім алуды меңгереді және түсініксіз материалдар бойынша сұрақ – жауап нақты, әрі жылдам алынады. Физикадан білім сапасын арттырып, білімді практикамен ұштастыру маңызды.Осы орайда студенттербақылау және тестік тапсырмаларды орындау, лабороториялық жұмыстарды виртуальды орындау арқылы өздерінің білім, біліктерін дамытады, басқаша айтқанда теориямен практиканы ұштастыра отырып кәсіби құзіреттілігін қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы“12 жылдық білім” атты Республикалық ғылыми - әдістемелік және ақпараттық – сараптамалық журнал, №7 2005 ж. және №2 2006 ж.

2. Дәстүрлі және электрондық оқытуды кіріктіру. Қазақстан мектебі, №7,8 2006жыл.

3. «Математика және физика» ғылыми - әдістемелік журналы, №1,2006 ж.

БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ, ЕРТЕҢІ...

Мұсабек И.О.
«Математика» мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Абдрахманова М.Т.

Білім беру жүйесіндегі істің жағдайын түбегейлі өзгертуді қолға алған Елбасымыздың бастамасы Қазақстан халқына үлкен серпіліс әкелуде. Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2005 жылғы ақпан айындағы Қазақстан халқына жолдауында: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық», – деген тұжырымы, XXI ғасыр деңгейінде жан-жақты сапалы білім беруді бірінші орынға қояды.

Жалпы білімнің жүйесі – қоғам дамуымен бірге дамып, үнемі өзгеріп отырады. Ол әр елдің экономикалық ерекшеліктеріне қарай қалыптасып, үнемі үздіксіз жетіле отырып, барынша күрделене түседі. Бүгінгі жаңа қоғамда мұғалімнің ішкі жан дүниесі де жаңаша, демек болашақ ұрпақтан үлкен үміт күтілуде.

Білім-тоқтаусыз, толассыз үрдіс. XXI ғасыр білімін адамның қызығушылықтарының дамуы, оның өзінің дамуы деп түсіну керек. Бұл -әр адамның өзін-өзі жасампаздықпен қайта құра алуы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны өзгертуге қатыса алуы. Білім арқылы адамның интеллектуалдық, рухани күші артып, тұлғалылығы қалыптасады.

Қазіргі қазақстандық білім беру жүйесі «Білім туралы» Заң (1999 жыл), «Білім» мемлекеттік бағдарламасы (2000 жыл), «2010 жылға дейінгі білімді дамыту стратегиясы» (2001 жыл), «2005-2010 жылдарға арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» (2004 жыл) сияқты стратегиялық нысандағы құжаттармен бекітілген [1].

Бүгінгі таңдағы әлемдік бәсекелестік заманда әрбір оқушының білім сапасын, қабілеттілік деңгейін анықтайтын жеке тұлғаны дамыту мәселелері күн тәртібінде өз өзектілігін жойған жоқ, яғни адамның білімі мен біліктілігі қазіргі заманда әрбір мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды факторына айналды. Білім беру жүйесін ақпараттандыру үрдісі заман талабы және Қазақстан Республикасында ақпараттандыру бағытының ең маңызды әлеуметтік-экономикалық жалпы мемлекеттік мәселенің бірі болып табылады

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасында: «Орта білім беру міндеттерінің бірі-азаматтыққа, адамның құқықтары мен бостандықтарына құрметпен қарауға, елжандылыққа, өз Отанын сүюге тәрбиелеу» деп көрсетіледі.

Ел Президентінің 2004 жылғы 19 наурыз айындағы Қазақстан халқына «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» Жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен, оның ішінде патриоттықпен айқындалатынын ерекше атап көрсетеді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған

мемлекеттік бағдарламасында және Қазақстан Республикасы білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде білім беру мәселесінің жай-күйі жан-жақты талданып, адамгершілік құндылықтарды нығайтуға ерекше назар аударып, Қазақстандық патриотизм мен интернационализм негізінде білім алушыларды тәрбиелеудің тиімді жүйесін енгізу қажеттілігі баса айтылды.

Дегенмен де білім жүйесінің аса күрделі және жауапты сала екендігін, оны реформалауда қателіктер жіберілсе, бірнеше ұрпақтың тағдырына, мемлекетіміз бен ұлтымыздың тәуелсіздігі мен қауіпсіздігіне зиянын тигізуі мүмкін екенін, сондықтан білімнің пәрмеңділігін және сапасын арттыру үшін бүкіл білім жүйесінде қысқа мерзім ішінде күрт өзгерістер жасаудың қауіпті де, қатерлі екенін әрқашан ескергеніміз жөн.

Қазіргі білім жүйесінің басты кемшілігі оның білім жиынтығын беруге бағытталғандығында ғана емес, сол білім мазмұнының шашыраңқы, қазіргі өркениеттің өзгермелі сипатына, ғылыми жаңалықтарға, тез жетілдіріп өндіріске еніп жатқан жаңа технологияларға сәйкес дер кезінде жаңарып, жетіліп, бейімделіп отыруға қабілетсіз, консервативті, орталықтандырылған, жабық және шектеулі түрде болуында деп есептеймін. Оның үстіне, соңғы он бес жылдың көлемінде мектептердің оқу-материалдық, кадрлық базасының моральдық та, материалдық та жағынан барынша ескіріп, құлдырап кетуі білім сапасына орасан зор зиянын тигізгені белгілі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында болашақ, келесі ғасырда, жаңа мыңжылдыққа өткен құндылықтар туралы айтты: «Біз өзіміздің болашағымызды және жастарымызды қандай күйде көргіміз келеді, осыны айқындап алатын уақыт жетті. Біз ненің іргесін тұрғызғымыз келетінін, таңдап алған мақсатымызға алып келетін өз дамуымыздың траекториясы, даңғылы қандай болуға тиіс екенін анық білуге және ұғынуға тиіспіз». Міне сондықтан еліміздің даму бағыты айқындалған уақытта білім берудің маңыздылығы мен оның мәнділігіне көңіл бөлініп, сапалы білімге қол жеткізуде нақты міндеттер қойылып, болашақтағы атқарылар іс-шаралар айшықталуы қажет. Білім беруді қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымынан, мәдени құндылықтарынан, ұлттық дәстүр, рухани негізден бөле-жара қарауға болмайды.

Әрбір жеке тұлғаның болашағы өз мектебінде шыңдалады. Ертең осы елге ие болып тәуелсіз еліміздің тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушылары. «Халықты халықпен,адамды адаммен теңестіретін - білім», - деп ұлы жазушымыз М.Әуезов айтқандай, елімізді өркениетке апарар жолдың бастауында мектеп тұрады. Мектептегі білім - барша әлем тыныс – тіршілігінің алғашқы іргетасы [2].

Білімді ұрпақ – еліміздің болашағы, ертеңі. Тәуелсіз еліміз қанатын кере жайып,ел мәдениеті өркендеген қазіргі заманда тек білімді жастар ғана ұлтымызды асқақ,елімізді көкке көтереді. Қоғамның негізгі өзегі – жастар. Қазақстанның болашағы жастар еншісінде екенін ескерсек, сол жастардың, яғни біздердің сапалы білім алып, тәрбиелі, парасатты азамат болып қалыптасуымызға қоғамның да ықпалы зор екені анық. Саналы қоғамда білімді

азаматтармен бірлесе өмір сүрсек, өз бойымызда білімге деген құштарлық пен ізгі сезімдердің қалыптасатыны сөзсіз. Елбасымыз жастардың сапалы білім алып,саналы азамат болуы үшін де қазіргі заманда білім – ғылымға және мәдениетке аса көп назар аударатыны, ғылыми прогрессті дамыту үшін көптеген қызмет атқарып, еліміздің дамуындағы білімнің манызын айтып, нұсқау беруі – бәрі де еліміздің экономикасының қарыштап дамуындағы бірден – бір өзгеріс екені баршамызға айқын. Сондықтан, Қазақстанның жарқын болашағы тек білімді жастармен ғана қалыптаспақ!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі::
1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы //Талдықорған газеті, 2005. 25. 02, - 4 б.
2. Қазақстан Республикасының «Білім беру» туралы заңы //Егеменді Қазақстан, 1999. 11.06. - 2 б.

ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ КОМБИНАТОРИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН МЕКТЕП МАТЕМАТИКА КУРСЫНДА ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

Мырзакерім Д.
«Математика» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Тулегенова А.К.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру жүйесін жаңа сапамен және терең мазмұнмен толықтыру қажет екені айтылған.

Осы мақсатты орындауда жеке пәндерді жүйелі оқытудың маңызы зор. Ғылымдардың патшасы атанған математика пәнінен білім берудің ерекше екенін айта кетуге болады. Математика адамзаттың жаратылысты тануында, мемлекеттердің ғылыми дамуының негізінде жатқан ғылым ретінде танылды. Кез келген мемлекеттің прогрессивті дамуының қозғаушы күші – мұғалім. Сондықтан бүгінгі күні ғылым мен білім беру сапасы қызметкерлерінің алдына қойып отырған басты міндет – білікті де құзыретті бәсекеге қабілетті мұғалімдерді дайындау. Қоғам қашанда дарынды, қабілетті, адамдарға мүдделі. Қоғам барған сайын күрделене түсуде.

Қазіргі кезде мамандық атаулының барлығы бейімділікті, ептілікті, шапшаңдықты, ерекше ой –қызыметін, мол шығармашылықты қажет етеді. Болашақ қоғамның ертеңі, оның материалдық прогресі жас ұрпақтың оқуы мен тәрбиесіне байланысты. Сол себепті орта мектепте өмірге дайын, қоғам мен мемлекет жұмыстарын жүргізуге жаңа адамды қалыптастыруда үлкен жұмыс жүргізу көзделіп отыр. Оларға жалпы білім беретін мектеп оқушысында шығармашылық іске мұқтаждығын ояту және ұйымдастыра отырып,

шығармашылық қабілеттілікке танымдық, өз бетінше ойларын дамыту міндеттерін жүктеуде.

Осы бағыттың маңызды бөлімі – математикалық білімді жетілдіру болып табылады.

Ықтималдық - қандай да бір оқиғаның мүмкіндік деңгейі (салыстырмалы өлшеу, сандық бағалау). Ықтималдықтарды математикалық тұрғыдан зерттеу – ықтималдықтар теориясы деген ерекше пәнді анықтайды. Оқиға деп қандай да бір сынақ (тәжірибе, бақылау, эксперимент және т.с.с.) нәтижесін айтуға болады. Сынақ нәтижесінде оқиғаның орындалуы да, орындалмауы да мүмкін болса, онда бұл оқиғаны кездойсоқ оқиға деп атаймыз.

Кез келген А оқиғасының ықтималдығын классикалық анықтама бойынша есептеу үшін А-ға тиісті нүктелердің (А оқиғасына «қолайлы жағыдайлардың») санын барлық нүктелер (барлық «жағыдайлар») санына бөлуіміз керек. Бұл комбинаторика ережелерін қолдану арқылы жеңіл жүргізіледі [1].

Комбинаторика – математика тарауларының бірі. Мұнда шекті жиын элементтерінің түрлі қосылыстары, басқаша айтқанда, әр қилы конфигуралары қарастырлып, олардың сандары салалары саналарды және де есептеледі.Теориялық зерттеу тұрғысынан алғанда комбинаторика алғаш рет XVII ғасырдағы Паскаль, Ферма, Леибнис, және XVIII ғасырдағы Я.Бернулли, Эйлер еңбектерінде қарастырлған.

Ұлы математиктердің бұл шығармаларында комбинаторикалардың бір жағынан алғанда тұрмыстың сан алуан мұқтаждарына байланысты болса, ал екінші жағынан алғанда, математиканың өз ішіндегі дамуларымен шектесіп жатыр.

Қазіргі кезде комбинаторика математика саласының ішінде өте жедел дамып отырған бөлігіне айналды.

Асықты лақтырғанда оның бүк, шік, тәйкі немесе алшы жағы жоғары қарап түсуі де – кездейсоқ оқиға. Сонымен, кездейсоқ оқиға деп белгілі бір тұрақты жағдайда орындалуы мүмкін немесе орындалмауы мүмкін оқиғаны айтады. Мысал 1: Асықты лақтырып ойнағанда, ол асықтың бүк жағы жоғары қарап немесе шік жағы жоғары қарап, әлде болмаса, тәйкі жағы немесе алшы жағы жоғары қарап түсуі мүмкін. Мұнда бірі орындалса, басқалары орындалмайтын жағдай бар. Асықты лақтырғанда оның бүк, шік, тәйкі немесе алшы жағы жоғары қарап түсуі кездейсоқ оқиға болып табылады. Біз қадағалап отырған нәтиже қанша рет шығатындығын анықтау үшін бірнеше рет бір-біріне тәуелсіз тәжірибелер жүргізіледі. Тәжірибе деп нәтижесін байқауға болатын объектіні түсінеміз. Мысалы: емтихан тапсыру, мылтықтан оқ ату, ойын тасын лақтыру, т.б. Негізі тәжірибеге дейін бізге қолайлы оқиғаның орындалатынын, не болмаса орындалмайтынын анықтау мүмкін емес, оны тек тәжірибе соңында ғана көреміз. Біз ықтималдықтар теориясында кездейсоқ тәжірибеге қатысты барлық оқиғаларды кездейсоқ оқиғалар дейміз және кездейсоқ оқиға болып мына оқиғалар саналады:

1. жалған - ешқашан орындалуы мүмкін емес оқиға,
2. айқын - әрбір тәжірибе барысында орындалатын оқиға.

Мысалдар.

1. Екі ойын сүиегін лақтырғанда барлық жағыдайлардың саны қанша?

Шешуі. Екі ойын сүйегін лақтырғанда бірінші сүйекте түскен ұпай *i*, екінші сүйекте түскен ұпай *j* болсын. Сонда тажирбенің нәтижесі (*i* ,*j*) парлары болады, мүндағы *i* де, *j* де 1, 2, 3, 4, 5 ,6 мәндерінің бірін қабылдайды. Сөйтіп, барлық жағыдайлардың саны парлардың принципі бойынша $n = 6 * 6 = 36$.

2. Телефон станциясы төрт цифрдан тұратын номері бар телефон аппараттарын қамтамасыз етеді. Станция жабдықтайтын барлық аппараттар саны қанша ?

Шешуі. Әрбір аппараттар номерін (*i, j, r, l*) кортежі деп қарастыруға болады. *i, j, r, l* элементері цифрлардың қайсын болса да қабылдай алады. Демек, барлық телефон аппараттарының саны $n=10\cdot10\cdot10\cdot10=10000$ [2].

Кейбір оқулықтарда «кортеж» дегеннің орнына «бір-бірлеп алынған комбинатция» деп те атайды.

Ықтималдықтар теориясы адам өмірінде маңызды орын алады. Оның маңызы адамның күнделікті өмірі, дүниені танып білу барысы кездейсоқ оқиға толы болғандықтан ондағы кездейсоқтық заңдылықтарын білуде. Ықтималдықтар теориясы әр салада үлкен үлесін қосады.

Ықтималдықтар теориясы өндірісті жоспарлау мен ұйымдастыруға, технологиялық процесстерде талдауға, өнім сапасын тексеруге, көптеген басқа салаларда қолданылады. Ықтималдықтар теориясы өмірдегі кездейсоқтықтарды зерттеп, олардың заңдылықтарын ашады.

Сонымен қатар ықтималдықтар теориясының білімге, дағдыға, ептілікке үйретететінін атап көрсетуге болады. Ықтималдықтар теориясы алған математикалық білімін нақты қолданатын, адам өмірінде маңызы зор.

Қазір ықтималдық теориясының әдістері қолданылмайтын сала жоқ. Ықтималдық статистика әдістерін қолдану көптеген ғылым салаларында дәстүрлі бағыт болуда. Оларға физика, геодезия, өлшеу теориясы және т.с.с. жатады. Кейінгі кезде ықтималдық теориясын медицина және биология, әскери ғылым мен космонавтика, лингвистика, психология теориясы мен оқыту теориясы, т.б. ғылымда да қолдана бастады. Одан басқа ықтималдық әдістерінің негізінде ықтималдық теориясынан шыққан жаңа ғылымдар қатары пайда болуда. Бұлар – ақпарат теориясы, сенімділік теориясы, сапаны статистикалық бақылау, тәжірибені жоспарлау және т.с.с. Сондықтан ықтималдықтар теориясы мен статистика элементтерін оқыту аталған тақырыптың маңызды орын алатынын білдіреді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі::

1. Бунимович Е.А. Вероятностно-статистическая линия в базовом школьном курсе математики.- //Математика в школе.-2002.- № 4.-с.52 –58.
2. Шыныбеков Ә.Н. «Алгебра»: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналаған оқулық- Алматы: Атамұра , 2007.-207 б.

ШЕТ ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН ҚОЛДАНУ.

Нуридин А.
«Шетел тілдері: екі шет тілі» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Байдалина Ж.Ж.

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Мұғалімдер алдында оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына жағдай туғызу қажеттілігі тұр. Жаңа технология әрбір мұғалімнен жаңа ізденісті, шығармашылықпен ойлауды талап етеді.Мұғалімдер оқушыларға білім беруде түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып оқытса, оқытуда үлкен жетістікке жетері анық. Сондықтан қазіргі таңда білім беру аясында«Блум таксономиясы» кеңінен қолданылып жүр.

Бенджамин Блум (ағыл. Benjamin Bloom), (1913-1999) – американдық оқыту әдістемесінің психологі, «Блум таксономиясының» авторы.

Пенсильванияда Ленсфорд қаласында туылған, 1935 жылы Пеньсилван университетін бакалавр және магистр деңгейлерімен бітірген, 1942 жылы Чикаго университетінде докторлық деңгейін қорғады. «Блум таксономиясы» атты кітабында өз теориясын дамытқан. Адами мінездеменің өзгеруі мен бірқалыптылығы және білім беру мақсаттарын жүйелеу. «Блум таксономиясы» арқылы кез-келген пәнді түсінікті ,жетік меңгеруге жол ашады. Себебі, әр алған білімдерін теориялық және практикалық жағынан да ой елегінен өткізіп, саралай алады. [1]

Таксономия – белгілі бір критериялар мен ұстанымдар бойынша объектіні жүйелеу, топтастыру немесе жіктеуді айтады. Блум таксономиясының мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру болып табылады.

«Блум таксономиясы» бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына, салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн. «Блум таксономиясы» адамның ақыл-ой қабіліттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін 6 деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді. Тапсырмалар құруда оқытудың белсенді әдістердің мәні – оқушыларды кәсіби іс-әрекетті меңгеруге бағытталады. Сабақ жоспарын «Блум таксономиясына» салып, бағдарламада белгіленген жеті модульді ықпалдастырудың арқасында оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын , сондай-ақ қызығушылықтарын түсініп, оқытудың жаңа тәсілдерін тиімді және орынды пайдаланып, оқушы бойында ішкі уәж тудырып, өз қабілеттеріне сенім арттырып, ол өз кезегінде жаңа материалды саналы түрде меңгеруіне әсер етеді деп ойлаймын [2].

Бұл әдіс бойынша білім алу таным мен ойлаудың негізінде жүзеге асырылады. Таным мен ойлау бірнеше деңгейден тұрады:

Bloom`s Taxonomy	
1) Жинақтау	1) Create
2) Бағалау	2) Evaluate
3) Талдау	3) Analyze
4) Қолдану	4) Apply
5) Түсіну	5) Understand
6) Білу	6) Remember

Әр деңгейге жеке-жеке анықтама беріп, тоқтала кетсем:

Жинақтау (құрастыру, шығармашылықпен орындау, жоспарлау, дайындау) – таным мен ойлаудың жоғары деңгейі. Жаңа үлгідегі әртүрлі тәсілдермен элементтерді қиыстыру арқылы ақпараттарды жүйелеу немесе балама шешім ұсыну.

Бағалау(ұсыныс жасау, таразылау, сұрыптау, таңдау) –таным мен ойлаудың жоғары деңгейі. Пікірмен таныстыру және оны дәлелдеу, ақпарат бойынша қорытынды жасау және жұмыс сапасын бағалау. Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтиежелеріне қол жеткізуді меңзейді.

Талдау (бөліп шығару, талқылау, баға беру, тәжірибие жасау, тестілеу, салыстыру, сынау, диаграммамен көрсету)–таным мен ойлаудың жоғары деңгейі. Дәйектер мен себептерге сәйкес ақпаратты тексеру және жіктеу. Қорытынды жасау және жалпылаудың болғанын растайтын дәлелдерді анықтау.

Қолдану(жасап көру, көрсетіп беру, практикада қолдану, жазып көрсету, идеяларға жүгіну) - таным мен ойлаудың орта деңгейі. Жаңа білімдерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіну деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.

Түсіну(түсіндіру, жеткізу, тұжырымдау, аудару, сөзбен қайта құрастыру, сипаттау, анықтау,ерекшелігін анықтау, салыстыру, мәлімдеп беру,)- таным мен ойлаудың орта деңгейі. Негізгі идеяларды ұйымдастыру, салыстыру, түсіндіру, сипаттау және бекіту жолымен фактілермен идеяларды түсінетіндігін көрсету.

Білу(қайталау, еске түсіру, белгілеу, санап шығу, анықтау, назар аудару, жаттау) – таным мен ойлаудың төмен деңгейі. Бұл категория мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағыталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді. Тест тапсырмалары; қалдырып кеткен белгілерді қою; жатқа айту; анықтамалар мен атауларды қайталау, олардың қолдану тәртібін айту. Үйренушілерге бірнеше сұрақтар қою арқылы анықтайды [3].

Қорытынды:

«Блум таксономиясы» бойынша, оқушылар білімдерін жинақтайды, бағалайды, талдайды, қолданады және түсінеді, ең соңында біліп, яғни

тақырыпты толық меңгеріп шығады. Ең маңыздысы, алған білімдерін нақты қорытындылайды.

Кез-келген тақырыпты алып, «Блум таксономиясы» бойынша сұрақтар қоя білу (білу, түсіну, қолдану, анализ, жинақтау, бағалау) арқылы берілген тақырыптар бойынша проблемаларды анықтап, дұрыс шешім жолдарын таба білуге жол сілтейтін әдістің бір түрі.«Сіздің ойыңызша бұл дұрыс, бұрыс, маңызды ма, маңызды емес пе, жақтайсыз ба, қарсысыз ба?» , полемика мен дау-дамай туғызатын сұрақтар арқылы жүзеге асыруға болады. Оқушылар күнделікті сабаққа «Блум таксономиясы» бойынша жоспар құруды үйренеді. Қазіргі таңда, «Блум таксономиясы» кез-келген білім беру аясында қолданылуда. Блум таксономиясы - білім берудің өте ыңғайлы әрі тиімді жолы [4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан мектептеріндегі шетел тілдері» 2016ж, №4
2. «Блум таксономиясын оқу үрдісінде пайдалану әдістемесі».Әдістемелік құрал, 2013ж
3. «Оқытудың нәтижелерін бағалаудың әдістемесі». 2015ж.
4. «Өзгеріс. Тәжірибе. Ойтолғау» облыстық деңгейдегі идеялар жәрмеңкесі Жинақ, 2014ж 21-ақпан

МӘҢГІЛІК ЕЛ:БІР ЕЛ-БІР ТАҒДЫР

Нұрмаш Г. Н.
«Биология» мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекші: оқытушы Хамитова Қ.К.

Мұратсыз ұлт ұлт болып қалыптасуы да, сақталып қалуы да мүмкін емес. Қазақ хандығы тұсында ұлттық идеяның өзегін мемлекеттікті нығайту, этникалық территорияны қалыптастыру болса, одан кейінгі кезеңде Ресей, Қытай, Жоңғар, Орта Азиялық мемлекеттермен оңтайлы қарым-қатынас орнатып, елдігімізді сақтап қалу болды.

Елбасының Жолдауда айтқан «Мәңгілік Ел» идеясы да осыдан туындаған деп ойлаймын. «Мәңгілік Ел» жобасы, «ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті». Елбасымыз қазақ елінің барлық азаматтарына алты үлкен міндет артты.Біріншіден, артымыздан еріп келе жатқан ұрпақтың жат жұртта емес,өз елінде өсіп,өмір сүруге құштарлығын арттыру,соған жағдайлар жасау,туған жерінің иесі екендігін сіңдіру. Екіншіден,барлық этностар құқықтарының теңдігін сақтау. Үшіншіден,қазақ тілі мен үштұғырлы тіл саясаты.Елбасы қазақ тілі біздің рухани негізіміз екенін, еліміздің болашағы қазақ тілінде екенін,қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп,кез келген ортада жаппай қолданыс тіліне айналып,шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде,біз елімізде «Қазақ мемлекеті» деп

атай алатынымызды атап өтті. Төртіншіден,мәдениет,дәстүр және даралық. Елбасы қазақтың күрделі мәселелерін ашық айтып,ішкі тұтастықты бұзуға дәмеленген рушылдық,жершілдік секілді алып-қашпа әңгімеден бойды алыс ұстауға шақырды.Қарға тамырлы қазақтың түбі бір екенін әрқашан есте ұстау керек. Бесіншіден,ұлтты интеллигенцияның рөлі.Алтыншыдан, XXI ғасырдағы Қазақстандағы дін туралы ойлану керек екендігін атап көрсетті.Аталмыш тәрбиелік білім барлық оқу орындарында қамтылуы қажет екенділігін нақтылады [1,2б].

Қазіргі уақытта «Мәңгілік Ел» болу үшін азаматтарымыз (әсіресе жастар) білім, ғылыммен мықты қаруланған болуы қажет. Себебі, кез келген мемлекеттің басты байлығы ол халқы, адам капиталы. Сондықтан Мәңгілік Ел болу үшін әр азаматымыз осы бағытта жұмыс жасауы керек. Мырзатай Жолдасбеков ағамыздың сөзімен айтатын болсақ: «Қазақтың ендігі ұлттық идеологиясы осы Мәңгілік ел деп ойлаймын. 2050 жылы біз Мәңгі ел бола саламыз деп ешкім кесім жасай алмайды. Елбасы оны айтып отырған жоқ. Қазақтың түпкі арманын меңзеп отыр. Халыққа біртұтас идея, алға жұмылдыратын бағыт, мақсат-мұрат керек. Бұл Жолдауда айтылған, қазақтың көкейіндегісін дөп тапқан сөз болды деп санаймын». «Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі, оны ұстап тұру әлдеқайда қиын. Бұл - әлем кеңістігіндегі ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама. Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел біздің өз қолымызда. Ол үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек». Елбасы Жолдауында айтылған сөздер әрбір саналы азаматтың жанын тербері сөзсіз. Ел мен тіл егіз ұғым. Мәңгілік сөзі бабалардан мирас болып келе жатқан мәңгі өлмейтін асыл қазынамыздың бірі - ана тілімен де тығыз байланысты. Олай болса, мәңгілік елдің онымен қатар жасап, бірге дамитын мәңгілік тілі болуы да шарт. Ол- мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру елімізде табандылықпен жалғасып келеді. Мемлекеттік тілді дамытуға жыл сайын миллиондаған қаржы бөлінеді. Елбасы өз Жолдауында мемлекеттік тіл саласында жеткен жетістіктерімізге тоқтала келіп, енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн деп ой түйді [2,4б].

Олай болса, ана тіліміздің-мәңгілік тіл ету өз қолымызда.Мәңгілік ел –бұл қазақтың өткен тарихынан бастау алуы тиіс.Тамыры тереңге жайылған тарихтан сыр шертер болсақ ,біз қазақ не көрмедік, қанша қиын жағдайларды ,ашаршылық,соғыс, елден жыраққа ауып кету , тіліміздің айырылу, барлығын бастан кешірдік. Бірақ осының бірде-біріне мойымастан бүгінгі күнге де аманшылықпен жетіп отырмыз.

Шүкір, міне осының өзі –ақ мәңгі ел керегесі.550 жыл бойына көрген қиындығымызға ешкімді жазғырмай,біреуді кінәләмай, қайғы көрсек тереңіне батып кетпей, қуанышқа асып-таспай бүгінгі күнге аман-есен жеткеніміз біз үшін үлкен бақыт! Терезесі тең, керегесі кең, шаңырағы биік еліміздің тарихы мен мәңгілік елдің ірге тасын қалап кеткен Керей мен Жәнібектен бастау алған қазақ елінің мәңгілік ел болуы , құрылуы осының айғағы. Мен үшін Мәңгілік ел осы кезеңнен бастау алды.Ал Ұлы Отан соғысы жылдар аралығында созылған соғыста ұлдарымызды айтпағанда, Әлия, Мәншүк , Хиуаз сиақты батыр қыздарымыздың өзі қан майданда ерлікпен шайқасты.Соғыстың сұрапыл жылдарында соғыстағы ұлдарымыз бен қыздарымыздың орны бір бөлек болса, тылда еңбек еткен ауыл адамдары соның ішіндегі ет жүрегі езіліп, күрсінген жүректің демімен дамыл таппай, ішінен тынып, балам соғыстан аман қайтса екен деп тілеген,еркектің ауыр қара жұмысын бір өзі атқарған қайран әйел-аналар-ай! Сонда да бізді қазақ деп ешкім мойындамады. Ресейдің қол астында болып ең басты, ең маңызды байлығымыз болған салт- дәстүрімізді, әдет–ғұрпымызды, тіліміздің, дінімізді жоғалттық. Жетпіс жыл орысша сайрадық, Бұл жылдарда елдің ел болып, ұлттың ұлт болып қалуы үшін батырларымыз атқа мініп, алаңға шығып, білектің күшімен күрессе, әдебиетте ақын жазушыларымыз қаламның ұшымен күресе білді [3,10-11б].

Бұдан кейінгі жылдарда да Тәуелсіздік үшін болған көтерілісте де жеңіске жетіп, 1991 жылы әупірімдеп Қазақ елі тәуелсіздігіне де қолын жеткізді. Бұл күн біз үшін, бүкіл қазақ халқы үшін ұмытылмас, асқан бір мейрам да болды, қайсар жастарын жоғалтқан қаралы күн де болды. Бұлт артынан күн шығады деп қазақ барлық қайғыны ұмытты да, осы күнге шүкірлігін айтты. Ол-«Тәуелсіздік».Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Ол арман–Мәңгілік ел.Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік Мұраттарына қол жеткізді.Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі болған Астана қаламызды тұрғыздық. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік қазақтың Перзенті.Ендеше, Қазақ елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік ел! Көз қарашығымздай сақтау мәңгі мұратымыз!

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Ұлттық тәрбие» республикалық ғылыми-көпшілік журнал 2(34)2016ж. 6б.
2. «Ұлттық тәрбие» республикалық ғылыми-көпшілік журнал 4(34)2016ж. 4б.
3. «Ұлттық тәрбие» республикалық ғылыми-көпшілік журнал 6(34)2016ж. 10-11б.

БАСКЕТБОЛ ОЙЫНЫ ТАЛАП ЕТЕТІН ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫСТЫҚ–КООРДИНАЦИЯЛЫҚ ДЕНЕ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМЫТУ ӘДІС – ТӘСІЛДЕРІ.

Сағынбек А.
«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Бейсенбаев С.К.

Баскетбол ойынында дене қасиеттерін тәрбиелеуде спорттық машықтану мен тәжірибесінде төмендегідей қасиеттер қарастырылады: жылдамдық қабілеттері, күштілік, төзімділік, икемділік, иілгіштік, үйлестіру қабілеттері. Дене дайындығының болуы ойын тәсілін жетілдіруге әсер етеді. Баскетболшылардың қимыл-қозғалыс әрекеттеріне жасалған талдау ойынның жоғары жылдамдықпен және шапшаң қимылдармен, секірулермен, қорғаныс қимылдармен, алдаулармен орындалатын жылдамдық – күштілік әрекеттерінен құрылатындығын көрсетеді. Жақсы дене дайындығы қарсыласпен жекпе-жекте допты епті меңгеруге немесе оның өз торына түсуге қарсылық көрсетуге мүмкіндік береді.

Жалпы баскетболшы дене қасиеттері организмнің шыдауына және дамытуға бағытталған: барлық органдар мен жүйелердің функционалды мүмкіндіктерін дамыту, қозғаушы бұлшық еттерді дамыту, күш, шапшаңдық, төзімділік, иілгіштік қасиеттерін талап деңгейіне көтеру.

Баскетболда оқушылардың дене қасиеттерін арттыру жолдары.

Иілгіштікті тәрбиелеу.«Иілгіштік» ұғымы тірек - қимыл аппаратының морфоқызметтік қасиеттерін бейнелейді, ол оның топтарының қозғалғыштық деңгейін анықтайды. Баскетболшының қимылды үлкен құлашпен орындау қабілеті көп жағдайда әдіс амалдарын жеңіл және еркін орындауды, олардың шапшандығы мен дәлдігін анықтайды. Иілгіштікті дамыту деңгейінің өлшемі қимылдың ең жоғарғы құлашы болып табылады. Қимыл құлашы буындардың қозғалғыштығына бұлшықеттердің, сіңір мен қоспалардың икемділігіне, бұлшықет күшіне, сондай-ақ, орталық жүйке жүйесі жағдайына байланысты болады [1].

Баскетболда оқушылардың иілгіштігін дамытудың негізгі міндеттері бұл сапаны баскетбол талаптарына сай жетілдіру. Бірінші кезекте балтыр табан және білезік-қоспа буыңдары қозғалтқыштығының ұлғаюына назар аудару керек.

Иілгіштікке арналған жаттығуларды пайдалануда басты әдіс-қайталау әдісі. Баскетболда тынығу қабілеті доп салу және лақтыру қимылдарына сәйкес дамытылуы тиіс. Иық белдеуінің, білезіктің, арқаның бұлшықеттер жиырылуы қимыл әдісін меңгеруді қиындатып, оның өзгергіштігі мен әсерін шектейді. Жұмсақтық еркіндік пен айлакерлік баскетболшыға секіруде, әсіресе ойыншы белсенді қайталау әрекетіне дайындалған сәтте қонуда өте қажет. Жоғары дәрежелі баскетболшылар әдетте тынығу өнерін біледі, әдістерді бұлшықеттің

тиімді қозғалысын қамтамасыз ету үшін, қалғандарын тиімді тынықтырып, тек қажеттісін ғана белсенді жұмысқа кірістіріп, жеңіл және еркін орындайды.

Күшті тәрбиелеу. Жаттығушының сыртқы қарсылықтарға қарсы тұру әрекеті-күш деп аталады.. Ойын әрекетінде осы дене сапалары баскетбол ойынының дұрыс әдістеріне лайық белгілі бір қимыл дағдысы шеңберінде, қимыл шапшандығымен үйлестіріліп көрінеді.

Баскетболда жылдамдық - күш қабілеті маңызды орын алады. Баскетболдың 70% қимылы жылдамдық-күш сипатында болады. Алайда қорғаныс тұрысында, допты тартып алуда және басқа қатты қимылдарда едәуір табанды күш қажет. Сондықтан ойыншының күш дайындығы жан - жақты болып, әрі бұлшықет күшін түрлі тәртіпте дамытуы қажет.

Баскетболда оқушыны дамытудың негізгі құралдары орнынан және қысқа екпінмен жоғарыға немесе ұзындыққа түрлі секірулер, секіру топтамалары, гимнастикалық жабдықтар арқылы секіру. Сондай-ақ, серпілумен орындалатын түрлі жаттығулар болып табылады.

Шапшаңдықты дамыту(жылдамдық қабілеті). Шапшандық дене сапасы ретінде баскетболшының қимылды өте аз уақыт аралығында орындау қабілеті деп түсінеміз. Шапшаңдықты көрсетудің қарапайым және кешенді түрлерін бөліп қарастыруға болады.

Ойында әдетте шапшаңдықтың барлық түрлерін кешенді көрсету талап етіледі, өйткені олар оқушылардың қимыл әрекеттерін құрайды және доппен, допсыз жекелеген әдіс амалдарын және олардың кешендерін орындауда қозғалыс шапшаңдығында бір амалды екіншісімен ауыстыру шапшаңдығын да көрінеді. Баскетболдағы шапшаңцықты дамытудың айрықша ерекшелігі оны үздіксіз өзгермелі жағдайларда, бұзушы ықпалдар негізінде көрсету қажеттігі болып табылады. Сонымен шапшаң жауап беру маңыздылығының соңғы нәтижесі жылдамдықты тез арттыру (сөрелік екпін алу), жоғары жылдамдыққа жету болып табылады.

Төзімділікті тәрбиелеу.

Жалпы төзімділіктің физиологиялық негізі - аэробтық қызмет, денсаулық үшін ең маңызды фактор – сапалы қозғалыс болып табылады. Төзімділік деңгейі – денсаулықтың негізгі белгілерінің бірі, оның басқа да көрсеткіштерге (еңбекке жарамдылық, ауруға, іштей күйзеліске төзімділік) және ұзақ өмір сүруге тікелей қатынасы бар. Сайып келгенде, жалпы төзімділік организмдегі барлық ет қызметтерінің жиынтық көрсеткіші болып табылады. Жалпы төзімділіктің қажетті деңгейде болуы дене және ой еңбегіне серпін береді, тез қартаюдан сақтайды, адамның еңбекке жарамсыз болуына немесе өліміне себепші болатын (атеросклероз, қан қысымының жоғарылауы, жүрек және ми тамырларының тарылуы, май басу, сусақ, невроз, қатерлі ісіктер сияқты) дерттерге бейімділігін азайтады.

Төзімділікті жетілдірудің көпшілікке ең қолайлысы –бір қалыпты ауыспалы және үдемелі қарқыны жағынан мөлшерлеуге ыңғайлы, сондықтан атқарушыға өз бетімен орындауы маңызды. Өздігінен бақылау жасау үшін жағдайлы, қашықтықты жүгіру уақытын қиындықсыз белгілеп алады.

Төзімділікке жету үшін жүгіру сабақтарын өткізу тірек-қозғалыс мүшелері дімкәс адамдарға қиындық келтіреді. Көбінесе мұндай жағдай қарт немесе тізе буындары артроз болған немесе семіз балаларда кездеседі [2].

Оқушы ағзасының дене жаттығулары ұзақ уақыт орындай алу және шаршауға қарсы әрекет жасай алу қабілеті. Төзімділікті дамытуда екі жолды мақсаттайды. Олар: жалпы және арнайы. Жалпы төзімділік белгілі бір дәрежеде баскетболшы ағзасының жұмыс істеу қабілетін арттыра отырып, арнайы дайындық, оның ішінде арнайы төзімділіктің негізін құрайды. Арнайы төзімділік үйірмеде оқушылардың барлық мүшелері мен жүйелерінің дайындығымен анықталады. Және ол ұзаққа созылатын ойын әрекеттерінде тәсілдік-тактикалық амалдарды тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз етеді.

Сонымен оқушылардың дене қасиеттерін тәрбиелеуде спорттық машықтандыру ілімі мен тәжірибесінде жылдамдық, иілгіштік, күштілік, төзімділік жәнеептілік қасиеттері қарастырылды. Оқушылардың қимыл-қозғалыс әрекетіне жасалған талдау ойынның жоғары жылдамдықпен және шапшаң қимылдармен, аялдаулармен, айналулармен орындалатын жылдамдық-күштілік әрекеттерінен құрылатындығын көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:
1. Дене мәдениеті және спорттың ілімі мен әдіснамасы, Өскемен, 2010 ж.
2. Совершенствование техники броска в баскетболе: Методические рекомендации. - М: ГЦОЛИФК, 1990. -35с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ -МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ҰЛЫ ТАРИХЫ

Сақытбек Т.
«Математика» мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Ұзақова Б.З.

Білім берудің қазіргі жағыдайы мен болашағы тақырыбы қазіргі сәтте еліміздің әр бір азаматын ой-толғанысқа түсіретін тақырыптың бірі деп есептеймін. Білім болашақ ұрпақ тәрбиесі, ал болашақ ұрпақ еліміздің болашағы. Қазіргі жаһандану заманында болашаққа селқос көзбен қарай алмасыымыз анық, жан-жағымызда алпауыт елдер күнен күнге өз жағалықтарын таласа жариялап дамып келе жатқанда біз тыныш жатқанымыз жарамас. Қазіргі ақпараттық қоғамда өмір сүріп жатқан қазіргі заман оқушысы үшін оқыту әдістері оның өмірінің ажырағысыз бөлігіне айналғаны сөзсіз. Соңғы жылдары тіпті ақпараттық технологиялардың шарықтап дамуы және оның оқу үдерісінде қарқынды пайдаланылуы білім беру жүйесіне де бірқатар өзгерістер алып келді. Біз жастар соған ұмтылып үйреніп күнделікті өмірде қолдануымыз керек. Қазіргі таңдағы біздің білім беру жүйеміз бұл талаптарға толығымен сай емес деп айтқан күннің өзінде біздің өскелең ұрпақтың

күнделікті жаңағалықтар ғылыми жетістіктерге деген қызығушылығы зор сонымен қатар оны түсініп әрі қарай жетілдіруге де даяр деп айтсам артық айтқан болмас едім.

Әр адамның күнделікті тіршілігіне ерекше өзгеріс енгізе қоймаған қоғамнан кетіп, жаңа ғасыр өз өмірімізде жаңа бір дәуірдің басталғанын мойындатуда. Көкжиегімізде көрініп тұрған нұрлы болашағымызға жету жолдарының жақсы нышандары бүгінгі қоғам тіршілігінің әртүрлі салаларынан көрініс табуда. Солардың бірі - әлеуметтік орны мен ақпараттар қызметінің салмағы жағынан ерекше болып табылатын білім беру жүйесі. Олай дейтініміз бұл саладағы әрекет қоғамның бір жеке мүшесінің тағдырына қатысты емес, еліміздің ертеңгі күнгі әлеуметтік күшіне, тұрмыс деңгейіне, өркениеттілігіне әсер ететін кешенділігімен сипатталады. Сондықтан білім беру саласында қоғамның әрбір мүшесінің назарынан тыс қалмайтын мәселелер төңірегінде түбегейлі өзгерістер жасалуда.

Білім - тоқтаусыз, толассыз үрдіс. XXI ғасыр білімін адамның қызығушылықтарының дамуы, оның өзінің дамуы деп түсіну ләзім. Бұл - әр адамның өзін-өзі жасампаздықпен қайта құра алуы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны өзгертуге қатыса алуы. Білім арқылы адамның интеллектуалдық, рухани күші артып, тұлғалылығы қалыптасады. Даму да, білім де ешбір адамға қолдан беріле салмайтындығы туралы көптеген ғұламалар айтып кеткен. Кімде-кім оған қол жеткізгісі келсе, әрекет етуі, ақыл-парасатын, қарым-қабілетін жұмсауы қажет. Бұл тұрғыдан алғанда, кез келген білім, ол-өз бетінше білім алу. Шығармашылық әлеуеттің дамуы жаңашылдықтың қажеттілігін сезіну арқылы, оған деген өзінің сенімдерін қалыптастыру арқылы көрінеді де, өз білімін көтеруге негіз болады [1].

Қазіргі білім жүйесінің басты кемшілігі оның білім жиынтығын беруге бағытталғандығында ғана емес, сол білім мазмұнының шашыраңқы, қазіргі өркениеттің өзгермелі сипатына, ғылыми жаңалықтарға, тез жетілдіріп өндіріске еніп жатқан жаңа технологияларға сәйкес дер кезінде жаңарып, жетіліп, бейімделіп отыруға қабілетсіз, консервативті, орталықтандырылған, жабық және шектеулі түрде болуында деп есептеймін. Оның үстіне, соңғы он бес жылдың көлемінде мектептердің оқу-материалдық, кадрлық базасының моральдық та, материалдық та жағынан барынша ескіріп, құлдырап кетуі білім сапасына орасан зор зиянын тигізгені белгілі.

Бүгінгі таңда білім беру саласында әртүрлі сипаттағы және бағыттағы «инновациялар» енгізілуде. Азды-көпті мемлекеттік реформалар жүргізіліп, оқыту әдістері мен технологияларына жаңалықтар кіруде. Білім беру саласына енген жаңалықтарға мына өзгерістерді жатқызамыз:

- оқу-тәрбие мекемелерінің жаңашыл басқарылуын;
- білімнің қоғамдағы орны, және сол жүйені қаржыландыру деңгейін;
- тәрбие және білім жүйесі құрылымын;
- білім беру мазмұнын, яғни оқу жоспарларындағы және бағдарламаларындағы өзгерістерді;

• мектептің ішкі ұйымдастырушылық әрекеттерін айтуға.

Қорыта келгенде, мектептің мемлекет алдындағы жауапкершілігі жоғары болуы қажет. Өйткені жас баланың бойына адамгершілік негіздерін қалыптастырып, білім нәрінен сусындатар, өзінің дәстүрінен алшақтатпай, туған тілін, салт-дәстүрін қажетті деңгейде үйрету-басты міндет. Осындай мақсат, міндеттерді үнемі ұстанып отырған мектептің жетер жетістігі, бағындырар биігі зор болмақ.

Оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары және оларды қолданудың мүмкіндіктері В.С.Гершунский, В.М.Ленива, Е.И.Машбиц, Г.К.Нұрғалиева, Е.С.Полат, В.Г.Разумовский, т.б. ғалымдарының еңбектерінде зерттелген. Аталған еңбектер білім беру процесінде жаңа ақпараттық технологияны қолданудың психологиялық, педагогикалық мүмкіндіктерін ашып көрсетеді. Жаңа ақпараттық технологиялар білім мен мәліметтерді әртүрлі формада, әртүрлі күрделілілік деңгейде ұйымдастыруға, қажетті модульге тез арада қолжеткізуге, қолайлы жылдамдықпен бірнеше рет қайталап отыруға мүмкіндік береді. Білім беру процесінде табиғи және дәстүрлі лабораториялық жағдайда кейде қол жетпейтін көрнекіліктерді пайдалануға, мотивацияны жоғарылататын материалдарды жақсы меңгеруге көмектесе алады. Жаңа ақпараттық технологияларды білім беру процесінде қолдану білімнің жаңа сапалық деңгейіне қол жеткізеді, өйткені бұл потенциалдық мүмкіндік ақпараттық технологияның мәнінде жатыр.

Осы орайда, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің «Основы кредитной системы обучения в Казакстане» деп аталатын ұжымдық монографиясында елдің келешектегі білім беру саласындағы тұғырнамалар анықталып, ол кәсіби білім берудің тек жоғары сапасымен ғана емес, сонымен бірге азаматтық қоғам іргетасы ретіндегі жаңа білім беру философиясымен де айқындалмақ делінген. Онда біршама негізгі міндеттер де анықталған:

• икемді, мобильді жоғары білім беру жүйесін қалыптастыру;

• жоғары оқу орындарының адаптациялық потенциалын көтеру;

• оқу орындарындағы академиялық және ұйымдастыру құрылымын, ондағы инфрақұрылымдарды жетілдіру;

• әдістемелік жүйені және білім беру технологиясын реформалау;

• педагогикалық үрдісті жетілдіру, педагогикалық құрам сапасын жақсарту.

Бұл айтылғандардан туындайтын мәселе, шындығында, ұлттық идея негізіндегі кешенді білім беру философиясын қалыптастыру қажеттілігінің бар екендігі.

Сондай-ақ қазіргі кезде, кредиттік технологияны іске асыруда жоғары оқу орындарында тұрмыстық психология деңгейіндегі науқандылық-орындаушылық тенденция байқалады. Сондықтан кредиттік жаңа оқу жүйесін енгізудегі естен шығармайтын ұстанымдардың бірі-ұлтымыздың дәстүрлі жан-жақты этикалық білім беру жүйесінің басым болуын естен шығармау керек [2].

Қорыта айтқанда, біздің еліміздің білім жүйесі кейбір кемшіл тұстарына қарамастан жоғары дәрежеге сай білім беру сатысына жақын әрі болашағынан

жоғары үміт күтуге болады деп есептеуге мүмкіндік беретін жағдайда. Алға қойылған мақсат-міндеттер, жоспарлар тек сол сөз жүзінде қалып қоймай жүзеге асуы болашқта жоғары дәрежеге көтерілуі біздің өз қолымызда. Білім беру жүйесін күнен күнге жаңартып жоңғары талаптар қойылып жатқандығына үрейлене қарамай соған ілісе жүріп үйреніп кетуге тырысу керек. Менің көзіме біздің болашағымыз ертегі іспеттес елестейді. Әрине болашақтан мынандай болады деп ашып айту мүмкін емес жылдамдығына көз ілеспей жаңарып жатқан бұл жағдайда тек болашақтан ерекше бір жаңа нәрсе күтіп соған ұмтылуымыз керек. Қандай жағдай болмасын болашағымыз өз қолымызда екенін естен шығармай біз қалай құрсақ сондай ортада өмір сүретінімізді ұмытпауымыз керек.

Пайдаланған әдебиеттер:
1.Асқарбаев А., Храпченко Г.М. Мектептердегі оқытудың
мазмұны мен әдістері. Алматы. «Мектеп», 1981
2.Демесінова С. Оқушылардың ойлау қабілетін логикалық есептер арқылы дамыту.

ВОЛЕЙБОЛ ОЙНАУ ӘДІСІ – ЖҮРЕТІН ОЙЫН КӨМЕГІМЕН ҚАБЫЛДАУ ТӘСІЛІН ТОЛЫҚ ОРЫНДАУ.

Сұлтан М.Қ.
«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Құлтанов Д.

Доп жерге енді-енді тиюге жақындағанда, бір ойынша ыңғайлана көз ілеспес шапшаңдықпен жата қалып, оны жоғары көеріп үлгіреді. Екінші ойыншы допты жоғарлатып, тор түбіндегі үшінші ойыншыға қарай бағыттайды, ол қатты секіріп, тордың қарсы бетіне серпи соғады. Бір команда допты қатарынан үштен артық ұра алмайды және бұл итере салу емес, нағыз соққы болуы керек. Қарсылысының пиғылын байқап қалған ойыншы тордан жоғары секіре отырып, алақанын жая, ұшып бара жатқаг жолына тосқауыл қояды. Бұл тәсілді блок деп атайды. Ойын барысында екі және үш блок қойылады: екі немесе үш ойыншы тор түбінде бір мезгілде жоғары секіреді, сөйтіп әуеде алақандардан жасаған тосқауылдар пайда болады. Алайда блокқа қарсы қолданылатын қару де бар. Шабуылшылар блок қоюшы қарсыластарының ауада «асылып» тұра бермейтінін біледі, қас-қағым сәтте жерге түсуі тиіс. Осы кезде екінші соққыдағы ойыншы тордан жоғары шапшаң секіріп, допты ұратындай ыңғайланады, бірақ екі-үш қарсылас ойыншы блок қою үшін секіреді. Ал доптың алғашқы иесі осы сәтте допты үшінші серігіне бере қояды. Блок қоюшы қарсылатар үлгіргенше доп та солардың алақанына келіп түседі. Алаңның артқы сызығының сыртында тұрған ойыншы допты ойынға қосады. Тордың үстімен төмендей қалықтап ұшқан доп қарсыластар жағындағы ешкім күтпеген

жерге түседі. Мұндайда ойыншы «қуып ұру» тәсілін қолданып, допты шиырып жібереді. Айналып ұшқан доптың солға немесе оң жаққа, алаңға жақын немесе алыс, тіпті ешкім күтпеген жерге түсуі де мүмкін. Әрбір ойын қабылдауының өзара тығыз байланысы бар. Бұл қабылдау үш түрге бөлінеді: дайындық, негізгі және қорытынды. Дайындық түрінде бастапқы жағдайлар, негізгі шешілетін шаралар, дайындалу іс-қимылдары жатады. Бұл кезеңде іс-әрекеттің жасалу жолдары, маңызды деген жақсы жақтары, қалай қалыптастыру негіздері, қандай бағытта болатындығы қарастырылады. Ал, негізгі кезеңде доппен ойнаумен тікелей байланыс, биомеханикалық аппараттың қатаң түрде бөлінуі, бір жағынан- эффектілігі қаралады. Бұнда қалайша тұрақтылық түрі жақсы болса, солайша қозғалыс тартымды өтеді. Қорытынды кезеңде техникалық қабылдаудың қалай орындалатындығы айтылады. Ол келесі қозғалыстың мүмкіндіктерін, алдағы өтетін тағы басқа да шараларға жол ашады. Волейбол – дүние жүзінде көп тараған, спорт ойындарының түрі. Волейбол ойыны – жастардың қарым-қатынаста болып, олардың денсаулығын нығайтып, демалуына жақсы әсер етеді. Волейбол ойыны жүрек қан тамырларының дұрыс жұмыс істеуіне, тыныс жолдарының кеңейіп дұрыс тыныс алуына, тез қимылдап шапшаңдыққа, реакция жылдамдығына күшті әсер етеді. Спорттық күрес тек қана ойынға қатысушыларға ғана емес, көрермендерге де қызығушылық танытады. Ол күшті болып шығуға, батыл қимылдап, өз әрекеттерін команданың әріптестеріне бағындыруға тәрбиелейді. Волейбол ойынына кәрі-жас демей қызығушылық танытады. Адамның тұлғасының сұлуланып, дененің шынығуы, организмдердің қалыпты өмір сүруіне үлкен үлес қосады.

Волейбол ойыны ойыншылардың команда арасындағы өз міндеттерін атқарып, ойыншының ережелерін бұзбай, одан ары қарай дамуына үлкен жауапкершілікпен қарауын талап етеді. Ойын кейде 2-2,5 сағатқа созылады. Осы кезде жүректің соғуы минутына 200 рет болады. Волейбол дененің сауығып шығуына, жұмысқа қалыптасуына, адамардың көңіліне жақсы әсерін тигізеді. Ойынға мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындаорында миллиондаған адамдар қатысып айналысады. Мысалы, мектептерде дене шынықтыру сабақтарында т.б. сабақтарда қлданылады. Осыған дейін волейбол ойынының шығу тарихы, ата тегі АҚШ болып келді. Бірақ Еуропа мен Азия елді мекендерінде де кеңінен таралған.

1. 1900 жылы бірінші ойын ережелері қабылданды, арнайы волейбол доптарымен ойнау басталды. Осы кезден бастап волейбол әйгілі спорт түріне айналды және көптеген елдерге белгілі болды. 1947 жылы Парижде бірінші ұйымдастыру конгресіне 14 елдің өкілдері қатысты, волейболдың халықаралық федерациясы құрылды. Бұл федерация құрылуы волейбол ойынының халықаралық деңгейде әйгілі болуының алғашқы қадамы еді [1].

2. Волейбол ойыны негізгі екі тактикадан жүргізіледі: шабуыл жасау тактикасы және қорғау тактикасы.

Неліктен волейболдың ғұмыр жасы 19 ғасырдан бастап есептелінеді? Бұл жағдайды түсіндіру оңай: кез келген ойын спорттық болып таналады, егер оның

қатаң ережелері болса. Волейболдың алғашқы ережесі 1897 ж. жарыққа шықты. Әрине, казіргі ережелері алғашқы ережелерден үлкен айырмашылықта, бұдан біз волейболдың өсімі мен дамуын көреміз. Мысалы: бірінші ереже тек он тармақтан тұрып, ойында қамаса адам ойнағысы келсе, сонша адам ойнаған. Доптың өз площадкаңда құламауы қажет, уақытында оны қарсыластың жағына 198 см-лік (қазір 243-245 см) биіктіктегі сеткадан асырып лақтыру керек еді. Площадканың да өлшемі басқаша 15,1 х 7,6 м.

Өз дәуірінде волейбол, бумеранг сияқты, тек жаңа қасиеттерге ие, Еуропаға оралды, және Франция, Англия, Польша, Чехословакия және Ресей елдерінде үлкен атаққа ие болды. Әрине, сол жылдары волейбол «спорт түрі» болған жоқ, бірақ қозғалысты ойын болғандықтан көптеген адамдар бұл ойынмен әуестене бастады. Волейболды Жоғарғы техникалық шеберханаларда (Вхутемас) кинематографиялық техникумды, сауда жұмыстерлермен клубында және де 1923 жылы құрыған спорттық «Динамо» қоғамы да ойнай бастады. Волейбол оған ынтық болған ойыншылардың ықыласымен өмір сүрді. Волейболисттер өздері доптарды және спорттың киімдерін тікті, сеткаларын өрді, площадкаларын да өздері құрды. Волейбол өзінің ресми атағын тек 1925 жылы ғана алды [2]. Мәскеудегі дене шынықтыру кеңесінің алғашқы ережелерін қолдауымен. Сол кезден бастап спорттық тәжірибеге волейболисттердің Мәскеу мен Ленинградты жиі көруі болды. Волейбол бүкіл елдерге тарай бастады. Оны барлық жерлерде ойнай бастады: жол жиегінде, алаңдарда, аулаларда, паркте. Және де көрермендер саны өте көп болды. Мүмкін сондықтан шетелдерден келген қонақтар, 30-шы жылдары Мәскеуде болып қайтқан, волейболды «орыстың ұлттық ойыны» деп атады. Техникалық және тактикалық жаттығулар мен әдістеріне кіріспес бұрын, волейболдың ережелерін жақсы зерттеу қажет.

Пайдаланғын әдебиеттер тізімі:

1. Волейбол / Под.ред. А.В. Беляева, М.В. Савина.- М,.2000
2. Волейбол Энциклопедия/ Сост. В.Л. Свиридов, О.С. Чехов. –М,. 2001

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ

Талапқали Т. А.
«Педагогика және психология» мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Мусирова Г.Б.

Қазіргі ақпараттың дамыған қоғамында болып жатқан түрлі өзгерістер мен жаңашылдықтар еліміздің білім беру жүйесіне де тың ізденістерді енгізіп отыр. «Жаһандық дағдарыстың жалғасуының әсерінен әлемде болып жатқан өзгерістер бізді үрейлендірмейді. Біз оларға дайынбыз. Біздің ендігі міндетіміз – егемендік жылдары қол жеткізгеннің барлығын сақтай отырып, XXI ғасырда орнықты дамуды жалғастыру»,- деп Елбасымыздың Жолдауында айтылғандай,

еліміз қай салада болмасын қарқынды дамып, әлемдік кеңістікке қарыштай қадам басып, еркін қанат сермеуде. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың саясатының арқасында еліміз береке мен бірліктің, ынтымақ пен достықтың, татулықтың өлкесі болып, көпұлтты мемлекетке айналып отыр. Осы орайда елбасымыз Н.Ә.Назарбаев атап өткендей: «Біз - көпұлтты қоғамбыз. Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілін, мәдениетін және салт-дәстүрін дамытуға барынша жағдай жасауды алдыңғы уақытта да жалғастыра беретін боламыз», - деген еді [1].

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізгі стратегиялық бағыттарына сәйкес қоғам сұранысына сай ұлттық сана-сезімі жоғары деңгейде қалыптасқан кадрларды дайындау саласында үштілділік білім беруді өзектілігі артып келеді. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының халық дәстүрі мен отандық мүдде туралы толық түсінікті қалыптастыратын, әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі қазақ болмысының мән-мағынасын ашып беретін, атамекенде еркін де бірдей өмір сүретін адамдардың ішкі рухани және қоғамдық өмірін айқындайтын ұстанымдар құрайды. Бұл нысан қазақ елін тұлғалық, ұлттық, мемлекеттік, қоғамдық құндылықтармен толықтыруды міндет тұтады. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы ұстанымдарының құндылығы: ұлыс пен ұлттың қалыптасуы контекстінде қазақ халқының өткен жолын жүйелі жете ұғыну; тарихи және әлеуметтік контексте қазақ мәдениетінің даму кезеңдерін әдіснамалық қорытындылау; қазақ халқының қоғамдағы және адамзаттық өркениеттегі орны мен рөлін айқындау. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы негізінде қазақ тілінің дамуы және тілдердің үш тұғырлылығы жауапкершілікті тіл саясаты қазақ ұлтын біріктіруші басты факторлардың бірі болып табылады. Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз және оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту керек. Биылғы жылғы Елбасының дәстүрлі Жолдауынан кейін тіл саясатында да біраз тың өзгерістер орын алды. Атап айтқанда, ұлттық терминологияны дамыту, мемлекеттік тілдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру тұжырымдамасын әзірлеу, ағылшын тілін үйретудің курстарын ашу, мемлекеттік қызметке қабылданатын үміткерлерге мемлекеттік тілден тест тапсыру, қолданыстағы тіл туралы заңнамаларға “Тілдердің үштұғырлығы”, дәлірек айтқанда – үш тілдің бірлігі бойынша өзгерістер енгізу және тағы басқалар. “Үш тілдің бірлігі” мәдени жобасы – үш тілді, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін Қазақстан азаматтарының бірдей меңгеруін меңзегенімен, бұның түпкі негізі, көздеген мақсаты – мемлекеттік қазақ тілінің халықаралық қолданыстағы орыс, ағылшын тілдерімен терезесін теңестіріп, әлемдік деңгейге көтеріп, жаһан тілдерімен тең қолданылатын биікке жеткізу. Қандай мемлекет болмасын оның, ең әуелі мән беріп, ұлықтайтын тілі, әрине, мемлекеттік тілі. Өйткені, мемлекеттік тіл әлемдік қауымдастықтағы мемлекеттердің сипатты белгілерінің бірі, ұлттық саясатының көрсеткіші. «Үштілділік - нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісінде қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы»,- Б. Хасанұлы анықтама бергендей, бүгінде оны қолдануға жан-жақты күш салынуда. Бұл жағдайда біз басты назарды нақты мәдени жобаның педагогикалық құрамдасына түсіреміз,

ал ол болса толық көлемінде білімнің көптілділігін білдіре алады. Қазақстандағы тілдік ахуал айналасындағы пікірталастың белсенуі оның үйреншікті болған қостілділігіне емес, атап айтқанда тілдік білімнің жаңа межелерін білдіретін көптілділікке байланысты. Бұл межелер, ең алдымен, педагогикалық терминологияның білімнің көптілділігінің мәні келесідей ұғымдарды ашуына, байытылуына байланысты: - тілдік білім – қазіргі заманның барлық тілдері (туыс және туыс емес) және мәдениеті аясындағы білім (Н.Д. Гальскова, Н.И. Гез); - шет тілдік білім – жеке тұлғаны тілді және мәдениетті қатар өзара байланыстырып зерделеумен шет тілі құралдарымен жеке тұлғаны дамыту (С.С. Кунанбаева);

- тілдік көпмәдениетті білім – шет тілі құралдарымен қазіргі заманғы ана тілі және зерттеліп отырған тілдердің көпмәдениетті қоғамдастықтарында мәдениеттердің қатар және өзара дамуының нормасы ретінде мәдени көптүрлілік туралы түсініктерін қалыптастыру (П.В. Сысоев);

- көптілді білім – көптілді жеке тұлғаны қалыптастыруда үш және одан астам тілдерді қатар меңгеруге негізделген мақсатты үрдіс (Б.А. Жетписбаева);

- тілдік тұлға – құрылымдық-тілдік күрделілігімен, шынайылықты бейнелеудегі терең ойымен және дәлдігімен, белгілі бір мақсатқа бағынуы дәрежесімен ерекшеленетін тілдік туындыларды (мәтіндерді) тудыру және қабылдауы шарт болатын адамның қабілеттері мен сипаттамаларының жиынтығы (Ю.Н. Караулов);

- екінші тілдік тұлға – адамның мәдениетаралық деңгейде қатынас құру қабілеті (И.И. Халеева);

- көптілді тұлға – бірнеше тілдің иесі: ана тілінің, тұрғын әлеуметінде қолданыста жүрген тілдердің; бір немесе бірнеше шет тілінің (Б.А. Жетписбаева) [2].

Қорыта айтатын болсақ, көптілді білім беру аясында үштілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие қажет деген ойдамыз.

«Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтарын орта білім саласына енгізу маңыздылығы ерекше. Сондықтан да тәжірибе жолында осыларды енгізіп, ұштастырып жатқанымызға біраз уақыт болды. Елбасы білім мен тәрбиені қатар жүргізуді жиі айтып отырады. Осы орайда бүгінгі панельдік сессияда «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыру, сондай-ақ құндылықтарды тұлғалық қасиетке, білім алып жатқан балалардың тәрбие жұмыстарымен ұштастыру мәселелерін тыңғылықты талқылаймыз», - деді ҚР Білім және ғылым вице-министрі Есенғазы Иманғалиев. Елбасының «Қазақстан жол-2050»: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында айтылған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы балалар мен жастарды жоғары рухани және азаматтық ұстанымға, әлеуметтік жауапкершілік, қазақстандық қоғам игілігі үшін еңбек ету дайындығын, отансүйгіштік пен бірігу сезімін тәрбиелеуге бағытталған.

Мамандардың пайымынша, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірде іске асырудың негізі мектепте қалануы тиіс [3]. Осы орайда сессияға қатысушылар ҚР Білім және ғылым министрлігіне, сондай-ақ Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясына бірқатар ұсыныстар жасады. Оның арасында жас ұрпақты тәрбиелеуде «Мәңгілік Ел» тәрбие-білім беру орталықтары мен «Назарбаевтану» ғылыми білім беру орталықтары жұмысының тәжірибесін тарту, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы құндылықтарын білім беру үдерісіне енгізу бойынша Назарбаев зияткерлік мектептері тәжірибесін кең ауқымда қолдану, бірыңғай білім беру жүйесі мақсатында жалпы білім берудің оқу бағдарламаларын және «Мәңгілік Ел» отансүйгіштік жобаларын кіріктіруді жүзеге асыру және басқа да ұсыныстар қамтылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1.Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат,бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына жолдауы. Астана. 2015.
2. Назарбаев Н.Ә. «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» Қазақстан халқына жолдауы. Астана. 2015.
3. Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. Жоғары мектепте білім берудің дидактикалық негіздері. -Алматы: Ғылым, 2003.- 168 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ПӘНДЕРІН ИНТЕГРАЦИЯЛАП ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ташимова Ш.
«Шетел тілдері: екі шет тілі» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекші: аға оқытушы Байдалина Ж.Ж.

Білім беруге қатысты Ұлт Көшбасшысының 2012 жылғы Халыққа Жолдауында («Әлеуметтікэкономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты») педагогтар үшін өзіндік ерекшелігі бар екені де белгілі Елбасы мұнда басымдық берген бағыттардың ішінде, адам капиталына ерекше назар аударды, оның ішінде «Қазақстанда адами капитал сапалы өсуі, ең алдымен, білім беру мен денсаулық сақтауға байланысты екендігін айта келіп, «Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу; екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор; ... бесіншіден, оқу жастарға тек білім ғана беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге де үйренуі тиіс; алтыншыдан, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажет» - деп маңызды іс-шараларды атап көрсетті. Бұл мәселелер білім меңгерту негізін құрайтын оқыту үдерісін ұйымдастыруды, білім сапасын арттыруды алға тартады. Осы міндеттердің орындалуы жас ұрпақтың өмірге деген көзқарасын, білім-білік дағдыларын қалыптастыруды қажет етеді. Оның алғашқы негіздері бастауыш мектепте алыптаса бастайтыны баршаға белгілі. Соған сәйкес бастауыш мектептің жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде

атқаратын ролі орасан зор. Оқушыларда бастауыш сынып пәндерін интеграциялауға сәйкес ойлаудың жаңа тәсілінің пайда болуы жалпылық негізінде жекені талдау, жекелерден жалпыны көре білу қабілеттері қалыптасады. Күрделі мәселелерді шешудің жаңа жолдарын табу, білімді кешенді түрде пайдалану біліктерінің қалыптасуы да пәнаралық интеграция арқылы жүзеге асырылады.Өсіп келе жатқан жас ұрпақты жан-жақты білімді, саналы азамат етіп тәрбиелеу, заман талабына сай оқытып, білім беруде жаңа технологияны қолданудың түрлері жеткілікті [1].

Соның бірі – интеграциялап оқыту. Қазіргі таңда білімді интеграциялау, оның ғылыми деңгейін көтеру, оқушының танымдық қабілетіне орай дағдыларын да жан-жақты қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр. Сондықтан бастауыш сыныпта-ақ пәндерді интеграциялап оқыту, пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында оқу материалынан қайталанбауы, тиімді орналасуы, мұғалімдердің бірлесіп жұмыс істеуі сияқты бірқатар педагогикалық ұйымдастыру мәселелері шешіледі. Пәнаралық байланыс білім, білік және дағдының тұтас жүйесінің дұрыс қалыптасуына ықпал етеді, балалардың әртүрлі пәндерден алған білімін орынды қолдана білуіне көмектеседі.Бастауыш сыныптардағы пәнаралық байланыстың мақсаты – оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру, оларды қоршрған ортаның әсемдігін өнер түрлері арқылы түсіне білуге тәрбиелеу.Көмекші мектептің бастауыш сыныптарындағы зияты дамымаған оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруда және оларды оқыту барысындағы білімдік, тәрбиелік, дамытушылық міндеттерді шешуде пәнаралық байланыстың маңыздылығы мынадан көрінеді:-пәнаралық байланыс оқу пәндерінің арасындағы өзара байланыс оқу пәндерінің арасындағы өзара байланыстың дамуына және танымдық іс-әрекеттің белсенді, ауқымды болуына жол ашады;-бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымының қалыптасуына білім мазмұнындағы барлық құрамдас бөліктерінің байланыста болуына ықпал етеді;-пәнаралық байланыс көптеген оқу пәндеріне ортақ жетекші ұғымдар мен қағидалар, деректер, ғылыми таным әдістері арасында дұрыс, кең әрі қажетті дүниетанымдық білімдер мен көзқарастардың пайда болуына көмектеседі.

Оқу пәндерін интеграциялау негізінде бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыруды қамтамасыз етудегі дидактикалық шарттардың оқыту жүйесіндегі мазмұндық сипатын төмендегідей қарастыруға болады. Олар:

1.Мақсаты, оқытудың міндеттерінің қойылуы (оқу пәндерін интеграциялау негізінде бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыру.

2.Оқыту мазмұнында пәнаралық байланысты жүзеге асыратын оқу материалдарының болуы.

3.Оқытуда пәнаралық принциптердің басшылыққа алынуы.

4.Оқыту/оқу әдістерінің пәндер интеграциясын қамтамасыз етумен білім сапасын арттыруда жүзеге асырылуы.

5.Білім сапасын арттыруда оқытуды ұйымдастыру формаларының, интеграциялық сабақтардың орын алуы.

6.Оқушылардың танымдық және шығармашылық іс-әрекеттерін дамытудың құралдары мен іс-әрекет бағыттары бойынша жаңалықты оқу материалдарының болуы, оқушының білім меңгеру бойынша белсенділігі.

7.Оқу пәндерін интеграциялау негізінде бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыру бойынша мұғалім даярлығы.

8.Білім сапасын арттыруға бағытталған оқыту технологиясы, оның техникалық жарақталуы.

9.Оқыту нәтижелерінде оқу пәндерін интеграциялау негізінде бастауыш сынып оқушыларының білім сапасының арттырылуы [2].

Сонымен, оқытуда, білім сапасын арттыруда пәнаралық интеграциялаудың психологиялық-педагогикалық негізін құраушысының бір элементтеріне оқушылардың логикалық ойлау тәсілдерін (логикалық методологиялық білімдерді; пәнаралық іскерліктерді) жатқызамыз. Логикалық ойлау тәсілдері деп, білім сапасын арттырудағы оқушының ойлау қызметін қалыптастыру (ойлау тәсілдері) және оқу материалдарындағы негізгіні, маңыздыны бөлу; себеп-салдарлық байланыстарды бөліп алу; салыстыру; талдау; жинақтау; талдап қорыту және т.б. оқу іс-әрекетінің жалпы тәсілдерін (әрекеттер) түсінемін. Сондай-ақ, білім берудегі зерттеулерге сәйкес интеграция оқытуда бірнеше функцияларды жүзеге асыратынын атап көрсетуге болады:

1.Әдістемелік қызметі – оқушылардың оқытылатын пәндерге қазіргі заманғы көзқарасын қалыптастырады.

2.Білім беру қызметі – жүйенің жекелеген бөліктерін байланыстырады, танымдық икемділікті, жүйелілікті қалыптастыру.

3.Дамытушылық қызметі – білім деңгейін кеңейту, таным белсенділігін қалыптастыру.

4.Конструктивті қызметі – оқуды ұйымдастырудағы әдістер мен формаларды және оқу материалдарының құрылымын жетілдіру[3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Шетел тілін оқыту әдістемесі №3/17 2007ж. 21 бет
2. Мектептегі шет тілі №3 2006ж. 49 бет
3. «Ізденіс» журналы №1/2005жыл.125бет

НЕМІС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ СЫН ЕСІМ, СЫН ЕСІМДІ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН КЛАССИФИКАЦИЯЛАУ

Тугелова Д.Т.
«Шетел тілдері: екі шет тілі» мамандығының 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: аға оқытушы, Бақытжанова Ш.С.

Үнді еуропалық тілдер шоғырының бір тармағын құрайтын өзара туыстас тілдер тобы-**герман тілдері** болып табылады.. Осы тілдердің ортақ **«ата-тілі»** - б.з.б. 1-ші мыңжылдықтың орта бөлігінде солтүстік Еуропада қолданыста

болған протогерман тілі. Солтүстік Еуропаны мекендеген герман тайпалары II-ші ғасырдан бастап римдіктермен шекаралас аймақтарда қоныстана бастаған кезден бері герман тілдерінің ең алғашқы түрлері де тарихқа енді.

Ағылшын және неміс тілдері ең көп тараған герман тілдері болып табылады, оларда ана тілі ретінде сөйлейтіндердің саны тиісінше шамамен 400 және 100 миллион адамды құрайды. Ағылшын және неміс тілінің шығу тегі бір болғанымен тілде біршама айырмашылықтар бар,бірақ ұқсастықтары да жоқ емес. Соның ішінде грамматика жүйесінде басты рөлдерді алатын, қайбір тілде болмасын қолданысқа ие сөз табы «сын есім» болып табылады.

Е.М. Вольф «Сын есім ойдың барлық жақтарын аша түседі. Сын есімнің мобильдіктілігі және зат есіммен тығыз байланысы оның қолдану аясын кеңейтеді»,-деп айтқан болатын. Яғни, сын есім сөз таптарының ішіндегі сөздің нақтыдығы мен мағынасын аша түсетін маңызды бөлігі болып табылады.

Сын есім деп заттың сапасын, сипатын, қасиетін, көлемін, салмағын, түсін (түр-реңін), дәмін және басқа сол сияқты сыр-сипаттарын білдіретін лексика-грамматикалық сөз табын айтамыз. Неміс тілінде де, ағылшын тілінде де бұл сөз табы бар.

Неміс тілінде сын есім ағылшын тіліндегідей, **сапалық және қатыстық сын есім** болып бөлінеді. Сапалық сын есімдерге: klein-кішкентай, gut-жақсы. Қатыстық сын есімдерге: golden-алтын, freudig-қуаныш деген мысалдар келтіруге болады. Неміс тілінде сын есімнің екі түрі бар: **толық және қысқа.** Сын есімнің толық түрі сөйлемде бастауыш қызметін атқарады және осы түрі септеледі, тек, түр септігі бойынша өзгереді. Салыстыру ретіндегі мысалдар:

Maskulinum: ein grosser Erfolg; **Femininum**: eine grosse Wirtschaft; **Neutrum:** ein groser Ereignis.

Көпше түрі: Grosse Erfolge.

Сын есімнің қысқа түрі сөйлемде көбіне есімді баяндауыш, яғни предикатив (das Predicativ) болып табылады.

Der Berg ist hoch.

Die Arbeit ist schwer.

Das Gabaude ist schon.

Die Berge sind hoch...[1;52].

Ағылшын тілінде сын есім семантикалық мағынасына қарай **qualitative adjectives (сапалық сын есім) және relative adjectives (қатыстық сын есім)** болып екіге бөлінеді.Сапалық сын есімдерге: red (қызыл), beautiful (әдемі), strong (күшті); қатыстық сын есімдерге: historical (тарихи), golden (алтын түсті) деген мысылдармен келтіруге болады.

Неміс тілінде септелген сын есім зат есімнің алдында келеді. Егер кезекті сөз, артикль, есімдегі зат есім септігін, тек немесе жақты айқындаса, сын есім -e немесе -en жалғауларын алады. Мысалы: Der letzte Roman dieses beruhmtenSchritstellers hatte einen grossen Erfolg. Егер кезекті сөз (артикль, есімдік, сан есім) зат есімнің септігін, тек, жақты көрсетпесе немесе тіпті болмаса, сын есім септік, тек және түр бойынша жалғаулар алады. Мысалы:

Vom Theaterbesuch beckommen wir meistens ein kolassalesVergnugen. Dieser Artikel war von grosser Bedeutung.

Ағылшын тілінде сын есім неміс тіліндегі сын есім сияқты заттың түрін, түсін, сапасын, сипатын, көлемін білдіретін сөздер. Ағылшын тілінде сын есім what? what kind of? what color? (қандай) деген сұраққа жауап береді. Мысалы: red (қызыл), good (жақсы), interesting (қызықты). Сын есім тұлғасына **қарай simple (негізгі) және derivative (туынды), құрамына қарай simple (дара), compound (күрделі)** болып бөлінеді.Ағылшын тілінде сын есім текке (родқа), түрге (жекеше және көпше), септікке байланысты өзгермейді. Сын есім анықтауыш ретінде зат есімнің алдында келеді. Артикль сын есімнің алдында қойылады: a young man (жас ер адам), a young woman (жас әйел), young people (жас адамдар), with a young man (жас адаммен [2;95].

Forms of Adjectives (Сын есімнің түрлері)

1.Simple Adjective (Негізгі сын есім)

White-[wait]-ақ; red [red] қызыл; green- [gri:n]-жасыл;hot- [hot]- ыстық

*2.Derivative Adjectives (Туынды сын есім***)**

I.Derivative Adjectives:Noun+Suffixes+Adjective;danger+ous=dangerous, care+less=careless, care+full=carefull, luck+y= lucky,

II Derivative Adjectives: Noun+Suffixes+Adjective; fool+ish=Foolish, trouble+some=trouble some, centre+al=central, wood+en=wooden.

III Derivative Adjectives:Noun+Suffixes+Adjective; child+like=childlike, comfort+able=comfortable, differ+ent= different, talk+ative.

IV. Derivative Adjectives: Prefix+ Noun+ Adjective; un+kind=unkind, in+correct=incorrect, il+logical, ir+responsible= irresponsible, im+ patient=impatient.

3.Compound Adjectives (Күрделі сын есім) жасалу жолы:

snow(қар)+white(ақ)= snow-white(аппақ),

absent (кешігуші)+mind(ақыл) +ed absent=minded (ұмытшақ).

Неміс тілінде сын есімдерге: *welcher?, welches?,welche?-қандай, немес wie?-қалай?*

Неміс тілінде туынды сын есім жұрнақтар арқылы жасалады:

-ig, -isch, -bar, -haft, -sam, -e, -en, -ern:sonnig-шуақты,herlich-жүрек жарды,russisch-орысша,dankbar-риза, ernsthaft-салмақты, langsam-ақырын, weise-ақылды, bitter-ащы,seiden-жібек,silbern-күміс.

Кейбір сын есімдер неміс тілінде жұрнаққа айналады: мысалы,

voll (liebevoll, kraftvoll), los (sinnlos, endloss), fach (vielfach, zweifach).

Сын есімнің сөзжасамына қатысатын префикстер:

ge-, un-, ur-, erz-, miss: geheim, gesund, geschnind, uralt, ureigen, unschuldig, unendlich, unbeschreiblich, erzdunm, missgelaut.

Күрделі сын есімдер айқындауыш ретінде сын есіммен жасалады. Зат есімдер сын есімге қосылады немесе байланыстырушылардың көмегімен жасалады:

-(e)s және-(e)n. Мысалы: ehrgerzig, loffnungsvoll, sorgenfrei.

Ағылшын тілінде сын есімдер неміс тіліндегі сын есімдер типтес жұрнақтар арқылы жасалады.

Сын есім тудыратын жұрнақтар:

1. Етістіктен сын есім тудыратын жұрнақтар

to change құбылу-able, -ible changable құбылмалы

to differ өзгешелеу -ant, -ent different әр түрлі

to act істеу -ive

to compare салыстыру active іскер

comparative салыстырмалы

2.Зат есімнен сын есім тудыратын жұрнақтар

culture мәдениет-al, cultural мәдениетті

use пайда -ful, useful пайдалы

hope үміт -less, hopeless үмітсіз

rain жаңбыр -y, rainy жаңбырлы

history тарих -ic, historic тарихи

mode сән -ern, modern сәнді. [3;368]

Сонымен, ағылшын тілі мен неміс тілі шығу тарихы болғандықтан сын есім бойынша аса қиын әрі күрделі айырмашылықтар жоқ. Екі тілде де сын есім жасалу жолдары, түрлері ұқсас болып келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Москальская О. И. Қазіргі неміс тілінің теориялық грамматикасы.М., 2004.52б
2. Афанасьева О. В. Ағылшын тіліндегі сөз таптарының жүйесіндегі сын есім.М.: Прометей, 1992. 95б.
3. Нарустранг Е. В. Неміс тілінің практикалық грамматикасы. СПб.: Союз, 2000. 368б.

МӘҢГІЛІК ЕЛ БОЛАШАҒЫ –ЖАСТАР

Тұрсынбек А.

«Физика» мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекші аға оқытушы, магистр Жумабаева С. Б.

Тәуелсіздік таңы атып, егемен ел атанып, шекарамызды шегендеген сәттен бастап ұлттық идея мәселесі белсенді қолға алынды. Бұл тұрғыда көптеген ұсыныстар ортаға салынып, қоғамда қызу пікірталастар болғаны белгілі. Шын мәнісінде, ұлттық идея – ұлттың сол тарихи кезеңде өзін-өзі тануынан көрініс табатын ұлттық санада басымдыққа ие көзқарастар болып табылады. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты 2015 жылға арналған Қазақстан халқына Жолдауында: «Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тонықөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгі ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің

жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді»- деп қадап айтты.Ұлттық идея мәселесі бүгінде барлық посткеңестік мемлекеттер үшін маңызды болып отыр.

Бүгінде қоғамымызда «мемлекетіміздің болашақ даму бағытына қатысты ұлттық идея мен мемлекеттік идеология қандай болуы?» тиіс деген пікірталастың жүріп жатқандығын аңғаруға болады. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мен қоғамда: «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік Ел» идеясы». Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – «Мәңгілік ел» деді. Н. Назарбаев өз тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтау арқылы Мәңгілік ел бола алатынымызды атап өтті [1].

Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген этностық сезім. Ол – ұлттың болмысы, психологиялық өзіндік ерекшелігі. Ұлт бар жерде ол да бар. Ұлтпен бірге өмір сүреді, жойылмайды, құбылып өзгермейді. Ол бірнеше ғасыр бойы отаршылдық пен тоталитаризмнің ықпалымен мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендету, мемлекеттік деңгейде ұлттық идеяның негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды қайтару, осы уақытқа дейін тыйым салынып келген халықтың тарихи өткенін толығымен, жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру және ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мәдени-рухани мол мұраны игеру сияқты міндеттерді шешуді жүктейді.

Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – мәңгілік ел идеясы.Мәңгілік ел ата бабаларымыздың мәңгілік арманы, мәңгілік аңсары болатын. Ертеңгі аймаңдай күннен үмітті біздің елдің ұраны да, жыр-әні де сол болуға тиіс. Алайда, байлық пен абырой, жаңарулар мен жаңғырулар аспаннан жаумайды. Оған жетуден үміткер елдің еңкейген кәрісі мен жел көкірек жасы тек нәтижелі Еңбек пен тұғырлы Ғылымға ғана арқа сүйеуі қажет. Осы екеуіне тәу еткен жұрт мұратына жетеді.

Бүгінгі таңда мемлекеттің қарыштап дамуының басты көрсеткіші – оның Экономикалық Ынтымақтастық пен Даму ұйымына мүшелігімен өлшенеді. Республика халқының 70 пайызы қалалықтарға айналуы шарт. Қазақстан Еуразиядағы алдыңғы қатарлы медициналық туризм елі болады. Ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыру аяқталады. Біздің еліміз әлемдегі нағыз қой үстіне бозторғай ұя салар жұмаққа айналады. Бұл мұраттарға жету оңай емес. Әр бес жылдықтың мойнына артылар жүк аса ауқымды. Берілген тапсырмалар дер кезінде орындалғанда ғана біз мақсаттарымызға жетеміз [2].

Осы айтылған міндеттер мен шаруаларды орындау еңбек адамдарының қолында. Сондықтан, мемлекет ең алдымен солардың жағдайын жасауға тиіс. Сапалы еңбек–әлеуметтік уайымы аз адамдардың шаруасы. Әлеуметтің әлеуеті – толымды жалақы. Жуық арада Үкімет осы бір толғақты шараны қолға алуы керек. Қоғам болған соң онда мүмкіндігі шектеулі мүгедек жандар да көптеп кездеседі.Мемлекеттің де, онда тірлік кешіп жатқан халықтың да ғұмырлылығы, мәңгіліктігі тек барлықпен, байлықпен, тоқтық пен өлшенбейтінін толғайды Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев. Рухани құндылықтарын жоғалтқан жұрттың болашағы бұлыңғыр екендігін, мемлекеттің негізін құрайтын халық – қазақ болса, оның тілінің, ділінің, салт-дәстүрінің басқа этностарды төңірегіне топтастыратынын үлкен рухани тірек болуы керектігін ескертеді... Міне, «Мәңгілік ел» тұғырнамасы философиясының кейбір тараулары осындай тереңге тартады. Елбасының Жолдауында әдеттегідей әлеуметтік салаға айрықша көңіл бөлінді. Ал ең бастысы, еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жарияланды.

Жолдауда айтылғандай, бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ жолында Елбасының айналасына бірігу «Мәңгілік ел» мұратымызға жетудің берік негізі болып табылады. Жолдау «Қазақстан-2050» Стратегиясында айқындалған ерекше ауқымды міндеттерді іске асыру жолдарын ашып, дамыта түседі. Президент Жолдауы Қазақстан халқы үшін үлкен маңызға ие болды. Бір мақсат – бұл «Мәңгілік Елді» нығайту, біздің Отанымыз – Қазақстанның Тәуелсіздігін нығайту! Бір мүдде – бұл біздің ортақ құндылықтарымыз, еркін және өркендеген елде өмір сүруге деген талпынысымыз! Бір болашақ – бұл Мәңгілік Елдің, біздің ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасының өркендеуі!.

«Мәңгілік Елдің» жеті қағидасы біздің дамуымыздың арқаулық құндылықтарын, Қазақстан халқының ортақ мүддесі мен тарихи тағдырын айшықтайды. Себебі «Мәңгілік Ел» мұратына жету ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының көрінісі арқылы жүзеге асатындықтан да Ұлт көшбасшысының халықтың үш буынына үн қатуы кешегі тарих қойнауындағы бабалар үнін тағы да жаңғыртқандай әсер қалдырды. Елбасы тарих қатпарынан белгілі бір атаның ұлдары бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, «Мәңгілік Елге» даңғыл жол ашылатынын, Жаңа Стратегияны жүзеге асыруда қазақ халқына айрықша жауапкершілік жүктелетінін, бабалар өсиетіне адал, іс-қимылда ірілік көрсету қажеттігін тұжырымдай келе, бейбітшілік, тұрақтылық және гүлдену арқылы ғана XXI ғасыр Қазақстанның «алтын ғасырына» айнала алатындығы туралы пайымын ел-жұртына жеткізіп қойған жоқ, оған сенімді де. Қандай шаруаны болсын қолға алып, нендей мәселені көтерсе де оларды кешенді түрде қарастыратын, Үкіметтен де, қазақстандықтардан да сондай әрекетті талап ететін Елбасы бұл Жолдауында да сол ұстанымын жарқырата дәлелдеді. Барлық Жолдаулары түгелдей осы «Мәңгілік ел» идеясына қызмет ететін шаралар кешені екен. Яғни, Жолдау – мәңгіліктік ұстанымы. Ұлы мұраттардың сабақтастығы дегеніміз осы. Ал, біздің міндет – Елбасы

көрегендігіне, үлкен тұлғаның кемеңгерлігіне таңырқаушы ғана боп отырмай, Жолдаудың әрбір баптарын тиянақты орындау. Ендеше алдағы уақыттағы әлеуметтік, саяси жаңғыртуларды жүзеге асыруда ауызбіршілік, адалдық, біліктілік қана тиімділік әкелері сөзсіз. Бұл Жолдау біздің дамыған 30 елдің қатарына кіру мақсатымызға жаңа серпін беретініне сенімдімін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1 Мәңгілік ел –халықаралық ғылыми – көпшілік журналы,.egemen.kz
2 Елбасы Н.Ә Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ.- Қостанай,-2014

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛМАЛЫ ОЙЫНДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Хамзин С.Б
«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Құлтанов Д.

Дене тәрбиесі оқу – тәрбие ісінің бөлігі болғандықтан балаларды өмірге даярлаумен қоғамдық – пайдалы жұмысқа даярлайтындықтан оның маңызы өте зор. Дене тәрбиесі жұмысы баланының ұйымшылдығын, өздігінен шешім қабылдау және алдыңғы қатарда болуын қажет етеді. Сондықтан балалардың бойында ұйымдастырушылық дағдысының дамуына, екпінді және тапқыр болуына көп әсерін тигізеді.

Мектепке дейінгі ұйымның балалардына дене тәрбиесіндегі негізгі міндеттері мыналар:

Денсаулықты нығайтып, дұрыс физикалық дамуға ат салысу және балалардың денесін шынықтыру бұл міндет балабақшадағы дене тәрбиесімен спортқа байланысты жұмыстың ең басты және маңыздысы болып табылады, сондықтан ол әрбір нұсқаушынің назарында болып бүкіл педагогикалық ұжымның ат салысқаны қажет етеді. М.И. Калинин бойынша тіл ғылымдар мен математикадан кейін маңызды пәндердің бірі денешынықтыру болып табылады. Егер тілді сауатты және математиканы жақсы білетін адам өзінің физикалық дұрыс дамуына байланысты жинақтаған білімнің жемісін жей алмаса ол қандай бақыт болмақ [1].

Балаларға дене тәрбиесі мен спорт саласында арнаулы білім беру және гигеналық білім мен дағдыларды қалыптастыру бұл міндеттің негізі мынада: балалар қоғам, жанұя және мектептің көмегімен баланың денсаулығын нығайту үшін арнаулы гигеналық талаптарды білу және орындау, сонымен қатар жаттығулардың пайдасымен таныстыру болып табылады. Балалардың қимыл қозғалыс дағдылармен машықтарын жетілдіру және қалыптастыру жаңа қозғалыс түрлерімен қимыл әрекеттерін үйрету.Бұл міндет арқылы балалар

жан-жақты дамып еңбекке дайындалуымен қамтамасыз етеді. Нұсқаушынің міндеті барлық балалар жүйелі түрде жаттығуларды жасау керек. Егер бала спортқа байланысты барлық жаңалықтарды біліп, рекорттың сандық мәндерін, рекортшылардың аттарын біліп, бірақ өзі спортпен шұғылданбаса мұндай қызығушылықтың пайдасы шамалы және мұны зиянға теңестіру керек [2].

Жасқа байланысты негізгі іс -әректеттің санасын дамыту. Негізгі іс-әрекет, қозғалысқа жылдамдық, күш және төзімділік жатады. Бұл қабілеттердің әрбір адам үшін маңызы зор.

Достық, ұжымдық және мәдениеттілік машықтарын тәрбиелеу. Бұл іс-әрекет арқылы сабақ барысында бір-біріне көмектесу арқылы балалардың негізгі қасиеттерін дамыту жүзеге асырылады.

Дене тәрбиесі ішінде ойын ерекше орын алады. Оның келтіретін пайдасы да өте зор. Дұрыс басшылықпен жүргізілген ойындар арқылы баланы жан-жақты дамытуда ғажайып жетістіктерге жетеді [3].

Ойын балалар үшін қызықтығы ғана әрекет емес, ол білім мен әдет дағдыларды игеруге мүмкіндік бererлік тамаша тәсіл. Ойын арқылы жалқау баладан іскер, олақ баладан шебер, менменшіл баладан ұйымшыл, белсенді бала тәрбиелеуге болады.

Педагогикалық процесте ойын оқу тәрбие құралы ретінде де пайдаланылады.

Мұғалім ойын кезінде әр бір баланың мінез құлқын, шығармашылық ұйымдастырғыш қабілеттерін байқайды, балалар коллективтің тұрмыс тіршілігін ұйымдастырады.

Бүгінгі заманымыздағы күрделі мәселенің бірі – адамның қимылдау мөлшерінің азаюы гиподиномия деген аптасына үш рет жүргізілетін денешынықтыру сабақтары, қимыл-қозғалыс әрекеттерін мұқтаждығының тек 16,5% ғана қанағатандыра алады екен. Ендеше, бұдан денешынықтырудың қаншалықты қажет екенінің айқын біле аламыз. Қимылды ойындар адамға тән қимылдарға негізделген. Олар: жүру, жүгіру, секіру, лақтырып, қағып алып, еңбектеу, күресу заттармен жаттығу жасау.

Ойындар бала өмірінде басқа әрекет түрлерімен қатар жүргізіліп отырады. Оны мұғалім өзіне таптырмайтын көмекші ретінде қолданады.

Сондықтан нұсқаушы өзі білетін, керекті ойындардың қорын күнделікті толтырып отыру керек. Ойынды таңдағанда мына жағдайларды ескерген жөн.

-Жас ерекшіліктері.

-Өткізетін орны.

-Ойнаушылырдың саны.

-Қолданылатын құралдар.

Ойынды түсіндірген де мұғалім барлық балалар көрсететіндей жерде тұрып, әуелі жұмбақ, тақпақ айтады. Ал ережелеріне келгенде, кей жерлерінде балаларды қатыстырады.

Ойындардың қызықты өтуі ойын жүргізушіге байланысты. Сондықтан оларды дұрыс тандау, ойын шартарының бірі.

Жас баланың дене және психикалық жағынан дамып, жетілуінде миынның маңызы орасан зор. Атақты педагог А.Макаренко:

«Үлкендердің қайраткерлігі, жұмысы, қызметі қандай маңызды болса, балалардың ойыныда сондай маңызды. Ойында бала қандай болса, өскен кезде жұмыста да көбінесе сондай болады. Сондықтан болашақ қайраткер ең алдымен ойын арқылы тәрбие алады», - дейді Н.К.Крупская да ойынның өсіп келе жатқан организм үшін қажет екенін айта отырып, ойын баланың қызығарлық, тапқырлық, сезімталдық, ұстамлыдық, бағдарлағыштық, аңғарымпаздық қасиеттерін дамытады деп көрсетеді.

Сондықтан да ойын сабақтарын өткізгенде бала организмінің белсенді іс-әрекетке деген қажетін қанағаттандыру, әр түрлі бұлшықеттерін жетілдіру, қиялдай, елестете білушілік, тапқырлық, аңғарпаздық қабелтін дамыту, ережелерді бұлжытпай орындап, өз әрекетін өзгелердің әрекетімен үйлестіре білу шеберліктерін, ептілік, батылдық, сенімділік дағдыларын т.б. қалыптастыру көзделді [4].

Мектепке дейінгі ұйымның балаларларын оқыту, тәрбиелеуде және дамуында нәтижеге жету үшін аталған үрдістер олардың жалпы және индивидуалдық ерекшіліктерін ескерумен ұйымдастыруы қажет.

Олардың дене шынықтыру сабақтарына жылдам үйрену, жаңа оқыту әрекетін игеру үшін оқыту үрдісінде маңызды роль – оқу әдістемлерімен түрлеріне байланысты.

Баланының ойынға деген ынтасын, құштарлығын арттыру үшін әртүрлі оқыту әдістемелерін қолдана білу қажет ал, мұндай әдістермен оқыту түрлері, дене шынықтыруда көп – ақ. Дене тәрбиесінің нұсқаушысы үшін әр бала оның сабағын, қызығушылықпен үйренсе ол ең қымбат баға болмақ. Ал, балалар тарапына осындай әрекет болу үшін әрбір сабаққа үлкен мән беріп, әртүрлі қызықты да әсерлерлі әдістемелерді қолдануымыз қажет. Қызықты және оңай орындалатын тапсырмалары арқылы ғана балалардың қажетті жұмыстары дағдысын қалыптастыруға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Рауан, 1991.
2 Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: «Қазақстан», 1978.
3 Ахмет Жүнісов. Бабалар дәстүрі. Алматы, 1992ж.
4 «Қазақтың ұлттық ойындары» Е.Сағындықов,Алматы «Рауан», 1993.

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

1.	**Мусабекова Г.А.**	Алғы сөз……..…...	**3**
2.	**Сарбозов А.Ж.**	12 жылдық білім берудегі мұғалімнің мақсаты…….….	**5**
3.	**Сағынбекқызы Н.**	Астрономияны оқытуда ақпараттық техниканы қолдану жолдары…….....	**7**
4.	**Балтабаева И.Қ.**	Бәсекеге қабілетті білім беру-заман талабы…….	**11**
5.	**Кикенова А.О**	Ценностные ориентации современных подростков…….....	**14**
6.	**Шарипова Д.Д.**	Тәуелсіз Қазақстандағы білім берудің қазіргі жағдайы мен болашағы жастардың көзімен……	**19**
7.	**Түзелбек И. Т.**	Астрономияны оқытуда интернет ресурстарын пайдалану…….....	**22**

1 СЕКЦИЯ

Тәуелсіз Қазақстандағы білім берудің қазіргі жағдайы мен болашағы жастардың көзімен / Взгляд молодёжи на современное состояние и перспективы развития образования в Независимом Казахстане

1	**Алтынбек Ж.**	Астрономияны оқытуда танымдық және шығармашылық белсенділікті дамыту жолы.....	**24**
2	**Аманжолова А.М.**	Білім-өмірдегі сарқылмайтын асыл қазына.....	**26**
3	**Арзуметова Д.Н.**	К вопросу об особенностях тревожности младших школьников….....	**29**
4	**Асылбаева Г.**	«Өндіруші» мен «тұтынушы» қатынасындағы вербальды және вербальды емес қарым-қатынастың ролі.....	**33**
5	**Әбдіғалымова Ғ.**	Математикалық индукция тәсілі туралы.....	**37**
6	**Әбен М.Н.**	Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі – мәңгілік елдің ұлы тарихы.....	**42**
7	**Әблах М. Е.**	Ақпараттық технологияны қолдану арқылы географиялық білімді қалыптастыру.....	**45**
8	**Әбілхайр Ә. Ә.**	Қазіргі білім берудің дамуындағы негізгі тенденциялар.....	**48**
9	**Әлімбай Ф.М.**	Ағылшын тілі сабағында саралап, деңгейлеп оқыту әдісінің ерекшелігі.....	**51**
10	**Базарымбетова С.А.**	Особенности проявления агрессивного поведения подростков…….....	**54**
11	**Байденов Ж.**	Мәңгілік ел мұраты жастардың қолында.....	**59**
12	**Бакытбеккызы А.**	Формирование интереса к образованию у молодежи…….....	**64**
13	**Ғалымжанова А.**	Ел мәдениеті тілден басталады.....	**66**
14	**Ерболат Ә.**	Білім берудегі құзыреттілік: оның орындалу жолдары.....	**70**
15	**Есентурова А.Х.**	Еліміздің білім беру жүйесінің даму жағдайы.....	**75**
16	**Жабағы Е.**	Білім беруде интерактивті компьютерлік модельдер.....	**78**
17	**Жанбыршы Г.**	Қазақстандағы білім беру жүйесінде психологиялық қызмет көрсету.....	**81**

18	**Кадирбекова К.; Акимадин М.**	Особенности взаимодействия семьи воспитывающего ребёнка с ограниченными возможностями с психолого-медико-педагогической консультацией…….....	**83**
19	**Кәрім Т. С.**	Оқу үрдісінде электрондық оқулықтардың тиімділігі.....	**90**
20	**Кеңес А. Т.**	Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен келешегі	**93**
21	**Кундерхан Д.**	Молодежь-это стратегический ресурс государства…	**96**
22	**Қансейіт М.Ә.**	Мектепке дейінгі тәрбие берудегі тәрбиешінің маңызы.....	**100**
23	**Қуандық А.Н.**	Жаңа технология бойынша биология пәнінен сабақ беру әдістемесі.....	**102**
24	**Қаспақбай Ә.**	Білім беру жүйесіндегі жаңаша бағыттардың теориялық негіздері.....	**105**
25	**Макашова М.**	Қазақстанның білім мәселесі кешегісі, бүгіні,болашағы.....	**108**
26	**Маматқұлова Р. Е.**	Қазіргі білім беру жүйесі мен инновацияны жетілдірудің негіздері.....	**111**
27	**Мұқышева Г.**	«Мәңгілік Ел» идеясын іске асыру – бүгінгі ұрпақтың парызы.....	**115**
28	**Мубаракова Д.**	Қиын баламен жұмыс жасаудағы мектеп психологының іс-әрекетінің формалары.....	**118**
29	**Мырзахметов А.**	Жүзу сабақтарын өткізетін жерлерге қойылатын гигиеналық талаптар……	**122**
30	**Намиалиев Қ.**	Ұбт-ны тапсыру кезінде математикадан кейбір логикалық есептерді шығару тәсілдері.....	**125**
31	**Нуркенова Г.**	Мәңгілік ел - бүгінгі біздің түсінігіміздегі мемлекет..	**129**
32	**Өміртай К.**	Алаш мұрасы – «Мәңгілік ел» идеясының басты құндылығы.....	**132**
33	**Сайран С., Сейдуалиева Н.**	«Мәңгілік ел идеясы-алаш зиялыларының тұлғалық тұғыры».....	**135**
34	**Сарина С.Е.**	Квадрат теңдеулерді шешу жолдарының 10 тәсілдері.....	**137**
35	**Сәкен Д.С.**	Қазақстандағы білім берудің қазіргі жағдайы.....	**143**
36	**Серік Г.**	Инклюзивті білім беру жүйесін дамыту	**145**
37	**Сейдахметова А.**	Заманауи оқытудың интербелсенді әдістері.....	**148**
38	**Суннат М.Ж.**	Қазақстанда білім берудің қазіргі жағдайы мен болашағы жастардың көзімен.....	**151**
39	**Тастемір Д.Ы.**	Функция және оның шегі.....	**153**
40	**Тыштықбаева Г.М.**	Білім берудегі дамыту жолдары.....	**158**
41	**Тұрдыбек А.Ғ.**	Жоғары сынып оқушыларына кәсіптік бағдар берудің психологиялық-педагогикалық негіздері.....	**160**
42	**Хамит Е.**	Спортшының жаттығу мен жарыс кездеріндегі психологиялық дайындығы.....	**164**
43	**Хасимова Ұ.**	Тәуелсіз Қазақстанның дамуы мен болашағы жастар көзімен.....	**168**
44	**Хлыновский И.С.**	Структура спортивных групп…….....	**170**
45	**Эйман Д.В.**	Специальная физическая подготовка юных футболистов, как основа достижения спортивных результатов…….....	**173**

2 СЕКЦИЯ

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясы аясында инклюзивті білім беру /
«Инклюзивное образование в контексте национальной идеи «Мәңгілік ел»

1.	**Абдижаббарова М.**	Шет тілі оқулықтарының ішкі құрылым компоненттері.....	**176**
2.	**Абдижалилов Е.**	Мәңгілік ел болашағы біздер.....	**178**
3.	**Абдиразак А.М.**	Мектепке дейінгі кезеңдегі балалардың сөйлеуін дамыту.....	**181**
4.	**Ақболат А., Айтқалиева М.**	Ел ертеңі - білімді жастар.....	**186**
5.	**Арғынбай А.Қ.**	Шетел тілін оқытуда іскерлік ойындарды қолдану.....	**188**
6.	**Әбен М.Н.**	Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі - мәңгілік елдің ұлы тарихы.....	**190**
7.	**Әлиайдар Б.**	«Мәңгілік ел» ұлттық идеясы аясында инклюзивті білім беру жүйесімен таныстыру.....	**193**
8.	**Байтөреева Ж.**	Мінез-құлқында қиындығы бар жасөспірімдерді педагогикалық- психологиялық тұрғыда талдау.....	**195**
9.	**Бакіржан Ж. Ғ.**	Тұлға қалыптасуындағы индигендік психология рөлі.	**199**
10.	**Балғабек Е.Ә.**	Ұлттық ойындардың халық ойындарынан спорттық деңгейге дейін даму кезеңдері.....	**202**
11.	**Бекетова А.Б.**	Мәңгілік ел идеясының бүгіні мен ертеңі	**205**
12.	**Бекқожа А.Қ.**	«E-learning» электронды оқыту жүйесінің мақсаты.....	**207**
13.	**Болысбек А.К.**	Жоғары сынып оқушыларын шетел тілі сабағында дамыта оқыту	**210**
14.	**Ғазез А.**	Мектеп оқушыларының дене дайындық кезіндегі ғылыми көзқарас ерекшеліктері.....	**212**
15.	**Елтонова А.Е.**	Ағылшын тілі сабағында оқушыларды тыңдап түсінуге бейімдеу.....	**215**
16.	**Есенбек Р.А.**	The importance of integrating four skills of English language in teaching …….....	**217**
17.	**Жақсылық Б.**	Жоғары сынып оқушыларын салауатты өмір салтына тәрбиелеудің жолдары.....	**220**
18.	**Калмуратов Д.**	Ақпараттық және коммуникациялық технологияны қолданудағы мұғалімнің іс-әрекеті.....	**223**
19.	**Кошекбаева А.Е.**	ЖОО студенттердің дене шынықтырумен шұғылдану маңыздылығы.....	**225**
20.	**Көшербаева М.**	Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистиканы оқытуда жаңа ақпараттық технологиялар құралдарын қолдану.....	**228**
21.	**Қапенов Н.**	Спорттық машықтануды жоспарлаудың үдерісі.....	**231**
22.	**Қойбағар М.Ж.**	Жалпы білім беретін және спорт мектептеріндегі ұлттық спорт ойын түрінің оқыту-тәрбиелеу үрдісі....	**233**
23.	**Қоржынбай Г.Ө.**	Дарынды балалар – ел болашағының айқын бейнесі.....	**235**
24.	**Құдайберген С.**	12 жылдық білім беру жүйесінде оқушылардың ағылшын тілі сабағында мәтінмен жұмыс істеу ерекшеліктері.....	**237**
25.	**Мукиат С.**	Физика пәні бойынша білім беруде қашықтықтан оқытудың ерекшеліктері.....	**240**
26.	**Мұсабек И.О.**	Білімді ұрпақ – еліміздің болашағы, ертеңі.....	**243**

27. **Мырзакерім Д.** Ықтималдықтар теориясы және комбинаторика элементтерін мектеп математика курсында оқыту жолдары..... **245**
28. **Нуридин А.** «Блум таксономиясы - жеке тұлға шығармашылығын дамытушы және білімді толық меңгертудің әдісі»..... **248**
29. **Нұрмаш Г. Н.** Мәңгілік ел:бір ел-бір тағдыр..... **250**
30. **Сағынбек А.** Баскетбол ойыны талап ететін қимыл-қозғалыстық – координациялық дене қасиеттерін дамыту әдіс – тәсілдері..... **253**
31. **Сақытбек Т.** Тәуелсіз Қазақстандағы білім берудің қазіргі жағдайы мен болашағы..... **255**
32. **Сұлтан М.Қ** Волейбол ойнау әдісі – жүретін ойын көмегімен қабылдау тәсілін толық орындау..... **258**
33. **Талапқали Т.А.** «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы..... **260**
34. **Ташимова Ш.** Бастауыш сынып пәндерін интеграциялап оқытудың маңыздылығы..... **263**
35. **Тугелова Д.Т.** Неміс және ағылшын тілдеріндегі сын есім, сын есімді семантикалық тұрғыдан классификациялау..... **265**
36. **Тұрсынбек А.** Мәігілік ел болашағы –жастар..... **268**
37. **Хамзин С.Б** Мектепке дейінгі ұйымның оқу-тәрбие үрдісінде ұлттық қозғалмалы ойындарды қолданудың теориялық негіздері..... **271**

«МӘҢГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫ – АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ТҰҒЫРЫ»
тақырыбындағы жоғары оқу орнышілік студенттік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

30 қараша 2016 ж.

МАТЕРИАЛЫ
внутривузовской студенческой конференции на тему:
«МӘҢГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫ – АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ТҰҒЫРЫ»

30 ноября 2016 года

Компьютерлік терілім О.Ә. Әмірбеков
Басуға 10.01.2017 қол қойылды.
Гарнитура Times New Roman
Пішім 29,7х42½
Көлемі 17,41 ш.б.т.
URL: https://api.kz/index.php/science/repozitorij/materialy-konferentsij/1812-materialy-konferentsii-one
Тапсырыс № 0994

Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық мемлекеттік институтының редакциялық-баспа бөлімі
110300, Арқалық қаласы, Әуелбеков көшесі, 17
e-mail: arkgpi@mail.ru